при этом краевое условие (2) в силу (4) имеет вид

$$u_{10}(r, 0) = \tau_{10}(r), \quad u_{10t}(r, 0) = v_{10}(r), \quad u_{10}(1, t) = \psi_{10}(t), \quad (8)$$

$$u_{jn}(r, 0) = \tau_{jn}(r), \quad u_{jnt}(r, 0) = v_{jn}(r), \quad u_{jn}(1, t) = \psi_{jn}(t), \quad j = 1, 2, \quad n = 1, 2, \dots, \quad (9)$$

$$\tau_{10}(r) = \frac{1}{2\pi} \int_0^{2\pi} \tau(r, \theta) d\theta, \quad v_{10}(r) = \frac{1}{2\pi} \int_0^{2\pi} v(r, \theta) d\theta, \quad \psi_{10}(t) = \frac{1}{2\pi} \int_0^{2\pi} \psi(t, \theta) d\theta,$$

$$\tau_{1n}(r) = \frac{1}{\pi} \int_0^{2\pi} \tau(r, \theta) \cos n\theta d\theta, \quad v_{1n}(r) = \frac{1}{2\pi} \int_0^{2\pi} v(r, \theta) \cos n\theta d\theta, \quad \psi_{1n}(t) = \frac{1}{2\pi} \int_0^{2\pi} \psi(t, \theta) \cos n\theta d\theta,$$

$$\tau_{2n}(r) = \frac{1}{\pi} \int_0^{2\pi} \tau(r, \theta) \sin n\theta d\theta, \quad v_{2n}(r) = \frac{1}{2\pi} \int_0^{2\pi} v(r, \theta) \sin n\theta d\theta, \quad \psi_{2n}(t) = \frac{1}{2\pi} \int_0^{2\pi} \psi(t, \theta) \sin n\theta d\theta,$$

$$n = 1, 2, \dots$$

Таким образом, задача (1) сведены к задачам (6), (8) и (7), (9) которые, как показаны в [5] при выполнении условия (3) однозначны разрешимы. Следовательно, единственным решением задачи (1) является функция (4), где  $u_{10}(r, t)$ ,  $u_{jn}(r, t)$ ,  $n = 1, 2, \dots$ , определяются из задач (6), (8) и (7), (9).

Учитывая ограничения на заданные функции  $\psi(t, \theta)$ ,  $\tau(r, \theta)$ ,  $v(r, \theta)$ , аналогично как в [5], можно показать, что полученное решение (4) принадлежит классу  $C(\bar{D}_\beta) \cap C^1(D_\beta \cup S_0) \cap C^2(D_\beta)$ .

Так как в [5] приводятся явные виды задач (6), (8) и (7), (9), то и для задачи 1 нетрудно записать явное представление решения смешанной задачи 1 в виде ряда (4). Теорема доказана.

### Заключение

В данной статье найден новый класс вырождающихся трехмерных гиперболических уравнений для которых смешанная задача однозначна разрешима и приведен явное представление ее классического решения.

### Список использованной литературы:

- 1 Ладыженская О.А. Смешанная задача для гиперболического уравнения, М.: Гостехиздат, 1953-279 с.
- 2 Ладыженская О.А. Краевые задачи математической физики, М.: Наука, 1973-407с.
- 3 Краснов М.Л. Смешанные краевые задачи для вырождающихся линейных гиперболических дифференциальных уравнений второго порядка // Матем. Сб., 1959, т. 49(91)-с.29-84
- 4 Барановский Ф.Т. Смешанная задача для линейного гиперболического уравнения второго порядка, вырождающегося на начальной плоскости // Ученые записки Ленингр. пед. институт, 1958, т.183-с.23-58
- 5 Aldashev S.A. Well Posedness of The Mixed Problem For Degenerate Multi-dimensional Hyperbolic Equation // материалы конференций "Modern Problems of Mathematical Modeling, Computational methods and information", Киев, КНУ им.Т.Шевченко, 2018, с.14-15.
- 6 Колмогоров А.Н., Фомин С.В. Элементы теории функций и функционального анализа М.Наука, 1976 - 543с.

УДК 51:37.016  
МРНТИ 27.01.45

Г. Карашева<sup>1</sup>, Е.Т. Китайбеков<sup>2</sup>, Г. Искакова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>ф.-м.ғ.к., Сырдария университетінің доценті, Жетісай қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Сырдария университетінің магистранты, Жетісай қ. Қазақстан

## ФУНКЦИЯ ШЕГІ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ ӘДІСТЕРІ

*Аңдатпа*

Жоғары оқу орындары жүйесінің дамуының қазіргі кезеңінде оқыту үдерісін ұйымдастыру, сабақ бағдарламаларын жетілдіруді, оларды студенттердің оқу іс-әрекетін белсенділендіруге қарай бағытталған өзіндік жұмыстардың үлес салмағын арттыра отырып ұйымдастырудың мазмұнын, әдістері мен формаларын таңдауды талап етеді. Бұл мақалада функция шегін табуға арналған мәселелер жиынына талдау жасадық. Талдау нәтижесінде біреуден үшке дейінгі элементтен тұратын мәселелер құрылысы анықталды. Сонымен қатар талдау жасалған кейбір жаттығулар жинағында кездесетін кемшіліктердің бірі ретінде бірдей құрылымдағы мәселелердің қайтарылу пайызының жоғары болуын алуға болады. Біз бұл жұмыста студенттердің оқу іс-әрекетін белсенділендіруге қарай бағытталған «Функция шегін есептеу» тақырыбындағы есептер жүйесін жасап шығардық. Есептердің бұл жүйесіндегі жүйелендіру, есептердің құрылымының дамуының негізінде олардың күрделілігінің бірте-бірте арта түсуі бойынша, ал күрделіліктің әрбір деңгейінде – проблемалылығының өсу шамасы бойынша орындалды.

**Түйін сөздер:** функция, шек, іс-әрекет, белсендіру, мәселе, әдіс, форма, деңгей.

*Abstract*

## METHODS TO ACTIVATE LEARNING ACTIVITIES OF STUDENTS IN STUDYING THE THEORY OF THE LIMIT OF FUNCTIONS

Karashева G. <sup>1</sup>, Kitaybekov E.T. <sup>2</sup>, Iskakova G. <sup>3</sup>

<sup>1</sup>Cand. Sci. (Phys.-Math.), Associate professor of the University of Syrdariya, Zhetysay, Kazakhstan

<sup>2</sup>PhD student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Student of Master Programme of the «Syrdariya» University, Zhetysay, Kazakhstan

The organization of the learning process at the present stage of development of the university system requires the improvement of programs, choice of content, methods and forms of organizing classes with an increase in the share of independent work aimed at enhancing students' learning activities.

This article has analyzed many tasks about finding the limit of functions. As a result, the structure of tasks consisting of one to three elements was determined. And also, when analyzing some collections of tasks, one of the drawbacks was found that the percentage of repetition of tasks is the same structure higher than it should be.

In this work, a system of tasks was obtained, activating the students' learning activities on finding the limit of functions. The systematization of tasks is based on their compilation by a gradual increase in the level of complexity determined by the magnitude of the increase in the problematic nature of the tasks.

**Keywords:** function, limit, activity, activation, problem, method, form, level.

*Аннотация*

Г. Карашева<sup>1</sup>, Е.Т. Китайбеков<sup>2</sup>, Г. Искакова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.ф.-м.н., доцент университета Сырдария, г. Жетісай, Қазақстан

<sup>2</sup> докторант Қазақхого национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> магистрант университета «Сырдария», г. Жетісай, Қазақстан

## МЕТОДЫ АКТИВИЗАЦИИ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ТЕОРИИ ПРЕДЕЛА ФУНКЦИЙ

Организация процесса обучения на современном этапе развития вузовской системы требует усовершенствования программ, выбора содержания, методов и форм организации занятий с увеличением удельного веса самостоятельных работ, направленных на активизацию учебной деятельности студентов. В этой статье анализируется множество задач о нахождении предела функций. В результате определена структура задач, состоящих от одного до трех элементов. А также, при анализе некоторых сборников задач был обнаружен недостаток, заключающийся в том, что превышен процент повторения задач одинаковой структуры. В этой

работе получена система задач, активизирующая учебную деятельность студентов при нахождении предела функций. Систематизация задач основана на составлении по постепенному повышению уровня сложности и определяется по величине повышения проблемности задач.

**Ключевые слова:** функция, предел, деятельность, активизация, проблема, метод, форма, уровень.

*Kipicne.* Ғылыми-техникалық ілгеріліктің жеделдетіле түсуі, студенттердің жоғары мектепте оқу барысында алулары тиіс білімдері көлемінің міндетті түрде артуына алып келуі тиіс, білімнің мақсаты мен мазмұны барған сайын қарқынды бола түседі де нақтылы әдістер мен соған сәйкес ұйымдастыру базасын талап етеді. Мәліметтердің дайын мөлшерін адамзатқа белгілі барлық көлемде беру қазірдің өзінде қиындай түсуде, ал болашақта мүлдем мүмкін болмайтын секілді. Қажетті білімдерді меңгеру танымға қарай ұмтылған, өз іс-әрекеті затына шығармашылық тұрғыдан қарайтын адамның белсенділігінің арқасында қол жеткізілуі мүмкін.

Студенттердің оқу іс-әрекетін белсенділендіру проблемасын шешуде оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін студенттердің танымдық әрекетін белсенділендіру бағытында одан әрі қарай жетілдіре түсу ерекше маңызға ие болмақ. Студенттердің белсенділігінің барынша дами түсуін мамандарды дайындаудың ЖОО на тән мына келесі ерекшеліктері талап етеді: а) оқу пәндерін оқып білуде студенттің оқу іс-әрекеті шығармашылық сипатқа ие болады; ә) оқытудың кәсіби дайындықпен тығыз байланысы; б) студенттерді келесі, өз алдыны дербес шығармашыл қызметке дайындау.

Бақылаулар көрсеткендей, көптеген студенттер өз мүмкіндіктерінің толық көлемінде пайдалана алмайды. Бұл оқытушылардың жиі түрде студенттердің белсенді танымдық жұмысын арттыруға септігін тигізетін оқытудың формалары мен әдістерін үнемі қолдана бермейтіндігімен түсіндіріледі. Оның үстіне студенттердің өздері де (әсіресе бірінші курстардың студенттері) кейде тіпті оқу жұмысының тиімді әдістерімен қаруланбаған болып шығады.

Қазіргі заман жоғары білімінің кемшіліктерінің ішінде жиі түрде мыналар аталып өтеді: оқу үдерісін басқаруға қажетті кері байланыстың жоқтығы; студенттердің тиімділігі төмендеу дербес жұмысының болуы; дербес жұмысқа қажетті жағдайлардың жоқтығы; міндетті және дербес сабақтардың ғылыми негізделген арақатынасының жоқтығы (уақыты мен мазмұнында); оқытудың қажетті түрдегі жекеленбеуі; жүйедегі дербес жұмысты қамтамасыз ететін және оқытуда сараланған көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материалдардың жоқтығы және т.б.

Жоғары мектептің алдына қойылған жаңа күрделі міндеттер мен ЖОО-да оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін белсенділендіруді, пәнге деген қызығушылықты арттыруда студенттердің дұрыс ұйымдастырылған дербес жұмысы маңызды мәнге ие болмақ. Көптеген авторлар атап көрсеткендей, оқыту үдерісін студенттердің дербес жұмыстарын мақсатқа сай етіп ұйымдастыру арқылы жетілдіре түсу қажет. Студенттердің дербес жұмысы мұғалім қызметіне сай болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби-әдістемелік ептіліктерін қалыптастыруға қарай бағытталған дербес жұмыстардың жүйесі жасалған жағдайда ғана тиімді болмақ.

*Жұмыстың мақсаты.* Функция шегін есептеп шығару мәселесі оқып зерттеу кезінде құрылымдық толыққандылық қасиетіне ие дербес жұмыстар жүйесін жасау және негіздеу.

*Шешу әдістері.* Бұл жағдайларда студенттің өзіндік жұмысының тиімділігі, нәтижелілігі проблемасы ерекше мәнге ие болады. Олардың шешімі студенттің өзіндік жұмыс үдерісінің үш бағытын – өзіндік жұмысты аудиториялық сабақтарда және аудиториядан тыс уақытта тиімді етіп ұйымдастырудың формаларын, амалдары мен тәсілдерін зерттеуді; танымдық іс-әрекеттегі өзіндік жұмыс үдерісінің механизмін, құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеуді; студенттердің міндетті сабақтары мен өзіндік жұмыстарының педагогикалық тұрғыдан негізделген, мақсатқа сай арақатынасын анықтап отыруды қажет етеді.

Студенттердің өзіндік жұмысын басқарудың амалы, дербес жұмыстың мәні танымдық мәселелерді шешу болып табылады. Оқу іс-әрекетін белсенділендірудің амалы ретіндегі есептің мәні сонда, меңгерілуге тиіс материал тек соның көмегімен ғана оқып жүрген адамның іс-әрекетінің мәніне айнала алады. Сыртқы себеп бола отырып, есеп, студентті оны шешуге бірте-бірте тарта отырып, ішкі түрткіге, әрекет ету ептілігін меңгерудің түрткісі мен тәсіліне, тұлғаны дамытудың және оның оқу іс-әрекетін белсенділендірудің құралына айналады. Сонымен бірге көптеген зерттеулердің авторлары тұжырымдағандай тапсырмалар жүйесін құру және оларға қойылатын талаптарды анықтап алу қажет.

Қазіргі заманғы есеп жинақтарының көпшілігіне тән кемшілік сол - әдетте олардағы тапсырмалар ең озық студенттің өзі шеше алатын тапсырмалардан екі-үш есе көп болады, алайда жаттығулардың құрылымы мен есептердің типтері әралуан бола бермейді. Есептерді студенттердің ойлау әрекетінің,



өзіндік жұмыстың объектілері ретінде қарастыра отырып, есеп элементтерінің арасындағы байланыстардың, қатынастардың сипатын ескерген маңызды. Студенттердің өзіндік жұмысы үшін есептердің кездейсоқ жинақтары жиі түрде қолданылады; бұл жинақтардағы есептер кездейсоқ тәртіпте пайда болады; елестету әрекетінен шығармашыл әрекетке заңды, негізді түрде ауысу байқалмайды. Есептердің осындай жинағының шешімінен кейін студенттер іс-әрекеттің бір деңгейінен екінші деңгейіне өтудің логикасын жиі байқай бермейді, әрекет етудің іс-әрекеттің әр түрлі деңгейлеріне тән тәсілдерін нашар меңгереді. Қызығушылықтың төмендеуі, түрткінің төмендеуі осыдан келіп шығады, осының салдарынан оқу іс-әрекетіндегі белсенділік деңгейі төмендейді.

Студенттердің оқу іс-әрекетіне деген дұрыс түрткісін арттыру үшін, оны белсенділендірудің жаңа тәсілдерін ойлап табу қажет. Мүмкін боларлық жолдардың бірі есептердің құрылымын, күрделілігі мен проблемалылығын білудің негізінде құрылған есептер жүйесін құру болып табылады. Олар студенттердің есептерді өз беттерінше шешуге деген қызығушылықтарын арттыруға, оқытудың эмоционалдылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Әдістемелік жұмыстарды талдау көрсеткендей, қазіргі кезде есептер жүйесі есептің күрделі объекті туралы, оның сыртқы құрылысы мен ішкі құрылысы және олардың өзара байланысы туралы білімдер есепке алынбастан құрылады.

Ақпараттық құрылым көзқарасы тұрғысынан алғанда есепті  $S=\{A,C,R,D,B\}$  тұйық жүйесі ретінде, осынау жүйенің барлық компоненттері “адам-есеп» жүйесінде анықталуы мүмкін мағынасында қарастыруға болады [1]. Бұл жүйеде ACRDB компоненттер жүйесі (сөз) есептің ақпараттық құрылымы ретінде қарастырылады, мұндағы: A - есептің шарты, яғни берілгендер мен олардың арасындағы қатынастар; B - есептің талабы, яғни ізделіп отырғандар мен олардың арасындағы қатынастар; C - есепті шешудің базисі, яғни шешуді негіздеуге қажетті теориялық және практикалық негіз; D - есепті шешудің үдерісін анықтайтын тәсіл; R- берілгендер мен ізделініп отырғандардың арасындағы қатынастар жүйесіндегі негізгі қатынас.

Ақпараттық құрылымда оның барлық компоненттері өзара байланысқан әрі бірін-бірі толықтырып тұрады. Бұл өзара байланыс D және C компоненттерінің көмегімен анықталады. R компоненті есептің ішкі құрылымын, оның элементтерін айқындаудың қажетті шарты болып табылады [1,2]. Егер де есептің ішкі құрылымын білетін болсақ, оны шешудің стратегиясын біле отырып, оны шешу жолдарын мақсатқа сай етіп іздестірудің мүмкіндігі туады. Сонымен бірге бұл оқытушыға есептер жүйесінде белгілі бір тәртіпті орнатуға, олардың жүйеленуін күрделілік дәрежесі бойынша және дұрыстықтың, күрделіліктің, белгілі бір дәрежесімен орындауына мүмкіндік береді.

Есептің күрделілігі психологиялық-дидактикалық категория болып табылады да тұлғаның жаңашылдық дәрежесі, оқушының зияткерлік мүмкіндіктері, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтары, есептерді шешу тәжірибесі, зияткерлік және практикалық ептіліктерді меңгеру деңгейі секілді ерекшеліктеріне байланысты көптеген субъективті факторлардың жиынтығын білдіреді. Алайда, есептің объект ретіндегі күрделілігінің негізгі компоненттері оның проблемалылығы мен күрделілігі болып табылады. Есептің проблемалылық дәрежесі оқу материалын зерттеу логикасындағы есептің орнына байланысты. Есептің күрделілігі, субъектіге байланысты емес объективті сипат болып табылады. Біз студенттердің оқу іс-әрекетін белсенділендіруге қарай бағытталған «Функция шегін есептеу» тақырыбындағы есептер жүйесін жасап шығардық. Есептердің бұл жүйесіндегі жүйелендіру, есептердің құрылымының дамуының негізінде олардың күрделілігінің бірте-бірте арта түсуі бойынша, ал күрделіліктің әрбір деңгейінде – проблемалылығының өсу шамасы бойынша орындалды. Өзіндік жұмыстардың «Функция шегін есептеу» тақырыбы бойынша жасақталған жүйесі нақты кіші тақырыптар бойынша өзіндік жұмыстардан тұрады. Әрбір өзіндік жұмыс үш нұсқаға бөлінген:

В.1 (жеңілдетілген) – мұндай нұсқадағы есептер өзгерістерге толы емес, проблемалылық дәрежесі жоғары емес  $P=2,4$ , тәсілдері немесе тәсілдерінің реттілігі белгілі мысалы,

$$\lim_{x \rightarrow \infty} \frac{x^5 - 3x^4 + 7x - 1}{3x^5 + 2x^3 - 3}, \lim_{x \rightarrow \infty} \frac{1 - \cos x}{5x};$$

В2 (күрделілігі орташа) – мұндай нұсқадағы есептердің проблемалылығы жоғарылау, есептерді шешу тәсілдерінің реттілігі жиі түрде белгілі болып келді, мысалы

$$\lim_{x \rightarrow \frac{\pi}{4}} \frac{\sqrt[3]{\operatorname{tg} x} - 1}{2 \sin^2 x - 1};$$

В.3 (күрделілігі жоғары) – мұндай нұсқадағы есептердің проблемалылық дәрежесі жоғары болып келеді  $P > 5$ , есепті шешу тәсілдерінің реттілігі жиі түрде белгісіз болып келеді, мысалы

$$\lim_{x \rightarrow \infty} n^2 \left( x^{\frac{1}{n}} - x^{\frac{1}{n-1}} \right), x > 0.$$

Әрбір нұсқа құрылымдық толыққандылық қасиетіне ие болып келеді, яғни осы типтегі есептерге тән барлық құрылымдардан тұрады. Біз функция шегін табуға арналған мәселелер жиынына талдау жасадық. Педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық анализді үйретуде қолданылатын төрт мәселелер жиынтығының анализі мәселелер күрделілігінің төмендегі шегараларда өзгеруін көрсетті:  $S=1, S=3, S=4, S=6$ . Сонымен қатар анализ жасалған кітаптарда шамалы кемшіліктер де анықталды. Негізгі кемшіліктерден бірі бірдей құрылымдағы мәселелердің қайтарылу пайызы үлкендігі. Мысалы [3] жиынтықта (кітапта) (О) құрылымдағы  $S=1$  күрделіліктегі мәселелердің салмағы 70% ды құрайды, үш элементті құрылымдағы мәселелер дерлік берілмеген. Сол сияқты жағдайды [4] жиынтықта да көруіміз мүмкін. Жиынтықтарда жасалған анализ нәтижелері 1 - кестеде берілген.

Кесте 1.

Мәселелер жиынтығы	Мәселелер күрделілігі, S%					
	жоқ	1	3	4	5	6
Карашева Г., Ғикматов А., Тошметов Ұ. Математик анализдан машқлар ва масалалар тўплами.	16	70	10	4		
Махмеджанов Н. М. Жоғары математика есептерінің жинағы. Оқу құралы. «Қазақ университеті». – Алматы: Дәуір, 2008 ж. – 389 бет.	7	57	25	13		
Айдос Е.Ж., Жоғары математика -2. –Алматы: Бастау. 2008 ж. - 466 бет.	7	67	9	15		2
	2	59	12	25		2

1-кестеден [4, 5] кітаптардан  $S=1$  және  $S=3$  мәселелер көп екендігін көреміз.  $S=6$  күрделілік мәселелер дерлік жоқ.

2-кестеде қарастырылған кітаптардағы проблемалылық дәрежесіне қарай мәселелерді пайыздық дәрежесі көрсетілген.

Кесте 2.

Мәселелер жиынтығы	Проблемалылық дәрежесі, P%				
	11	2 ден 3 ке дейін	4 тен 5 ке дейін	6 дан 7 ке дейін	8 ден жоғары
Карашева Г., Ғикматов А., Тошметов Ұ. Математик анализдан машқлар ва масалалар тўплами.	88	54	26	7	5
Махмеджанов Н. М. Жоғары математика есептерінің жинағы. Оқу құралы. «Қазақ университеті». – Алматы: Дәуір, 2008 ж. – 389 бет.	113	65	20	2	-
Айдос Е.Ж., Жоғары математика -2. –Алматы: Бастау. 2008 ж. - 466 бет.	114	44	25	11	6

Мәселенің күрделілік және проблемалылық дәрежесі бір-біріне байланысты емес, себебі күрделі болмаған, дегенмен проблемалылығы жеткілікті дәрежеде жоғары болған және керісінше мәселелерді келтіруге болады.

Мәселен: Функция шегін табыңыз.

$$\lim_{x \rightarrow 0} \frac{\sqrt[3]{1 + \frac{x}{3}} - \sqrt[4]{1 + \frac{x}{4}}}{1 - \sqrt{1 - \frac{x}{2}}}$$

Бұл мәселенің күрделілігі  $S=1$ , ішкі құрылымы  $O$ . Дегенмен күрделі тепше-тең түрлендірулер бойынша проблемалылық дәрежесі  $n=10$  ға тең.

«Функция шегі» тақырыбындағы мәселелердің проблемалылық дәрежесін анализ жасап (2-кестеге қараңыз) проблемалылық дәрежесі 2 ден 5 ке дейін болған тапсырмалардың көп екендігін және тек [3,4] мәселелер жиынтығында ғана проблемалылық дәрежесі 8 және одан жоғары болған мәселелердің кем пайызы бар екендігін көруге болады.

3-кестеде [3, 4, 5] мәселелер жиынтықтарындағы мәселелердің ішкі түзілуін анализ жасау нәтижелері келтірілген.

Кесте 3.

Мәселелер жиынтығы	Мәселелердің ішкі түзілуі, %						
	жоқ	O	OO	O-O	OOO	OO-O	O-O-O
Карашева Г., Хикматов А., Тошметов Ы. Математик анализдан машқлар ва масалалар тўплами.	16	70	10	4	–	–	–
Махмеджанов Н.М. Жоғары математика есептерінің жинағы. Оқу құралы. «Қазақ университеті». – Алматы: Дәуір, 2008 ж. – 389 бет.	7	57	25	13	–	–	–
Айдос Е.Ж., Жоғары математика -2. – Алматы: Бастау. 2008 ж. -466 бет.	7	67	9	14	1	1	1

Кестеде көрсетілгендей қарастырылып жатқан мәселелер жиынтықтарында  $OOO$ ,  $OO-O$ ,  $O-O-O$  құрылымдағы мәселелер дерлік жоқ.

Бұл құрылымдағы мәселелердің жоқтығы студенттерде «Функция шегі» тақырыбындағы мәселелерді шешу дағдысын және тәжірибесін жеткілікті дамыта алмауына алып келеді.

Тиянақты мысалда берілген мәселені шешуде студенттің түрлі көріністегі айқындалмағандықты ашудың түрлі тәсілдерін қолдау қажеттігі туылуын көрсетеміз.

Талдау нәтижесінде біреуден үшке дейінгі элементтен тұратын мәселелер құрылымы анықталды.

Кейбір мысалдарда анықталмағандықты ашудың әртүрлі тәсілдерін қолдану қажеттігі туады. Мысалыға  $OOO$  құрылымдағы функция шегін табылық [6]:

$$\lim_{x \rightarrow \infty} \frac{3x^2 + x}{x^2 - 1} \ln \frac{x + a}{x}$$

Шешуі:

$$\begin{aligned} \lim_{x \rightarrow \infty} \frac{3x^2 + x}{x^2 - 1} \ln \frac{x + a}{x} &= (\infty \cdot 0) = \lim_{x \rightarrow \infty} \ln \left( \frac{x + a}{x} \right)^{\frac{3x^2 + x}{x^2 - 1}} = \ln \left( \lim_{x \rightarrow \infty} \left( \frac{x + a}{x} \right)^{\frac{3x^2 + x}{x^2 - 1}} \right) = (1^\infty) = \\ &= \ln \left( \lim_{x \rightarrow \infty} \left( 1 + \frac{a}{x} \right)^{\frac{x}{a}} \right)^{\frac{3x^2 + x}{x^2 - 1} \cdot \frac{a}{x}} = \ln e^{a \lim_{x \rightarrow \infty} \frac{3x^2 + x}{x^2 - 1}} = \left( \frac{\infty}{\infty} \right) = \ln(e^{3a}) = 3a. \end{aligned}$$

Берілген шекті табу барысында әуелі логарифмдік функцияның және функция шегі қасиеттерін қолданып  $\infty \cdot 0$  түріндегі анықталмағандық  $1^\infty$  түріндегі анықталмағандыққа келтірілген.

Содан кейін екінші тамаша шекті пайдаланудың нәтижесінде  $\frac{\infty}{\infty}$  анықталмағандық алынған. Пайда

болған өрнектің алымын да бөлімін де  $x^2$  бөлу арқылы оның шешімінің 3 – ке тең болатындығы анықталды.

Бұл сияқты күрделі құрылымдағы мәселе студенттердің тақырып бойынша алған білімдерін жүйеге келтіру қажет екендігін көрсетеді.

Бірнеше мәселелерді талдау нәтижелерін салыстыру күрделілігі бойынша мәселелер құрылымдары жүйесін төмендегіше анықтау мүмкіндігін береді:

O	күрделелегі	S = 1
OO	күрделелегі	S = 3
O -O	күрделелегі	S = 4
OOO	күрделелегі	S = 4
OO-O	күрделелегі	S = 6
O-O-O	күрделелегі	S = 6

Ескрте кететін бір жәйт күрделілігі 5 – ке тең мәселе жоқ, себебі ол төрт элементтен тұратын OOOO түріне сәйкес келеді.

Теориялық және эксперименталдық тұрғыдан алып қарағанда мәселелер жүйесінің құрылысы оның толықтық қасиетін есепке алуға негізделген. Құрылысы толықтық қасиетке ие болған мәселелер тәлімнің дидактикалық негізі болып саналады. Оның мазмұны білімді, дағды және тәжірибелерді игеру болып, оқу іс-әрекетін белсендіреді.

Жеңілдетілген нұсқа, өзінің шешілуі үшін келесі тақырыптарды оқып-зерттеуге қажетті білімдердің, ептіліктердің, дағдылардың ең аз көлемін қажет ететін есептерден тұрады.

Өзіндік жұмыстардың ұсынылған жүйесі барлық оқытылатындар үшін базалық оқу материалының шамаға сай болуын қамтамасыз етеді; оқу материалын ең төменгі қажетті деңгейден бастап жеткілікті дәрежедегі күрделі қорға дейінгі (білімі күшті студенттер үшін) деңгейге дейін жоспарлауға, оқу материалын оқып-зерттеу барысында әрбір студентке қатысты сараланған амалды жүзеге асыруға мүмкіндік береді; болашақта өсуді қамтамасыз етеді. Мұның бәрі практика көрсеткендей оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықты арттырды, оқу іс-әрекетінің түпкілік құрылымын өзгертті, оқу іс-әрекетін белсендендірді.

*Жұмыстың қолданылуы.* Статистика, физика, биология және химия сияқты көптеген ғылымдарда (халық санының өсуі, радиидің бөлінуі, бактериялардың көбеюі, химиялық реакциялардың жүру барысы және т.б. есептер) *e* санын қолданамыз. Мысал ретінде пайыздың үзіліссіз қосу есебін қарастыруға болады. Пайызды үзіліссіз қосу есебі. Жинақ банкісіне алғашқы салынған теңгенің көлемі  $Q_0$  болсын. Егер банк жыл сайын  $p\%$  өсім беретін болса, онда  $t$  жылдан кейінгі банкте жиналған теңгенің көлемі  $Q_t$ -ді есептейік. Қарапайым пайызды қолданатын болсақ, онда банкке салынған

теңгенің көлемі жыл сайын  $\frac{p}{100} Q_0$  –ге өсіп отырған болар еді.

Жалпы өмірде күрделі пайыздар қолданылад. Мұндай жағдайда банкке салынған теңгенің көлемі жыл сайын  $1 + \frac{p}{100}$  рет өсіп отырады, яғни

$$Q_1 = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100}\right), Q_2 = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100}\right)^2, \dots, Q_t = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100}\right)^t.$$

Егер банкке құйылған теңгенің пайызын жылына бір рет емес  $n$  рет есептейтін болса, онда  $p\%$  жылдық өсім бойынша жылдың  $\frac{1}{n}$  бөлігінде салым  $\frac{p}{n}\%$  –ға өседі, ал  $t$  жылда  $nt$  қосылу болғандықтан

$$Q_t = Q_0 \left(1 + \frac{p}{100n}\right)^{nt} \text{ көлеміндегі теңгені құрайды [7].}$$

Салынымға қосылатын пайыз әрбір жарты жылда ( $n=2$ ), квартал сайын ( $n=4$ ), ай сайын ( $n=12$ ), күн сайын ( $n=365$ ), сағат сайын ( $n=8760$ ), үзіліссіз ( $n$  ұмытылғанда  $\infty$ -ке) қосылып отырсын. Сонда салынымның  $t$  жылдағы көлемі

$$Q_t = \lim_{n \rightarrow \infty} \left[ Q_0 \left( 1 + \frac{P}{100n} \right)^{nt} \right] = Q_0 \lim_{n \rightarrow \infty} \left[ \left( 1 + \frac{P}{100n} \right)^{\frac{100n}{p}} \right]^{\frac{pt}{100}}$$

санымен есептелінеді. Осы формуладан  $x = \frac{100n}{p} \rightarrow \infty$  түрлендіруін жасап, екінші тамаша шектен қолдансақ, онда

$$Q_t = Q_0 e^{\frac{pt}{100}}$$

формуласын аламыз. Бұл формула үзіліссіз пайызды есептеуге қолданылады.

*Қорытынды:* Өзіндік жұмыстар жүйесі студенттердің оқу дәрежесін асырады, пәнді үйренуге жәрдем береді, пәнге қызығушылықты арттырады, уақыт кем жұмсалады, индивидуал істеуге көмектеседі және нәтижеде көбірек мәселе шешіледі. Бұл нәтижелерді эксперимент көрсетті.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Крутич В.И. Теоретические основы обучения решению школьных математических задач.: Прометей. 1995г. – 210 с.
- 2 Фихтенгольц Т.М. Математикалық анализ «Гостехиздат» 1956ж. 20-29 беттер.
- 3 Карашева Г., Хикматов А., Тошметов Ы. Математик анализдан машқлар ва масалалар тўплами.
- 4 Махмеджанов Н.М. Жоғары математика есептерінің жинағы. Оқу құралы. «Қазақ университеті». – Алматы: Дәуір, 2008 ж. – 389 бет.
- 5 Айдос Е.Ж., Жоғары математика -2. –Алматы: Бастау. 2008 ж. - 466 бет.
- 6 Ибрашев Х.И., Еркеғұлов Ш.Т. Математикалық анализ курсы. «1 том, Алматы» 1970ж. 31-61 беттер.
- 7 Тұңғатаров Ә.Б. Экономикалық мамандықтарға арналған жоғары математика курсы / Оқу құралы. – Алматы: “Эверо” 2004 ж. 223 бет.

УДК 373.51  
МРНТИ 14.25.09

Б.Р. Қасқатаева<sup>1</sup>, Э.А Маммадқұлова<sup>2</sup>, А.У. Жалел<sup>3</sup>

<sup>1</sup>п.ғ.д., профессор, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан  
<sup>2,3</sup>Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті магистранты

### МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕНІ ҚОЛДАНУ ПРИНЦИПТЕРІ

#### *Аңдатпа*

Статьяда қазіргі қоғамды ақпараттандыру процестері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын (АҚТ) қолдану процестеріне байланысты математика сабағында білім беру мақсатындағы электрондық құралдарды (ББЭҚ) қолданудың төмендегідей принциптері айқындалған: визуалдандыру принципі, саналылық және оқушылардың белсенділік принципі, оқушылардың өз бетімен жұмысын белсендіру принципі, жүйелілік принципі, ойынды енгізу принципі, психологиялық ыңғайлылық принципі. ББЭҚ-ды кешенді қолданудың принциптері математиканы оқытудың негізгі дидактикалық принциптері және АҚТ ны қолданудың ерекшеліктері негізінде жасалған. Сонымен қатар білім беру мақсатындағы электрондық құралдардың педагогикалық талаптарға және принциптерге сай іріктеліп алынған әр түрлі компоненттерін математика сабағында кешенді қолданудың тиімділігі анықталған. Педагогикалық тәжірибеде цифрлық білім беру ресурстарын математика сабағында қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері келтірілген.

**Түйін сөздер:** білім беру мақсатындағы электрондық құралдар, білім беруді ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Аннотация

Б.Р. Қасқатаева<sup>1</sup>, Э.А. Маммадқұлова<sup>2</sup>, А.У. Жалел<sup>3</sup>

<sup>1</sup>д. пед.н., профессор, Казахский национальный женский педагогический университет,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2,3</sup> магистранты Казахского национального женского педагогического университета,  
г. Алматы, Казахстан

### ПРИНЦИПЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЭЛЕКТРОННОЙ СИСТЕМЫ УЧЕБНОГО НАЗНАЧЕНИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

В связи с процессами информатизации современного общества и взаимосвязанными с ними процессами информатизации всех форм системы образования, с применением новых информационно-коммуникационных технологий, в статье определены следующие принципы применения электронных средств учебного назначения на уроках математики: принцип визуализации, принцип сознательности и активности учащихся, принцип активизации самостоятельной работы учащихся, принцип системности, принцип внедрения игры, принцип психологического удобства. Принципы комплексного применения разработаны на основе основных дидактических принципов обучения математике и особенностей использования ИКТ. Также выявлена целесообразность применения в процессе обучения математике различных электронных средств учебного назначения, отобранных с учетом педагогических требований и принципов их использования. Определены преимущества и недостатки использования цифровых образовательных ресурсов в педагогической практике на уроках математики.

**Ключевые слова:** электронные средства учебного назначения, информатизация образования, информационно-коммуникационные технологии.

Abstract

### PRINCIPLES OF APPLICATION OF ELECTRONIC SYSTEM OF EDUCATIONAL PURPOSE ON LESSONS OF MATHEMATICS

Kaskatayeva B.R.<sup>1</sup>, Mammadkuloва E.A.<sup>2</sup>, Zhalel A.U.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Dr.Sci. (Pedagogical), Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2,3</sup>Student of Master Programme, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

In connection with the processes of informatization of modern society and the processes of informatization of all forms of the education system interconnected with them, using the new information and communication technologies (ICT), the article defines the following principles for the application of electronic means of educational purpose (EMEP) in mathematics lessons: the principle of visualization, the principle consciousness and activity of students, the principle of activation of independent work of students, the principle of systemic nature, the principle of introducing the game, the principle of psychological convenience. The principles of the integrated application of EMEPs are based on the basic didactic principles of teaching mathematics and the specifics of using ICT. It was also revealed the expediency of using various electronic educational aids in the process of teaching mathematics, selected taking into account pedagogical requirements and the principles of their use. The advantages and disadvantages of using digital educational resources in pedagogical practice in the lessons of mathematics are determined.

**Keywords:** electronic means of educational purpose, informatization of education, information and communication technologies.

Бүгінгі күні мектептің негізгі мақсаты – болашақта бәсекеге қабілетті, әлемдік стандарт деңгейіне сай нәтижелі жұмыс атқара алатын білікті құзырлы тұлға дайындау. Математика адамзат мәдениетінің тарихында оның ажырамас бөлігі бола тұра бізді қоршаған әлемді танып білудің кілті, ғылыми-техникалық прогресстің базасы және тұлғаның дамуының маңызды компоненті. Математикалық білім мен білік және электрондық жүйені қолдана білу барлық мамандық өкілдеріне, оның ішінде жаратылыстану ғылымдарымен байланысты техника мен экономикада аса қажет. Бүгінгі күні компьютерлік технология қоғамның барлық салаларында, өндірісте, еңбектің өнімділігін арттыратын құралға айналды. Қазіргі қоғамды ақпараттандыру процестері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын (АҚТ) меңгеру және жаппай тарату процестерімен сипатталады. Болашақ маманға қажет білім көлемі демде артты. Бұрыннан белгілі оқытудың дәстүрлі тәсілдері мен әдістері жоғары дәрежелі кәсіби маман дайындауға жеткіліксіз болды. Бүгінгі күні есептеу техникасын тиімді қолдану мемлекеттік мән алып отыр. Жоғары және орта білім берудің негізгі мақсаттарының бірі – білім алушыларды қазіргі есептеу техникасын қолдана білетін біліммен және іскерлікпен қаруландыру болып отыр. Осыған орай, мұғалімнің білім беру процесінде ақпараттық технологияны тиімді оқу құралы ретінде қолдануы өзекті мәселе. АҚТ білім берудің жаңа жүйелерінде мұғалім мен оқушының

арасында қарым-қатынас орнату және мағлұмат алмасу үшін белсенді қолданылады. Білім беру мақсатындағы электрондық құралдарды (ББЭЖ) негізгі білім беретін мектептерде де, бейімдік мектептерде де пайдалану мүмкіндіктері бар [1].

Қазіргі мұғалім АҚТ төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман. Мұғалім білім беру мақсатындағы электрондық құралдардың (ББЭЖ) әр түрлі компоненттерін математика сабағында кешенді қолданғанда педагогикалық принциптерге сай қолданулары керек. Осыған орай, математика сабағында ББЭЖ-рын қолданудың принциптерін айқындау өзекті мәселе. Математиканы оқытудың негізгі дидактикалық принциптері және АҚТ ны қолданудың ерекшеліктері негізінде жасалған ББЭЖ-ды кешенді қолданудың төмендегідей принциптерін қарастырайық. Олар: визуалдандыру принципі, саналылық және оқушылардың белсенділік принципі, оқушылардың өз бетімен жұмысын белсендіру принципі, жүйелілік принципі, ойынды енгізу принципі, психологиялық ыңғайлылық принципі.

*Визуалдандыру принципі.*

Математика сабағында білім беру мақсатындағы электрондық жүйені қолданғанда оқу материалын қабылдау анағұрлым жақсы жүзеге асады, себебі құлақпен тыңдап қабылдау, көзбен көріп қабылдаумен толықтырылады. Үнемі оқушылардың қабылдау және ойлау механизмдері ескеріледі. Оқыту процесінде компьютерлік визуализацияның артықшылығы мол. Объектіні және құрамдас бөліктердің моделдерін экранда көрнекі көрсетуге, қажет болғанда олардың әрқайсының деталдарын, ішкі құрамдас бөліктерін демонстрациялауға болады. Кеңістіктегі қозғалыста зерттеліп отырған процестің заңдылықтарын графикалық кескіндеп көрсету компьютерлік визуализацияның артықшылығын анықтайды [2].

Сондықтан, математиканы оқыту процесінде оқу материалының визуализациясының мүмкіндігін қолдану үшін ББЭЖ қажет. Мысалы, «Үлес және бөлшек» тақырыбын оқытқанда оқушы, сандық мәндерді алымына және бөліміне қойып экранда дөңгелектің немесе квадрат ішінде «дайын бөлшектерді» бақылайды. Бағаналық немесе дөңгелек диагональ құру үшін оқушыға тек қана нақты параметрлер беру жеткілікті. Одан кейін экранда дайын диаграмма шығады.

«Координаталық жазықтық» тақырыбын оқытқанда оқушы декарттық координаталар жүйесін дәптерге сызбай уақыт үнемдеп, экрандағы дайын координаталық жазықтықты пайдалана береді. Оқушылар тек нүктелердің координаталарын табу үшін берілген шіріктердегі нүктелерді дұрыс белгілеп көрсету керек.

*Саналылық және оқушылардың белсенділік принципі.*

Математиканы оқытуда ББЭЖ-ды пайдалану оқушылардың шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуға әсер етеді, себебі оқушылар оқып зерттеп отырған объектілер және процестердің математикалық модельдерімен зерттеу жұмысын жүргізеді және оқу ақпараттарын автоматты іздеу жағдайында олардың шығармашылық іс әрекеті белсенді түрде жүзеге асады. Бұл оқушылардың танымдық іс әрекетінде оқудың мақсатын түсінуін және шығармашылық жұмысын қамтамасыз етеді. Мұғалім (ББЭЖ)-ны пайдаланғанда оқушылардың репродуктивтік, проблемалық, эксперименттік, зерттеушілік жұмыспен шұғылдануларына мүмкіндік пайда болады.

ББЭЖ-ды кешенді пайдалануда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, оның вариативтілігі және көрнекілігі арқылы оқытылатын материалға қызығушылықтарын арттырып отыру керек. Жаңа тақырып түсіндіру кезінде жылжымалы құрылымдарды пайдалану оқушының жаңа оқу материалын жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Оқушылар өздігінен сабақты меңгереді және олардың жаңа білімдері тексеріледі.

Осылайша, ББЭЖ-ын қолдану процесінде оқу процесін оқушылардың зерттеу және шығармашылық қызметтерін ұйымдастыруға, зерттелетін объектілер мен процестерді экранда көрсетіп ұсынуға мүмкіндік береді. Оқушының ролі өзгереді, енжар оқушы белсенді оқушыға айналады.

*Оқушылардың өз бетімен жұмысын белсендіру принципі.* ББЭЖ-ін математикалық сабақтарда кешенді пайдалану кезінде, мұғалім оқушылар қажетті ақпаратты өз бетімен жұмыс істеу барысында іздену іс-әрекеті арқылы өздері тауып алатындай етіп ұйымдастыруы қажет. Оқушылардың өзіндік жұмысын белсендіру, интербелсенді қарым-қатынасты қамтамасыз ету жағдайында білім беру қызметінің жеке қарқынын таңдауға, сондай-ақ оқу тапсырмаларының әртүрлі нұсқаларын автоматтандырылған түрде таңдауға және тікелей кері байланыста студенттерге қажет болғанда көмек көрсетуге мүмкіндік береді [3].

Осылайша, ББЭЖ-ын кешенді түрде пайдалану кезінде мұғалім өзінің түсіндіру қызметін барынша азайтуға бейім болып, ал оқушылардың өз бетімен жұмысын оңтайландыру керек.

*ББЭҚ пайдаланудың жүйелілік принципі.*

Жүйелілік принципі белгілі бір әдістемелік мақсаттарды іске асыру үшін электронды білім беру ортасының әртүрлі компоненттерін біріктіру мүмкіндігін білдіреді. Оқушылардың оқу материалдарын іздестіру процесінде, математикадағы әртүрлі ББЭҚ-ын өзара байланысты комбинациясын жасауды пайдалану; оқу іс-шараларының нәтижелерін бақылауды автоматтандыру; білім туралы ақпаратты ұсынудың компьютерлік визуализациясы; әртүрлі тәуелділіктердегі экрандық графиктер мен диаграммаларды жоспарлау кезінде оқу жаттығуларын орындау; есептеу операцияларын жүзеге асыру; оқушылардың кеңістіктегі көзқарастарын қалыптастыру және дамыту т.б. орынды.

*Ойынды енгізу принципі.*

ББЭҚ-ның компоненттерін кешенді пайдалану кезінде, оқушылардың ынтасын арттыруға бағытталған түрлі танымдық ойындар жүргізуге болады. Оқушылар танымдық ойындар процесінде білімдерін пайдаланып қойылған мәселені шешу мақсатында шығармашылық әрекеттер жасайды.

Әзірленген ойын процесінде орындалған жобалар, шешімдер, идеялар, оқушылармен терең қабылданады. Себебі оқушылар ойын барысында шешімдердің тиімділігін, олардың шынайылығын және іске асырылуын да қарастырады. Ойында қатысушылардың көзқарастары, шешімдері әр түрлі, тіпті қарама-қарсы болуы мүмкін. Интеллектуалды (зияткерлік) ойын жағдайында, жеке және серіктесімен бірлескен шешімдер қабылдау процесінде кері байланыс жағдайында тиімді шешім моделі құрылады және бір мезгілде сынақтан өткізіледі.

*Психологиялық ыңғайлылық принципі* баланың денсаулығын сақтауға және білім беру қызметін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған достық интерфейсті қарастырады. ББЭҚ-ын пайдалану кезінде студенттердің жасы мен жеке сипаттамалары, жүйке белсенділігін ұйымдастырудың түрлері, ойлаудың әртүрлі түрлері, интеллектуалды және эмоциялық көрсеткіштерді қалпына келтіру, реакция жылдамдығы мен шаршағандықтың ерекшеліктері ескерілуі керек. Оқу ақпараттарының экранында ұсынылған ыңғайлы интерфейс, тартымды дизайн болуы, оқу іс-әрекетін белсендіру және оқытуға ынталандыруды арттыру. Педагогикалық принциптерге сәйкестік (бұрынғы материалға қол жеткізу мүмкіндіктері, оқушының жасына байланысты шекті жүктемені есепке алу және т.б.) ББЭҚ-мен жұмыс істеу кезінде де маңызды [4].

*Цифрлық білім беру ресурстары* өзара байланысты білім беру объектілерінің жиынтығы болып табылады:

- символдық объектілер (белгілер, символдар, мәтіндер, графика),
- бейнелік объектілер (фото, суреттер),
- аудиоақпарат (ауызшамәтіндер, диалогтар, музыка),
- көрініс объектілері (анимациялар, модельдер, бейне клиптер) [5].

Оқу процесінде анықталған ақпараттық технологиялардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталайық.

*ББЭР қолданудың артықшылықтары:*

- білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырады;
- заманауи оқыту мақсаттарына назар аударуға болады;
- оқушылардың оқуға ынтасын арттырады;
- әртүрлі сөйлеу әрекеттерінде өзара байланысты оқытуды пайдалануға болады;
- елтану аспектерін ескерудің мүмкіндігі мол;
- сабақты есте қаларлық және эмоционалды етіп жасауға,
- оқушылардың дербестігін нығайтуға,
- көрнекіліктің сапасын жақсартуға,
- мұғалім жұмысын жеңілдетуге болады.

*Педагогикалық практикада цифрлік білім беру ресурстарын (ЦБР) пайдалану мұғалімге:*

- аз уақытта материалды оқушыларға түсінікті етіп баяндауға,
- сабаққа немесе элективті курсқа қажет негізгі және қосымша материалдарды табуға,
- көп сөйлемей уақытты үнемдеуге,
- сыныппен жеке дара, топтық және фронталды жұмыс ұйымдастыруға, оқу оқушылардың іс-әрекетінің бақылауды жеңілдетуге,
- оқушылардың қызығушылығын тудырып, арттыруға оларды ынталандырып, шығармашылық процеске тартуға, оқу-жаттығу жұмыстарын тез ұйымдастыруға және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді [6].



*Электронды оқулықтар* оқушыларға:

- жүйелі ойлауды дамытып, фактілерді талдауға, салыстыруға және жалпылауды үйренуге,
- өтілген материалды өз бетінше зерттеу, бекіту және қайталауға,
- компьютермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру,
- ҰБТ-ке мұқият дайындалуға көмектеседі [7].

Математикалық сабақтарда АҚТ және Интернет-ресурстарын пайдаланудың кемшіліктері.

АҚТ-ны пайдалануда келесі кемшіліктерді атап өтуге болады:

- Мектепте техникасының жеткіліксіз деңгейі,
- ББР-ның санының жеткіліксіздігі,
- Көптеген оқушылардың компьютермен және интернет желісімен жұмыс істей алмауы,
- Көптеген мұғалімдердің компьютер мен интернет желілерімен жұмыс істей алмауы,
- Көптеген оқушылар интернетке тек мектепте ғана қол жеткізе алады,
- Көптеген мұғалімдер интернетке тек мектепте ғана қол жеткізе алады.

Осылайша, компьютерлік білім көптеген артықшылықтарға ие, алайда компьютерлендіруді асыра сілтемеу керек.

Пәннің тақырыптары бойынша, сабақтарда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, компьютерді пайдалану критерийлерін ұмытпау керек.

*Оқытушының жұмысының нәтижелілігі.*

Математика сабағында АҚТ және Интернет ресурстарын пайдалану әдіснамалық, дидактикалық, педагогикалық және психологиялық принциптерді толығымен іске асыруға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар студенттерге өз білімдерін, дағдыларын іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Математика сабақтарында АҚТ және интернет ресурстарын пайдалану жалпы білім беруде, математиканы тереңдете оқытуда оң нәтижелерге қол жеткізуге және әртүрлі деңгейде сабақ беруге мүмкіндік береді. Бүгінгі күні мектепте кезкелген пәнді оқытуда АҚТ және Интернет ресурстарын пайдалану өзекті мәселе болып табылады. Білім беру мақсатындағы электрондық жүйені қодану мұғалімге сабақты қызғылықты жүргізуге, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді және мұғалімнің өзінің педагогикалық дағдылары мен интеллект деңгейін арттырады.

Білім беру мақсатындағы электрондық құралдарды математика сабағында кешенді қолдану оқушыны жалпы интеллектуалды дамытуда және алған математикалық мағлұматтарын практикада қолдана білуін қалыптастыруда, математика арқылы өзін қоршаған әлемді танып білуінде рөлі зор.

ББЭЖ – ды педагогикалық процеске енгізуде басымдық рөлді ақпараттық және коммуникациялық технологиялар атқарады. Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдануда компьютер білім алу құралы ретінде қолданылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда көптеген артықшылықтарға ие.

*Қорытынды.*

Сонымен бұл жұмыста білім беру мақсатындағы электрондық құралдардың (ББЭЖ) педагогикалық талаптарға және принциптерге сай іріктеліп алынған әр түрлі компоненттерін математика сабағында кешенді қолданудың тиімділігі анықталды. Педагогикалық тәжірибеде цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) математика сабағында қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері келтірілді.

Білім беру мақсатындағы электрондық құралдарды, оның ішінде мультимедиялық технологияларды мұғалімсіз қолдану педагогикалық нәтиже бере алмайтындығын атап өткен жөн, өйткені бұл технологиялар тек оқыту әдісі болып табылады. Компьютер білім беру үрдісінде мұғалімнің алмастырушысы немесе аналогы емес, компьютер тек мұғалімнің оқыту іс-әрекетінің мүмкіндіктерін кеңейтетін және жетілдіретін құрал.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1 *Бидайбеков Е.Ы., Каскатаева Б.Р., Камалова Г.Б. Использование информационно-коммуникационных технологий при решении систем алгебраических уравнений // Вестник российского университета дружбы народов. Серия: Информатизация образования. № 2, 2014.*

2 *Бидайбеков Е.Ы., Каскатаева Б.Р., Медеуов Е.У. и др. Использование средств информационно-коммуникационных технологий в математическом образовании. Учебное пособие. - Алматы: КазНПУ им.Абая, 2014. - 144 с.*

3 *Каскатаева Б.Р. Развитие педагогических коммуникаций будущего учителя математики в условиях дистанционного обучения. // Вестник КазГосЖенПУ, 2015*

4 Бидайбеков Е.Ы., Каскатаева Б.Р. Информационные технологии – как средство формирования методической компетентности будущих учителей математики // Межд. научно-практ. конф. «Актуальные проблемы теории и методики обучения математике». НПУ имени М.П.Драгоманова. Киев, 2011.

5 Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. М.: «Школа-Пресс», 1994.

6 Бидайбеков Е.Ы., Каскатаева Б.Р., Бостанов Б.Г. Электронный учебно-методический комплекс и особенности его использования при подготовке учителей математики // Вестник российского университета дружбы народов. Серия: информатизация образования. 2014. №2. С 82-90.

7 Каскатаева Б.Р. Математиканы оқытудың әдістемесі мен технологиясы. Оқу құралы. - Алматы: «Отан» баспасы, 2015. -304 бет.

УДК 519.7

МРНТИ 27.31.55

Х. Кенжебай<sup>1</sup>, Х. Хомпыш<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Радиоэлектроника және байланыс- әсері инженерлік институты магистранты  
Алматы қ., Қазақстан,

<sup>2</sup>ф.-м.ғ.к., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

### ТОЛҚЫН ТЕҢДЕУІ ҮШІН КОШИ ЕСЕБІ ШЕШІМІНІҢ ФИЗИКАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аңдатпа

Табиғаттағы көптеген механикалық, физикалық, химия-биологиялық және т.б. құбылыстарды математикалық тұрғыда зерттеу- әдетте, дербес туындылы дифференциалдық теңдеулерді шешуге алып келеді. Сондықтан да еліміздің көптеген ЖОО-да жаратылыстану, техникалық мамандықтарын дайындауда математикалық физика теңдеулері немесе дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер пәні оқытылады. Алайда, бұл пән көп жағдайларда бір жақты бағытта оқытылады, яғни математик мамандар математикалық жағына, физик мамандар физикалық жағына басым көңіл аударады. Мысалға, студенттер толқындық теңдеуін белгілі бір математикалық әдістермен шешкенімен, ол оның физикалық мағынасына, тапқан шешімі нені сипаттайтынына көңіл бөле бермейді.

Бұл мақалада осындай мәселелерге көңіл бөле отырып, Maple 11 бағдарламасы арқылы, көп жағдайда оқу бағдарламадан тыс қалатын толқын теңдеуі үшін Коши есебі шешімінің физикалық интерпретациясы зерттеледі. Мақалада толқынның берілген бастапқы ауытқуы және бастапқы жылдамдығы бойынша таралу графиктері (яғни толқынның қозғалыстарын көру) мысалдар арқылы көрсетілді. Сонымен қатар жарты өсте берілген толқындық теңдеу үшін Коши есебінің шешімінің физикалық интерпретациясы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** Толқындық теңдеу, Коши есебі, Даламбер шешімі, толқынның таралуы, физикалық интерпретация.

Аннотация

Х. Кенжебай<sup>1</sup>, Х. Хомпыш<sup>2</sup>

<sup>1</sup>магистрант Военно-инженерного института радиоэлектроники и связи, г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>к.ф.-м.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан

### ФИЗИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧИ КОШИ ДЛЯ ВОЛНОВОГО УРАВНЕНИЯ

Математическое исследование многих механических, физических, химико-биологических и других явлений в природе, как правило, приводит к решению дифференциальных уравнений с частными производными. Поэтому во многих ВУЗ-ах нашей страны при подготовке естественно-технических специальностей изучаются дисциплины уравнения математической физики или дифференциальные уравнений с частными производными. Однако данная дисциплина в большинстве случаев изучается в одностороннем направлении, то есть специалисты-математики уделяют приоритетное внимание математической стороне, а специалисты-физики уделяют приоритетное внимание физической стороне. К примеру, студенты решая волновое уравнение определенными математическими методами, не обращают внимания на его физический смысл и что описывает найденное решение.

В этой статье акцентируя внимание на такие вопросы, изучается физическая интерпретация решения задачи Коши для волнового уравнения с помощью программы Maple 11, которая в большинстве случаев остается вне

учебной программы. В статье представлены примеры графиков распределения (то есть предусматривается просмотр движения волны) по заданным исходным отклонениям волны и первоначальной скорости. Кроме того, предусматривается физическая интерпретация решения задачи Коши для волнового уравнения заданного в полуоси.

**Ключевые слова:** Волновое уравнение, Задача Коши, решение Даламбера, *распространение волн*, физическая интерпретация.

*Abstract*

**PHYSICAL INTERPRETATION OF THE SOLUTION  
OF THE CAUCHY PROBLEM FOR THE WAVE EQUATION**

*Kenjebai Kh.<sup>1</sup>, Khompysh Kh.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *student of Master Programme, Military - engineering institute of radio electronics and communication,  
Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Cand.Sci. (Phys.-Math), al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

Көмірдегі күлдің құрамын ядролық физика әдістерімен зерттеу жұмыстары соңғы 20 жылда үлкен қарқынмен жүріліп, бұл салада көптеген зерттеуші ғалымдардың зерттеу еңбектері жарыққа шықты және бұған жаңа зерттеу техникалары мен әдістері енгізілді. [3-5]. Сондай бір әдіс ол рентген сәулесі не гамма сәулесінің көмірден шағылып қайта қайтқан энергиясы арқылы көмірдегі күлді анықтауға арналған. Англиялық Гунсонс (Gunsons) және Сортех (Sortex) [6] көмірдегі күлді он-лайн режимі бойынша анықтай алатын күл өлшегіш (on-line ash meter) аспап құралын жасапты.

Бұл аспап құрал: 10 мКю (mCi) радиоактивті екі Плутоний-238 (Pu-238) изотопынан және бір пропорциональ детектордан тұрады. Көмірге қарай бағыттталып, жіберілген рентген сәулесінің бір тобы көмірге еніп, жұтылады яғни абсорбцияланады (absorption) ал тағы бір тобы көмірден қайта шашырап (scattered) детекторға келіп тіркеледі. Бұл физикалық екі құбылыс жағдайдың түзілуі көмірдің элементтік құрамына тікелей байланысты болмақ. Атомдық нөмірлері аз элементтер яғни жанғыш элементтер фотондарды жұта алмайтындықтан фотондардың көмір бетінен қайта шашырауы көп болады. Бұған қарағанда атомдық нөмірлері жоғары яғни күлді түзуші элементтер рентген сәулелерін қайта қайтарып жібермей жұтып алатындығы байқалады. Ендеше көмір бетінен қайта шашыраған рентген сәулелерін зерттеу арқылы көмірдегі күлді анықтауға болады деген ғылыми тұжырымды ғалым мамандар әлдеқашан бұрын жасаған-ды. [6]

Зерттеуші ғалым Бертольд (Berthold) – ның алғаш ойлап тапқан күлді анықтағыш (ash meter) аспабы алғашқы энергия көзі – америций гамма көзінен қайтқан 60 кэВ гамма сәулесін тіркеу арқылы көмірдегі күлді анықтайды. Бұл әдіс және соған негізделген құрал аспап соңғы жылдары Шығыс Еуропаның көптеген елдерінде кеңінен пайдаланылуда.

Зерттеуші ғалым Арикан (Arıkan) және басқалары [5] қайта шашырау әдісіне негізделген рентген флуоресценциялық техниканы пайдаланып, Түркия көмірлерінің күлін анықтау жұмыстарын жүргізген. Плутоний-238 (Pu-238) радиоизотопын қоздырушы көз ретінде пайдаланған түркиялық зерттеушілер Түркияның 60 шақты көмір шахталарынан әкелінген көмір сынамаларын зерттеу арқылы ондағы күлдің құрамы (8–40)% аралығында екенін анықтаған. Сондай-ақ Индия көмірлеріндегі күлді анықтау үшін радиоизотоптық қоздырушы РФЗ жұмыстарының сәтті жүрілгені туралы Нараяна (Narayana ) және басқалардың еңбектерінде ерекше атап көрсетілген [7].

Көмірдегі күлді анықтау кезінде күлдің құрамындағы түрлі химиялық заттар, көмір түйіршектерінің көлемінен болатын эффектілер және көмірдің ылғалдығы әсерінен бірқатар кателіктер орын алады. Көмірдің күлінің құрамында темірдің болуы және оның күл құрамындағы мөлшерінің кейде ~40% ке дейін болатындығы көп жағдайда қате есептеулерге апарарды.

Көмірдің күліндегі микроэлементтерді зерттеу бір жағынан қоршаған ортаны қорғау, экологияны сақтау тұрғысынан маңызды болса екінші жағынан көмірдің күлінен кейбір элементтерді ажыратып пайдалану экономика тұрғысынан пайдалы болмақ. Индиялық зерттеуші Венкатсваре (Venkateswara) және басқалары [7] 100 шақты көмір күлінің сынамаларын зерттеу арқылы ондағы кейбір сынамаларда темірдің құрамы ~30% ке жақын болғанын анықтап тапты.



Рентген флуоресценция әдісін қолданудағы соңғы жетістіктер көмір және оның күлі құрамындағы көп элементтерді бір жолда, бірден зерттеуге болатындығы, сол арқылы көмірді топтастыруға (classification) аппаратын экономикалық аса маңызды параметрлерді анықтауға мүмкіндік беретін әдіс екендігін көрсетіп берді.


Әлемнің көптеген елдеріндегідей Қазақстанда көмір ең басты, ең негізгі энергия көзі болып есептеледі. Ал кейбір мәліметтер бойынша Қазақстандағы көмірдің қоры шамасы 35 миллиард тоннадай. Көмір қоры бойынша Қазақстан әлемде 8 орында және жер асты қойнауында жалпы әлемдік көмір қоры көлемінің 4% бар. Өнеркәсіп үшін аса бағалы энергетикалық және коксталған көмір 16 кен орындарында топталған [8].

Қазақстан Республикасы әлем нарығында ірі көмір өндіруші он елдің ішіне кіреді, ал ТМД елдері ішінде қор бойынша үшінші орында және жан басына көмір өндіру бойынша – бірінші орында тұр. Қазақстанда аса ірі көмір шахталары Қарағанды көмір алабында және Екібастұз көмір алабында орналасқан [9]. Қазақстандағы ірі көмір өндірушілер, Павлодар облысының кәсіпорындары: ТОО «Богатырь Көмір» (жалпыреспубликалық өндірілімнің 42,8%), «Евразиялық энергетикалық корпорациясы» ААҚ «Восточный» қиығы (20,7%), «Майкубен» ЖАҚ (3,3%, соның ішінде 96,6% жалпы республикалық сұр тас көмір өндірілімі) және Қарағанды облыстарының кәсіпорындары: «Миттал Стил Темиртау» ААҚ Көмір департаменті (12,3%) және «Қазақмыс» корпорациясының «Бөрлі» Көмір департаменті (8,7%). Оларға республикадағы көмір өндірілімінің 87,7% келеді.

Көмір саласын дамыту стратегиясына сәйкес 2006 жылы көмір өндірілімі көлемін 88 млн. тоннаға дейін, 2010 жылы – 90-92 және 2015 жылы 95-97 млн. тоннаға дейін жеткізу жоспарланған. Көмір экспорттаудың жалпы көлемі 22-27 млн. тонна деңгейінде. Негізгі импортер Ресей Федерациясы болып табылады. Соңғы жылдары шет елдерге көмір өнімін жеткізу географиясы айтарлықтай кеңейді – Қазақстан көмірін тұтынушылар қатарына Румыния, Чехия, Польша, Эстония, Түркия, Украина кірді. Қазақстанның көмір саласының өндірістік потенциалын ескере отырып, республиканың таяу жылдары көмірді шет елдерге жеткізуді 30-35 млн. тоннаға дейін өсіру мүмкіндігі бар. Ал кейбір мәліметтер бойынша, Қазақстандағы көмірдің қоры шамасы 35 миллиард тоннадай. Көмір қоры бойынша Қазақстан әлемде 8 орында және жер асты қойнауында жалпы әлемдік көмір қоры көлемінің 4% бар. Қазақстан Республикасы әлем нарығында ірі көмір өндіруші он елдің ішіне кіреді, ал ТМД елдері ішінде қор бойынша үшінші орында және жан басына көмір өндіру бойынша – бірінші орында тұр [10].

РФЗ әдісімен көмірдегі күлді анықтау әдістемесі:

Көмірдегі күлді РФЗ әдісімен анықтау көмірден қайта шашыраған рентген сәулелерін зерттеу арқылы іске асады. Осындай қайта шашырау әдісіне негізделген рентген флуоресценция техникасын пайдалану Түркияда және Шығыс Еуропаның Чехия, Польша секілді елдерінде кеңінен таралған. Бұнда көмірдегі күлді анықтау кезінде күлдің құрамындағы түрлі химиялық заттар, көмір түйіршіктерінің көлеміне байланысты болатын эффектілер және көмірдің ылғалдығы әсерінен бірқатар кателіктер орын алатындығын ескерген жөн. Көмір құрамындағы күлді анықтау жұмысы Чехия елінде өндірілген микропроцессор арқылы басқарылатын 256 каналды, пропорциональ детекторлы РФЗ 123-1 анализаторы құралында жүргізілді (Сурет 1).



Сурет 1. Чехия елінде өндірілген микропроцессор арқылы басқарылатын 256 каналды, пропорциональ детекторлы РФЗ 123-1 анализатор

Қоздырушы көз ретінде белсенділігі (activity) 10 мКю плутоний-238 (Pu<sup>238</sup>) радиоизотопы пайдаланылды. РФЗ 123-1 спектрометрі арқылы өлшенетін көмір сынамаларының мөлшері – 10 грамм, көмір түйіршіктерінің мөлшері – 3 мм шамасында, көмірдің ылғалдығы – 30% , ал тәжірибе уақыты – 500 секунд болды.

Көмір сынамаларындағы күлдің (Ad) мөлшерін анықтау үшін Са (кальций), Fe (темір) элементтерінің флуоресценциялық және плутоний-238 (<sup>238</sup>Pu) қоздырушы көзінен шашыраған радиациялық сәулелер өлшенеді. Бір-біріне әсер етуші элементтер ықпалынан туындайтын, мысалы Fe мен Са екеуінен болатын матрицалық эффектін азайту үшін эмпирикалық коэффициент әдісі қолданылды. Түрлі калибрлік тендеулерді тексеру негізінде төмендегі тендеу (1) көмірдегі күл (Ad) мөлшерін дәлірек анықтауға болатындығы нәтижелер арқылы таңдап алынды.

$$(Ad)=a_0+a_1P(Ca)/P(BS-Pu)+a_2P(Fe)/P(BS-Pu)+a_3/P(BS-Pu) \quad (1)$$

Мұндағы: P(Ca), P(Fe) - Са және Fe-дің пик алаңдары, P(BS-Pu), <sup>238</sup>Pu –ден шашыраған пикдің алаңы, a<sub>0</sub>.....a<sub>3</sub>, – эмпирикалық коэффициенттер.

Са, Fe-дің және <sup>238</sup>Pu –ден шашыраған пиктердің таза алаңдары (net areas) қарапайым пиктерді интеграциялау әдісімен есептелді. Бұл үшін GW-Basic алгоритмі бойынша “Sn” деп аталатын калибрлік программа жасалды. Осы программаның көмегімен әуелі эмпирикалық коэффициенттер есептеліп барып, одан кейін көмірдегі күлдің химиялық және РФЗ нәтижелері салыстырылып көрсетілді. РФЗ әдісімен анықтаған көмір құрамындағы күл мөлшерін химиялық әдіспен анықталған нәтижелермен салыстырып көрсеткен көрсеткіш Кесте 1 -де көрсетілді.

Рентген флуоресценциялық зерттеу жұмысы бойынша көмірдегі күлдің мөлшері Ad = 9.05–18.95% аралығында шықты. Химиялық және РФЗ нәтижелерінің арасындағы стандарттық ауытқушылық S1=0.748%. Стандарттық ауытқушылық төмендегі формула арқылы есептелді:

$$S1 = \frac{\sqrt{\sum_{i=1}^N (C_{XRF} - C_{Chem})^2}}{N - 1} \quad (2)$$

Кесте 1. Көмір сынамаларындағы күлдің Химиялық және РФЗ нәтижелерінің салыстырылып көрсетілуі.

No	Код	Ad % Хим.	Ad % РФЗ	Delta δ
1	20	16.26	15.80	-0.46
2	21	14.81	15.48	0.67
3	22	16.60	16.62	0.02
4	23	18.95	18.29	-0.66
5	24	11.96	11.93	-0.03
6	25	12.53	13.30	0.77
7	26	12.93	13.41	0.48
8	27	11.10	11.05	-0.05
9	28	13.17	11.56	-1.61
10	29	11.11	11.46	0.35
11	30	11.99	11.69	-0.30
12	31	10.61	12.13	1.52
13	32	13.94	13.85	-0.09
14	33	11.95	11.89	-0.06
15	34	10.62	11.12	0.50
16	35	10.49	10.62	0.13
17	36	11.77	10.32	-1.45
18	37	9.05	9.33	0.28

Қорытынды:

Біз бұл зерттеу жұмысымызда ядролық физика әдістерінің біріне саналатын изотопты рентген флуоресценциялық зерттеу әдісімен көмірдегі күл мөлшерін жылдам әрі дәл анықтауға болатындығын сол арқылы көмірді жақпай тұрып көмірдің сапасына алдын-ала баға беруге болатындығын көрсеттік. Бұл мақсатта Чехия елінде өндірілген РФЗ 123-1 анализаторы таптырмас құрал болатындығына көз жеткіздік. РФЗ әдісімен анықталған көмір сынамаларындағы күл мөлшері  $Ad=9.05-18.95\%$  аралығында шықты. Осы көмір сынамаларындағы химиялық жолмен анықталған күлдің мөлшері және оның РФЗ нәтижелерімен арасындағы стандарттық ауытқушылық мөлшері  $S1=0.748\%$ .

Көмірге аса бай Қазақстандағы көмір кеніштерінде салмағы небәрі 10 кг-дай қолмен алып жүруге болатын осындай портативті жеңіл РФЗ анализаторларын пайдалану арқылы көмір кеніштеріндегі көмірдің күлін жақпай тұрып анықтау арқылы оның сапасына алдын-ала баға беру, сол арқылы көмірдің шикізат отын ретіндегі тиімділігін экономикалық тұрғыдан анықтауда бұл тиімді тәсіл бола алады деген қорытындыға келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Gluskoter, H.J., *Mineral matter and trace elements in coal. Adv. Jn Chem.141, 1973*
- 2 Valkovic, V., *Trace Elements in Coal, CRC Press, Inc., Boca Raton, Florida, 1983.*
- 3 Clayton, C.O., Wormald, M.R *Coal analysis by nuclear methods. Int J.Appl.Rad.Isot.34,1983*
- 4 Dziunikowski,B., Stochalski, A., *Rapid determination of coal ash content by means X-ray fluorescence and scattering. J.Radioanal. Chem, 77,1983*
- 5 Arikan P., Zararsiz, A., Efe, N., *Detremination of ash in Turkish coal using back-scattering in X-ray fluorescence techniques. (Nuclear techniques and mineral resour. Proc. Of Symp. Vienna, 1990), IAEA, 1991*
- 6 Boyce, I.S.,Clayton, C.G., Page, D., *Some considerations relating to the accuracy of measuring the ash content of coal by X-ray backscattering. Nucelar techniques and Mineral resources (Proc.Symp.Vienna,1977)*
- 7 Venkatesware, R.N., et all., *Elemental analysis of coal ash using energy dispersive X-ray fluorescence. X-ray Spectrometry.16., 1987.*
- 8 Баймолда Д., *Рентген флуоресценциялық зерттеу әдісін көмір өндірісінде қолдану. Ғылыми монография. Павлодар, 2012*
- 9 *World Energy Council – World Energy Resources: 2013 Survey.*
- 10 *ҚР-ның көмір өнеркәсібін дамытудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000644>*

УДК 662.87

МРНТИ 44.31.29

М.Т. Бекетаева<sup>1</sup>, З.Х. Габитова<sup>2</sup>, К.А. Касымова<sup>3</sup>, А. Септемирова<sup>4</sup>

<sup>1</sup>PhD, *Научно-исследовательский институт экспериментальной и теоретической физики при Казахском национальном университете имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,*

<sup>2</sup>PhD, *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан,*

<sup>3,4</sup>*магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

## ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССОВ СГОРАНИЯ УГОЛЬНОЙ ПЫЛИ В ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ УСТРОЙСТВАХ

### Аннотация

Целью работы является исследование процессов сгорания угольной пыли в энергетических устройствах Республики Казахстан. Результаты проведенных исследований позволят определить аэродинамику течения, тепломассообменные характеристики технологических процессов, происходящих в топочных камерах, получить новые численные данные о сложных процессах тепломассопереноса при горении пылеугольного топлива в реальных топочных камерах, действующих ТЭЦ РК. В работе использованы новейшие информационные технологии компьютерного 3D моделирования, которые позволяют заменить или исключить проведение дорогостоящих и трудоемких натуральных экспериментов на угольных ТЭС. Численное моделирование, включающее термодинамическое, кинетическое и трехмерное компьютерное моделирование процессов тепломассопереноса при сжигании пылеугольного топлива позволит найти оптимальные условия для постановки адекватной физико-математической и химической модели технологического процесса горения. Проведение

комплексного исследования позволят оптимизировать процессы воспламенения, газификации и сжигания казахстанских высокозольных углей.

**Ключевые слова:** Горение, компьютерное моделирование, реагирующая смесь, угольная пыль, энергетические устройства, численный эксперимент.

*Аңдатпа*

*М.Т. Бекетаева<sup>1</sup>, З.Х. Габитова<sup>2</sup>, К.А. Қасымова<sup>3</sup>, А. Септемирова<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің эксперименттік және теориялық физика ғылыми зерттеу институты, Алматы, Қазақстан,*

*<sup>2</sup>PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің физика-техникалық факультеті, Алматы, Қазақстан,*

*<sup>3,4</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің физика-техникалық факультетінің магистранты, Алматы, Қазақстан*

### **ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДА ШАҢ ТӘРІЗДІ КӨМІРДІҢ ЖАНУ ПРОЦЕСТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

Жұмыстың мақсаты - Қазақстан Республикасының энергетикалық құрылғыларында көмір шаңының жану процестерін зерттеу. Зерттеудің нәтижелері жану камераларында пайда болатын технологиялық процестердің ағынының, жылу және массалық трансформациясының аэродинамикасын анықтауға мүмкіндік береді, ҚР-дағы қолданыстағы ЖЭО-ның нақты жану камераларында көмірді жану кезінде жылу және масса тасымалдаудың кешенді процестеріне қатысты жаңа сандық деректерді алуға мүмкіндік береді. Бұл құжат көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станцияларына арналған қымбат және уақытты толық ауқымды эксперименттерді ауыстыратын немесе жойатын компьютерлік 3D модельдеудің ең соңғы ақпараттық технологиясын қолданады. Тозанданған көмірді жану кезінде термодинамикалық, кинетикалық және үш өлшемді компьютерлік модельдеуді қоса, сандық модельдеу жану технологиялық процесінің тиісті физикалық, математикалық және химиялық моделін құру үшін оңтайлы жағдайларды табуға көмектеседі. Жан-жақты зерттеу жүргізу Қазақстанның жоғары күлді көмірлерін жағу, газдандыру және жану процестерін оңтайландырады.

**Түйін сөздер:** Жану, компьютерлік модельдеу, реакцияланушы қоспалар, шаңкөмір, энергетикалық құрылғылар, сандық эксперимент

*Abstract*

### **STUDY OF COAL DUST COMBUSTION PROCESSES IN ENERGY DEVICES**

*Beketayeva M.T.<sup>1</sup>, Gabitova Z.H.<sup>2</sup>, Kassymova K.A.<sup>3</sup>, Septemirova A.<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup>PhD, Scientific Research Institute of Experimental and Theoretical Physics at Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>PhD, Physics and technology department at Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

*<sup>3,4</sup>student of Master Programme, <sup>2</sup>Physics and technology department at Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

The aim of the work is to study the coal dust combustion processes in energy devices of the Republic of Kazakhstan. Results of the research will allow to determine the flow aerodynamics, heatmasstransfer characteristics of technological processes, to obtain new numerical data on the complex processes of heat-and-mass transfer during the combustion of pulverized coal in real combustion chambers of the existing CHP RK. The paper uses the latest technology of computer 3D modeling, which will replace or eliminate the expensive and time-consuming full-scale experiments on coal-fired TPP. Numerical simulation, including thermodynamic, kinetic and three-dimensional computer simulation of heatmasstransfer processes during combustion of pulverized coal will help to find optimal conditions for setting an adequate physical, mathematical and chemical model of the technological process of combustion. Conducting a comprehensive study will optimize the processes of ignition, gasification and combustion of Kazakhstan's high-ash coals.

**Keywords:** Combustion, computer simulation, reacting mixture, coal dust, energy devices, numerical experiment.

### **Введение**

Казахстан богат природными ресурсами, включая уголь, нефть, природный газ, уран и обладает значительным возобновляемым потенциалом от ветровой, солнечной, гидроэнергетики и биомассы. Быстрое экономическое развитие Казахстана, связанное с увеличением спроса на электроэнергию к 2020 году потребует значительной модернизации существующих энергетических объектов в дополнение к строительству новых электростанций мощностью 20 ГВт.

В настоящее время страна зависит от ископаемого топлива для выработки электроэнергии. Тепловые электрические станции приводят к выбросам парниковых газов и влияют на здоровье человека и окружающую среду. Согласно последним данным, представленным энергетическим агентством в 2015 году, выбросы CO<sub>2</sub> достигли 12,8 т CO<sub>2</sub> на душу населения [1-3].

Генерируется гидроэлектростанциями 13% электроэнергии Казахстана, а 90% - тепловыми электростанциями (75% угольными электростанциями).

В целях сокращения выбросов и удовлетворения растущего спроса на электроэнергию необходимо разработать и внедрить новые экономичные и экологически чистые (безопасные) технологии, а также модернизировать существующие объекты энергоснабжения. В последние десятилетия наблюдается повышенный интерес к прогнозированию возможности получения выбросов от промышленного сжигания угля. Это связано с отсутствием способности вычислять уровень выбросов на основе решения отдельных уравнений даже при использовании компьютеров. Тем не менее, исследования образования вредных веществ в системах сжигания угля очень распространено.

### Моделирование сжигания угля

Для математического моделирования процессов, происходящих в устройствах горения при сжигании угля, используются компьютерные программы, основанные на численном решении трехмерных уравнений переноса энергии и вещества с учетом химических реакций. Все эти математические модели представляют собой сложную систему нелинейных трехмерных уравнений в частных производных. Они состоят из уравнений непрерывности среды, состояния идеального газа и движение двухфазной среды, уравнений переноса тепла, химическая кинетика и диффузии для компонентов реагирующей смеси, принимая во внимание радиационного и турбулентного, описанных в  $k$ - $\epsilon$  модели турбулентности.

Во всех моделях рассматривается упрощенная модель химического сгорания, где нет промежуточных реакций и образования промежуточных компонентов, учитываются только выход летучих веществ из угля, их окисление до оксидов углерода и выгорание углерода.

Компьютерные программы для моделирования сжигания угля позволяют нам определить компоненты скорости  $\{u, v, w\}$ , температурные поля, давления, концентрации продуктов сгорания. Программа FLOREAN используется для описания газовой и твердой фаз и использует подход Эйлера, в котором предполагается, что скорость твердых частиц совпадает со скоростью газа, т.е. эффектом скольжения можно пренебречь. Сложные физико-химические процессы, возникающие при сжигании топлива, описываются уравнениями сохранения [4-5], уравнениями сохранения массы, сохранения углового момента и энергии для газовой и твердой фаз. Газовый поток рассматривают в Эйлеровой системе, в то время как динамику твердой фазы рассматривают в Лагранжевой системе.

Поскольку нет источников массы, происходит только преобразование составляющих компонентов. В этом случае уравнение сохранения массы или уравнение неразрывности принимает вид (где первый член уравнения описывает нестационарность потока, второй член - конвективный транспорт):

$$\frac{\partial \rho}{\partial t} + \frac{\partial}{\partial x_i} (\rho u_i) = 0$$

$$\frac{\partial (\rho u_i)}{\partial t} + \frac{\partial}{\partial x_j} (\rho u_i u_j) = - \frac{\partial p}{\partial x_i} + \frac{\partial \tau_{ij}}{\partial x_j} + \rho g_i + F_i$$

Первый член уравнения описывает не стационарность потока, второй – конвективный транспорт, третий и четвертый члены – поверхностные силы (градиент давления и молекулярную диффузию), пятый – массу (гравитация), шестой – внешние массовые силы.

Уравнение сохранения энергии учитывает перенос энергии за счет теплопроводности, диффузии и вязкой диссипации:

$$\frac{\partial (\rho h)}{\partial t} + \frac{\partial}{\partial x_i} (\rho h u_i) = \frac{\partial p}{\partial t} + u_i \frac{\partial p}{\partial x_i} - \frac{\partial}{\partial x_i} \left( k_{eff} \frac{\partial T}{\partial x_i} \right) - \frac{\partial}{\partial x_{ij}} h_j J_j + \left( \tau_{ij} \right)_{eff} \frac{\partial u_j}{\partial x_j} + S_h$$

где  $h = \sum_j m_j h_j$  – энтальпия для идеальных газов,  $h = \sum_j m_j h_j + P/\rho$  – энтальпия для несжимаемой жидкости газа,  $h_j = \int_{T_{ref}}^T c_{p,j} dT$  – энтальпии потока  $J_j$  - диффузия вещества,  $k_{eff} = k_l + k_t$  – эффективная теплопроводность (сумма ламинарной и турбулентной теплопроводности),  $(\tau_{ij})_{eff}$  – эффективный тензор напряжений,  $S_h$  – источник, учитывающий теплоту химических реакций и других объемных источников энергии.

Для изучения турбулентного потока горения промышленного пламени используются усредненные уравнения сохранения, дополненные двухпараметрической  $k$ - $\varepsilon$ -моделью турбулентности.

Выделение летучего остатка описывается реакцией первого порядка. В этом случае процесс пиролиза может быть аппроксимирован первым порядком реакции разрушения угольной частицы, которая протекает равномерно по всему объему. После удаления летучих углерода и инертная зола остаются в коксовых остатках. Гетерогенные реакции с углеродом остатка кокса контролируются двумя конкурирующими процессами: диффузия кислорода к поверхности частицы и химическая кинетика окисления углерода на поверхности частиц. Моделирование образования и уменьшение оксидов азота описывается двумя стадиями, которые не включены в общую модель сжигания топлива.

В общей модели предполагается, что влиянием химических реакций азотсодержащих соединений можно пренебречь. Задача усложняется из-за взаимодействия турбулентности и кинетики процесса горения в связи с тем, что турбулентные реактивные потоки характеризуются резкими колебаниями температуры и плотности при сильном влиянии экзотермических реакций процесса горения. Для моделирования сгорания газовой фазы используется простая химическая реакционная система, разработанная Спалдингом. Модель описывает глобальный характер процесса горения, когда сложный механизм химической кинетики заменяется бесконечно быстрыми химическими реакциями между топливом и окислителем.

Оксид углерода является продуктом сгорания летучих веществ и выгорания остатка кокса, образование которого зависит от температуры и размера частиц [6]. В общем, CO может превращаться в CO<sub>2</sub>. При описании процесса формирования CO, сгорания летучих веществ, который также включает в себя CO и CO<sub>2</sub>, может быть представлено как двухступенчатый реакции. CO будет формироваться в больших количествах в органических соединениях, когда топливо сгорает не полностью. Важно присутствие оксида углерода, действуя как индикатор несовершенства, неэффективности процесса горения. В камерах сгорания эти уравнения часто не работают. Поэтому выброс углекислого газа является одной из наиболее сложных проблем моделирования.

Во время сжигания угля оксиды азота получают потенциально десятками видов и сотен вовлеченных реакций, которые тесно связаны с механизмами сжигания угля при нагревании, выделением летучих веществ, сжиганием кокса в турбулентном двухфазном потоке со значительными тепловыми выбросами.

Образование и разложение азотистых веществ NO<sub>x</sub> учитывает влияние минерального состава в топливной композиции, которое (в частности, зола) влияет на разложение топлива и образование оксида азота в процессах пиролиза. При сжигании угольной пыли в кинетической модели образования топлива NO учитываются пиролиз угля, гомогенное сжигание углеводородов и гетерогенное сжигание кокса. Корреляции учитываются при высоких температурах в камере сгорания. Таким образом, результаты вычислительного эксперимента отражают наиболее реальную картину происходящих процессов формирования вредных выбросов пыли и газа азотсодержащих веществ при сжигании низкосортных углей. В электроэнергетике нашей страны преобладает использование низкосортного угля с высоким содержанием золы (до 35-50%).

#### **Основные характеристики котла и угольного топлива**

В качестве объекта исследования выбрана камера сгорания котла БКЗ-75-39ФБ Шахтинской ТЭЦ, действующая в Карагандинской области. Котел этой марки имеет блочную конструкцию, он может использоваться при использовании каменного угля, торфа, антрацита. В таблице 1 показаны основные геометрические параметры камеры сгорания энергокотла БКЗ-75. Для численного расчета использовались первичные и граничные условия, а также метод контроля объема для решения дифференциальных уравнений [7-9].

Топочной камеры котла БКЗ-75 оснащена четырьмя осевыми лопастными вихревыми пылеугольными горелками, которые расположены на одной ступени двух горелок на боковых стенках камеры.

Уголь Карагандинского бассейна трудно обогатить. Их внутренний компонент почти не поддается разрушению (органическая часть состоит из растительного вещества, выведенного из минеральных примесей, осажденных растительными остатками, и инфильтрационной части минеральных солей, содержащихся в воде, циркулирующей через трещины).

Таким образом, их обогащение не оправдывает экономические затраты, связанные с процессом обогащения. Характеристики угля марки КР-200 представлены ниже в таблице 2.

Таблица 1. Основные геометрические параметры камеры сгорания котла БКЗ-75

Название	Обозначение	Единица измерения	Значение
Высота камеры сгорания	(Z) Нт	m	16,75
Ширина камеры сгорания	(X) бт	m	6
Глубина камеры сгорания	(Y) Гт	m	6,6
Площадь передней и задней стен	Ffr, Fp	m <sup>2</sup>	90,675
Площадь правой боковой стенки	Fs1	m <sup>2</sup>	92,4
Площадь левой боковой стенки	Fs2	m <sup>2</sup>	110,55
Потолочные стены	Fs	m <sup>2</sup>	27,72
Площадь стены	Fh	m <sup>2</sup>	7,26
Площадь поперечного сечения канала воздушной струи в горелке	Fa	m <sup>2</sup>	0,12
Площадь поперечного сечения канала вторичного воздуха в горелке	Fsa	m <sup>2</sup>	0,25

Таблица 2. Характеристики карагандинского угольного сорта КР-200

Название	Обозначение	Единица измерения	Величина
Вид угля	KR-200	-	-
Тонина помола	R90	%	20
Плотность угля	$\rho$	kg/m <sup>3</sup>	1350
Теплота сгорания	Qy	kJ/kg	3,4162·10 <sup>4</sup>
Зольность	Ac	%	35,10
Выход летучих веществ	VГ	%	22,00
Влажность	WP	%	10,60
Углерод	C	%	43,21
Водород	H2	%	3,6
Кислород	O2	%	5,24
Сера	S	%	1,04
Азот	N	%	1,21

### Результаты исследования сгорания пылевидного угля в энергетическом котле БКЗ

Аэродинамика двухфазных турбулентных потоков при сжигании топлива из пылеугольного угля вызывает характер утечки всего процесса горения. Аэродинамическая основа всего процесса горения в печных устройствах представляет собой перенос вихря [10]. Основная роль аэродинамической структуры вихревого потока - идеальная смесь пылеугольного топлива и окислителя (кислород воздуха). Из анализа трехмерного распределения, показанного на рисунке 1, можно сказать, что поток воздушной смеси с продуктами сгорания имеет вихревой характер в области горелок и в нижней части камеры сгорания при высоте от 2 м до 8 м.




Рисунок 1. Трехмерное распределение вектора полной скорости в объеме камеры сгорания котла БКЗ-75-39ФБ Шахтинская ТЭЦ

Видно, что вектор полной скорости имеет свои максимальные значения ( $V \sim 16$  м/с) в области пояса горелки. Это связано с тем, что токи счетчика, выдуваемые из устройств горелки, направлены на максимальную скорость до центра пространства печи, сталкиваются. И здесь, рассекая на несколько вихрей, образуется обратный поток вверх и вниз по пространству печи.

Этот характер завихренности возникает из-за турбулентности из-за взаимодействия воздушной смеси с окислителем. Наличие объемного вихревого потока в центральной области камеры сгорания благоприятно влияет на сжигание пылевидного угля (передача тепла и массопереноса) [11-13].

Значения температуры достигают своих максимальных значений в области ядра факела на высоте около трех метров. Здесь, из-за вихревой природы потока, направленного вверх и вниз по объему печи, наблюдается максимальный конвективный перенос и увеличение времени пребывания частиц угля, в результате чего наблюдается повышение температуры происходит в этой зоне (рис. 2). Топливная смесь и окислитель (воздух), поступающие из противоположных горелок, из-за вихревой природы тока образуют высокотемпературное ядро факела в нижней части камеры сгорания (рис. 2а). На высоте камеры сгорания можно наблюдать постепенное снижение температуры до выхода из печи (рис. 2б). На выходе ( $X=7$  м) из камеры сгорания химические процессы значительно ослаблены, температурные поля выравниваются во вращающейся области печи, средняя температура составляет  $T=941$  °С, а на выходе из пространства сгорания  $T=879$ °С. Анализируя рисунок 2в, хорошо согласуется с данными теоретического расчета котла и данных ТЭС [14-15].




Рисунок 2. Трехмерное распределение температуры в 2 сечениях (а)  $X=1,76$  м и  $X=4,22$  м; (б)  $Z=12,65$  м и  $X=7$  м камеры сгорания и (в) сверка результатов с известными данными [14-15]



Распределение концентрации  $\text{CO}_2$  в центральной части (рис. 3а) меньше, чем на выходе (рис. 3б). Заключительные этапы полного сжигания энергетического топлива с наибольшим количеством образования продуктов сгорания  $\text{CO}_2$  происходят в выходной зоне. На рис. 3в показана проверка полученных результатов с известными данными [15] от реальных ТЭС. Можно сказать, что максимальное значение концентраций  $\text{CO}_2$  находится в хорошем соответствии.

Трёхмерное компьютерное моделирование сжигания топлива из пылевидного угля позволяет лучше понять проблемы вычислительной гидродинамики (CFD), математическое и численное моделирование процессов сжигания твердого топлива и механизм химического взаимодействия продуктов сгорания. Результаты проведенных исследований способствуют решению актуальных проблем теплофизики, технической физики, теплоэнергетики и экологической безопасности, поскольку они позволяют дать рекомендации по оптимизации процессов горения низкосортных энергетических топлив для того, чтобы повысить энергоэффективность и улучшить экологическую ситуацию и создать «чистую» энергетическую продукцию.




Рисунок 3. Трёхмерное распределение концентраций  $\text{CO}_2$  в 2 поперечных сечениях (а)  $X=1,76$  м и  $X=4,22$  м; (б)  $Z=12,65$  м и  $X=7$  м камеры сгорания и (в) проверка результатов с известными данными [15]

### Заклучение

Результаты проведенных исследований позволяют предложить новые физико-математические и химические модели низкосортного сжигания угля в реальных камерах энергетических объектов. Используемый метод дает адекватный характер процессов теплопереноса и образования выбросов вредных веществ при сжигании низкокачественного карагандинского угля марки KR-200 с

высоким содержанием золы (более 35%) в камере сгорания существующий энергетический котел БКЗ- 75-39 Шахтинской ТЭЦ.

Как показано на рисунках выше, концентрации диоксида углерода CO<sub>2</sub> находятся в хорошем согласии с экспериментальными данными, полученными от реальной тепловой электростанции [15]. Сравнивая результаты численного эксперимента, проведенные в этой работе с экспериментальными данными из ТЭС, мы можем предложить, что наблюдаемый метод исследования процессов горения является надежным. Результаты, выполненные в этой работе, и используемый метод вычислительного исследования могут быть полезны при разработке новых, а также в улучшении существующих камер сгорания энергетических котлов ТЭС.

*Работа была выполнена в рамках Гранта Министерства образования и науки Республики Казахстан №АР05133590 «Создание новых компьютерных технологий 3D моделирования процессов теплопереноса в высокотемпературных физико-химически реагирующих средах» (2018-2020).*

1 International Energy Agency [Электрон.ресурс]. Available at: <https://www.iea.org> (дата обращения: 12.01.2019)

2 KIER. Spatial organization of territory in Kazakhstan for the period until 2030. Kazakh Institute of Economic Research 2014. Available at: [www.economy.kz](http://www.economy.kz) (дата обращения: 22.01.2019)

3 Arynov AA Condition and quality indicators of Ekibastuz coals. - Vestnik KarGU, 2007. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-himicheskogo-sostava-zoly-uglya-na-ekspluatatsionnye-parametry-topok-1> (дата обращения: 22.01.2019)

4 Askarova A.S., Bolegenova S.A., Beketayeva M.T., etc. Computational Method for Investigation of Solid Fuel Combustion in Combustion Chambers of a Heat Power Plant // High Temperature, 2015, Vol. 53, No. 5. – 752–758 pp.

5 Leithner R. Numerical Simulation. Computational Fluid Dynamics CFD: Course of Lecture. – Braunschweig, 2006. - 52 p.

6 Leithner R., Askarova A., Bolegenova S., Bolegenova S., Maximov V., Ospanova S., Ergaliev A., Nugymanova A., Beketayeva M. Computational modeling of heat and mass transfer processes in combustion chamber at power plant of Kazakhstan // MATEC Web of Conferences 76, 06001 (2016). CSCC 2016. – P. 5.

7 Leithner R., Müller H. CFD studies for boilers // Second M.I.T. Conference on Computational Fluid and Solid Mechanics – Cambridge, 2003. - P.172.

8 Kang Z.Z., Ding S.X., Shuai Z.A., Sun B.M. Modeling of coal combustion in the CFB by the EDC model with the global reaction mechanism // International journal of numerical methods for heat & fluid flow. – 2018. – Vol. 28, Iss. 4. – P. 963-981.

9 Launder B., Spalding D. The numerical computation of turbulent flows // Comp. Meths. Appl. Mech. Eng. - 1974. - Vol.3. - P. 269-289.

10 Gao S.P., Zhai L.R., Qin Y.H., Wang Z.Q., Zhao J.T., Fang Y.T. Investigation into the Cleavage of Chemical Bonds Induced by CO<sub>2</sub> and Its Mechanism during the Pressurized Pyrolysis of Coal // Energy & fuels. – 2018. – Vol. 32, Iss. 3. – P. 3243-3253.

11 Ma H.H., Zhou L., Ma S.X., Wang Z.J., Cui Z.G., Zhang W., Li J. Reaction Mechanism for Sulfur Species during Pulverized Coal Combustion // Energy & fuels. – 2018. – Vol. 32, Iss. 3. – P. 3958-3966.

12 Askarova A.S., Bolegenova S.A., Beketayeva M.T., etc. Analysis of formation harmful substances formed as a result of burning the low-grade coal in the combustion chamber of the industrial boiler of Kazakhstan using CFD-code FLOREAN // 17th Conference on Process Integration, Modelling and Optimisation for Energy Saving and Pollution Reduction (PRES 2014). Prague, Czech Republic, August 23-27, 2014. 1308. P.7.160.

13 Askarova A.S., Heierle E.I., Bolegenova S. A., Manatbayev R., Maximov V.Ju., Bolegenova S.A, Beketayeva M.T., Yergaliyeva A.B. CFD study of harmful substances production in coal-fired power plant of Kazakhstan // Bulgarian Chemical Communications. ISSN: 0324-1130. – 2016. – Vol. 48. – Special Issue E. – pp. 260-265.

14 Askarova A., Safarik P., Bolegenova S., Bolegenova S., Maximov V., Beketayeva M., Ospanova Sh., Maksutkhanova A., Kassymova K., Nugymanova A. Research of Formation and Destruction of NO<sub>x</sub> During Combustion of Low-Grade Coal in CHP // International Conference on Electronic, Control, Automation and Mechanical Engineering (ECAME 2017). ISBN: 978-1-60595-523-0. – Sanya, China, November 19–20, 2017. – P. 731-735.

15 Устименко Б.П., Алияров Б.К., Абубакиров Е.К. Огневое моделирование пылеугольных топок. – М.: Наука, 1982. – 212 с.

УДК 538.97  
МРНТИ 29.01.45

*Ж.М. Битибаева*

*магистр, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **БОЛАШАҚ ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДА ҚАТТЫ ДЕНЕ ФИЗИКАСЫН ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУДІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада қатты дене физикасындағы процестердің модельдері мен модельдеу туралы қарастырылған. Жоғарғы оқу орындарында физиканы оқыту үдерісінде физикалық процестерді модельдеу үшін ақпараттық технологияның қолданылуы маңызды құрамдастарының бірі болып табылады. Физиканы оқыту әдістеріне сәйкес компьютерлік модельдеу, есептеу тәжірибесінің әдіснамасын меңгеру білім алушыларды оқу-зерттеу іс-әрекеттеріне жұмылдыруға көмектеседі. Физикадан тапсырмаларды компьютердің көмегімен орындауда білім алушылар физиканы оқыту мазмұны мен күтілетін нәтижелердің мәнін, сондай-ақ физикалық білім берудің құндылығын ажыратуға мүмкіндік алады. Физикалық процестерді модельдеусіз білім алушыларға оны түсіндіру айтарлықтай қиындық туғызатыны белгілі. Тек физикалық процестер ғана емес, оқыту үдерісіне ақпараттық-компьютер жүйелерін қолдану негізінде оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігін практика көрсетіп отыр. Қатты дене физикасын оқытудағы компьютерлік модельдеу пәннің негізгі түсініктерін терең қабылдауға, қатты дене физикасындағы белгілі құбылыстар мен процестерді басқаруға мүмкіндік беретіні туралы айтылған.

**Түйін сөздер:** физикалық модель, модельдеу, оқу үдерісі, ақпараттық технологиялар, оқыту технологиясы.

*Аннотация*

*Ж.М. Битибаева*

*магистр, Казахский национальный педагогический университет им.Абая, г.Алматы, Казахстан*

## **ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ В ОБУЧЕНИИ ФИЗИКИ ТВЕРДОГО ТЕЛА ПРИ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИКИ**

В данной статье рассмотрены понятия модели процессов и моделирования в физике твердого тела. Одной из важнейших составляющих является использование информационных технологий для моделирования физических процессов в процессе преподавания физики в высших учебных заведениях. Овладение методологией компьютерного моделирования, вычислительной практики в соответствии с методами преподавания физики способствует мобилизации обучающихся на учебно-исследовательскую деятельность. При выполнении заданий по физике с помощью компьютера обучающийся получает возможность различать содержание и сущность ожидаемых результатов обучения физике, а также ценность физического образования. Известно, что без моделирования физических процессов, их интерпретация может существенно затрудняться обучающимся. Практика показывает необходимость совершенствования методов обучения на основе использования информационно-компьютерных систем в учебном процессе, а не только физических процессов. Так же в статье, говорится о том, что компьютерное моделирование в обучении физики позволяет глубоко воспринимать основные понятия дисциплины, управлять определенными явлениями и процессами в физике твердого тела.

**Ключевые слова:** физическая модель, моделирование, процесс обучения, информационные технологии, технологии обучения.

*Abstract*

## **THE POSSIBILITY OF USING COMPUTER SIMULATION IN TEACHING OF SOLID STATE PHYSICS IN PREPARING FUTURE PHYSICS TEACHERS**

*Bitibayeva Zh.M.*

*Master, Abai University, Almaty, Kazakhstan*

This article discusses the concepts of process model and modeling in solid state physics. One of the most important components is the use of information technology for modeling physical processes in the teaching of physics in higher education. Mastering the methodology of computer modeling, computational practice in accordance with the methods of teaching physics helps to mobilize students for educational and research activities. When performing tasks in physics with the help of a computer, the student is able to distinguish the content and essence of the expected results of teaching physics, as well as the value of physical education. It is known that without the modeling of physical processes, their interpretation can be significantly difficult for students. Practice shows the need to improve teaching methods based on the use of information and computer systems in the educational process, not just physical processes. Also in the article, it

is said that computer modeling in teaching physics allows to deeply perceive the basic concepts of discipline, to control certain phenomena and processes in solid state physics.

**Keywords:** physical model, modeling, learning process, information technology, learning technology.

Жоғары оқу орындарында физиканы оқыту үдерісінде физикалық процестерді модельдеу үшін компьютерді пайдалану ақпараттық технологиялардың маңызды құраушыларының бірі болып табылады. Компьютерді оқу үдерісінде қолдану білім алушылардың пәнді зерделеуін белсендіріп, жаңа материалды игеруін жылдамдатып, нәтижесінде оқу сапасын арттырады.

Болашақ физика мұғалімдеріне қатты дене физикасын оқытуда компьютерлік модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін анықтауда біз алдымен ғылыми әдіснамаларда «модель» және «модельдеу» ұғымдарына берілген түсіндірмелерді талдап алдық.

«Модель» және «модельдеу» ұғымдарына білім беру салаларының ерекшеліктеріне қарай әртүрлі анықтама беріледі. Мәселен, философиялық энциклопедиялық сөздікте модельдеу «нысандарды танып-білудегі зерттеу әдістері: шынайы заттар мен құбылыстарды (органикалық және бейорганикалық жүйе, инженерлік құрылғылар, физикалық, химиялық, биологиялық, әлеуметтік түрлі процестер) және жобалау нысандарын анықтау, олардың сипаттамасын жақсарту, құру және басқару тәсілдерін тиімді ету моделін жасау және зерделеу [1]. Таным теориясында (гносеология) модель таным құралы ретінде, ал модельдеу ғылыми таным әдістері ретінде келіп түскен ақпараттарды қабылдауға мүмкіндік беретін жалпы бейнелеу формасы. Бұл жерде философ М.Мамардашвилидің: «Ештеңе алдын-ала заң түрінде құрылмайды, керісінше қандай да бір заңға қызмет етеді», - деген философиялық ойына талдау жасасақ, табиғат туралы барлық білімнің модельдік сипатта болатынын анықтауға болады [2].

Логикалық сөздікте модельдің анықтамасы «зерттеу нысандары арасындағы байланыстар мен қатынастардың қарапайым, кішірейтілген формасын сызба, кесте, маңызды логикалық-математикалық формулалар, физикалық құрылымдар және т.б. беру арқылы ақпарат алу үрдісі», - деп келтірілген [3].

Модель – кейбір нақты өмірде бар немесе ойша елестетілетін жүйе. Ол таным үрдісінде өзге жүйені, яғни түпнұсқаны алмастырады және сипаттайды. Модель түпнұсқамен ұқсастық қатынаста болады, осының арқасында модельдерді зерттеу түпнұсқа туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Кез-келген жүйе тәрізді модельдің де элементтік құрамы, құрылымы, сыртқы және ішкі байланыстары болады. Модель жасауда зерттеудің түпнұсқасындағы маңызды элементтер сақталады да, қалған маңызы шамалы элементтер жаңа құрылымдық элементтерге біріктіріліп беріледі. Дегенмен, құрылымдық элементтердің мұндай өзгерістері модель жасаудың негізгі міндетін бұзбай, зерттеудің түпнұсқасын айқындайтындай болуы керек.

Модель қолдану аясына қарай:

- *таным процесінде пайдалану мақсатына қарай* эвристикалық және дидактикалық модельдер;
- *пайдалану саласы бойынша* оқу, тәжірибелік, ойын түрлері, имитациялық және ғылыми-зерттеу модельдері;
- *уақыт факторларына қарай* статикалық және динамикалық модельдер;
- *ұсынылатын түрлеріне қарай* математикалық, геометриялық, сөздік, логикалық, арнайы (мысалы, музыкалық ноталар, химиялық формулалар, т.б.) модельдер;
- *ұсынылатын тәсілдері бойынша* ақпараттық материалдық емес (абстрактілі) және материалдық модельдер болып бірнеше типке бөлінеді.


Қазіргі кезеңде модель және модельдеу ғылыми және әдіснамалық ортада кеңінен таралып, физикалық ғылым мен білім беруде де қолданыс тауып отыр (1-сурет).

Физика табиғи процестер мен құбылыстардың моделін сипаттайды. Кез-келген физикалық теория бір-бірімен тығыз байланыстағы, өзара әрекеттесетін модельдер жүйесін құрайды.

Іргелі және қолданбалы физиканың зерттеулерінде материалдық (тәжірибелік, пәндік) және теориялық модельдер ажыратылады. Материалдық модельде нысандар қарапайым және кішірейтілген үлгіде беріледі. Ал теориялық модель – ғылыми тілде, таңба белгілері (график, т.б.) арқылы бейнеленетін абстрактілі модельдер.

Білім беруде модель және модельдеу, мәселен, физиканы оқытуда компьютерлік модельдеу оқу моделіне негізделеді. Оқу моделі – ол түпнұсқаның құрылымдық және функциялық жеке элементтерін бейнелейтін нысан. Оқу моделін зерттеушілер (Ю.И.Неймарк, В.Б.Колмановский, С.С.Кротов, А.В.Гаряев және т.б.) модельдеуге оқыту тек модельді көрсету арқылы немесе мақсатты оқытудан бұрын, білім алушылардың өздігінен ізденісіне жағдай жасау және оқу моделіне оқыту қажеттігі

жайлы пікірлер айтады. Өйткені, модельдеуді ой түйсігінен өткізудегі оқу үдерісі бірнеше кезеңдерді қамтиды және әр кезеңнің ортақ идеясы материалдық модель болып табылады. Оны төмендегі модельдеу жіктелесінен көруге болады.



Сурет 1. Модельдеу үлгілерінің ғылыми және әдіснамалық ортада көрінісі

Білім беруде модель және модельдеу, мәселен, физиканы оқытуда компьютерлік модельдеу оқу моделіне негізделеді. Оқу моделі – ол түпнұсқаның құрылымдық және функциялық жеке элементтерін бейнелейтін нысан. Оқу моделін зерттеушілер (Ю.И.Неймарк, В.Б.Колмановский, С.С.Кротов, А.В.Гаряев және т.б.) модельдеуге оқыту тек модельді көрсету арқылы немесе мақсатты оқытудан бұрын, білім алушылардың өздігінен ізденісіне жағдай жасау және оқу моделіне оқыту қажеттігі жайлы пікірлер айтады. Өйткені, модельдеуді ой түйсігінен өткізудегі оқу үдерісі бірнеше кезеңдерді қамтиды және әр кезеңнің ортақ идеясы материалдық модель болып табылады. Оны төмендегі модельдеу жіктелесінен көруге болады.

*Физикалық модель* – қандай да бір құбылыстың сапалы сипаттамалық (модельдің ерекше сапасы) кешені, сонымен қатар кейбір нысандар мен құбылыстарды, олардың физикалық табиғаты дәл сондай модельдермен алмастыра отырып, эксперимент арқылы зерттейтін модельдердің бірі болып табылады. Зерттелетін құбылыстардағы заңдылықты анықтау үшін немесе теориялық жолмен табылған қорытындылардың дұрыстығын және олардың қолданылу шегін тексеру үшін ғылыми жүргізілетін кез-келген эксперимент модель болып саналады. Өйткені, эксперименттің нысаны қажетті физикалық қасиеті бар нақты модельге жатады. Физикалық эксперимент жүргізуде физикалық модельге қойылатын талаптар орындалуы тиіс. Әр түрлі нысандар мен процестерді жобалау және салу кезінде, олардың модельдеріне сәйкес келетін қасиеттерін немесе сипаттамаларын анықтау үшін техникада физикалық модельдер жиі пайдаланылады. Физикалық модельдердің негізіне ұқсастық теориясы мен өлшемдік талдау алынады. Нақты зат (натура) пен оның моделінің өзара геометриялық, яғни пішінінің ұқсастығы және физикалық ұқсастығы физикалық модельдердің қажетті шарты болып есептеледі. Физикалық модельдер мен модельдеу әдістері көптеген ғылыми зерттеулерде, техниканың құрылыс ісінде, авиацияда, ракеталық және ғарыштық техникада т.б. да әр түрлі саласындағы практикалық есептерді шешу кезінде кеңінен қолданылады.

*Математикалық модель* – қандай да бір құбылыстың байланыс және қатынастарының сандық сипаттамалық кешені. Екінші сөзбен айтқанда математикалық модель нысандардың құрылымы мен заңдылықтарының орындалуын анықтайтын формулалар мен теңдеулер жиынтығы. Математикалық модельдің әдістемесі қазіргі физика курсына физикалық теорияларды құру процесінде кеңінен қолданылады.

*Компьютерлік модель* – математикалық модель негізінде құбылыстар мен процестерді біріктіретін құрылымдық-логикалық жүйе немесе ақпараттарды бейнелеудің дамытылған құралы, оның нәтижесі интерактивті модель болып табылады.

Қазіргі кезде қатты денелер физикасында, сондай-ақ басқа да ғылым салаларында қымбатқа түсетін тәжірибелерді компьютердің көмегімен зерттеуге болады. Мәселен, бүгінгі таңда нанокластерлерді модельдеудің түрлі әдістері бар. Молекулалық деңгейде жұмыс жасауда кванттық теорияға негізделген классикалық Монте-Карло әдістері қолданылады [4,5]. Сонымен қатар дискреттік тәсіл, мысалы, Больцман торының теңдеу әдісі де қолданыста [3,4]. Кластерлер мен нанобөлшектерді зерттеудің осындай көптүрлі тәсілдеріне қарамастан, молекулалық динамика әдісінің болашағы зор, оның атомдардың ішкі қозғалыстарын модельдеуге мүмкіндігі жоғары.


Осы үш модельдің ұқсастықтары – олардың зерттеу пәндерінің нысаны ортақ, мысалы, дене, құбылыс, процесс, жүйе, әрекет және т.б. Ал ұсынылып отырған үш модельдің көлемі мен мазмұны жағынан айырмашылықтары бар, мәселен, математикалық модельдеу көлемі жағынан көптеген нысандарды қамтыса, мазмұны жағынан математикалық модельдеу нысандар мен құбылыстардың сандық қатынастарымен байланысты. Физикалық модельдеу нысандар мен құбылыстардың сапалық жағын сипаттайды. Компьютерлік модельдеу нысандар мен құбылыстар арасындағы құрылымдық-логикалық байланыстарды білдіреді [1,2].

Сонымен, компьютерлік модельдеу ғылыми-зерттеулер жүргізудің құралы және білім берудегі әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс педагогикалық тұрғыдан зерттеуді дамытуға, оқу үдерісін ғылыми ізденіске жақындатуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім беруде қойылған деңгейге жетуді жылдамдатады және танымдық іс-әрекетті арттыруға қызығушылық тудырады. Жалпы модельдеу қазіргі іргелі және қолданбалы ғылымның құрамдас бір бөлігі болғандықтан, ғылыми қызметкерлер, инженерлер және оқытушылар компьютерлік модельдеу технологиясын меңгеруі және әртүрлі физикалық құбылыстар мен процестерге компьютердің көмегімен зерттеу жасай алуы тиіс.

Модельдерді көрсетілу әдісіне қарай топтастыруда ақпараттық модельдің рөлі зор. Ақпараттық модель – нысандар мен процестің, құбылыстардың қасиеті мен жағдайын, сондай-ақ оның сыртқы дүниемен өзара байланысын сипаттайтын ақпараттар жиынтығы. Нысандар мен процесті сипаттайтын ақпараттың әр түрлі көлемі мен түсіндіру формасы болады және олар әр түрлі құралдармен берілуі мүмкін. Ақпараттық модельді қолмен ұстап, көзбен көре алмаймыз. Себебі, олар тек ақпараттарға ғана құрылады. Мұндай модельдер қоршаған ортаны ақпараттық жағынан зерттеуге мүмкіндік береді. Ақпараттық модельдеуді *интуитивтік модельдеу* (нысан немесе процестерді ойша көз алдына елестету), *бейнелік модельдеу* (сезімдік көрнекі бейнелер, мысалы, фотосурет, кинофильмдер, ауызша әңгімелер, көптеген физикалық модельдер: Резорфорд пен Бор ұсынған атом моделі, молекула-кинетикалық теория, идеал газ моделі) және *бейнелік-таңбалық* (сұлба, график, сызба, жоспар, карта, т.б., мысалы, географиялық карталар, пәтер жоспары, кез-келген салыстырудың қатынастық-тәуелділік диаграммалары, алгоритмдік блок-сұлба, топтастыру сұлбасы) деп бөледі.

Ақпараттық модельдер таңбалық және вербальдық болып бөлінеді. Таңбалық және вербальдық модельдер, әдетте, өзара байланысты, адамның миында тұрған ойша бейне белгілік формада көрінуі мүмкін, ал таңбалық модель санада бейнені ойша жасауға көмектеседі. (2- сурет).

Таңбалық модель – арнайы белгілермен берілген ақпараттық модель, яғни кез-келген формальды тіл құралдарымен беріледі. Таңбалық модельдерге суреттер, мәтіндер, графиктер мен сұлбалар және т.б. жатады. Іске қосу ретіне сәйкес таңбалық модельдерді компьютерлік және компьютерлік емес деп ажыратуға болады.



Сурет 2. Ақпараттық модельдерді топтастыру

Вербальдық модель – ойша немесе ауызекі формамен берілген ақпараттық модель. Бұлар ойлау мен тұжырымдау нәтижесінде алынған модельдер. Олар сол ойша күйінде қалуы немесе сөзбен берілуі де

мүмкін. Мысалы: Аңызға сәйкес, Ньютонның басына құлап түскен алма оның санасында заттардың жерге тартылысы туралы ойдың тууына ықпал етіп заңға айналды, яғни таңбалық формаға ие болды.

Физиканы оқыту әдістеріне сәйкес компьютерлік модельдеу, есептеу тәжірибесінің әдіснамасын меңгеру білім алушыларды оқу-зерттеу іс-әрекеттеріне жұмылдыруға көмектеседі. Физикадан тапсырмаларды компьютердің көмегімен орындауда білім алушылар физиканы оқыту мазмұны мен күтілетін нәтижелердің мәнін, сондай-ақ физикалық білім берудің құндылығын ажыратуға мүмкіндік алады.

Қатты дене физикасы жалпы физика курсында қатты денелердің құрылымы мен қасиеттерін сипаттауда, ал кванттық физика негіздерінде қатты денелердің электрондық теориясының элементтері мен конденсирленген заттардың жеке қасиеттеріне талдау жасау түрінде беріледі.

Қатты дене физикасын компьютерлік модельдеу – ол ғылым мен техниканың пәнаралық саласы. Физиканы оқыту үдерісінде мазмұндық тұрғыда қатты дене физикасы жалпы физикалық білімді кіріктіреді. Ал процессуалдық тұрғыда математикалық модельдеуді тиімді пайдалану және оны компьютерлік модельдеу арқылы жүзеге асыру шынайы процестерге талдау жасауда физикалық теориялардың құндылығын дәлелдеуге мүмкіндік береді. Жалпы физика курсында қатты дене физикасын оқытудың дидактикалық маңызына тоқталсақ, білім алушылардың қатты дене физикасының мазмұнын игеруінде алдымен оның физика ғылымының жүйесіндегі берілген көлемі мен күтілетін нәтижелердің мәніне көңіл бөлінеді. Қатты дене физикасын оқытудың дидактикалық маңызы оның мазмұндық және процессуалдық аспектілеріне байланысты [4].

Қатты дене физикасы дүниетанымдық маңызға ие, оны зерделеу білім алушылардың жаратылыс-ғылыми білімді кіріктірудің негізі ретінде білім алушылардың әлемнің физикалық бейнесін меңгеруі қажеттігіне жауап береді. Шындығында, Ғаламдық эволюциялық процестер, ғаламшарлардың, оның ішінде Жер ғаламшарының құрылымы, тіршіліктің пайда болуы барлығы конденсирленген заттармен тығыз байланысты. Бұдан жаратылыс-ғылыми білім мен ғылымның барлық салаларының ғылыми ізденістері конденсирленген заттармен және қатты дене физикасы әдістерін пайдаланумен байланысты екендігі көрінеді. Сондықтан қатты дене физикасын материяның құрылымы мен қасиеті туралы дүниетанымдық ғылым ретінде қарастыруға болады.

Қатты денелер теориясының негізінде білім алушылар жалпы физикадан оқитын электродинамика, кванттық физика, статистикалық физика, термодинамика сияқты іргелі модельдер жатыр. Қатты денелер теориясын игеру физиканың іргелі заңдарын қолдануға мүмкіндік береді, өйткені қатты денелердің электрондық теориясы кванттық физикаға негізделген, ал шынайы кристалдардың ақаулық құрылымы туралы түсінік негіздері термодинамика мен статистикалық физикада жатыр. Кванттық шұңқырдың жартылай өткізгіштігі, кванттық жіптермен және нүктелермен қоса физиканың төменгі көлемді жүйесінің қазіргі кездегі қарқынды дамуы қатты дене физикасы мен атомдық физика арасындағы алшақтықты жойып отыр. Осыған орай, кванттық нүктелерді көбінесе жасанды атомдар деп атап жүр. Бұл жерде ескертетін мәселе қатты заттар құбылыстарының физикалық моделін дайындауда жалпы физика курсының басқа да тарауларында берілген мазмұнын білу қажет. Сондықтан қатты дене физикасын зерделеуде білім алушылар кіріктірілген білім мазмұнын меңгереді.

Заттардың қатты дене физикасы іргелі модельдерге негізделіп, көптеген проблемаларды шешудің кілтін айналады, ал қатты денелер теориясы физиканың басқа да жаңа модельдерінің көзі болып қала береді. Оған А.Эйнштейннің «Планктың сәулелендіру теориясы және жылу сыйымдылықтың үлестік теориясы» атты еңбегі мысал бола алады. Мұнда ол кристалдың моделін кванттық үйлесімді осциллятор жиынтығы ретінде ұсынады. Ол оны температура төмендегенде қатты денелердің жылу сыйымдылығы төмен түскенде байқалатын тәжірибемен түсіндіреді. Бұл тәжірибе өз кезегінде кванттық механиканың дамуына негіз болды. Физик ғалым М.Планктың болжамын дамытып электромагниттік энергияның да квантпен тұтылатынын болжады. Осы болжам негізінде классикалық электродинамика шешімін таптырмай келген фотоэффектінің заңдылығын түсіндірді. Осылайша бір кездері қолдау көрсетілмеген жарық сәулесінің корпускулалық теориясы қайтадан жаңғырды. Жарық сәулесі бөлшектер ағыны түрінде де, бір мезгілде толқындық қасиетке (дифракция, интерференция) де ие бола алады. Сәулелерді «кванттау» ішкері қозғалыстардың да тек секірмелі түрде өзгеріске ұшырайтынын аңғартты. Осы кезеңде ағылшын физигі Эрнест Резерфорд заттардың альфа-бөлшектерді шашырату құбылысын зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтер негізінде атом ядросының болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Осыны ескере отырып, Резерфорд атомның ғаламшарлық моделін жасады [3].

Сонымен, модельдеу қоршаған ортаны, табиғат пен қоғамда болып жатқан ақпараттық процестерді тану әдісі ретінде пайдаланылып келеді. Соның ішінде физикалық процестерді модельдеуде ақпараттық-логикалық модельдеудің алатын орны ерекше екенін көреміз. Олай дейтін себебіміз, физикалық процестерді модельдеусіз білім алушыларға оны түсіндіру айтарлықтай қиындық туғызатыны белгілі. Сондықтан тек физикалық процестер ғана емес, оқыту үдерісіне ақпараттық-компьютер жүйелерін қолдану негізінде оқыту әдістерін жетілдіру қажеттілігін практика көрсетіп отыр. Себебі ол білім алушылар меңгеруге тиісті білім қоры таным тәсілі мен мазмұны тұрғысынан қарастырылады. Ал, физикалық құбылыстарды модельдеу ақпараттық-логикалық модельдеуге сүйенеді.

Қорыта айтқанда, педагогикалық жоғары оқу орындарында қатты дене физикасын оқытуда компьютерлік модельдеуді қолдану курстың негізгі ұғымдарының мәнін тереңірек ашуға, қатты дене физикасындағы кейбір құбылыстар мен процестерді бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ материалды терең түсінуге, баяндалатын құбылыстардың физикалық мәнін неғұрлым кең ашуға көмектеседі және білім алушыларды шығармашылыққа жетелейді деп есептейміз [6].

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Гаряев А.В. *Физическое, математическое и компьютерное моделирование природных процессов и систем на уроках физики.* // Научная электронная библиотека eLibrary.ru. 2006. – №2. – С. 136-148.
- 2 Смолянинова О.Г., Безывестных Е.А., Иманова О.А. *Электронное обучение в подготовке бакалавров педагогических направлений: опыт и перспективы.* // Информатика и образование. – 2016. – № 2. – С. 14-22.
- 3 *Физика әлемі: Пәндік-анықтамалық энциклопедия. Жалпы орта білім беретін оқу орындарының (мектеп, лицей, т.б.) оқушылары мен физика пәні оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттеріне және физика пәні мұғалімдеріне, физика әуесқойлары мен көпшілік оқырмандарға арналған.* /Бас ред. Ж.Тойбаева. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. 1-том. – 650 б.
- 4 Казарян Э.М., Арутюнян С.Л. *Элементы теории физики твердого тела.* – Ереван, 2005. – 323 с.
- 5 Гулд Х., Тоболчик Я. *Компьютерное моделирование в физике.* – М.: Мир, 1990. – 349 с.
- 6 Молдабекова М.С., Битибаева Ж.М. *Формирование профессиональных компетенций в методике изучения физики конденсированного состояния в педвузе.* // Международный научно-популярный журнал Наука и жизнь Казахстана, Педагогика, №3 (46) 2017.

УДК 53.082.72/.78  
МРНТИ 29.03.35

А.К.Данлыбаева<sup>1</sup>, М.Ж.Еденбай<sup>2</sup>, З.Ә.Оман<sup>3</sup>, Ә.Н.Төрбай<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup>дл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## **ЖАРЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ШАМДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

### *Аңдатпа*

Тұрақты электр энергиясының бағасының өсу жағдайында біз ақшаны үнемдеуге тырысамыз және сонымен бірге көзге зиян келтірмейтін қалыпты жарықтандыруды қолдануға тырысамыз, бұл жеткілікті жарқын және тітіркену тудырмайды. Сондықтан энергияны үнемдейтін құрылғылар - сапалы жарықтандыруды экономикалық жағынан пайдаланғысы келетіндер үшін оңтайлы шешім. Осы материалдан сіз ең қуатты үнемдейтін шамдар, қазіргі кезде қандай түрлер бар екенін білесіз, осы немесе басқа түрлердің қайсысы жақсы және олардың құны шынымен төленіп жатыр ма.

XXI ғасырдағы адамзаттың негізгі міндеттерінің бірі атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың мөлшерін, сондай-ақ табиғи ресурстарды тұтынуды азайту болып табылады. Ол үшін тұтынылатын электр энергиясының құнын азайтыңыз. Энергияны үнемдейтін шамдар шағын флуоресцентті лампалар деп аталады (түтік спираль немесе «P» әрпі түрінде бұралған) және LED.

**Түйін сөздер:** Энергия үнемдеуші, қыздыру шамы, люминесцентті шам, жарықдиодты шам.



Аннотация

А.К.Данлыбаева<sup>1</sup>, М.Ж.Еденбай<sup>2</sup>, З.Ә.Оман<sup>3</sup>, Ә.Н.Торейбай<sup>4</sup>  
<sup>1,2,3,4</sup>ҚазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

## ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ СВЕТОТЕХНИЧЕСКИХ ЛАМП И ЭНЕРГОСБЕРЕГАЮЩИЕ ТЕХНОЛОГИИ

В условиях постоянно растущей цены на электричество мы стремимся экономить и одновременно с этим пользоваться нормальным освещением, не режущим глаз, достаточно ярким и не вызывающим раздражения. Именно поэтому энергоэффективные устройства самое оптимальное решение для тех, кто хочет экономно использовать качественный свет. Из данного материала вы узнаете какие лампы самые энергосберегающие, какие разновидности на данный момент существуют, чем лучше тот или иной вид и действительно ли их стоимость полностью окупается.

Одна из основных задач человечества в 21 веке сократить количество вредных выбросов в атмосферу, так же как и потребление природных ресурсов. Для этого нужно уменьшать и затраты потребляемой электроэнергии. Энергосберегающими лампами называют компактные люминесцентные лампы (трубка закрученная в форме спирали или буквы «П») и светодиодные.

**Ключевые слова:** Энергосбережения, лампа накаливания, люминисцентная лампа, светодиодная лампа.

Abstract

## IMPROVING THE EFFICIENCY OF LIGHTING LAMPS AND ENERGY-SAVING TECHNOLOGIES

Danlybaeva A.K.<sup>1</sup>, Edenbay M.J.<sup>2</sup>, Oman Z.A.<sup>3</sup>, Torebai A.N.<sup>4</sup>  
<sup>1,2,3,4</sup>Al-Farabi KazNU, c.Almaty, Kazakhstan

In an ever-growing electricity price, we strive to save and at the same time to use normal lighting, not cutting the eye, bright enough and does not cause irritation. That is why energy-efficient devices are the best solution for those who want to economically use high-quality light. From this material you will learn which lamps are the most energy-saving, which varieties currently exist, the better this or that type and whether their cost is fully paid off.

One of the main tasks of mankind in the 21st century is to reduce the amount of harmful emissions into the atmosphere, as well as the consumption of natural resources. To do this, it is necessary to reduce the cost of electricity consumed. Energy-saving lamps are called compact fluorescent lamps (tube twisted in the form of a spiral or the letter "P") and led.

**Keywords:** Energy saving, incandescent lamp, fluorescent lamp, LED lamp.

Бұл мақаладаадам тіршілігіндегі энергияның алатын орны жайында және оларды қолдану тиімділігін зерттеу қарастырылды. Энергия шегі жоқ дүние емес, оны үнемдеу қажеттігі және оны үнемдеу әлемнің экологиялық жағдайын жақсарту жолдарының бірі екені қарастырылып отыр. Энергияны тиімді пайдалану үйден басталатындығы және мысалғаалаотырып үйді жарықтандыруға пайдаланылатын шамдардың түрлерін салыстырып шағын есептеу жасалынды. Энергия үнемдеуші шамдарды пайдалудың оң және теріс әсерлері қарастырылды.

Энергия сөзі латынның «energeia» сөзінен шыққан – әрекет, белсенділік деген мағына береді. Энергия – дененің жұмыс жасай алу қабілетін сипаттайтын физикалық шама.

Энергия түсінігі табиғаттың барлық құбылыстарын бір-бірімен байланыстырады. Энергияның сақталу заңы бойынша, ең маңызды физикалық шама – энергия оқшауланған жүйеде сақталады. Бізге белгілі табиғаттағы үрдістердің барлығы осы заңдылыққа бағынады.

Адамзат қоғамының дамуы әрдайым энергетикамен байланысты: жердің қойнауынан руда өндіру, металл балқыту, үй тұрғызу, кез-келген бір затты жасау үшін энергия жұмсауымыз қажет. Жер тұрғындарының энергияға деген сұранысы жыл сайын өсу үстінде. Ғалымдар мен өнертапқыштар энергия өндірудің көптеген жолдарын ойлап тапты, соның ішінде электр энергиясын алудың көптеген жолдары бар. Алайда энергия жоқтан пайда болмайды, ол бір түрден екінші түрге ауысу арқылы өндіріледі. Электр энергиясының үлкен бөлігін жылу электрстанцияларындаорганикалық отынды жағу есебінен өндіріледі. Отынды жағу барысында босайтын энергияның 1/3 бөлігі ғана электр энергиясына түрленеді, ал қалған бөлігі іске аспайды да шығынға ұшырайды және сонымен қоса қоршаған ортаны ластайды.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген дәстүрлі отын түрлері (көмір, мұнай, табиғи газ) шексіз емес, миллиондаған жылдар бойы жердің астында жинақталып түзілген отын қоры сарқылудың сәл алдында тұр. Мамандардың бағалауы бойынша барланған отын қорлары 175 жылға жетеді екен. Сол себепті қазірден бастап жаңа энергия көздерін іздестіріп, оны қолдану мүмкіншілігін арттыруды алдымызға

мақсат етіп қоюымыз қажет. Жаңа энергия көздеріне ең бірінші кезекте жаңғыртылатын энергия көздерін айтааламыз, олар: күн энергиясы, жел, су және геотермалды энергия [1].

Жеке тұтынушы, мысалы пәтер иесі ай сайын коммуналдық қызметтер үшін түбіртектералып, сол бойыншаақша төлеуге міндетті. Орташа есеппен біротбасы табысының 10-12% коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалады және бұл көрсеткіш жыл санап көбеймесе азаймайды.

Пәтерде болатын энергия шығынын келесідей түрде көрсетуге барады:

- үйді жылыту;
- ыстық су;
- электр энергиясы.

Энергия шығынын азайтуға болады, оның ең бірінші және қарапайым жолы су және жылулық энергия есептеуіштерін пайдалану. Үйді жылытуға қолданылатын ескі қыздыру шамдарынан бас тартқанымыз жөн. Тұрғын үйлердегі жарықтандырудың минималды мөлшері санитарлық норма бойынша 50 люкс, осыған сәйкес энергия тұтыну мөлшері шамамен 18 Вт/м<sup>2</sup> болады. Осылайша ауданы 8 м<sup>2</sup> ас үйді жарықтандыруға қуаты 144 Вт болатын шам қажет. Үйлерді жарықтандыру құралы қыздыру шамдары болып табылады, оның негізі кемшілігі жарық беруі аз, ал энергия тұтыну мөлшері өте көп. Аз энергия тұтынатын шамдарды қолданатын болсақ, қажетті жарық мөлшерін сақтай отыра, тұтынылатын қуат мөлшерін 5-6 есе азайтамыз [2]. Орташаотбасында пайдаланылатын электр энергиясының 25-30% жарықтандыруға жұмсалады. Жарықтандырудың тиімділігін жоғарылатаотырып электр энергиясының шығынын кеміте аламыз. Үйді жарықтандыруда пайдаланылатын шамдардың негізгі түрлеріне және жұмыс жасау принципіне қысқаша тоқтала кетейік. Қыздыру шамы. Қыздыру шамының жұмыс істеу принципі электр энергиясының жарық энергиясына түрленуі принципіне негізделген. қыздыру шамының ішіндегі вольфрамнан жасалынған, вакуумда болмасаарнайы инертті газды ортада тал сымның бойынан электр тогының өтіп 3000 °с температураға көтірлгенде қоршаған ортаға жарық шашырата бастайды. Вакуум немесе инертті газ қыздыру шамының вольфрам тал сымның тотығуын болдырмау мақсатында қолданылады. мұндай принциппен жұмыс жасайтын шамдар жұмыс істеу барысында өте қатты қызады.

Артықшылықтары:

- қазіргі таңда бағасы ең арзан шам болып табылады, оның құны орташа есеппен 50 теңге;
- сәулені шашырату спектрі кең, табиғи жарық көздеріне ұқсас келеді;
- сыртқы температура жоғары жағдайда қолдану мүмкіншілігі бар.

кешіліктері:

– жарық берілісі өте аз, 10-15 лм/вт, оның себебі энергияның негізгі бөлігі жылулық энергияға трлену арқылы шығынға ұшырайды;

– қызмет ету мерзімінің аздығы, оның себебі, біріншіден электр энергиясы сапасының нашарлығы, екіншіден электр тогы желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайда болуы;

– өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес, қыздыру шамдарын сыртқы қаптамасыз қолдануғарұқсат етілмейді себебі жұмыс істеу барысында шамдардың температурасы өте жоғары болады.

Энергия үнемдеуші шам. Энергия үнемдеуші шам – люминесцентті шамның ықшамдалған түрлерінің бірі. Мұндай шамдар ішкі қабырғасы люминоформен өңделген соның арқасында көзге көрінбейтін электрлік разрядтың ультракүлгін сәулесі жарық таратады. Электрлік разряд түтікше ішіне толтырылған аргонды-сынапты будың ішінен электрлік токтың өтуі барысында пайда болады. Разрядтың қуаттылығы шамғаорнатылған стартерарқылы басқарылады.

Артықшылықтары:

– ең маңызды артықшылығы энергия шығыны өте аз, жарық берілісі қыздыру шамдарымен салыстырғанда 5-6 есе жоғары және 60-80 лм/вт құрайды;

– жұмыс жасауы барысында қызу температурасы 80 °саспайды және соның арқасында қорғаныш қаптамасының қажеттігі жоқ;

– жұмыс жасау мерзімі 12000-15000 сағат көлемінде болады.

Кемшіліктері:

– люминесцентті шамдардың бағасы 200-350 теңгенің көлемінде, салыстырмалы түрде қымбат деп айтаалмаймыз, алайдасапасыз жасалынған люминсцентті шамдардың нарықты жаулап алуынан мұндай шамдарды қолдану қиындықтар тудырады;

– қолдану аясының тарлығы, себебі ауаның ылғалды болуы шамдарға кері әсерін береді, ауа температурасы төмен жерлерде жарық беруі төмен болады, температура жоғары жерлерде шамдардың ішкі құрылысына кері әсер етіп жұмыс мерзімін кемітеді;

– люминесцентті шамдардың ең басты кемшілігі оның жұмыс жасауы түтікшенің ішінде сынап буының болуымен анықталады, сынап буы адам ағзасына және қоршаған ортаға зиянды әсері көп.

Зиянды әсері: Энергия үнемдегіш шамдар қыздыру шамдарына қарағанда қысқа толқынды, әрі көк компоненттерге толы болып келеді. Бұл қысқа толқындар көздің торлы қабығының рецепторын зақымдайды, сонымен қатар, көздің көру қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Шамның жоғарғы қуатпен жарқырауы көру мүшесі арқылы орталық жүйке жүйесіне артық салмақ түсіреді. Өкінішке орай, энергия үнемдегіш материалдарды қолдану барысында мұндай жарқыраулардан құтылу мүмкін емес. Сол себепті басы жиі ауыратын адамдар үшін мұндай шамдар тиімсіз, әрі ол бас ауруының жиілігін одан сайын күшейте түседі. Шамнан түсетін көк жарықтың құрамындағы гипофиз бен мелатонин иммундық және эндокриндік жүйенің бұзылуына алып келеді. Люминесцентті шамдар жарықты бірқалыпты таратпайды. Сондықтан да бөлме ішіндегі дискомфорт бұзылып, адам өзін жайсыз сезінеді. Оны күнделікті тұрмыста өзіміз де байқап жүрміз. Люминесцентті шамдармен жарықтандырылған бөлмелерде ұзақ отырған кезде адамның ұйқысы келіп, басы ауыра бастайды.

Жарықдиодты шам – электр тоғын бір бағытта өткізіп, адам көзі көре алатын жарық спектрін тарататын жартылай өткізгіш элемент. Светодиодты шам – екі түрлі жартылай өткізгіш пластинкадан, жартылай өткізгіш элементтер орналастырылатын корпусдан, жылу сөйілткіштен, пластикалық қораптан және айнымалы токты түзеткіш блоктан құрастырылады. Мұндай шамдардың жұмыс жасау принципі өте қарапайым. Түзетілген тұрақты электр тоғы диод арқылы өтеді және жарық таратады. Мұндай шамдарға бойынан электр зарядтары өткенде жылу емес, фотондар бөлетін жартылай өткізгіш материалдар пайдаланылады. Алайда энергияның сақталу заңдылығына сәйкес диодтан өтетін ток энергиясының жарыққа айналған бөлігінен қалған энергия мөлшері жылу түрінде бөлінеді. Ол жылудың әсерінен шам зақымданбауы мақсатында жылу сөйілткіштер пайдаланылады.

Артықшылықтары:

- тиімділігі өте жоғары, жарық беруі 100-150 лм/вт аралығында;
- жұмыс жасау мерзімі өте жоғары, 50000 сағат шамасында;
- қызу температурасының төмен болуы;
- қоршаған орта температурасы төмен жағдайда да қолдана аламыз, алайда ылғалдылығы жоғары жерлерде қолдану шам үшін зиянды;
- механикалық беріктілігі және дірілге төзімділігі өте жоғары, себебі оңай сынып қалуы мүмкін бөлшектері жоқ;
- светодиодты шамдар жарықты шашыратып және бір бағытпен тарататын етіп екі түрлі пішінде құрастырылады, сонымен қатар жарығының түсі алуан түрлі болады.

Кемшіліктері:

- светодиодты шамдардың ең төменгі бағасы 2000 теңгеден басталып, 4500 теңге аралығында, мұндай шамдарды қолданудағы ең бірінші қиындық бағасы болып табылады;
- температурасы жоғары, және шаң-тозаңды жерлерде қолдана алмаймыз, себебі светодиодтың негізгі жарық таратушы элементі жартылай өткізгіш материалдан жасалынады, температураға тәуелділігі осындай себеппен түсіндіріледі, ал шаң-тозаңның болуы жұмыс жасау барысында қызған диодтың жылу сөйілтетін бөлігін толтырып тастап, ауаалмасуын болдырмай қояды. [3]

Осы аталған шам түрлерінің жалпы сипаттамалары ескеріле отырып жасалынған есептеулер нәтижесі (кесте 1) көрсетілген.

Осылайша шамамен 6 жылда 12 дана қыздыру шамын қолданады екенбіз ( $12 \cdot 75$  теңге = 900 теңге) немесе 1 дана энергия үнемдеуші люминесцентті шам қолданамыз (200 – 350 теңге), ал светодиодты шамның шамамен алғандағы қызмет ету мерзімі 20 жылды құрайды (2000 – 4500 теңге). Осылайша жалпы қаржы шығыны осы уақыт ішінде келесідей болады:

$20303$  теңге +  $900$  теңге =  $21203$  теңге (қыздыру шамын қолданған жағдайда);

$4274$  теңге +  $350$  теңге =  $4624$  теңге (энергия үнемдеуші люминесцентті шам қолданған жағдайда);

$2565$  теңге +  $2500$  теңге =  $5065$  теңге (светодиодты шам қолданған жағдайда).

Кесте 1. Энергия үнемдеуші шамдарды қолданған жағдайда электр энергиясы мен қаржы шығынын есептеу (шамдар тәулігіне 6 сағат қосылады деген шартпен).

Атауы	Қызмет мерзімі	Электр энергиясының шығыны	Жұмсалатын қаржы көлемі
Қыздыру шамы (95 Вт), бағасы 75 теңге	1000 сағат $1000/6=166$ күн Шамамен 0,5 жыл	$95 \text{ Вт}=0,095 \text{ кВт}$ $0,095 \cdot 12000=1140$ кВт·сағ	$1140 \text{ кВт}\cdot\text{сағ} \cdot 17,81$ теңге= $20303$ теңге
Энергия үнемдеуші люминесцентті шам (20 Вт), бағасы 350 теңге	12000 сағат $12000/6=2000$ күн Шамамен 5,5 жыл	$20 \text{ Вт}=0,02 \text{ кВт}$ $0,02 \cdot 12000=240$ кВт·сағ	$240 \text{ кВт}\cdot\text{сағ} \cdot 17,81$ теңге= $4274$ теңге
Светодиодты шам (12 Вт), бағасы 2500 теңге	50000 сағат $50000/6=8333$ күн Шамамен 20 жыл	$12 \text{ Вт}=0,012 \text{ кВт}$ $0,012 \cdot 12000=144$ кВт1·сағ	$144 \text{ кВт}\cdot\text{сағ} \cdot 17,81$ теңге= $2565$ теңге

Жарықшамдарына қойылатын нормативтік талаптар:

ГОСТ Р МЭК 62560-2011 50 В жоғары кернеу үшін жалпы жарықтандыру үшін интеграцияланған басқару құрылғысы бар жарықдиодты шамдарды стандарттау.

Осы стандарт қауіпсіздік пен өзара алмасудың талаптарына, сондай-ақ сынақ әдістеріне және оларды өткізуге қойылатын талаптарды белгілейді, олар тұрақты жұмыс істеуге арналған кондырғылармен (кіріктірілме басқару құрылғылары бар СИД шамдары бар) жарықдиодты шамдарға арналған және үй шаруашылығында және ұқсас жалпы жарықтандыруға арналған:

- номиналды қуаттылығы 60 Вт-қа дейін;
- номиналды кернеуі 5-тен 250 В-ге дейін;

Осы стандарттың талаптары тек типті тестілеуге қолданылады.

Осы стандарт қолданылған кезде келесі анықтамалық құжаттар қажет. Құжатты жариялау күнімен көрсете отырып, осы құжаттар қолданылады:

МЭК 60061-1 Шамның негізі мен шам ұстағыштары, сондай-ақ олардың алмасуы мен қауіпсіздігін тексеру үшін өлшеу аспаптары. 1-бөлім. Сослес (МЭК 60061-1, шам шырақтар және ұстаушылар) - 1-бөлім: Шамның қақпақтары мен ұстағыштары.

МЭК 60061-3 Шамның негіздері мен шам ұстағыштары, сондай-ақ олардың алмасуы мен қауіпсіздігін тексеру үшін өлшеу аспаптары. 3-бөлім. Калибрлер (МЭК 60061-3, 3-бөлім: Көрсеткіштер).

МЭК 60360 Шамының температурасын көтерудің стандартты әдісі (МЭК 60360, Стандартты қақпақ).

МЭК 60432-1 Ыстық шамдарға қойылатын қауіпсіздік талаптары. 1-бөлім. Тұрмыстық және жалпы жалпы жарықтандыруға арналған вольфрамды қыздыру шамдары (МЭК 60432-1, қыздыру шамдары - Қауіпсіздік техникасы - 1-бөлім: Вольфрам шамдары).

Жалпы талаптар және жалпы сынақ талаптары

4.1 Лампалар қалыпты пайдалану жағдайларында сенімді жұмыс істейтін және тұтынушы мен қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы үшін жобалануы және жасалуы тиіс.

Параметрлерге қойылатын талаптарды және оларды тестілеудің шарттары осы стандартта баяндалған.

4.2 Лампаларды жөндеп немесе бөлшектеуге болмайды. Шамдарды тексергеннен кейін және электр тізбегін бағалау нәтижелері бойынша және өндіруші немесе жауапты өнім берушімен келісім бойынша, сыртқы байланыстар қысқа тұйықталуға тиіс немесе өндірушімен келісім бойынша шұғыл жағдайларды имитациялау үшін шұғыл жағдайды модельдеу үшін арнайы дайындалған болуы керек.

4.3 Тесттер әрбір шам түрінде немесе ұқсас шамдардың сериясы болған жағдайда, әрбір қуаттағы саннан немесе өндірушімен келісе отырып, саннан өкілдік үлгі бойынша жүзеге асырылады.

4.4 Өрт, түтін немесе тұтанатын газдар сынақтардың бірінде сәтсіздікке ұшыраған лампа ауыстырылады.

Сонымен қатар, LED шамдары міндетті сертификаттауға жататын өнімдер болып табылады. Сәйкестік сертификаты сіздің өнімдеріңіздің қауіпсіздік және энергия стандарттарына сәйкес келетін шын мәнінде светодиодтар екендігін қамтамасыз етеді [4].

### Қорытынды.

Жоғарыда келтірілген есептеулерді қорытындылай келе энергия үнемдеуші люминесцентті шам, бағасының қымбаттығы мен электр энергиясының жоғары тарифпен болуына қарамастан, қыздыру шамынан тиімді болып келеді екен.

Энергияны үнемдеу мақсатында қандай шара қолданатынымызды жан-жақты қарастырып алмайынша үйдегі қыздыру шамын, энергия үнемдеуші люминесцентті шамдарға ауыстыру арқылы проблеманы шештік деп айтуға болмайды. Оның себебі люминесцентті шамдардың құрылысында қолданылатын сынап буының ауаға көп мөлшерде таралып экологиялық жағдайды күрт қиындатып жіберуі мүмкін. Егер елімізде мұндай шамдарды жаппай қолдануды жолға қойған соң, ол шамдардың жұмыс жасау мерзімі біткен кезінде оларды жою арнайы қызмет орнын қарастырмасақ экологиялық қиындыққа тірелеміз. Үнемдеуді үйдегі шамдарды ауыстырудан емес, электр станцияларында, электр желілерінде кешенді шараларды қолданып энергияның шығынын азайтамыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Фокин В.М. Основы энергосбережения и энергоаудита // М.: Издательство Машиностроение-1. 2006. - Б 256.
- 2 Копытов Ю.В. Экономия энергии в промышленности: Справочное пособие для инженерно-технических работников // М.: Энергоатомиздат, 1983. –б 208.
- 3 Данилова О.Л. Энергосбережение в теплоэнергетике и теплотехнологиях // М., «МЭИ», -б. 188.
- 4 Радомский Н.В. Сравнительный анализ продукции ведущих производителей белых светодиодов // Полупроводниковая светотехника. — 2010. — № 3. — С. 14–20.

УДК 620.92

МРНТИ 44.01.00

А.А. Жамалов<sup>1</sup>, А.Ұ. Жасұзақ<sup>2</sup>

<sup>1</sup> т.ғ.д., профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДА ӨТЕТІН ПРОЦЕСТЕРДІ ҰҚСАСТЫҚ ТЕОРИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ТҮСІНДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі таңдағы болашақ ғылым мен техниканың дамуымен қатар өнеркәсіп пен өндірісте қарқынды дамуы алып келу мәселелері қарастырылады. Жоғары оқу орнында физиканың оқыту әдіс және формасында кез келген өндіріс энергиясыз жұмыс атқара алмайды, барлық қозғалыс энергияны пайдалану нәтижесінде іске асырылады. Елімізде дәстүрлі энергетика ресурстарының қорлары шектеулі болғандықтан және парниктік газдардың деңгейін төмендету мақсатында жаңарып тұратын энергия көздеріне яғни биоэнергетикаға көшу тиімді болып табылады. Бүгінде өркениет деңгейінде кез-келген мемлекет экономикасының тұрақтылығы мен дамуы және қауіпсіздігі энергетикалық жүйенің қуатына байланысты. Өйткені, қуат өндірісті, шаруашылықты басқа да салаларды қозғалысқа келтіреді, тіршілікке нәр береді. Міне, осыдан Қазақстандағы биоэнергетикалық қондырғының ерекшелігі мен халықаралық маңызы негізделінеді.

**Түйін сөздер:** биоэнергетика, энергия, альтернативті энергетика, дәстүрлі энергетика, жел энергетика, күн энергетика.

*Аннотация*

А.А.Жамалов<sup>1</sup>, А.Ұ.Жасұзақ<sup>2</sup>,

<sup>1</sup> д. тех. наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет,

г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> магистрант, Казахский национальный женский педагогический университет

г. Алматы, Казахстан

## МЕТОДИКА ОБЪЯСНЕНИЯ ПРОЦЕССОВ ПРОТЕКАЮЩИХ В БИОЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ УСТАНОВКАХ НА ОСНОВЕ ТЕОРИИ ПОДОБИЯ

В статье рассматриваются вопросы развития современной науки и техники, а также бурное развитие промышленности и промышленности. В университете любое производство в форме и манере преподавания физики не может работать без энергии, все движение достигается в результате использования энергии. Поскольку

страна имеет ограниченные ресурсы для традиционных энергоресурсов и для сокращения выбросов парниковых газов выгодно перейти на возобновляемые источники энергии, то есть на биоэнергетику.

На уровне цивилизации стабильность, развитие и безопасность экономики любой страны зависят от мощи энергосистемы. Потому что электроэнергия генерирует производство и другие отрасли экономики, подпитывая средства к существованию. В этом суть и международное значение биоэнергетической установки в Казахстане.

**Ключевые слова:** биоэнергетика, энергия, альтернативная энергия, традиционная энергия, энергия ветра, солнечная энергия.

*Abstract*

## METHODICS OF EXPLANATION OF THE PROCESSES OCCURRING IN BIOENERGY EQUIPMENTS BASED ON THE SIMILARITY THEORY

Zhamalov A.A.<sup>1</sup>, Zhassuzak A.U.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Dr. Sci., Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Master's physics, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

The article deals with the development of modern science and technology, as well as the rapid development of industry and industry. At the university, any production in the form and manner of teaching physics cannot work without energy; all movement is achieved through the use of energy. Since the country has limited resources for traditional energy resources and in order to reduce greenhouse gas emissions, it is beneficial to switch to renewable energy sources, that is, bioenergy. At the level of civilization, stability, development and security of the economy of any country depend on the power of the energy system. Because electricity generates production and other sectors of the economy, fueling livelihoods. This is the essence and international significance of the bio-energy facility in Kazakhstan.

**Keywords:** bioenergy, energy, alternative energy, traditional energy, wind energy, solar energy.

Бүгінгі таңда Қазақстанның шаруашылығында ең басты өзекті болып табылатын дәстүрлі емес, жаңарып тұратын энергия көздерін енгізу мәселесі. Қоғам ХХ ғасырдың аяғында белгілі дәрежедегі тоқырауға алып келген энерготехникалық мәселелермен қақтығыса бастады. Адамзат барлық жаққа тиімді, пайдалы жаңа энергия көздерін табуға талпынды, жай ғана табыс, арзандатылған транспорттар, экологиялық таза толықтыруларды қамтыған көмір мен газды екінші кезекте, яғни жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалануға келмейтін кездерде пайдаланылады. Дәстүрлі энергетикада пайдаланылатын органикалық отындардың (көмір, мұнай, газ) қоры шектеулі және қоршаған ортаға тигізетін зияндылығы үлкен болғандықтан соңғы кездерде дүние жүзінде соның ішінде АҚШ, Европа, Азия және т.б. елдер дәстүрлі энергетикадан альтернативті энергетикаға көшуде. Альтернативті энергетикаға жататындар:

1. жел энергетикасы;
2. күн энергетикасы;
3. биоэнергетикасы;
4. гидроэлектр станциясы (ГЭС)
5. мұхит суының тасуы мен қайтуы;
6. космостық энергетикасы;
7. термальды су су энергетикасы т.б.

Шетелдерде ХХІ ғасырдағы адамзат жаңа дәуірдегі негізгі тіршілік қалай болатынын ойлай бастады, басқа да осындай себептер негізінде адамзат альтернативті энергия көздеріне көше бастады. 1992 жылы Рио-де-Жанейрода 150 ел климаттың өзгеруі туралы рамкалық Конвенцияны қабылдады. 1999 жылы Қазақстан да энергияны өндірудің неғұрлым жетілдірілген тәсілі ретінде энергияның сарқылмайтын көздерін қолдану жөніндегі Конвенцияға қол қойды [1].

Дүниежүзінде энергияның үлкен бөлігі 57%, ал Қазақстанда 87% қазбалы отындарды (көмір, мұнай, газ) жағу арқылы алынады. Жаңарып тұратын энергиялардың технологиясын алдыңғы қатарлы, дамыған көшбасшы мемлекеттер кең көлемде кірісіп қолдамайынша, электр энергиясын дәстүрлі жолмен өндіруге сол бұрынғы күйінде қала бермек. Бүкіл әлемде энергияны өндірудегі жаңарып тұратын энергия көздерінің пайдалану үлесін арттырмайынша СО<sub>2</sub> шығарылымдары тағы да 30%-ға арта бермек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес экономикада энергияны тиімді пайдалану өзекті мәселе болып табылады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті энергияны үнемдеу мен экологиялық таза технологияларды енгізу қажет екендігіне көңіл аударып үлкен мән беруде. Қазақстанда энергиясы бірте-бірте жаңарып тұратын

энергия көздерін пайдалануға бейімделуде. Қазақстанда бұл ресурстары қолданудың жылдық қоры жылына 12 млрд. АҚШ долларына бағаланып отыр.

Қазіргі таңда, Қазақстанда жаңарып тұратын энергия көздерінің үлесі гидроэлектр станциясы (ГЭС) қоспағанда, жуықтап алғанда жалпы электр энергиясының 1% құрайды.

Бүгінгі таңда әлемде экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, экономикалық жағынан тиімді жағарып тұратын энергия көздерін пайдалану аса өзекті мәселе болып отыр [2].

2009 жылдың 4 шілдесінде Елбасы қол қойған «жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалану» туралы заң қабылданды. Сонымен қатар 1999 жылдың 12 наурызында Қазақстан Киото протоколын ратификациялап және климаттың өзгерісі туралы Рамкалық Конвенцияға қол қойғандықтан парниктік газдардың концентрациясын төмендетуге міндеттеме алды. Көмір қышқыл газдың мөлшерін азайтудың бірден-бір жолы альтернативті энергетиканы дамыту. Қазақстан да экологиялық жағынан таза, қоры таусылмайтын, тиімді альтернативті энергетикаға бет бұруда.

Қайта жаңартылатын энергияның басты артықшылығы – олардың таусылмайтындығы және экологиялық тазалығы. Қайта жаңартылатын энергияны қолдану планетамыздың энергетикалық балансын өзгертпейді. Осы қасиет қайта жаңартылатын энергия көздерінің шет елде қарқынды дамуына себепкер болды және жақын жылдардағы даму барысының жоғары болатындығына сенімділік көрсетеді. Бүгінгідей өркениет деңгейінде кез-келген мемлекет экономикасының тұрақтылығы мен дамуы энергетикалық жүйенің қуатына байланысты. Өйткені, қуат өндірісті, шаруашылықты басқа да салаларды қозғалысқа келтіреді, тіршілікке нәр береді. Қазіргі таңда еліміз сарқылатын энергия көздерін пайдаланады. Сарқылатын табиғи ресурстардың қорлары шектеулі, белгілі уақыт кезеңі ішінде таусылуы мүмкін. Сондықтан жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалану өте тиімді [3].

Альтернативті энергетиканың ішіндегі ең кең тарағандарының бірі – биоэнергетикасы. Тірі организмдердегі энергияның бір түрден екінші түрге айналу заңдылықтарының молекулалық негіздерін және механизмін зерттейтін ғылым – биоэнергетика болып табылады. Биоэнергетика молекулалық биология, биофизика және биохимия ғылымдарымен байланысты және солардың бір бөлігі болып саналады. Биоэнергетиканың зерттеулері термодинамика заңдылықтарына сүйенеді.

Биоэнергетика – күн энергиясының химиялық формадағы туындысы және Жер бетіндегі өте әйгілі әрі әмбебап қорлардың бірі болып табылады. Ол (сурет-1) көрсетілгендей тек азық қана емес, сонымен қатар энергия, құрылыс материалдарын, қағаз, мата, дәрігерлік препараттар және химиялық заттарды да алуға мүмкіндік береді. Қазақстанның әлемдегі орнымен салыстырғанда ауыл шаруашылығында органикалық қалдықтардың жалпы жылдық шығымы 40 миллион тоннаны құрайды. Жалпы жылдық шығым биогазды технологиялар бойынша 18 миллиард текше метр биогазды алуға болады, осының арасындағы отынның 14-15 млн. тоннасына эквивалентті болып келеді.

Қазіргі кезде әлемнің барлық дамыған және даму жолындағы елдері биомасса ерекшелігінің барын ескере отырып, биоэтанол өндірісінің өзіндік бағдарламаларын жасауда, соның ішінде Қазақстанның жақын көршілері Ресей мен Қытай да бар [4].



Сурет 1. Биоэнергетиканың шығу жолдары

Осы тұрғыда биоэнергетикалық қондырғыны қолданудағы Қазақстанның қалаларының арасында Шымкент қаласында биоэнергетикалық қондырғы «Шымкент құс» ЖШС-де сынақтан өткізу болатынын көрсетті. Яғни, күнделікті қажетсіз деп саналған құс саңғырығын да қажетке жаратып зертханалық жұмыс жасалды. Биоэнергетикалық қондырғы арқылы құс қиынан күніне 70 тонна экологиялық таза таза тыңайтқыш шығаруға болады екен. Алдымен қалдықтар алдымен 500 градуста қайнатылады. Өңделген саңғырықтар кептіріліп ауыл шаруашылығында әжетке жарайтын болады. Осы аталған фабрикадан 400 мың мекиен тауығы бар құс фабрикасы тәулігіне 80 тоннаға дейін саңғырық шығарады. Бүгінде тың технология өңделген қалдықтар әмбебап тыңайтқыш ретінде ұсынылып отыр. Құс саңғырығынан биогаз алуға да болады екен. Бүгінгі күні 27 тонна құс саңғырығынан тәулігіне 2 мың текше метр газ бен 5мВт электр энергиясын өндіруде. Яғни, осы жоба бойынша Ордабасы ауданында электр энергиясы тапшылығы мәселесі біржолата шешімін тапқан. Осы жоба баламалы энергия көзі бүкіл ауданда қолға алса, бүгінгі таңда өндірісті толық күш-қуатында жұмыс істеуіне мүмкіндік бермей тұрған энергия жетіспеушілік жойылар еді. Міне, осыдан биогаз өндірісінің бізге берер пайдасы өте мол [5]. Осыдан пайдалы жағы шығады, біріншіден, экологиялық жағын алсақ, малдың қиында гельминт-құрттар болады. Осылардың кесірінен төрт түлік паразиттік ауруларға көп ұшырайды. Біз қиды ашытып өңдеу арқылы құрттарды залалсыздандыра аламыз. Екіншіден, агрохимиялық пайдасы көп. Қиды өңдеу арқылы экологиялық таза органикалық тыңайтқыштар алынады. Ерекше бір қасиеті-топыраққа енген соң өсімдік тамырлары арқылы тез сіңіреді. Үшіншіден, энергетикалық тұрғыда пайдалы болып табылады. Биоэнергетикалық қондырғылар энергиялық тәуелділіктен толық құтқарады. Тағы айта кететін ең пайдалы жағы экономикалық жағынан тиімді болып келеді. Яғни, статистикалық мәліметке қарасақ шаруа 1 гектар егістік жерін тыңайтқышпен өңдеу үшін шамамен қалтасынан 60-70 АҚШ долларын жұмсайды екен [6]. Әлемде энергия үлкен маңызға ие. Барлық әлемдік үдерістер де, тірі ағзалардағы процесстер де энергиямен жүзеге асырылады. Энергиясыз өмір сүру мүмкін емес. Биоэнергетика – болашақтың жаңаратын энергия ресурстарының бірі. Бүгінде ол бастапқы энергия қолданудың 14% қамтамасыз етіп отыр. Адамзаттың дамыған елдерде тұратын 3/4 бөлігі үшін биомасса энергияның маңызды көзі болып табылады. Тұрғындар санының және бір тұрғынға келетін энергия тұтынудың артуы, сонымен қатар қазба отын ресурстарының түгеуі дамушы елдерде биомассаға деген сұраныстың артуына әкеледі. Орташа есеппен дамушы елдерде биомасса бастапқы энергияның 38% қамтамасыз етеді. Биомассаның ХХІ ғасыр дамушы елдердегі маңызды жаһандық энергия көзі болып қалуы ықтимал.

Бүгінгі күнде адамдардың тұрмыс тіршілігі табиғатты басқару арқылы, жақсартуға ұмтылу және жаңа өндірістерді дамытудың салдарынан айнала қоршаған ортаға экологиялық проблемалар тудыруда. Адам баласына кейінгі кезде энергия жетпейді Бүгін біздің пайдаланып отырған энергия көздері-жер асты пайда қазба қорлары-мұнай, көмір, табиғи газ барлық энергоқорлардың 90% құрайды. Американдық зерттеушілердің айтуынша жер бетіндегі мұнай 2025 жылға дейін жетеді. Жер бетіндегі энергия көздері сарқылатын(дәстүрлі) және сарқылмайтын деп екі топқа бөлінеді. Дәстүрлі энергия көзіне мұнай, газ т.б жатады. Жаңартылатын энергия немесе жаңартылмалы энергия (ағылш. Renewable energy) - күн жарығы, жел, су, су толқыны, геотермиялық жылу секілді сарқылмас, қайта қалпына келетін табиғи ресурстардан түзілетін энергия. Бұл энергия түрін 3 топқа жіктеуге болады.

1. Күн сәулесі
2. Планетаның қозғалысы және олардың тартылысы
3. Геотермиялық энергия

Геотермалдық энергетика – энергияны Жердің ішкі жылуынан алу. Геотермалды энергетика табиғи және жасанды болып бөлінеді. Алғашқысы табиғи жылы көздерден алынса, екіншісі жер қабатына суды және басқа сұйықсұйықтарды және газ тәрізді заттарды айдап сіңіруден алынады. Геотермалды энергетика тұрмыстық қажетте және жылыту қондырғыларында кең қолданылаады. Кемістігі — жылы сулардың жоғарғы улылығы және сұйықтар мен газдардың химиялық зиянды реакциялары.

Планетаның қозғалысы және олардың тартылысының энергиясы – әртүрлі планеталар, Аймен Жердің гравитациялық әсерінен пайда болатын энергия. Биоэнергетика тұтыну дамыған елдерде де жылдам қарқынмен өсуде. Кейбір дамыған елдерде биоэнергетикажеткілікті қарқынды қолданылады. Мысалы, Швеция және Австрия биомасса есебінен бастапқы энергия тасымалдаушылардың 15% қажеттілігін қамтамасыз етеді. Швеция болашақта отынның қазба түрлерін қолданатын атомдық және жылу электр станцияларын жабуды арттыра отырып, биоэнергетикатұтынуды арттыруды жоспарлауда. АҚШ-та энергияның 4%-ын биоэнергетикадан алатын (осындай энергия мөлшерін атомдық электр станциялардан да алады) жалпы орныққан қуаты 9000МВт электр энергиясын алу үшін



биоэнергетиканы жағатын құрылғылар бүгінде жұмыс істейді. Биоэнергетика елдің энергетикалық сұраныстарының 20%-нан астамын оңай қамтамасыз ете алады. Басқаша айтқанда, қолда бар жер ресурстары және ауыл шаруашылығының инфрақұрылымы барлық жұмыс істейтін атомдық станцияларды тұтыну тауарларының бағасын өзгертпей алмастыруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа биоэнергетиканы этанол өндіру үшін қолдану мұнай импортын 50%-ға төмендетер еді [7]. Биоэнергетиканы дамушы елдерде кең қолданылатындығына қарамастан, әдетте ол тиімсіз. Биоэнергетиканы дәстүрлі қолданудың жалпы эффективтілігі тек 5-15% құрайды. Бұдан басқа, биоэнергетика қазба отынға қарағанда қолданыста ыңғайлы емес. Кейбір жағдайларда оны қолдану адам денсаулығы үшін, мысалы, биоэнергетика тамақта дайындау үшін нашар желдетілетін бөлмелерде қолданғанда қауіпті болуы мүмкін. Мұнда БДҰ (Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы) концентрация деңгейінен артып кететін қатты бөлшектер СО, формальдегидтер және басқа органикалық заттар түзілуі мүмкін. Бұдан басқа, биоэнергетиканы дәстүрлі қолдану (әдетте ағашты жағу) көбінесе өсірілетін ағаштың артып отырған тапшылығымен, қоректік заттар қорының түгеуімен, ормандар ауданының азаю мәселелері мен шөлдердің ұлғаюымен ассоцияланады. 80 жылдардың басында Жердің 1,3 млрд. тұрғыны өздерінің отынға деген қажеттіліктерін ағаш қорын азайту арқылы өтеп отырды.

Еуропада өнеркәсіптік ормандардың көпшілігі энергетикалық қолданыс үшін қолданылмаған ағаш потенциалына ие. Бұдан басқа ормандардың көпшілігінде ағаш өнеркәсіптік тәсілмен дайындалады. Тау және өнеркәсіптік ормандар белгілі бір жағдайларда тек мұқият экологиялық бағалаудан кейін энергетикалық ағашты жеткізе алады. Орман қалдықтарының кәдуілгі түрі 7 сантиметрден кіші емес кесектер. Әдетте жапырақтар мен тамырлар орманда қалып қояды. Бұдан басқа, оларды энергия өндірісі үшін қолдану қиындау.

Ағаштың көп мөлшерін жағу бір ғана шешім емес. Процестің тиімділігін арттыру керек. Дәстүрлі қазандықтар мен пештер көп жағдайда 30%-дан кем емес тиімділікке ие, заманауи құрылғылар үшін бұл шама шамамен 80%. Тиімділіктің артуы кем дегенде жағылатын отынның мөлшерін арттырмастан энергия тұтынуды екі еселеуі мүмкін. Үлкен қондырғылар үшін жылуды түгін газдарынан одан ары утилизациялау тиімділікті одан әрі арттырады. Жекелеген жағдайларда ағаш қазандықтары газ қозғалтқыштарымен немесе электр тогы мен жылуды когенерациялық өндіру үшін турбиналы бу қазандықтарымен алмастырылуы мүмкін. Көбінесе қоқыс газы электр энергиясын өндіру үшін қолданылады. Қазіргі уақытта құрылғылардың көбісі, мысалы, су қозғалтқыштары іштен жану двигателдерін қолданады. 10 ГДж/сағ тең газдың кәдуілгі шығымында қуаты 500 кВт қозғалтқыш пен генератор орнатылуы мүмкін. Дамыған елдерде орталықтанған жылумен қамтамасыз етудің көмірлі немесе мазутты қазандықтарын ағаш жағатын қазандықтарға алмастыру жылу тұтынушылардың шығынын 20-60%-ға кемітеді, себебі ағаш қазандықтар неғұрлым экологиялы. Олар жұмыс істеу барысында атмосфераға өсу кезінде ағаштар жұтатын көмірқышқыл газының мөлшерін атмосфераға бөледі. Осылайша ағашты жағу жаһандық жылынуға ешбір үлес қоспайды. Ағаш мазутқа қарағанда азырақ күкірттен тұратындықтан, атмосфераға аз сульфат бөлінеді. Бұл қышқылды жаңбырлардың азаятындығын білдіреді. Қазандықтың сапасы отын құрамындағы энергиямен, жылумен жабдықтау жүйесіне берілген энергия арасындағы қатынасқа тәуелді. Бұл қатынас тиімділік немесе пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) деп аталады. Қорыта айтсақ қазіргі таңда еліміз сарқылатын энергия көздерін пайдаланады. Сарқылатын табиғи ресурстардың қорлары шектеулі белгілі уақыт ішінде таусылуы мүмкін. Сондықтан жаңарып тұратын энергия көздерін пайдалану тиімді. Бүгінгі таңда әлемде экологиялық қауіпсіз биоэнергетикалық қондырғаның негізгі параметрлерін энергетика саласында дамыту аса өзекті әрі маңызы орасан зор.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Жамалов А. Баламалы энергия көздері және оларды пайдаланудың әдістері, 2017, «Полиграфия сервис и К»
- 2 Безруких П.П., Арбузов Ю.Д., Борисов Г.А и др. Ресурсы и эффективность использование возобновляемых источников энергии. -С.-Пб.Наука.2002.
- 3 Еришина А.К., Еришина Ш.А., Жапбасбаев У.К. Основы теории ветротурбины Дарье.- Алматы: КазгосИНТИ, 2001-104с.
- 4 GoI 2012, Energy Statistics 2012 (Nineteenth Edition), Central Statistics Office, Ministry of Statistics and Programme Implementation, Government of India, New Delhi
- 5 Нейфх А.А. Клеточные и генетические основы биотехнологии. М.: Знание, 1987. -64с.
- 6 Непорожного П.С., Попкова В.И. Энергетические ресурсы мира/ под ред., - М.Энергоатомиздат. 1995-232с.
- 7 Соснов А.Я. Энергия Земли. - Л.: Лениниздат, 1986.-104с.

УДК 37.012  
МРНТИ 14.27.09

*Ж.О. Жанабекова*

*магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

## **РАЗРАБОТКА ЭЛЕКТРОННЫХ РЕСУРСОВ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКЕ СТУДЕНТОВ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ**

*Аннотация*

Для того, чтобы приблизить отечественное образование к европейским стандартам Казахстан первым из центральноазиатских стран принял Болонскую декларацию и подписал Великую хартию университетов. В рамках Болонского процесса необходимо осуществить основные тенденции развития образования, такие как глобализация, информатизация, демократизация и т.д. В связи с этим растет значимость таких средств обучения физике как электронные курсы, дистанционное обучение и электронные (виртуальные) университеты. Электронные образовательные ресурсы (e-learning) это уже давно не инновации в сфере образования, а необходимый атрибут современной жизни. В отличие от традиционного образования электронные ресурсы предоставляют свободу доступа к материалу, снижение затрат на обучение, гибкость обучения и возможность развиваться в ногу со временем.

**Ключевые слова:** методика, дифференциация, информатизация, глобализация, электронные ресурсы, критерии оценивания.

*Аңдатпа*

*Ж.О. Жанабекова*

*магистрант, ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

## **ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ФИЗИКА ПӘНІНЕН ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАРДЫ ҚҰРУ**

Отандық білім беруді еуропалық стандарттарға жақындату үшін Қазақстан Орталық Азия елдерінің алғашқысы Болон декларациясын қабылдады және Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды. Болон үдерісі аясында білім беруді дамытудың негізгі бағыттары: жаһандану, ақпараттандыру, демократияландыру және т.б. Осыған байланысты электронды курстар, қашықтықтан оқыту және электрондық (виртуалды) университеттер сияқты физиканы оқытуға арналған құралдардың маңыздылығы артып келеді. Электронды білім беру ресурстары (e-learning) көп уақаттан бері білім беру саласындағы инновацияға жатпайды, қазіргі заманның қажетті атрибуты болып келеді. Дәстүрлі білім беруден айырмашылығы, электронды ресурстар материалға қолжетімділікті, оқуға жумсалатын уақытты қысқартуға, оқытудың икемділігін арттыруға және уақытқа сай дамуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** әдістер, дифференциация, ақпараттандыру, жаһандану, электрондық ресурстар, бағалау критерийлері.

*Abstract*

## **DEVELOPMENT OF ELECTRONIC RESOURCES FOR TEACHING PHYSICS STUDENTS OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS**

*Zhanabekova Zh.*

*Master student, The Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan*

In order to bring domestic education closer to European standards, the Republic of Kazakhstan was the first Central Asian country that adopted the Bologna Declaration and signed the Magna Charta Universitatum. In the framework of the Bologna Process, it is necessary to implement the main trends in the development of education, such as globalization, IT penetration, democratization, etc. In connection with this, the importance of such teaching aids to physics as e-courses, distance learning and electronic (virtual) universities is growing. Electronic educational resources (e-learning) are no longer an innovation in the field of education, but a necessary attribute of modern life. Unlike traditional education, electronic resources provide freedom of access to material, reducing training costs, learning flexibility and the ability to evolve with the times.

**Keywords:** methodology, differentiation, informatization, globalization, electronic resources, evaluation criteria.

«Основа нашего долгого пути – это образование и наука. Кто победит?  
Тот, у кого сильное образование и передовая наука»  
Н.Ә. Назарбаев

Мировая практика показывает, что развитие общества и экономики любой страны в первую очередь зависит от развития образовательной системы. Образовательная система является показателем готовности страны к мировым тенденциям и спросам.

Интернет-технологии, которые быстро осваиваются современными учащимися, дают им уверенность в себе, создают более комфортные условия для самореализации и творчества, повышают мотивацию обучения, увеличивают круг общения школьников, предоставляют большой объем разнообразных образовательных ресурсов. Применение электронных образовательных ресурсов дает возможность глубже осветить теоретический вопрос, помогает учащимся вникнуть более детально в процессы и явления, которые не могли бы быть изучены без использования интерактивных моделей. «Сегодня и завтра» наших учеников — это информационное общество.

Интерактив дает возможность использования активно-деятельностных форм обучения, воздействия и получения ответных реакций, а также позволяет учащимся проверить свои знания без участия учителя [1].

ЮНЕСКО признало особую роль электронных информационных образовательных ресурсов (ЭИОР) и открытого образовательного контента в расширении доступа к качественному образованию и обучению в течение всей жизни. Шагом ЮНЕСКО в содействии развитию движения открытых образовательных ресурсов (ООР) стала организация Форума по открытым обучающим системам для развивающихся стран в июле 2002 г. Созданное ЮНЕСКО международное сообщество экспертов наметило дальнейшие шаги по развитию открытых образовательных ресурсов, среди которых:

- повышение осведомленности о преимуществах использования ООР,
- создание региональных сообществ,
- формирование информационных и когнитивных моделей для ООР,
- решение вопросов, связанных с правами интеллектуальной собственности на образовательный контент.

По типу, в рамках классификации ЮНЕСКО, выделяют следующие ЭИОР:

- компьютерный учебник (учебное пособие, текст лекций, методическое пособие и т. д.);
- электронный справочник;
- компьютерный задачник;
- компьютерный лабораторный практикум (модели, тренажеры и т. д.);
- компьютерная тестирующая система.

По технологии распространения ЭИОР выделяют:

Локальные - электронные ресурсы, предназначенные для локального использования и выпускающиеся в виде определенного количества идентичных экземпляров на переносимых машиночитаемых носителях;

Сетевые - электронные ресурсы, предназначенные для сетевой эксплуатации. Они доступны широкому кругу пользователей через Интернет или локальную сеть;

Комбинированные ЭИОР - электронные ресурсы, которые можно использоваться в качестве локального и в качестве сетевого ресурса.

Для того, чтобы создать успешный и коммерчески прибыльный обучающий сайт нужно учитывать очень много нюансов. Разработка успешного сайта включает в себя несколько этапов, каждый из которых должен быть выполнен максимально качественно. Рассмотрим более детально каждый из них:

#### 1. Выбор приложения для конструкции сайта.

Существует множество приложений для создания сайтов, среди них наиболее распространены:

uKit – универсальный онлайн конструктор с визуальным редактором и интуитивным интерфейсом. Является самым популярным инструментом для создания сайтов-визиток, лендингов и интернет-магазинов. Веб-сервис uKit – это тоже своего рода «программа», изначально предустановленная на хостинг. Разница лишь в том, что файлы сайтов, получаемые в десктопных программах, нужно потом самому загружать на предоплаченный хостинг. У конструктора они с самого начала уже находятся там, а все изменения сохраняются в реальном времени. Ну и по интерфейсам – у uKit он

висит в облаке и доступен через браузер, а файлы десктопных приложений размещены на диске компьютера, не имеющего связи с Интернетом через DNS-сервер.

Mobirise – это бесплатный офлайн конструктор для самостоятельного создания сайтов на своем ПК или ноутбуке (Windows, Mac, Android). Программа лучше всего подходит для запуска сайтов с небольшим количеством страниц: сайты-визитки, лендинги, одностраничники или портфолио. Процесс сборки осуществляется в визуальном редактора, интерфейс простой и предельно комфортный, идеально подходит для новичков. Для начала работы нужно скачать архив с программкой на свой компьютер, установить и завести аккаунт.

Adobe Muse – это мощная и продвинутая программа для создания сайтов на компьютере. Считается идеальной платформой для профессионального создания посадочных страниц, сайтов-визиток, портфолио и небольших магазинов. Интерфейс программы покажется простым лишь для опытных пользователей Photoshop'a. Всем остальным для его освоения понадобятся сторонние уроки, курсы или большое количество времени и терпения. Adobe Muse – идеальная программа для создания посадочных страниц. Для желающих монетизировать свою деятельность, платформа на все 100% подойдет [2].

## *2. Определение целей и направленности сайта.*

После того, как приложение определено необходимо определиться с целями, ради которых создается сайт. Именно от них напрямую зависит дизайн, форма и содержимое контента, а также многое другое. При определении целей есть очень важный нюанс: цели должны быть исключительно индивидуальными. Нельзя делать сайт просто так или как у всех. Помните – ваш сайт уникален, а значит ему нужен единственный в своем роде интернет ресурс.

## *3. Разработка структуры сайта.*

После постановки целей необходимо, хотя бы в общих чертах, определиться со структурой сайта. Сделать это можно разными способами, вплоть до того, что нарисовать на листе бумаги.

## *4. Создание дизайна сайта.*

От того, насколько грамотно разработан дизайн сайта напрямую зависит внимание к нему посетителей. Интернет маркетологам прекрасно известен тот факт, что посетитель принимает решение о дальнейшем пребывании на сайте в первые 5-10 секунд. Поэтому дизайну и удобству навигации стоит уделить должное внимание.

## *5. Создание контента для сайта.*

Так как сайт обучающий, контент (содержимое) вашего сайта должен быть с одной стороны интересным, а с другой – познавательным. Работа над контентом продумывается очень серьезно, так как современное обучение в вузе характеризуется огромным количеством информации, которая не может быть усвоена за относительно короткий срок обучения, если ее не упорядочить на принципиально новой основе. Такой основой может быть развернутое и систематическое применение в процессе обучения обобщенных методов, общеметодологических принципов, предельно общих понятий и т.д. [3].

## *6. Публикация контента.*

Существует много способов опубликовать готовый сайт. Ниже перечислены некоторые из них.

*Способ первый:* размещение своего сайта на сервере местного интернет-провайдера. Такой способ является наиболее предпочтительным. Почему?

- Вы получаете зарегистрированное лично на Вас доменное имя второго уровня. Что это дает? Вы можете переносить свой сайт к другим провайдерам, в том числе не местным, а пользователи будут, как и раньше попадать на Ваш веб-сайт, набирая в строке браузера доменное имя Вашего сайта.

- Вы можете лично поговорить с людьми занимающимися обслуживанием сервера, на котором размещен Ваш сайт, и на месте обсудить с ними имеющиеся проблемы.

- Не тратится время на переписку по e-mail.

К недостаткам можно отнести:

- Необходимы денежные вложения для размещения и поддержки сайта и доменного имени. Цены на такие услуги могут значительно колебаться в зависимости от региона или жадности местного интернет-провайдера.

- Вы сможете пользоваться только теми услугами, которые Вам может предоставить местный провайдер. Не все предоставляют FTP доступ и не все имеют поддержку PHP.

- Вы сможете пользоваться только тем оборудованием, которое Вам может предоставить местный провайдер. Скоростные характеристики сервера и внешнего канала связи могут отличаться в десятки раз в зависимости опять-таки от региона и жадности местного интернет-провайдера.

*Способ второй:* размещение сайта на иногороднем или на зарубежном платном сервере.

Достоинства заключаются в большом количестве компаний предоставляющих платный хостинг, а следовательно:

- Можно выбрать ту фирму, которая бы полностью удовлетворяла Ваши запросы - перечень услуг, предоставляемые возможности и сервисы, скоростные характеристики оборудования, цены на предоставляемые услуги.

- Если Вы не довольны чем-либо, можно с легкостью покинуть одну фирму и перейти на другую.

- Вы не тратите времени на поездки (если это актуально). Общение происходит либо по e-mail, либо по телефону.

Недостатки:

- Самый большой это то, что Вы собственно покупаете кота в мешке. Вы сможете оценить качество предоставляемых услуг только после их оплаты и начав работать с этим провайдером.

- Как и в предыдущем случае необходимы денежные вложения для размещения и поддержки сайта и доменного имени.

- Чтобы не попасть впросак следует некоторое время понаблюдать за сайтом, его скоростью и стабильностью работы. Почитать (если есть) отзывы об этом провайдере на форумах.

*Способ третий:* размещение сайта у себя на компьютере. Как уже отмечалось, такая возможность имеет больше теоретическое значение, чем практическую реализацию. Поэтому, если Вы новичок или обычный пользователь интернет отбрасываем такой способ сразу.

*Способ четвертый:* размещение сайта на бесплатном хосте. Если Вы хотите самостоятельно разместить уже имеющийся у Вас сайт, данный способ обладает следующими достоинствами:

Абсолютно никаких денежных затрат. Очень быстрые сроки получения места для размещения сайта. Примерное время с начала регистрации (заполнения регистрационной формы) до момента начала загрузки Ваших файлов на хост - 1-2 часа! В 90% случаев нет необходимости вести переписку с хост-провайдером для регистрации. Регистрация сайтов производится в автоматическом режиме. Более широкий выбор доменных имен.

Недостатки:

Вы получаете доменное имя третьего уровня (типа <http://vashsayt.domen.ru>), которое невозможно будет сохранить при переходе на другой хост.

Не все провайдеры, предоставляющие бесплатный хостинг имеют поддержку PHP, хотя в последнее время можно найти компании, которые на бесплатном хостинге включают поддержку языка PHP. Практически на всех бесплатных хостах имеются ограничения на получение контента с других сайтов и отсутствие поддержки баз данных MySQL [4].

#### *7. Тестирование работоспособности сайта.*

После того, как все работы завершены обязательно нужно тщательно проверить работоспособность сайта. Проверять стоит абсолютно все от отображения на различных устройствах и браузерах до правильной работы ссылок. Это не напрасная трата времени. Помните, что вашим сайтом будут пользоваться тысячи людей. Недоработки обязательно проявятся и сыграют вам не на пользу. Поэтому лучше найти и устранить их заблаговременно [5]. Так как у каждого студента свой темп усвоения знаний, необходимо всегда помнить о дифференциации предоставленного материала. В электронных ресурсах обучения физике можно использовать следующие виды дифференциации: возрастную, целевую, уровневую и по области интересов.

Создавая сайты и приложения для обучения физике, преподаватель продумывает учебно-методический комплекс, используемый для работы со студентами. В первую очередь необходимо вызвать желание и интерес к обучению, чтобы, взглянув на материал, студент решил, что данный курс ему по силам. Для этого необходим учет возрастной дифференциации, т.е. создание интерфейса образовательного ресурса в зависимости от курса и уровня образования целевой аудитории. После изучения предоставленных лекции и конспектов, необходимо закрепить полученные знания путем применения их в конкретных условиях и ситуациях путем выполнения заданий и решения задач. Задания и задачи должны разрабатываться с учетом уровневой дифференциации, иначе у студентов не будет мотивации идти дальше по курсу. Для того, чтобы обучаемый мог анализировать и синтезировать знания при помощи полученной информации можно включать в учебно-методический комплекс лабораторные работы, творческие проекты и доклады.

При этом нужно помнить о дифференциации по области интересов студентов. Так же для осуществления данного вида дифференциации можно предусмотреть создание виртуальных

сообществ и форумов по определенной тематике, где студенты смогут погружаться в интересующие их темы вместе. Если электронный образовательный ресурс предполагает оценку после выполнения заданий, то можно использовать самооценку с учетом критерии успешности результата [6].

Основные цели, результаты и критерии успешности дифференциации электронных ресурсов обучения это в первую очередь повышение эффективности образования, демократизация, формирование и развитие личностных качеств студента, а также легкость обучения, когда образование будет иметь не рутинный характер, а станет интересной и любимой частью жизни каждого человека [7].

*Список использованной литературы:*

- 1 Селевко Г.К. «Энциклопедия образовательных технологий» - Москва, 2005 г. - 203-223 с.
- 2 Бабанский Ю.К. «Педагогика». - Просвещение, 1983 г. - 15-45 с.
- 3 Блум Б. Таксономия Образовательных Целей: Сфера Познания. - Д. Маккей, 1956 г. - 53-155с.
- 4 Захарова И.Г. «ИТ в образовании: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений». - М.: Академия, 2005 г. - 7-21 с.
- 5 Нурбекова Ж.К., Нурбеков Б.Ж. «Цифровая трансформация университета» - Вестник. КазНПУ им.Абая. Сер. «Физ.-мат.науки» №4(64) - 2018 г. – 172-178 с.
- 6 Струкова Е. А., Использование электронных образовательных ресурсов в образовательном процессе [Электрон.ресурс]. – 2015. – URL: <http://www.informio.ru/publications> (дата обращения 15.02.2018)
- 7 Зайцева О. В., Формирование электронных образовательных ресурсов [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-elektronnyh-obrazovatelnyh-resursov> (дата обращения 07.04.2018)

УДК 371.261

МРНТИ 29.01.45

Н.Д. Заурбекова<sup>1</sup>, А.Б. Нышан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>т.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті физика кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Физика мамандығының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

## ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ

### *Аңдатпа*

Мақалада жаңартылған білім беру жүйесіндегі критериалды бағалау мүмкіндіктері қарастырылған. Оқытудың қаншалықты табысты, ойдағыдай ұйымдастырылағаны, сондай-ақ, білім алушылардың оқу барысында кездесетін қиындықтарды жеңу жолдары туралы ақпаратты мектептің тиімді бағалау жүйесі көрсетіледі. Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі. Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты әрі қарай оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін бағалау критерийлері негізінде білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына білім алушылардың оқу нәтижесі туралы нақты ақпарат алу болып табылады. Критериалды бағалаудың қағидаттары, бағалау жүйесінің мазмұны, бағалаудың құрылымы туралы толық қамтылған. Сондықтан жаңартылған білім жүйесінде маңызды мәселелердің бірі - оқушылардың білімін критериалды бағалау мүмкіндіктері физика пәні шеңберінде талданған.

**Түйін сөздер:** жаңартылған білім беру бағдарламасы, критериалды бағалау, модуль, физика.

### *Аннотация*

Н.Д. Заурбекова<sup>1</sup>, А.Б. Нышан<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.т.н., старший преподаватель кафедры физики Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Магистрант по специальности физика Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СИСТЕМЫ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ФИЗИКЕ

В статье рассмотрены возможности критериальной оценки в преобразованной системе образования. Система оптимальной оценки знания в школе даст информацию о том, насколько успешно организован учебный процесс, а так же укажет пути преодоления трудностей учащихся в процессе приобретения знания. Критериальное оценивание-процесс идентификации фактически достигнутых результатов обучающихся с ожидаемыми результатами обучения на основе установленных критериев. Целью внедрения системы критериального оценивания является получение достоверной информации о результатах обучения обучающихся всем участникам образовательного процесса на основе критериев оценки для дальнейшего совершенствования учебного процесса. Полностью охвачены принципы критериального оценивания, содержание системы оценивания, структура оценки. В связи с этим анализированы возможности одной из основных проблем при преобразованной системе образования – критериальная оценка знаний учащихся в сфере преподавания предмета физика.

**Ключевые слова:** обновленная образовательная программа, критериальная оценка, модуль, физика.

*Abstract*

## THE USE OF CRITERIA-BASED ASSESSMENT SYSTEM IN TEACHING PHYSICS

*Zaurbekova N.D.<sup>1</sup>, Nyshan A.B.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Cand. Sci. (Technical), Lecturer of the Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Student of Master Programme in Physics, Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

The article considers the possibility of criteria evaluation in the transformed education system. The system of optimal assessment of knowledge in the school will provide information about how well the educational process is organized, as well as indicate ways to overcome the difficulties of students in the process of acquiring knowledge. Criteria-based assessment is a process of identification of actually achieved results of students with expected learning outcomes based on established criteria. The purpose of the introduction of the system of criteria-based assessment is to obtain reliable information about the learning outcomes of students to all participants of the educational process on the basis of evaluation criteria for further improvement of the educational process. The principles of criteria-based assessment, the content of the evaluation system, the evaluation structure are fully covered. In this regard, the possibilities of one of the main problems in the transformed education system – a criterion assessment of students' knowledge in the field of teaching physics.

**Keywords:** updated educational program, criterial assessment, module, physics.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты: экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қол жетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Сондықтан да қазіргі таңдағы басты мәселелердің бірі жастарға сапалы білім беру [1].

Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім төмендегідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына;
- жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне;
- оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен ресімделуіне;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді біледі және түсінеді [1].

Қазіргі таңда қоғамның дамуы жас ұрпақтың білімімен өлшенеді. Білімді ұрпақ қана қоғамның болашақ иесі бола алады. Демек, білімді ұрпақ қалыптастыру үшін білім беруде оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңашыл идеяларды қолдануды талап етіледі.

Жалпы білім беретін мектептердегі жаңартылған білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл жүйе бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталған. [2].

Орта білім берудің тиімді әрі маңызды көрсеткіштерінің бірі мектептегі білім беру әрекетінің қызметін, дамуын, оқушыларға және олардың нәтижелеріне әсер ететіндігін көрсететін білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейі болып табылады. Сондықтан білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің сапалы құрылуы білім беру сапасын арттырудың әлеуетті деңгейіне тікелей байланысты. Бағалау жүйесіндегі тиімділігі маңызды көрсеткіштердің бірі орта білім беретін мектептердегі білім беру әрекеттерінің қалай қызмет ететінін, даму жағдайын, білім алушыға, оның нәтижесіне әсер етуін көрсететін білім алушылардың оқу жетістігінің деңгейі болып табылады.

Сондықтан білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін бағалау жүйесінің қаншалықты сапалы құрылуы білім беру сапасын арттырудың шама деңгейіне соншалықты байланысты.

*Жаңартылған бағдарлама бойынша физика курсының оқытудың мақсаты* – оқушылардың ғылыми көзқарасының негізін қалыптастыру. Әлемнің жаратылыс танымдық- ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауды, бақылау қабілеттерін дамыту және табиғат құбылыстарын талдау және таңдау арқылы өмірге қажетті практикалық есептердің шешімдерін таба білуге дағдыландыру.

Мақсатқа сәйкес физика пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

- 1) оқушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеру;
- 2) оқушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту; [3].

*Критериалды бағалау* – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

Критериалды бағалау жүйесін енгізудің мақсаты әрі қарай оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін бағалау критерийлері негізінде білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына білім алушылардың оқу нәтижесі туралы нақты ақпарат алу болып табылады. [4].

Үздік қазақстандық және халықаралық тәжірибені кіріктіре отырып құрастырылған критериалды бағалау жүйесі төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1. Білім беру қызметінің сапасын арттыруға жағдай жасайтын объективті және анық бағалау жүйесін іске асыру;

2. Халықаралық тәсілдер мен стандарттарға сәйкес сапалы және бірыңғай бағалау механизмін қалыптастыру;

3. Бағалау әрекетіндегі мұғалімдердің құзыреттілігін арттыру;

4. Өз бетінше білім алу дағдыларын дамыту үшін жағдай жасау және білім алушылардың өз оқуына деген жауапкершілігін арттыру;

5. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жетілдіру;

6. Білім алушылардың күтілетін нәтижелерге, соның ішінде жоғары деңгей дағдыларына (талдау, жинақтау, бағалау) жетуін бағалауға мүмкіндік беретін тапсырмалар үлгілерінің қорын құру;

7. Объективті, үздіксіз және нақты: - білім алушыларға олардың оқуының сапасы туралы; - мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы; - ата-аналарға оқу нәтижелерінің жетістік деңгейі туралы; - басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпаратты беру;

8. Электрондық журналды жинау үдерісін оңтайландыру және ақпараттар ұсыну үшін қолдану;

9. Әр білім алушының, жеке мектептің, барлық аудан, облыс және мемлекет деңгейіндегі мектептердің бөлім және тақырыптар аясында оқу бағдарламасын меңгеру мониторингін қолдану;

10. Стандарттарды, оқу бағдарламаларын жетілдіру үшін талдау жүргізу және басқа да басқарушылық шешімдер қабылдау. Пәндер мен сыныптарға байланысты бағалаудың ұсыныстары қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағында, жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстарда қосымша берілген. [4]

Критериалды бағалаудың қағидаттары (принциптері) Критериалды бағалау төмендегідей қағидаттарға (принциптерге) негізделеді:

- *Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы.* Бағалау оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Демек, неге және қалай оқытады, білім алушының қажеттілігі қандай және бағалау тәжірибесінде жүзеге асыруға қажетті нәтижелерге жетуге қалай көмектесуге болады деген сұрақтарға жауап іздеу.

- *Шынайылық, анықтық және валидтілік.* Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділік бар. Объективтілік, анықтық, валидтілік жиынтығы бағалаудың сапасын анықтайды. Барынша мазмұнды сипаттаманы бағалауды қаншалықты дұрыс өткізетінімізді және нақты нені өлшейтінімізді бағалаудың валидтілігі ұсынады.

Аталған қағидатты жүзеге асыру:

- нені бағалау қажеттігін нақты түсіну және анықтауды;

- бағалау критерийлерін құрастыру және негіздеуді;

- тапсырмаларды құрастыру және рәсімдерді жоспарлауды көрсетеді.

- *Ашықтық және нақтылық.* Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу үдерісіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады. Аталған қағидат



мақсаттар мен бағалау рәсімдерінің түсінікті, нұсқаулықтың анық және нақты, нәтижелердің пайдалы және қолжетімді болуын болжайды. Бағалау үдерісінде оның мақсаттылығы мен дұрыстығы еш күмән тудырмауы тиіс. Өз кезегінде білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы өзара әрекет пен сенімге қол жеткізу олардың қызығушылығын арттыру және оқу нәтижесіне оң әсер етуге ықпал етеді.

• *Үздіксіздік.* Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз үдеріс болып табылады. Бағалау үдерісінің тұрақтылығы рәсімдер арасындағы өзара байланысты негіздейтін және бірыңғай білім беру жүйесін құратын қалыптастырушы бағалау, балл қою кестесі механизмін қолдану және жиынтық бағалаудың кестесін белгілеу әрекеттері арқылы қамтамасыз етіледі.

• *Дамытуға бағыттылық.* Бағалау білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады. Бағалау білім алушылардың қандай білім мен дағдыларды меңгергені туралы ақпараттарға талдау жасауға және жинақтауға негізделген білім беру үдерісінің алдағы уақыттағы қадамдары туралы негізгі шешімді қабылдауына мүмкіндік береді. [5].

*Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны.* Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны стандарттармен, үдерістермен, бағалау құралдарымен, нәтижелерімен анықталады.

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны төмендегідей нұсқаулық әдістемелік құжаттар негізінде берілген:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта);
- Оқу бағдарламасы мен оқу жоспары;
- Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері;
- Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау тәртібі;
- Негізгі орта білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды өткізу тәртібі;
- Пәндерге қатысты жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар;
- Пәндерге қатысты тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы.

*Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:*

- Алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;
- анық, айқындылығы;
- бағаның әділдігі;
- өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Түсіну, жинақтау, талдау- бұл категориялар олар үдерісінің операциялары және танымның әдістері болып саналады. Ал, болашақ кәсіптік оқыту мұғалімдерінің әдістемелік іс-әрекетінде- бұл білім нәтижесін алуға ықпал ететін бағалау критерийлері болып саналады. Бұл тұста Б.Блум таксономиясын қолдану болашақ кәсіптік оқыту мұғалімдерінің әдістемелік іс- әрекеттерін шындай түсуге жол салады, атап айтсақ, аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмытлушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой пікірлерге тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисын ойлау, жаңаны сезгіштік. Б.Блум таксономиясының негізінде болашақ мұғалімдердің креативтілігі, шығармашылық дербестігі қалыптасады деп білеміз. Өйткені, кәсіптік оқыту үдерісінде болашақ мамандардың алған білімдерін шығармашылық деңгейге жетілдіру, өнімді тәсілдермен жүзеге асады.

Б.Блум таксономиясының ұтымдылығы да сонысымен ерекшеленеді. [6].

*Блум таксономиясы бойынша физика сабағын бағалау критерийлері:*

*Білу:*

- бастапқы физикалық ұғымдарды;
- практикалық және эксперименттік жұмыстарды орындау барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін;
- физикалық шамалардың өлшем бірліктерін;
- механика (кинематика, динамика, сақталу заңдары), астрономия бөлімдеріндегі ұғымдарды, формулаларды, заңдарды және физикалық тұрақты шамаларды;

- физикалық құбылыстарды;

*Түсіну:*

- шамалардың физикалық мағынасын, механика, астрономияның негізгі терминдері мен заңдарын;
- физикалық құбылыстардың маңыздылығын;

*Қолдану:*

- процестер мен құбылыстарды сипаттау үшін негізгі физикалық ұғымдар мен терминдерді;

- тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізу әдістерін;
- қолданбалы және оқу тапсырмаларын шешу, практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау барысында физика заңдары мен формулаларын;
- нәтижелерді ұсынуда графикалық тәсілдерді;
- өлшем бірліктердің Халықаралық жүйесін;
- алынған білімдерін физикалық құбылыстардың жүру жағдайларын және процестерді түсіндіруге;

*Талдау:*

- эксперимент нәтижесінде алынған деректерді;
- графиктік және кестелік нысанда берілген ақпаратты;
- заттардың қасиетінің сапалық және сандық құрамына және оның құрылымына тәуелділігін;

*Жинақтау:*

- кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін жинақталған және өңделген деректерді, ақпараттарды;
- гипотеза, дәлел және түсініктеме жасауға арналған ғылыми моделдерді және дәлелдемелерді;
- эксперимент және зерттеулер жүргізу жоспарын;

*Бағалау:*

- жасалған эксперименттің нәтижелерін бағалайды. [7].

Оқу жылы барысында оқудың ілгерілеуі, үлгерімі туралы мәліметті жинау үшін бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады, қалыптастырушы және жиынтық бағалау:



Бағалау тәсілдері критериалды бағалаудың түрлеріне, пән мазмұнына қарай ерекшеленеді [2]. Қалыптастырушы бағалау- сабақта күнделікті жүзеге асатын, білім мен дағдыны меңгеру деңгейін анықтайтын бағалау. Қалыптастырушы бағалау білім беру процесінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты жүзеге асырады. Сонымен қатар, оқушыларға жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын білуге және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерді орындауға мүмкіндік туғызады (ауызша сұрақ, жазба, практикалық жұмыстар т.б.)

Қалыптастырушы бағалау жұмысы «Физика – табиғат туралы ғылым» бөлімі бойынша

<i>Тақырып «Физика – табиғат туралы ғылым»</i>	
<i>Оқу мақсаттары</i>	7.1.1.1 - физикалық құбылыстарға мысалдар келтіру
<i>Бағалау критерийі</i>	Білім алушы Физикалық құбылыстарға мысал келтіреді
<i>Ойлау дағдыларының деңгейлері</i>	Білу және түсіну

**Тапсырма 1**

Мектепке келе жатқан жолда қандай физикалық құбылыстарды көресіз? Физикалық құбылыстарға мысалдар келтіріңіз және кестедегі сәйкес жолға жазыңыз.

Физикалық құбылыс түрлері	Мысалдар
Механикалық	
Жарық	
Жылу	
Электрлік	
Дыбыстық	

Дескриптор

Білім алушы  
- физикалық құбылыстарға мысалдар келтіреді.

**Тапсырма 2**

Төмендегі суреттерде қандай физикалық құбылыстар бейнеленген?


Жауаптарыңызды әр нұсқаның тұсына жазыңыз.

a) \_\_\_\_\_

b) \_\_\_\_\_

c) \_\_\_\_\_

d) \_\_\_\_\_



Дескриптор

Білім алушы  
- дыбыс құбылысын анықтайды;  
- жылу құбылысын анықтайды;  
- механикалық құбылысты анықтайды;  
- жарық құбылысын анықтайды [8].

7-сыныптарға арналған тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты білім алушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларын анықтауға бағытталған.

Жиынтық бағалау күтілетін нәтижелер жетістігін және тоқсанға жоспарланған оқу мақсаттарына жеткендігін тексереді.

7-сыныптың I-тоқсаныныңда жиынтық бағалаудың құрылымы:

Берілген нұсқа көп таңдауы бар тапсырмаларды, қысқа және толық жауапты сұрақтарды қамтитын 9 тапсырмадан тұрады.

Көп таңдауы бар тапсырмаларға оқушылар ұсынылған жауап нұсқаларынан дұрыс жауабын таңдау арқылы жауап береді.

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға оқушылар есептелген мәні, сөздер немесе қысқа сөйлемдер түрінде жауап береді.

Толық жауапты қажет ететін сұрақтарда оқушыдан максималды балл жинау үшін тапсырманың шешімін табудың әр қадамын анық көрсетуі талап етіледі. Оқушының математикалық тәсілдерді таңдай алу және қолдана алу қабілеті бағаланады. Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін.[7]

Қорытындылай келе, критериялды бағалау – бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап. Оқушы сын тұрғысынан ойлау арқылы алдына мақсат қоя біледі. Әрі нәтижеге жетуге үлкен талпыс болатынын уақыт байқатып отыр. Сондықтан маңызды істі жауапкершілікпен атқарғанда ғана жұмыс жүйеленетіні белгілі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Астана қ., 2016.
2. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериялы бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал. / О.И.Можжева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016. - 54 б.
3. «Физика» пәні бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдаламасы: Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, НЗМ, ДББҰ; ПШО, 2016.
4. Мукушева М.А. «Орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламаның ерекшеліктері», «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ.
5. Тасплат М.П. Білім мазмұнын жаңартуда жалпы орта білім беретін мектептердегі пән мұғалімдеріне арналған критериялы бағалау бойынша ұсынымдар-Шымкент: Әлем баспаханасы, 2017.
6. Ақжолова Ә.Ә., Баимбетова Г.А., Абдулаева А.Б. «Физикалық процестерді оқытуда блум критерийлерінің қолданылуы» //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Физика-математика ғылымдары» сериясы, №1(61), 2018.-122 б.
7. <http://smk.edu.kz/>
8. 7-сыныпқа арналған «Қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмалар жинағы және жиынтық бағалау бойынша» әдістемелік нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

УДК 378.016.02  
МРНТИ 29.01.45

*Э.М. Мамбетакунов<sup>1</sup>, Ж.Қ. Сыдықова<sup>2</sup>, Б. Ерженбек<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> п.ғ.д., профессор, Баласағын атындағы Қырғыз Ұлттық университеті,  
Бишкек қ., Қырғыз Республикасы*

*<sup>2</sup> п.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>3</sup> докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Алматы қ., Қазақстан*

### **«ЭНЕРГИЯ» ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАТТЫҒУЛАР ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада орта мектепте «Энергия» ұғымын қалыптастыруда жаттығулар жүйесін қолдану әдістемесі келтірілген. Оқу материалын түсіндіру кезінде физикалық ұғымдарды қалыптастыру күрделі, әрі ұзақ үдеріс. Энергия ұғымын қалыптастыру мақсатында кейбір жиі кездесетін анықтамалар талдап көрсетілген. Ұғымдарды меңгертуге арналған жаттығулар жүйесі мен оны құрастыру принциптері берілген. Жаттығулар жүйесін пайдалану оқушылардың алған білімдерін өз беттерінше іс-жүзінде практикада қолдана білу іскерліктерін қалыптастырады. Жаттығулар жүйесі ұғымдарды меңгерудегі ролі бойынша 3 топқа бөлінеді, олардың әрбіреуі жаттығулардың бірнеше түрлерін қамтиды. «Энергия» ұғымын қалыптастыруда және дамытуда жаттығулар жүйесін пайдалану оқушылардың алған білімдерін бекітіп, іскерліктерін, дағдыларын әрі қарай қалыптастырудың негізі болып табылады.

**Түйін сөздер:** Энергия, ұғым, жаттығулар жүйесі, қалыптастыру, принцип.

*Аннотация*

*Э.М.Мамбетакунов<sup>1</sup>, Ж.К.Сыдықова<sup>2</sup>, Б.Ерженбек<sup>3</sup>*

*<sup>1</sup> д.п.н., профессор, Кыргызский национальный университет им. Ж.Баласагына,  
г. Бишкек, Кыргызская Республика*

*<sup>2</sup> к.п.н., старший преподаватель Казахского национального педагогического университета им.Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

*<sup>3</sup> докторант Казахского национального педагогического университета им.Абая, г.Алматы, Казахстан*

### **МЕТОДИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СИСТЕМ УПРАЖНЕНИЙ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПОНЯТИЯ «ЭНЕРГИЯ»**

В данной статье приводится методика использования систем заданий для формирования понятия “энергия” в средней школе. Формирование физических понятий при объяснении учебного материала представляет собой сложный и длительный процесс. Были проанализированы некоторые из наиболее распространенных

определений для формирования понятия “энергия”. Представлены системы задач и принципы их составлений для освоения физических понятий. Использование системы упражнений поможет обучающимся сформировать в них самостоятельность при использовании полученных знаний на практике. Для освоения физических понятий системы заданий делятся на 3 группы, каждая из которых обеспечивает несколько видов заданий. Использование системы заданий в формировании понятия «энергия» является основой для формирования и дальнейшего развития знаний и навыков учащихся.

**Ключевые слова:** Энергия, понятие, система задач, формирования, принцип.

*Abstract*

**METHODS OF USING EXERCISE SYSTEMS TO FORM THE CONCEPT OF "ENERGY"**

*Mambetkunov E.M.<sup>1</sup>, Sydykova Zh.K.<sup>2</sup>, Yerzhenbek B.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Dr.Sci. (Pedagogical), Professor, Kyrgyz National University. J. Balasagyn, Bishkek, Kyrgyz Republic*

<sup>2</sup>*cand.Sci. (Pedagogical), senior lecturer Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Phd student Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

This article provides a methodology for using job systems to form the concept of “energy” in high school. The formation of physical concepts in the explanation of educational material is a complex and lengthy process. Some of the most common definitions for forming the concept of “energy” were analyzed. The systems of tasks and principles of their compilation for the development of physical concepts are presented. Using the system of exercises will help students form their independence in the use of their knowledge in practice. For mastering the physical concepts of the system of tasks are divided into 3 groups, each of which provides several types of tasks. The use of the system of tasks in the formation of the concept of "energy" is the basis for the formation and further development of students' knowledge and skills.

**Keywords:** Energy, function, system task, forming, principle.

Оқу материалын түсіндіру кезінде физикалық ұғымдарды қалыптастыру – қиын әрі ұзақ үдеріс. Орта мектепте алғашында, мысалы механикалық қозғалыс, жол, жылдамдық, үдеу, энергия және т.с.с. жеке ұғымдар түсіндіріліп, олардың негізінде кинематика, динамика және т.б. онан соң тұтасымен механика жайлы ұғымдар қалыптастырылады. Алғаш рет «Энергия» ұғымын 1850ж. ағылшын физигі Дж.Юнг енгізген болатын.

Алдымен энергия ұғымының кейбір жиі кездесетін анықтамаларын талдап көрейік.

1. Біз материя қозғалысының алуан түрлері бар екендігін білеміз. Материя қозғалысының осы алуан түрлері белгілі дәлме-дәл мөлшерде бір түрінен басқа түрге айнала алады. Олай болса материя қозғалысының кез келген түрін өлшеуге болатын бөріне ортақ өлшем табу мүмкіндігі бар. Міне осы қағиданы негіз ете отырып мынадай анықтама айтуға болады: энергия – барлық формалары үшін ортақ материя қозғалысының сандық өлшемі.

2. Механикалық жүйенің әр бір белгілі күйіне энергияның белгілі мәні сәйкес келеді. Жүйе бір күйден басқа күйге өткенде энергияның өзгеруі қабат жүреді. Олай болса, энергияға мынадай да анықтама бере аламыз: энергия – жүйенің күй функциясы.

3. Оқу әдебиеттерінде кеңінен тараған энергияның анықтамасы мынадай: энергия - денелердің жұмыс жасай алу қасиеті (қабілеті).

Келтірілген анықтамалардың өзі, энергия жөніндегі ұғымның осы кездегі зор табыстарына қарамай, ол жөнінде ортақ пікір жоқ екендігін көрсетеді.

Талантты педагог және белгілі физик, профессор Млодзеевский А.Б. физикадағы барлық ұғымдардың ішіндегі ең түсініксізі осы энергия ұғымы екендігін бірнеше рет қайталап айтқан болатын. «Тек оған дағдылану керек және оны дұрыс пайдалана білуді үйрену керек» - деді ол.

Жоғарыда келтірілген энергияның анықтамаларын ғылыми және әдістемелік тұрғыдан мінсіз деп айту қиын. Дегенмен бірінші анықтама жан-жақты және терең жалпыланған қорытынды болып табылады. Тек мұндағы «қозғалыс өлшемі» ұғымының физикалық мазмұнын ашу қиын. Екінші анықтамадағы «жүйе күйі» ұғымы да қиын және энергиядан басқа да күй функциялары көп. Сондықтан орта мектепте бұл анықтамаларды бере алмаймыз, ол үшін оқушылардың энергетикалық құбылыстар жөнінде терең білім қоры болуы тиіс [1-2]. Ұғымдарды меңгеруде жаттығулар жүйесін пайдалану оқушылардың алған білімдерін өз беттерінше іс-жүзінде практикада қолдана білу іскерліктерін қалыптастырады, ең бастысы ұғымдарды меңгеру нәтижесі саналы әрі сапалы болады. Жаттығулар жүйесі – оқу процесінде білімдер мен іскерліктерді жетілдірудің және дағдыларды қалыптастырудың дидактикалық шарты болып табылады. Э.М.Мамбетакуновтың еңбектерінде оқытудың алғашқы кезеңінде физикалық ұғымдарды қалыптастыруда жаттығулар жүйесінің қажеттілігі негізделеді [3]. Ол жаттығулар жүйесін құрудың принципін жасап көрсеткен. Соны негізге ала отырып оқушылардың

физикалық ұғымдарды меңгерулеріне бағытталған жаттығулар жүйесін құрудың және оларды оқу үдерісінде пайдалануға бағытталған бірнеше принциптері анықталды. Оларға төмендегілерді жатқызуға болады.

1. Жаттығулар жүйесі мыналарды қамтуы керек:

а) оқушыларды ұғымның мәнді белгілерін өзбеттерінше анықтауға және оларды маңызды емес белгілерінен ажырата білуге үйрету;

ә) оқушыларға ұғымның маңызды белгілерін және олардың арасындағы логикалық байланыстарды меңгерту;

б) қалыптастырылатын ұғымның бұрын меңгерілген ұғымнан қандай-да бір ұқсас белгілерін ажырата білулерін;

в) ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтау және т.б.

2. Жаттығулар жүйесі оқушылардың логикалық ойлауын дамыту және әртүрлі іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында құрылымы мен мазмұны жағынан әртүрлі сұрақтар мен есептерді қамтуы қажет.

3. Жаттығулар жүйесі дидактиканың негізгі принциптерін қанағаттандыруы керек, яғни: ғылымилығын және түсініктілігін; жүйелілігін және жалғасымдылығын; оқушылардың саналылығын және шығармашылық белсенділігін; теория мен практиканың байланысын және т.б.

Жаттығулар жүйесі ұғымдарды меңгерудегі ролі бойынша 3 топқа бөлінеді, олардың әрбіреуі жаттығулардың бірнеше түрлерін қамтиды.

1. Ұғымның маңызды белгілерін анықтауға және оларды маңызды емес белгілерінен ажыратуға арналған жаттығулар:

1) ұғымның маңызды емес белгілерін әр түрлі формада өзгертіп көрсетуге арналған жаттығулар;

2) ұғымның берілген белгілерінің ішінен оның маңызды белгілерін таңдауға арналған жаттығулар;

3) контробразды қолдануға арналған жаттығулар;

4) ұғымның анықтамасын немесе оның маңызды белгілерін көрсетуді талап ететін сұрақтар.

Ұғымның маңызды белгілерін анықтауға және оларды маңызды емес белгілерінен ажыратуға арналған жаттығулардың ішінен ұғымдардың анықтамасын және олардың маңызды белгілерін санап көрсетуге арналған сұрақтардың ролі зор. Ондай сұрақтарға: „...деген не?“, „қандай жағдайда байқалады?“, „... қайда қолданылады?“ және т.с.с, берілген әртүрлі анықтамалардың ішінен дұрыс анықтаманы табуға арналған жұмыстарды қосуға болады. Мұндай сұрақтар оқулықта, есеп және жаттығулар жинақтарында жеткілікті мөлшерде берілгендіктен, ұғымның анықтамаларын талдауға арналған сұрақтардан ғана мысал келтірдік.

*Қандай энергия кинетикалық деп аталады?*

А) Әрекеттесуші денелердің өзара немесе дененің бөліктерінің өзара әсері мен анықталатын энергия.

Ә) Дененің қозғалыс себебінен ие болатын энергия

Б) Қыздырылған дене ие болатын энергия

В) Деформацияланған дене ие болатын энергия

*Жерден көтерілген дененің потенциалдық энергиясы қандай шамаларға тәуелді?*

А) Тек дененің массасына.

Ә) Тек дененің көтерілу биіктігіне.

Б) Дененің массасы мен көтерілу биіктігіне.

В) Дененің массасы мен жылдамдағына.

2. Қандай да бір белгілері бойынша ұқсас ұғымдарды бір-бірінен ажыратуға арналған жаттығулар.

Ұқсастықты табыңыз: 1 – Кинетикалық энергия; 2 – Потенциалдық энергия; 3 – Қуат; 4 – Жұмыс.

a.  $mgh$     b.  $\frac{kx^2}{2}$     c.  $F \cdot S$     d.  $\frac{mv^2}{2}$     e.  $\frac{A}{t}$

А) 1- a, b; 2-d; 3-e; 4-c    Ә) 1- d; 2-a, b; 3-e; 4-c

Б) 1- b, d; 2-a; 3-e; 4-c    В) 1- b, d; 2-a; 3-c; 4-e

Г) 1- d; 2-a; 3-e; 4-c

Жауаптарының варианттары қоса берілген сұрақтар. Қойылған сұрақ жауабында ұғым белгілерінің тізбесі көрсетіледі. Ол белгілердің ішінен тиісті ұғымның белгісін таңдап алу ұсынылады. Мысалы, төменде келтірілген әрекеттердің қайсысында дененің (мұз, су) ішкі энергиясы өзгермейді?

А) мұз кесегін тоңазытқыштан алып, тарелкаға салады;

Ә) мұз кесегі тарелкада 0°C-қа дейін қызады;

Б) 0°C температурада мұз ериді;

- В) пайда болған суды шәугімге құяды;  
 Г) шәугімдегі суды қайнатады.

3. Ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтауға арналған жаттығулар.

*Бақылаулар және тәжірибелер.* Бұл оқушылар тарапынан сабақ кезінде зертханалық жұмыстарды орындауда, өз беттерінше тәжірибелерді жасау барысында, мұғалімнің тәжірибелерді демонстрациялауында атқарылуы тиіс.

*Формулаларды талдау және формулаларды талдау жасау барысында* оқушылар бірнеше түсініктердің арасындағы байланыстарды және физикалық шамалардың арасындағы тәуелділіктердің сипатын анықтайды. Энергияның негізгі қасиетін мына тұжырымдамамен жеткізуге болады: «жүйенің энергиясы оның күйінің бір мәнді функциясы болып табылады». Ал жүйенің күйі оның параметрлерімен анықталады. Мысалы, жоғары көтерілген дененің потенциалдық энергиясы ( $W_n$ )-оның көтерілу биіктігінің ( $h$ ) функциясы ( $W_n = mgh$ ); сол сияқты қозғалыстағы дененің кинетикалық

энергиясы ( $W_k$ ) оның жылдамдығының ( $v$ ) функциясы ( $W_k = \frac{mv^2}{2}$ ) болып табылады.

*Жауаптары қоса берілген сұрақтар.*

Мысалы, төменде келтірілген жағдайлардың қайсысында жүйенің ішкі энергиясы механикалық жұмыс есебінен өзгере алады?

- А) соғу кезіндегі қорғасын кесектің қызуы;  
 Ә) теңіз суының дауылдан кейін қызуы;  
 Б) станокта өңдеу кезінде бөлшектің қызуы;  
 В) ыдыстағы ыстық шайға салынған қасықтың қыздырылуы.

Болат шардың ішкі энергиясы артады, егер ...

- А) шарды 2м биіктікке көтеріп қойса;  
 Ә) шарды 2°C-қа қыздырса;  
 Б) шардың жылдамдығын 2м/с-ке арттырса;  
 В) 2см-ге созылатын серіппеге іліп қойса;  
 Г) дененің ішкі энергиясы тұрақты шама.

*Сурет түрінде берілген сұрақтар (есептер).* Ұғымдарды қалыптастырудың алғашқы кезеңінде сурет түрінде берілген есептерді шығару ұғымдар арасындағы өзара байланыстарды анықтауда ерекше шарт болып табылады.

Мысалы, 1-суретте берілген денелердің потенциалдық энергияларын салыстырыңыз.


$$E_1 = m_1 g h_1 = 3 \text{ кг} \cdot 10 \text{ м/с}^2 \cdot 2 \text{ м} = 60 \text{ Дж};$$

$$E_2 = m_2 g h_2 = 1 \text{ кг} \cdot 10 \text{ м/с}^2 \cdot 5 \text{ м} = 50 \text{ Дж};$$

$$E_3 = m_3 g h_3 = 2 \text{ кг} \cdot 10 \text{ м/с}^2 \cdot 3 \text{ м} = 60 \text{ Дж}.$$

*Жауабы:*  $E_1 = E_3 > E_2$

Графиктерді тұрғызу және талдау. Ұғымдардың өзара байланыстарын дәл анықтаудың негізгі шарттарының бірі графиктерді тұрғызу және оны талдау болып табылады. Массасы 1 кг денені Жер бетінен Ай бетіне жеткізу үшін сыртқы күш қандай жұмыс жасау керек. Алдымен Жер және Айды қосатын түзудің бойынан екі аспан денесінің денені тарту күшінің тең болатын нүктесін табамыз.



Сурет 1.

Жер массасы Ай массасынан 81 есе үлкен, демек іздеп отырған нүкте Айдың центріне Жер центріне қарағанда 9 есе жақын орналасқан. Демек бұл нүкте (С нүктесі) Жер центрінен

$384000 \cdot 0,9 = 345600 \text{ км} \approx 54R_{\text{ж}}$ , ал ай центрінен  $38400 \text{ км} \approx 22R_A$ . «Жер-дене» және «Ай - дене» жүйелердің байланыс энергиялары С нүктесінде нольге жақын, өйткені:


$$\frac{GmM_{\text{ж}}}{R_{\text{ж}}} \gg \frac{GmM_{\text{ж}}}{54R_{\text{ж}}} \quad \text{және} \quad \frac{GmM_A}{R_A} \gg \frac{GmM_A}{22R_A}$$

$$M_{\text{ж}} = 6 \cdot 10^{24} \text{ кг}, \quad M_A = 7,35 \cdot 10^{22} \text{ кг}, \quad m = 1 \text{ кг}, \quad l = 384 \cdot 10^{-11} \text{ км}.$$

1 – Жер және Ай центрлерінің ара қашықтығы. Жер мен Айдың қортқы тартылыс өрісінде орналасқан дененің потенциалдық энергиясының теңдеуі мынандай түрде болады:

$$U(r) = -Gm \left( \frac{M_{\text{ж}}}{r} + \frac{M_A}{|r-l|} \right)$$

Mathcad 14 пакетін қолдана отырып Жер және Ай аспан денелері үшін «потенциалдық шұңқырларды» саламыз (2-сурет) [4].



Сурет 2.

2-суреттегі Жер мен Айдың қортқы тартылыс өрісінде орналасқан дененің потенциалдық энергиясының графигін талдай отырып мынандай тұжырым жасаймыз: денені Жер бетінен Ай бетіне жеткізу үшін алдымен оны Жердің потенциалдық шұңқырынан шығарып аламыз да, жайлап Айдың потенциалдық шұңқырына түсіреміз. Денені Жердің потенциалдық шұңқырынан шығару үшін сыртқы күш  $Gm \frac{M_{\text{ж}}}{R_{\text{ж}}}$  шамаға тең жұмыс, ал жайлап Ай бетіне түсіру үшін  $Gm \frac{M_A}{R_A}$  жұмыс жасауы қажет.

Сонда сыртқы күш мынандай жалпы жұмыс жасайды:

$$A = Gm \left( \frac{M_{\text{ж}}}{R_{\text{ж}}} + \frac{M_A}{R_A} \right) \approx 1,28 \cdot 10^6 \text{ Дж}.$$

*Элементар есептерді шығару.* Мұндай жаттығулардың мақсаты оқушылардың санасында қалыптасқан ұғымның мазмұнын, олардың өзара байланыстарын бекіту болып саналады. Мұнда оқушыларға мазмұны және шығарылуы онша қиын емес тапсырмалар беріледі. Мұндай жаттығулар оқушылардың алған білімдерін практикалық мақсаттағы мәселелерді шешуге қолдануда үлкен рөл атқарады. Мұндай жаттығулар оқулықта жеткілікті мөлшерде берілгендіктен оған кеңірек тоқталғанымыз жоқ. Ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтауға арналған жұмыстардың ең маңыздыларының бірі – берілген мәселеге теріс мәселелерді құру болып саналады. Мектепте есеп шығару ісі есептің шартындағы қойылған сұраққа тура жауап берумен ғана шектеледі. Біздің байқаулар және эксперименттік тексерулер ол істі одан әрі өркендетудің қажет екенін көрсетті.

*Сұрақ түріндегі жаттығулар.* Ұғымдар арасындағы байланыстарды анықтауда, ұғымдарды практикада қолдануда, біріншісімен екіншісінің байланысын анықтауда сұрақ түріндегі жаттығулардың орындалуы өте маңызды. Ондай сұрақтарға: „Егер ... болса .... қалай өзгереді?“, „...болуы үшін, не істеу керек?“, „не үшін мынадай“ және т.б. қосуға болады. Бұл сияқты сұрақтарда



ұғымның басқа ұғымдармен байланысын білулері талап етіледі. Оларға жауап беру барысында оқушылар білімдерін толықтырады және белгілі мөлшерлерде түзетулер енгізеді [5].

Сонымен, «Энергия» ұғымын қалыптастыруда және дамытуда жаттығулар жүйесін пайдалану оқушылардың алған білімдерін бекітіп, іскерліктерін, дағдыларын әрі қарай қалыптастырудың негізі болып табылады.

*Пайдаланылған әдебиттер тізімі:*

1 Құдайқұлов М.А., Жаңабергенов Қ. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. - А.:Рауан, 1998.- 310 б.

2 Ерженбек Б. Орта мектепте және педагогикалық ЖОО-ында «Ішкі энергия» ұғымын қалыптастыру мен оны дамытудың әдістері. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы. – 2017ж. –№4(60),–122-126б.

3 Мамбетақұнов Э. Илмий түшүнуктерден педагогиканын методологиясына чейин. Б.:Техник ББ., 2015.-383 б.

4 Мукуцев Б.А. «Энергия связи» в задачах // Потенциал. – 2011.-№11.

5 Сыдықова Ж.Қ. Физикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. - Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, 2015.

УДК 521.1

МРНТИ 41.03.02

*М.Дж. Минглибаев<sup>1</sup>, Т.М. Жумабек<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> д.ф.-м.н, профессор, КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> PhD докторант кафедрасы механики КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

## **О РАВНОБЕДРЕННЫХ РЕШЕНИЯХ КЛАССИЧЕСКОЙ ПЛОСКОЙ КРУГОВОЙ ОГРАНИЧЕННОЙ ЗАДАЧИ ТРЕХ ТЕЛ**

*Аннотация*

В работе исследуется классическая плоская круговая ограниченная задача трех тел. Дифференциальные уравнения движения написаны в барицентрической системе координат. По известной схеме вводится безразмерные переменные. Точные частные решения этих безразмерных уравнений ищется в специальной форме. Эта форма обобщает решения Лагранжа рассматриваемой задачи в виде равностороннего треугольника, на решение в виде равнобедренного треугольника. Найдены новые решения плоской круговой ограниченной задачи трех тел в форме равнобедренного треугольника переменной высоты. Для определения безразмерной высоты равнобедренного треугольника получена система дифференциальных уравнений. Приведены три типа решения системы дифференциальных уравнении описывающие высоту равнобедренного треугольника.

На основе интеграла Якоби анализированы области возможных движения и определены начальные условия найденных решений.

**Ключевые слова:** ограниченная задача трех тел, равнобедренные решения.

*Аңдатпа*

*М.Дж. Минглибаев<sup>1</sup>, Т.М. Жумабек<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> ф.-м.ғ.д., профессор, ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> ал-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторанты, Алматы қ., Қазақстан

## **КЛАССИКАЛЫҚ ЖАЗЫҚТЫҚ ШЕҢБЕРЛІК ШЕКТЕЛГЕН ҮШ ДЕНЕ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕҢБҮЙІРЛІ ШЕШІМДЕРІ ТУРАЛЫ**

Бұл жұмыста классикалық жазық шеңберлік шектелген үш дене мәселесі зерттелінді. Қозғалыстың дифференциалдық теңдеулері барицентрлік санақ жүйесінде жазылды. Белгілі әдіс арқылы өлшем бірлігі жоқ айнымалылар енгізілді. Өлшем бірлігі жоқ айнымалылар арқылы жазылған теңдеулердің нақты дербес шешімдері арнаулы түрде іделінеді. Бұл шешімдердің арнаулы түрі белгілі Лагранж теңқабырғалы үшбұрышты шешімдерін жалпылайды. Жалпыланған шешімдер теңбүйірлі үшбұрыш пішінді болып табылады.

Шектелген жазықтық шеңберлік үш дене мәселесінің биіктігі айнымалы теңбүйірлі үшбұрыш түрінде жаңа шешімдері табылды. Теңбүйірлі үшбұрыштың өлшемсіз биіктігін табу үшін дифференциалдық теңдеулер жүйесі алынды. Үшбұрыштың биіктігін сипаттайтын дифференциалдық теңдеулер жүйесінің үш түрлі шешімдері келтірілген. Якоби интегралының негізінде, мүмкін қозғалыс аймағы талданды және табылған шешімдердің бастапқы шарттары анықталынды.

**Түйін сөздер:** шектелген үш дене мәселесі, теңбүйірлі шешімдер.

Abstract

**ABOUT ISOSCELES SOLUTIONS OF THE CLASSICAL PLANAR CIRCULAR RESTRICTED THREE-BODY PROBLEM**

Minglibayev M.Zh.<sup>1</sup>, Zhumabek T.M.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Dr.Sci.(Phys-Math), Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> PhD student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

In this work the planar circular restricted three-body problem is studied. Differential equations of motion have been written in the barycentric reference frame. Via well-known methods, there have been introduced dimensionless variables. Exact particular solutions of these equations are searched in the special form. These solutions generalize the Lagrange equilateral solutions into isosceles solutions. We found out new solutions of problem in the form of isosceles triangle with variable height. In order to determine dimensionless height of isosceles triangle, we obtained differential equations system. We presented three types of solutions of differential equations system describing height of isosceles triangle. Based on Jacobi integral, we analyze possible motions regions and we define initial conditions of obtained solutions.

**Keywords:** restricted three-body problem, isosceles solution.

**1. Введение.** В классической небесной механике и в современной теории движения искусственных небесных тел [1],[2] ограниченная задача трех тел имеет много приложений. Известно пять частных точных решения – точки либрации, при произвольных значениях масс основных тел. В случае, когда массы основных тел равны между собой задача допускает равнобедренные решения. Нахождение новых точных частных решения задачи при произвольных значениях масс основных тел актуальная проблема.

**2. Постановка задачи.** Уравнения движения плоской ограниченной задачи трех тел в не вращающейся (сидерической) инерциальной барицентрической системе координат широко известна в виде

$$\frac{d^2 x_2}{dt^2} = f \left( m_1 \frac{x_1 - x_2}{\Delta_{21}^3} + m_3 \frac{x_3 - x_2}{\Delta_{23}^3} \right), \quad \frac{d^2 y_2}{dt^2} = f \left( m_1 \frac{y_1 - y_2}{\Delta_{21}^3} + m_3 \frac{y_3 - y_2}{\Delta_{23}^3} \right), \quad (2.1)$$

$$x_1 = \frac{m_3}{m_3 + m_1} r \cos \theta, \quad y_1 = \frac{m_3}{m_3 + m_1} r \sin \theta, \quad m_3 \geq m_1, \quad (2.2)$$

$$x_3 = -\frac{m_1}{m_3 + m_1} r \cos \theta, \quad y_3 = -\frac{m_1}{m_3 + m_1} r \sin \theta, \quad (2.3)$$

$$\Delta_{21} = [(x_2 - x_1)^2 + (y_2 - y_1)^2]^{1/2}, \quad \Delta_{23} = [(x_2 - x_3)^2 + (y_2 - y_3)^2]^{1/2}, \quad (2.4)$$

где  $r, \theta$  - решение дифференциального уравнения движения задачи двух основных тел в относительной системе координат

$$r_{31} = r = \frac{p}{1 + e \cos \theta}, \quad r^2 \dot{\theta} = c_{31} = c = const, \quad (2.5)$$

$$p = a(1 - e^2), \quad c^2 = \mu p, \quad \mu = f(m_1 + m_3) \quad . \quad (2.6)$$

В настоящей работе рассмотрим случай

$$c = x_{31}(t_0) \left( \frac{dy_{31}}{dt} \right)_0 - y_{31}(t_0) \left( \frac{dx_{31}}{dt} \right)_0 \neq 0, \quad c > 0. \quad (2.7)$$

Тогда, траектория задачи двух тел (2.5) может быть окружностью ( $e = 0$ ), эллипсом ( $0 < e < 1$ ), параболой ( $e = 1$ ) или гиперболой ( $e > 1$ ). Соответственно, ограниченная задача трех тел может быть круговой, эллиптической, параболической или гиперболической ограниченной задачей трех тел.

Рассмотрим наиболее изученный случай – плоскую круговую ограниченную задачу трех тел. Требуется найти новые точные частные аналитические решения.

**3. Уравнение движения плоской круговой ограниченной задачи трех тел в безразмерных переменных.** Пусть относительная орбита основных двух тел круговая. Тогда

$$(e = 0), \quad r = p = a(1 - e^2) = a. \quad (3.1)$$

Следуя [1], [2] введем безразмерные переменные  $\tilde{x}$ ,  $\tilde{y}$  и новую независимую переменную  $\tau$  по формулам

$$\frac{x_2}{a} = \tilde{x}_2 = \tilde{x}, \quad \frac{y_2}{a} = \tilde{y}_2 = \tilde{y}, \quad \frac{r_{31}}{a} = \tilde{r}_{31} = \tilde{r} = 1, \quad (3.2)$$

$$\frac{m_1}{m_3 + m_1} = \tilde{m}_1 = m, \quad \frac{m_3}{m_3 + m_1} = \tilde{m}_3 = 1 - m, \quad 0 < m \leq \frac{1}{2}. \quad (3.3)$$

$$\tau = nt = \theta, \quad n = \frac{\sqrt{f(m_3 + m_1)}}{a^{3/2}} = const. \quad (3.4)$$

Тогда уравнение движение плоской круговой ограниченной задаче трех тел (2.1) в не вращающейся инерциальной барицентрической (сидерической) системе координат в безразмерных переменных  $\tilde{x}$ ,  $\tilde{y}$ ,  $\tau$  имеют вид

$$\frac{d^2\tilde{x}}{d\tau^2} = m \frac{\tilde{x}_1 - \tilde{x}}{\tilde{\Delta}_{21}^3} + (1-m) \frac{\tilde{x}_3 - \tilde{x}}{\tilde{\Delta}_{23}^3}, \quad \frac{d^2\tilde{y}}{d\tau^2} = m \frac{\tilde{y}_1 - \tilde{y}}{\tilde{\Delta}_{21}^3} + (1-m) \frac{\tilde{y}_3 - \tilde{y}}{\tilde{\Delta}_{23}^3}, \quad (3.5)$$

где

$$\tilde{x}_1 = (1-m)\cos\tau, \quad \tilde{y}_1 = (1-m)\sin\tau, \quad \tilde{x}_3 = -m\cos\tau, \quad \tilde{y}_3 = -m\sin\tau, \quad (3.6)$$

$$\tilde{\Delta}_{21} = [(\tilde{x}_1 - \tilde{x})^2 + (\tilde{y}_1 - \tilde{y})^2]^{1/2}, \quad \tilde{\Delta}_{23} = [(\tilde{x}_3 - \tilde{x})^2 + (\tilde{y}_3 - \tilde{y})^2]^{1/2}. \quad (3.7)$$

**4. Поиск возможных равнобедренных решений.** Точные частные аналитические решения системы дифференциальных уравнений (3.5) ищем в следующем виде

$$\tilde{x} = \xi^* \cos\tau - h \sin\tau, \quad \tilde{y} = \xi^* \sin\tau + h \cos\tau, \quad (4.1)$$

$$\frac{d\tilde{x}}{d\tau} = -\left(\xi^* + \frac{dh}{d\tau}\right) \sin\tau - h \cos\tau, \quad \frac{d\tilde{y}}{d\tau} = \left(\xi^* + \frac{dh}{d\tau}\right) \cos\tau - h \sin\tau, \quad (4.2)$$

$$\xi^* = \frac{m_3 - m_1}{2(m_3 + m_1)} = \frac{1}{2}(1 - 2m) = const, \quad h = h(\tau), \quad h_0 = (h(\tau))_{\tau=\tau_0}. \quad (4.3)$$

При этом  $h = h(\tau)$  безразмерная величина, которую необходимо определить. Согласно (4.1) и (3.6), из (3.7) имеем

$$\tilde{\Delta}_{21} = [(\tilde{x}_1 - \tilde{x})^2 + (\tilde{y}_1 - \tilde{y})^2]^{1/2} = \left(\frac{1}{4} + h^2\right)^{1/2}, \quad (4.4)$$

$$\tilde{\Delta}_{23} = [(\tilde{x}_3 - \tilde{x})^2 + (\tilde{y}_3 - \tilde{y})^2]^{1/2} = \left(\frac{1}{4} + h^2\right)^{1/2}. \quad (4.5)$$

Поэтому искомые возможные аналитические решения в виде (4.1) – (4.3) являются решениями, когда три тела образуют равнобедренный треугольник, на вершине которого находится безмассовое тело. В этом случае  $h = h(\tau)$  является безразмерной высотой равнобедренного треугольника.

**5. Определения высоты равнобедренного треугольника.** Подставляя аналитические выражения (4.1) - (4.2) и (4.4) - (4.5) в уравнения (3.5) получим следующую систему уравнений

$$\frac{dh}{d\tau} = \frac{\xi^*}{2} \left[ \frac{1}{(h^2 + 1/4)^{3/2}} - 1 \right], \quad \frac{d^2h}{d\tau^2} = - \left[ \frac{1}{(h^2 + 1/4)^{3/2}} - 1 \right] h. \quad (5.1)$$

Отметим, что полученная система уравнений (5.1), фактически, является системой дифференциальных уравнений движения плоской круговой ограниченной задачи трех тел в барицентрической вращающиеся (синодической) системе координат в переменных Нехвилла  $(\xi, \eta)$  [1], [2], где решения ищется в виде

$$\xi = \xi^* = \frac{m_3 - m_1}{2(m_3 + m_1)} = \frac{1}{2}(1 - 2m) = const, \quad \eta = h(\tau) \quad (5.2)$$

откуда следует равнобедренность треугольника, образованного тремя телами, на вершине которого находится безмассовое тело

$$\Delta_{21} = \left( \frac{1}{4} + h^2(\tau) \right)^{1/2} = \Delta_{23} = \Delta. \quad (5.3)$$

Система дифференциальных уравнений (5.1), описывает динамическую систему с одной степенью свободы, которая интегрируема.

## 6. Интегралы системы дифференциальных уравнений (5.1).

### 6.1. Интеграл Якоби. Из второго уравнения (5.1) следует интеграл Якоби

$$\left( \frac{dh}{d\tau} \right)^2 = \frac{2}{(h^2 + 1/4)^{1/2}} + h^2 - J_0, \quad (6.1)$$

$$J_0 = \left( \frac{2}{(h_0^2 + 1/4)^{1/2}} + h_0^2 \right) - \left( \frac{dh}{d\tau} \right)_0^2 = const \quad (6.2)$$

постоянная интеграла Якоби, когда переменной величиной является безразмерная высота равнобедренного треугольника

**6.2. Интеграл системы дифференциальных уравнений (5.1) определяющей траекторию.** Из системы уравнений (5.1) получим

$$\xi \frac{dh}{d\tau} + h^2 = c_1, \quad c_1 = \xi \left( \frac{dh}{d\tau} \right)_0 + h_0^2 = const. \quad (6.3)$$

Значения постоянной  $c_1$  определяется из области возможных движений по интегралу Якоби (6.1) - (6.2), согласно соответствующим начальным условиям. Интеграл (6.3) определяет траекторию движения на фазовой плоскости  $(h, dh/d\tau)$ .

### 7. Определение области возможного движения из интеграла Якоби.

Анализируем область возможного движения на основе интеграла Якоби (6.1) - (6.2). Обозначим

$$s = s(\tau) = \frac{dh}{d\tau}, \quad s_0 = s(0) = \left( \frac{dh}{d\tau} \right)_0, \quad (7.1)$$

$$\Delta = (h^2 + 1/4)^{1/2}, \quad \Delta_0 = (h_0^2 + 1/4)^{1/2}, \quad (7.2)$$

$$\Omega = \Omega(\Delta) = \frac{\Delta^2}{2} + \frac{1}{\Delta}, \quad \Omega_0 = \Omega(\Delta_0) = \frac{\Delta_0^2}{2} + \frac{1}{\Delta_0}. \quad (7.3)$$

Заметим, что в рассматриваемой задаче согласно (7.2) величина  $\Delta$  ограничена снизу (вырождение равнобедренного треугольника в прямую, в некоторый момент «времени»  $\tau = \tau_{**}$ ), когда  $\Delta = \Delta_{\min} = 0.5$  при  $h = h(\tau_{**}) = 0$ .

Поэтому, в области возможного движения должно быть

$$\Delta_{\min} = 0.5 \leq \Delta. \quad (7.4)$$

Интеграл Якоби (6.1) перепишем в виде

$$s^2 = 2\Omega(\Delta) - C_0, \quad (7.5)$$

где обозначена новая постоянная Якоби

$$C_0 = 2\Omega(\Delta_0) - s_0^2 = J_0 + 1/4 = const. \quad (7.6)$$

Отметим, что  $C_0 = const$  является постоянными Якоби, когда в правой части (7.5) принято обозначение (7.2) - безразмерная длина боковой стороны равнобедренного треугольника на вершине которого находится безмассовое тело.

Интеграл Якоби нашей задачи в виде (7.5), с точностью до обозначений, совпадает с интегралом Якоби задачи двух тел во вращающейся системе координат, приведенный в монографии В. Себехей [2]. На основе интеграла Якоби В. Себехей [2] подробно изучил область возможного движения задачи двух тел во вращающейся системе координат. Используя ту же схему В. Себехей [2], мы можем, совершенно аналогично, найти области возможных движения в нашей задаче.

Перепишем интеграл Якоби нашей задачи (7.5) в следующей форме (детали см. [2], стр. 167-172)

$$s^2 = 2\Omega(\Delta) - 2\Omega(\Delta_H), \quad (7.7)$$

$$\text{где } \Delta_H = const > 0. \quad (7.8)$$

$$\text{При } \Delta = \Delta_H \quad (7.9)$$

из интеграла Якоби (7.7) следует, что

$$s^2 = s^2(\Delta_H) = 0. \quad (7.10)$$

По этой причине (7.9) определяет кривую нулевых скоростей в нашей задаче. Из (7.10) и (7.5) получим кривую нулевых скоростей

$$2\Omega(\Delta_H) = C_0. \quad (7.11)$$

Величина  $\Delta_H$  находится как корень кубического уравнения

$$\Delta_H^3 - C_0\Delta_H + 2 = 0. \quad (7.12)$$

Из (7.7) следует, что область возможных движений определяется неравенством

$$\Omega(\Delta) > \Omega(\Delta_H). \quad (7.13)$$

Таким образом, область возможных движений в нашей задаче определяется корнями кубического уравнения (7.12), в зависимости от значения постоянной Якоби  $C_0 = const$ . Нас интересует только положительные корни кубического уравнения (7.12).

Анализируем возможные различные три случая.

**1. Первый случай**  $C_0 < 3$ . При  $C_0 < 3$  кубическое уравнение (7.12) не имеет положительных корней. Поэтому кривая нулевых скоростей не существует, другими словами, правая часть равенства (7.5), при  $C_0 < 3$ , всегда больше нуля. Движения возможно всюду, начиная с окружности радиуса  $R_0 = \Delta_{\min} = \Delta = 0.5$ .

Например  $C_0 = 2$ , интеграл Якоби имеет вид

$$s^2 = 2\Omega(\Delta) - 2. \quad (7.14)$$

**2. Второй случай**  $C_0 = 3$ . В этом случае кубическое уравнение (7.12) имеет две положительные корни, которые совпадают

$$\Delta_H = \Delta_{H1} = \Delta_{H2} = 1. \quad (7.15)$$

Интеграл Якоби имеет вид

$$s^2 = 2\Omega(\Delta) - 3. \quad (7.16)$$

Движения возможно, начиная с окружности радиуса  $R_0 = \Delta_{\min} = \Delta = 0.5$  до  $\Delta = 1$ , а также вне единичной окружности. На единичной окружности находятся решения Лагранжа  $L_4, L_5$

$$h = \pm\sqrt{3}/2, \quad \Delta = 1, \quad C_0 = 3.$$

Если точка достигнет единичной окружности, то необходимо анализировать его на устойчивость для определение последующего движения.

**3. Третий случай**  $C_0 = const > 3$ .

**3.1.**  $3 < C_0 < 4.25$ . Пусть  $C_0 = 3.5$ .

В этом случае кубическое уравнение имеет две различные положительные корни

$$\Delta_H = \Delta_{H1} \approx 0.649832051, \quad \Delta_H = \Delta_{H2} \approx 1.459261299. \quad (7.18)$$

Область возможных движений определяются внутри кольцевой области, определяемые окружностями радиуса

$$R_0 = \Delta_{0\min} = 0.500 \quad (h = 0,00), \quad (7.19)$$

$$R_1 = \Delta_{H1} \approx 0.649832051 \quad (h_{H1} \approx 0.41506), \quad (7.20)$$

Отметим, что внутри кольцевой области  $R_0 < \Delta < R_1$  решения ограничена. Также движение возможно, вне окружности радиуса

$$R_2 = \Delta_{H2} \approx 1.459261299 \quad (h_{H2} \approx 1.3709). \quad (7.21)$$

**3.2.** При  $C_0 = 4.25$ , внутренняя кольцевая область (7.19),(7.20) стягивается в окружность

$$R_1 = \Delta_{H1} = 0.500 \quad (7.22)$$

и совпадает с минимальной величиной в (7.4). Интеграл Якоби имеет вид

$$s^2 = 2\Omega(\Delta) - 4.25. \quad (7.23)$$

Движения стационарное только на окружности  $R_1 = 0.500 = \Delta_{\min}$ . Также движение возможно вне окружности радиуса

$$R_2 = \Delta_{H2} \approx 1.765564437 \quad (h_{H2} \approx 1.6932). \quad (7.24)$$

При убывании  $C_0 = const > 3$  до значения  $C_0 = 3$  радиусы  $R_1$ ,  $R_2$  стремятся к единице и в пределе совпадают (второй случай).

**3.3.**  $C_0 > 4.25$ . В этом случае внутренняя окружность исчезает (радиус внутренней окружности становится меньше  $\Delta_{\min} = 0.5$ ), движения возможно только вне наружной окружности. Например  $C_0 = 5$ . Тогда радиус внешней окружности в точности равен  $R_2 = 2$  (радиус внутренней окружности формально – математически  $R_1 \approx 0,4142 < 0.5$ )

$$\Delta_{H1} \approx 0.4 < 0.5 \quad (h_{H1} - \text{нет}), \quad (7.25)$$

$$\Delta_{H2} = 2.0 \quad (h_{H2} \approx 1.9364). \quad (7.26)$$

Следуя [2] подчеркнем, что любая конкретная движущаяся точка нашей задачи имеет свою собственную постоянную Якоби, поэтому свои собственные кривые нулевой скорости, следовательно, собственные области возможного движения.

**8. Определение закона движения.** Дифференциальное уравнение (6.3) имеет три типа решений

$$h = h(\tau) = \frac{h_0 \xi^*}{\xi^* + h_0(\tau - \tau_0)}, \quad c_1 = 0, \quad (8.1)$$

$$h = h(\tau) = \sqrt{c_1} \operatorname{th} \left\{ \operatorname{arth} \left( \frac{h_0}{\sqrt{c_1}} \right) + \frac{\sqrt{c_1}}{\xi^*} (\tau - \tau_0) \right\}, \quad c_1 > 0, \quad (8.2)$$

$$h = h(\tau) = \sqrt{-(c_1)} \operatorname{tg} \left\{ \operatorname{arctg} \left( \frac{h_0}{\sqrt{-(c_1)}} \right) - \frac{\sqrt{-(c_1)}}{\xi^*} (\tau - \tau_0) \right\}, \quad c_1 < 0. \quad (8.3)$$

**9. Определение начальных условий и выбор типа решений в области возможных движений.**

1. Задается  $C_0$ , и определяется область возможных движений в терминах

$$\Delta = \Delta(\tau). \quad (9.1)$$

2. Определяется область возможных движений в терминах  $h^2$

$$h^2 = h^2(\tau) = \Delta^2 - 1/4. \quad (9.2)$$

3. В области возможных движений  $h^2$  выбираются начальные условия

$$h_0^2 = h_0^2(\tau_0), \quad s_0 = \left( \frac{dh}{d\tau} \right)_0 = \pm \sqrt{2\Omega(\Delta_0) - C_0}. \quad (9.3)$$

4. По выбранном начальным условиям  $h_0^2 = h_0^2(\tau_0)$  вычисляется величина

$$c_1 = \xi^* \left( \pm \sqrt{2\Omega(\Delta_0) - C_0} \right) + h_0^2. \quad (9.4)$$

5. Определяется тип решения:

$c_1 = 0$ . спиралевидное решение,

$c_1 > 0$ . решение в виде гиперболического тангенса,

$c_1 < 0$  решение в виде тригонометрического тангенса.

**10. Заключение.** Установлены новые точные частные аналитические решения плоской круговой ограниченной задачи трех тел в виде равнобедренного треугольника переменной высоты. Анализированы области возможного движения на основе интеграла Якоби и определены соответствующие начальные условия. Предварительные результаты были изложены в работах [3]-[4]. Далее планируется сравнение найденных аналитических решений с численными решениями в соответствующих начальных условиях.

#### Список использованной литературы:

- 1 Маркеев А.П. Точки либрации в небесной механике и космодинамике. – М.: Наука, 1978. – 312 с.
- 2 Себехей В. Теория орбит. Ограниченная задача трех тел. М.: Наука, 1982 г. – 656 с.
- 3 Минглибаев М.Дж., Жумабек Т.М. Новые уравнение движение ограниченной задачи трех тел в специальной неинерциальной системе координат. // Вестник Казахского Национального педагогического университета им. Абая, серия «физ.мат. науки» №1 (49), 2015 стр. 62-68.
- 4 Минглибаев М.Дж., Жумабек Т.М. О равнобедренных решениях ограниченной задачи трех тел // Тезисы докладов международной научной конференции «Актуальные проблемы информатики, механики и робототехники. Цифровые технологии в машиностроении». – Алматы, 2018. – С. 114–115.

УДК 537.311; 519.68  
МРНТИ 29.01; 27.41.23

Б.А. Мукушев

*п.э.д., профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
Астана, Қазақстан*

### ФИЗИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС ЭНЕРГИЯСЫ

#### Аңдатпа

Байланыс энергиясы - денелердің өзара әрекеттесуін жан-жақты сипаттайтын әмбебап түсініктердің бірі болып табылады. Жүйенің байланыс энергиясы - потенциалдық энергияның бір түріне жатады. Байланыс энергиясы заңдылықтары өзара әрекеттесуде болатын (дәлірек айтқанда, өзара тартылуда болатын) денелерден немесе бөлшектерден тұратын табиғаты әр түрлі жүйелерді зерттеу үшін кеңінен қолданылады. Денелер арасындағы өзара әрекет механизмі жан-жақты қарастырылған. Байланыс энергиясының графикалық суреттемесін потенциалдық шұңқыр деп атайды. Мақалада физикалық денелер жүйесіндегі байланыс энергияларының заңдылықтарын MathCAD қолданбалы программалар пакеті көмегімен зерттеу нәтижелері баяндалған. Физикалық жүйе ретінде гравитациялық тартылыс өрісінде және электростатикалық өрісте орналасқан денелер мен зарядталған бөлшектер қарастырылған. Потенциалдық өріс жасап тұрған денелер үшін суперпозиция принципі қолданылған. Мақалада компьютерлік зерттеулердің теориялық нәтижелері мен космонавтикадағы жетістіктер салыстырыла отырып баяндалған.

**Түйін сөздер:** байланыс энергиясы, потенциалды энергия, потенциалдық шұңқыр, ионизация энергиясы, масса ақауы, MathCAD қолданбалы программалар пакеті.

Аннотация  
Б.А.Мукушев

д.п.н., профессор Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина,  
Астана, Казахстан

### ЭНЕРГИЯ СВЯЗИ В ФИЗИЧЕСКИХ СИСТЕМАХ

Энергия связи – одно из универсальных понятий, связывающее воедино физические взаимодействия. Энергия связи, как одна из трактовок потенциальной энергии, имеет широкое применение для исследования различных по природе систем, состоящих из взаимодействующих (точнее, взаимопритягивающих) тел или частиц. Подробно рассмотрен механизм взаимодействия между телами. Графическую интерпретацию энергии связи называют потенциальной ямой.

В статье представлены результаты исследования явления энергии связи посредством пакета прикладных программ MathCAD. В качестве физической системы рассмотрены тела и заряженные частицы в полях гравитационного и электрического притяжения. Использован принцип суперпозиции для расчета потенциала поля, созданного несколькими телами. В статье представлены выводы, полученные на основе сравнительного анализа между теоретическими результатами компьютерных исследований и достижениями в космонавтике.

**Ключевые слова:** энергия связи, потенциальная энергия, потенциальная яма, энергия ионизации, дефект масс, пакет прикладных программ MathCAD.

Abstract

### BINDING ENERGY IN PHYSICAL SYSTEMS

B.A.Mukushev

Ph.D., professor of the Kazakh Agrotechnical University. S.Seifullin, Astana, Kazakhstan

Binding energy is one of the universal concepts that binds together physical interactions. Binding energy is categorized as potential energy. It is widely used to study systems of different nature. The mechanism of interaction between the bodies is examined in detail. The graphical interpretation of the binding energy is called a potential well.

The article presents the results of the study of the phenomenon of binding energy through the application package MathCAD. As a physical system, bodies and charged particles in the fields of gravitational and electric attraction are considered. The principle of superposition is used to calculate the field potential. The article presents a comparative analysis between the theoretical results of computer research and advances in astronautics.

**Keywords:** binding energy, potential energy, potential well, ionization energy, mass defect, MathCAD software package.

**Кіріспе** Физикалық денелер жүйесіндегі байланыс энергиясы құбылысының айырықша ерекшелігі оның теріс шама болғандығында. Дененің, немесе бөлшектің энергиясының терістігі - ол дененің басқа денемен (бөлшекпен) немесе денелермен (бөлшектермен) байланысқан күйде екенін білдіреді. Денені басқа денелердің тартуынан «босату» үшін, ол дененің энергиясын нөлге дейін өсіру қажет. Мұндай жағдайда төмендегі физикалық нысандар бола алады: Жер мен дене арасындағы өзара әрекеттесу, атомдардағы кулондық күш, нақты газдардағы ван-дер-ваальс күштері, кристалдардағы атомдар мен молекулалардың өзара әрекеттесуі, сұйықтықтағы беттік керілу құбылысы және т.б.

Табиғи жүйелердің тұрақтылығын зерттеуде кеңінен қолданылатын минималды потенциалдық энергия принципі байланыс энергиясы ұғымымен тікелей байланысты. Бұл принцип бойынша жүйе басқа ықтимал жағдайлармен салыстырғанда минимал потенциалдық энергияға ие болса, онда жүйе орнықты тепе-теңдікте болады. Бұл жағдайда дене немесе бөлшек тереңдігі олардың байланыс энергиясындай *потенциалдық шұңқырдың* түбінде орналасқаны айтылады. Демек, дене өзін тартып тұрған басқа денеден шексіз қашықтықта орналасса, онда оның максималды потенциалдық энергиясы нөлге тең. Бұл жағдайда дене (немесе бөлшек) потенциалдық «шұңқырдан» шығып кетті дейді [1-4].

Енді әр түрлі физикалық жүйелерде кездесетін байланыс энергиясы құбылысына қатысты нақты мысалдарға талдау жасаймыз және осы құбылысты MathCAD қолданбалы программалар пакеті көмегімен зерттейміз.

#### 1. Механикадағы байланыс энергиясы

**Мысал 1.** Жер және Жер центрінен  $r$  қашықтықта орналасқан массасы  $m = 1$  кг дене арасындағы байланыс энергиясын табу керек. Жердің массасы  $M = 6 \cdot 10^{24}$  кг, ал радиусы  $R_{ж} = 6,4 \cdot 10^6$  м. ( $r \geq R_{ж}$ ).

**Талдау.** «Жер-дене» оңашаланған жүйенің байланыс энергиясы дененің Жер тартылыс өрісіндегі потенциалдық энергиясы болады. Бұл энергия Жер центрінен  $r$  қашықтықта орналасқан денені өте үлкен қашықтыққа көшіруге қажетті жұмысқа тең. Денеге үнемі Жер центріне қарай бағытталған  $F = G \frac{mM}{r^2}$  күші әсер етеді.




Сонда осы жұмыс шамасы мынаған тең болады:

$$A_{\infty} = - \int_r^{\infty} F dr = - \int_r^{\infty} G \frac{mM}{r^2} dr = - \frac{GmM}{r} = U(r)$$

$\vec{F}$  және  $\vec{dr}$  бағыттары бойынша өзара қарсы болғандықтан интеграл алдына минус таңбасы қойылады. Демек, Жер бетіне орналасқан дененің байланыс энергиясы:

$$U(R_{жк}) = - \frac{GmM}{R_{жк}}$$

Бұл теңдеу «Жер-дене» оңашаланған жүйенің байланыс энергиясы болып табылады. Өрнек алдындағы минус таңбасы дененің Жер тартылыс өрісінің потенциалдық шұңқырында жатқанын көрсетеді (Сурет 1). Дене Жердің тартылыс өрісін жеңіп алысқа кету үшін сыртқы күштер потенциалдық шұңқырдың тереңдігіндей жұмыс жасау керек:  $A = \frac{GmM}{R_{жк}}$  Mathcad пакетін қолдана отырып «Жер-дене» жүйесі үшін потенциалдық шұңқырдың графигін саламыз [5,7].



Сурет 1. «Жер-дене» оңашаланған жүйенің байланыс энергиясының графигі

**Мысал 2.** Массасы 1 кг денені Жер бетінен Ай бетіне жеткізу үшін сыртқы күш қандай жұмыс жасау керек.

**Талдау.** Алдымен Жер және Айды қосатын түзудің бойынан екі аспан денесінің денені тарту күшінің тең болатын нүктесін табамыз. Жер массасы Ай массасынан 81 есе үлкен, демек іздеп отырған нүкте Айдың центріне Жер центріне қарағанда 9 есе жақын орналасқан. Демек бұл нүкте (С нүктесі) Жер центрінен


$384000 \times 0,9 = 345600 \text{ км} \approx 54 R_{жк}$ , ал ай центрінен  $384000 \text{ км} \approx 22 R_A$ . «Жер-дене» және «Ай - дене» жүйелердің байланыс энергиялары С нүктесінде нольге жақын, өйткені:

$$\frac{GmM_{жк}}{R_{жк}} \gg \frac{GmM_{жк}}{54R_{жк}} \quad \text{и} \quad \frac{GmM_A}{R_A} \gg \frac{GmM_A}{22R_A}$$

$M_{жк} = 5,98 \cdot 10^{24} \text{ кг}$ ,  $R_{жк} = 6,37 \cdot 10^6 \text{ м}$ ,  $M_A = 7,33 \cdot 10^{22} \text{ кг}$ ,  $R_A = 1,74 \cdot 10^6 \text{ м}$ ;  $m = 1 \text{ кг}$ ,  $l = 3,84 \cdot 10^8 \text{ м}$   
 $l$  – Жер және Ай центрлерінің ара қашықтығы. Жер мен Айдың қортқы тартылыс өрісінде орналасқан дененің потенциалдық энергиясының теңдеуі мынандай түрде болады:

$$U(r) = - Gm \left( \frac{M_{жк}}{r} + \frac{M_A}{|r-l|} \right)$$

Mathcad пакетін қолдана отырып Жер және Ай аспан денелері үшін «потенциалдық шұңқырларды» саламыз. (Сурет 2).



Сурет 2. «Жер - Ай және дене» оңашаланған жүйенің байланыс энергиясының графигі

2 суреттегі Жер мен Айдың қортқы тартылыс өрісінде орналасқан дененің потенциалдық энергиясының графигін талдай отырып мынандай тұжырым жасаймыз:

1 тұжырым: Денені Жер бетінен Ай бетіне жеткізу үшін бірінші кезеңде оған Жер бетінде екінші космостық жылдамдық (немесе  $Gm \frac{M_ж}{R_ж}$  шамасына тең кинетикалық энергия) берсек жеткілікті. Сонда дене Жер және Ай аралығындағы С нүктесіне өте аз жылдамдықпен жетеді де Ай бетіне құлап түседі. 1959 жылы 14 қыркүйекте 00.02.24 уақытта Жер бетінен ұшырылған «Луна - 2» станциясы адамзат тарихында бірінші рет Ай бетіне жетті. Дәлірек айтқанда, станция Ай бетіне 3,3 км/с (Ай үшін дененің екінші космостық жылдамдығы) жылдамдықпен соғылып, ұсақ бөлшектерге ыдырап кетті. Станция соғылған орында үлкен кратер пайда болды.

2 тұжырым: Ай бетіне «жұмсақ» қону үшін Айдың денені өзіне тартуы нәтижесінде пайда болған жылдамдықты өте аз шамаға дейін азайту керек. Яғни дене Ай бетіне тұрақты және шамалы жылдамдықпен қонатын жағдай жасау қажет. Мұндай жағдайды арнаулы двигательдер («тормоздық» двигатель) жасайды. Арнаулы двигательдің жасайтын жұмысы осы денені Ай бетінен С нүктесіне дейін жеткізуге қажетті жұмысқа тең. Демек денені Ай бетіне «жұмсақ» қондыру үшін арнаулы двигатель (немесе сырқы күш)  $Gm \frac{M_А}{R_А}$  шамасындай жұмыс жасауы қажет.

Массасы 1 кг денені Ай бетіне «жұмсақ» қондыру үшін оны Жердің потенциалдық шұңқырынан шығарып аламыз да, жайлап Айдың потенциалдық шұңқырына түсіреміз. Осы денені Жердің потенциалдық шұңқырынан шығару үшін сыртқы күш  $Gm \frac{M_ж}{R_ж} \approx 6,26 \cdot 10^7$  Дж шамаға тең жұмыс, ал жайлап Ай бетіне түсіру үшін  $Gm \frac{M_А}{R_А} \approx 2,81 \cdot 10^6$  Дж жұмыс жасауы қажет.

Сонда сыртқы күш мынандай жалпы жұмыс жасайды:

$$A = Gm \left( \frac{M_ж}{R_ж} + \frac{M_А}{R_А} \right) \approx 6,54 \cdot 10^7 \text{ Дж.}$$

1966 жылы 3 ақпанда космонавтика тарихында бірінші рет Ай бетіне «Луна 9» автоматты станциясы «жұмсақ» қонды және станция Жерге өзі қонған аймақтың фотосуреттерін жіберді. «Луна 9» біздің табиғи серігіміздің мәңгілік «қонағы» болып қалды.

3 тұжырым. Айдың потенциалдық шұңқырының «тереңдігі» Жердің потенциалдық шұңқырының «тереңдігінен» 22 еседей аз. Демек Жер-Ай - Жер трассасы бойынша қозғалаған ғарыш кемесіне жұмсайтын энергия осы кемеге Жер бетінен Ай бетіне жетуге ғана қажетті энергиядан ( $Gm \frac{M_ж}{R_ж}$ ) екі еседен сәл ғана асады.

1969 жылы бірінші рет 16-24 шілде аралығында «Аполлон 11» астронавтарды Ай бетіне жеткізді және Ай бетінен Жерге оларды алып келді.

4 тұжырым: Осы уақытқа дейін Жер-Шолпан-Жер трассасы бойынша ғарыш кемелерін ұшыру мәселесі шешілген жоқ. Осы трасса бойымен кеме қозғалу үшін ракета двигателі төмендегідей жұмыс жасауға тиіс:

$$A = 2 Gm \left( \frac{M_ж}{R_ж} + \frac{M_ш}{R_ш} \right); \quad \frac{M_ж}{R_ж} \approx \frac{M_ш}{R_ш} \text{ екенін ескерсек } A \approx 3 \cdot 10^8 \text{ Дж.}$$

Бұл шама Жер бетінен Шолпан бетіне ракетаны «атып» жібергенге жұмсалатын энергиядан 4 есе көп. Осы себептен космонавтарды Шолпан планетасына жеткізу мәселесі шешілген жоқ.

**Мысал 3.** Планеталар парады болған кездегі Күн, Жер, Марс; Юпитер, Сатурн және олардың тартылыс өрісінде орналасқан  $m_0 = 1$  кг арасындағы байланыс энергиясын зерттеу керек. Қажетті физикалық шамалар:  $G = 6,67 \cdot 10^{-11}$  Н·м<sup>2</sup>/кг<sup>2</sup>, Күн массасы  $M = 2 \cdot 10^{24}$  кг, Жер массасы  $m_1 = 6 \cdot 10^{24}$  кг, Күн және Жердің өзара ара қашықтығы  $l_1 = 1,5 \cdot 10^{11}$  м,  $m_2 \approx m_1$  – Марс планетасының массасы,  $l_2 = 1,5 \cdot l_1$  – Марстың Күннен ара қашықтығы;  $m_3 = 318 \cdot m_1$ ,  $l_3 = 5,2 \cdot l_1$  – Юпитера массасы және оның Күннен қашықтығы;  $m_4 = 95 \cdot m_1$ ,  $l_4 = 9,3 \cdot l_1$  – Сатурн массасы және оның Күннен қашықтығы.

**Талдау:** Өрістердің суперпозиция принципі бойынша кеңістіктің әрбір нүктесіндегі аталған аспан денелерінің тартылыс өрісінің потенциалдарының қосындысы төмендегідей болады [7]:

$$\varphi = \varphi_c + \varphi_3 + \varphi_M + \varphi_{Ю} + \varphi_c$$

$m_0$  дене орналасқан нүктедегі потенциалдық энергияның теңдеуі


$$U(r) = m_0 (\varphi_c + \varphi_3 + \varphi_M + \varphi_{Ю} + \varphi_c)$$

Планеталар парады болған жағдай үшін Күн жүйесінде орналасқан  $m_0$  дене үшін потенциалдық энергияның өрнегі мынандай болады:

$$U(r) = -m_0 \left( G \frac{M_k}{|r|} + G \frac{m_1}{|r-l_1|} + \frac{m_2}{|r-l_2|} + G \frac{m_3}{|r-l_3|} + G \frac{m_4}{|r-l_4|} \right)$$

3 суретте Mathcad пакеті көмегімен жасалған жоғарыдағы теңдеудің графигі көрсетілген.

Графикте абсцисса бойымен ара қашықтық метрмен, ал ордината бойымен  $m_0$  дененің потенциалдық энергиясы - джоульмен берілген.



Сурет 3. Күн жүйесінде орналасқан  $m_0$  дене үшін потенциалдық энергияның графигі

3 суреттен Күн жүйесінің кеңістігіндегі гравитациялық өріс Күннің арқасында ғана жасалатынын байқауға болады. Оның себебі Күн массасы Күн жүйесіндегі барлық планеталардың массасын қосындысынан 750 есе артық. Демек  $r \geq R_k$  ( $R_k$  – Күн радиусы) жағдай үшін Күн жүйесінде орналасқан  $m_0$  дене үшін потенциалдық энергияның графигін гиперпола деп айтуға болады. Гипербола графигінің Юпитер және Сатурн планеталары тұсында көзге әрең байқалатын вертикаль шұңқырлар орналасқан. Ал массалары Күнмен салыстырғанда өте аз Жер және Марс планеталары тұсында ондай шұңқырлар көрінбейді.

## 2. Электростатика бөліміндегі байланыс энергиясы

**Мысал 4.** а) Сутек атомының иондалу энергиясын эВ бірлігінде есептеу керек. б) Томсон моделіне сәйкес келетін сутек атомының иондалу энергиясын табу керек. Атом радиусы  $0,5 \cdot 10^{-10}$  м. *Ескерту.* Біртекті зарядталған шариктің  $0 \leq r \leq R$  интервалындағы потенциалының төмендегі теңдеуін пайдалану керек:  $\varphi(r) = \frac{\rho}{6\epsilon_0} (3R^2 - r^2)$ . Мұндағы  $\rho = \frac{q}{4\pi r^3/3}$  – шарик зарядының тығыздығы.

**Талдау:** а) Сутек атомының электроны мен ядросы арасындағы тартылыс күші  $F = k \frac{e^2}{r^2}$  сонымен қатар осы бөлшектердің өзара әсерлесуінің потенциалдық энергиясы  $U = -\frac{ke^2}{r}$  шамасына тең. Электронның толық энергиясы  $E = \frac{m\vartheta^2}{2} - \frac{ke^2}{r}$ ,  $m$  – электрон массасы. Екінші жағынан  $\frac{m\vartheta^2}{r} = \frac{ke^2}{r^2}$  демек  $E = E_{байл.} = -\frac{ke^2}{2r}$ . Бұл өрнек «электрон-ядро» жүйесінің байланыс энергиясы.

$r = 0,5 \cdot 10^{-10}$  м болғандықтан


$$E_{св.} = -9 \cdot 10^9 \cdot (1,6 \cdot 10^{-19})^2 / 2 \cdot 0,5 \cdot 10^{-10} \approx -2,3 \cdot 10^{-18} \text{ (Дж)} \approx -13,6 \text{ (эВ)}$$

Бұл шаманы сутек атомының иондалу немесе байланыс энергиясы дейді. Сутек ионын алу үшін электронға 13,6 эВ шамасында энергия беру қажет.

б) Томсон моделі бойынша сутек атомы біртекті оң зарядталған тұтас шарик тәрізді. Шариктің ортасында электрон орналасқан. Мұндағы  $\rho = \frac{q}{4\pi r^3/3}$  – Томсон бойынша сутек атомының зарядының тығыздығы. Шариктің потенциалы үшін мынандай теңдеуді аламыз:  $\varphi(r) = \frac{e}{8\pi R^3 \epsilon_0} (3R^2 - r^2) = \frac{ke}{2R^3} (3R^2 - r^2)$ , мұндағы  $\frac{1}{4\pi\epsilon_0} = k$  Электронның потенциалдық энергиясы

$$U(r) = -\varphi(r) e = -\frac{ke^2}{2R^3} (3R^2 - r^2) \quad \text{мұндағы } 0 \leq r \leq R.$$

Mathcad пакетін қолдана отырып сутек атомының томсон бойынша моделінің потенциалдық шұңқырын саламыз (Сурет 4).



Сурет 4. Сутек атомының томсон бойынша моделінің потенциалдық шұңқыры

$U(R) = -\frac{ke^2}{R}$  – сутек атомының электроны атомның бетіне орналасқан кездегі потенциалдық энергиясы.

$U(0) = -\frac{3ke^2}{2R}$  – сутек атомының электроны атомның ортасында орналасқан кездегі потенциалдық энергиясы. Электронды шексіз үлкен қашықтыққа әкету үшін жасалатын жұмыс:

$$A = |E_{св}| = |U(0)| = \frac{3ke^2}{2R} \approx 69,12 \cdot 10^{-19} \text{ Дж. } \approx 43,2 \text{ эВ.}$$

Томсон моделі бойынша қарастырылатын сутек атомын иондау үшін нақты иондау энергиясынан бірнеше есе үлкен энергия қажет екен. Бұл жағдай сутек атомының томсон моделіне бағынбайтынын тағы бір рет дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Стручков В.В., Яворский Б.М. Вопросы современной физики. - М.: Просвещение, - 1973.
- 2 Фейнман Р.и др. Фейнмановские лекции по физике Том. – Издательство «Мир» - М.:1977. – 432 с.
- 3 Сивухин Д.В. Общій курс физики (Механика) – М.: ФИЗМАТЛИТ; Изд-во МФТИ, 2005. - 560 с
- 4 Мукушев Б.А., Нурбакова Г.С., Исимов Н.Т. Гравитационное поле небесных тел // Вестник КазНТУ им. Сатпаева. 2016 - №5.
- 5 Карманов Ф.И. Компьютерное моделирование межпланетных перелетов в Солнечной системе // Соросский образовательный журнал. 2000. - №9. Кирьянов Д. Mathcad 14 в подлиннике. Санкт-Петербург. – 2007.- 682 с.
- 6 Очков В. MathCAD 14 для студентов, инженеров и конструкторов. – Санкт-Петербург. – 2007.- 370 с.
- 7 Дубошин Г. Н. Небесная механика. Основные задачи и методы / Глав. ред. физ.-мат. лит. - М.: Наука, 1968.

УДК 537.311; 519.68  
МРНТИ 29.01; 27.41.23

*Б.А. Мукушев*

*п.ғ.д., профессор С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті  
Астана, Қазақстан*

## **ГАРМОНИЯЛЫҚ ЕМЕС ПЕРИОДТЫ ТЕРБЕЛІСТЕРДІ MATHCAD ОРТАСЫНДА ЗЕРТТЕУ**

*Аңдатпа*

Радиотехникада, электроникада және компьютерлік ғылымда гармониялық емес, амплитудасы тұрақсыз және жиілігі өзгеріп отыратын электр сигналдары кең түрде қолданылады. Осындай ретсіз тербелістердің ішінде ангармониялық (синусоидалды емес) периодты тербелістердің алатын орны ерекше.

Мақалада гармониялық (синусоидалды) емес периодты тербелістерді MathCAD қолданбалы пакеті көмегімен зерттеу нәтижелері берілген. Мұндай тербелістерді Фурье қатарына жіктеу амалдары баяндалған. Компьютерлік эксперименттер көмегімен алынған периодты синусоидалды емес тербелістерді гармониялық талдауының графикалық, сандық және аналитикалық шешімдері берілген. Периодты синусоидалды емес тербелісті гармониялық талдауға қатысты теориялық мәселелері баяндалған. Осындай тербелістерді Фурье қатарына жіктеген кездегі алынған мүшелердің қосындысын есептеуге арналған әдістер қарастырылған. Фурье қатарына жіктелген қатардың алғашқы бірнеше мүшесінің графикалық және сандық шешімдері компьютерлік есептеулер көмегімен табылған. Жұп және тақ функцияларды Фурье қатарына жіктеуге арналған MathCAD ортасында жасалған программалар берілген.

**Түйін сөздер:** Периодты синусоидалды емес тербелістер, Mathcad пакеті, жұп және тақ функциялар, компьютерлік эксперимент, Фурье қатарының мүшелерінің қосындыларын есептеу әдісі.

*Аннотация*

*Б.А. Мукушев*

*д.п.н., профессор Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина,  
Астана, Казахстан*

## **ИССЛЕДОВАНИЕ ПЕРИОДИЧЕСКИХ НЕГАРМОНИЧЕСКИХ КОЛЕБАНИЙ В СРЕДЕ MATHCAD**

В радиотехнике, электронике и компьютерной науке широко используются электрические сигналы с непостоянной амплитудой и частотой. Из этих хаотических электрических сигналов немаловажное значение имеет в науке ангармонические (несинусоидальные) периодические электрические колебания.

В статье изложены результаты исследования периодических несинусоидальных колебаний. Уравнения этих колебаний разложены в ряд Фурье с помощью пакета Mathcad. Раскрыты особенности разложения в ряд Фурье четных и нечетных функций. Представлены графические, численные и аналитические решения периодических несинусоидальных колебаний, полученных на основе компьютерных экспериментов. Предложен метод расчета суммы членов ряда Фурье для периодических несинусоидальных колебаний, состоящих из нескольких процедур. На основе компьютерного расчета найдены графическое и численное решения нескольких членов ряда Фурье. Представлены программы в среде Mathcad, необходимы для разложения четных и нечетных функций в ряды Фурье.

**Ключевые слова.** Периодические несинусоидальные колебаний, пакет Mathcad, четные и нечетные функции, метод расчета суммы членов ряда Фурье.

*Abstract*

## **STUDY OF PERIODIC NON-HARMONIC OSCILLATIONS IN MATHCAD**

*Mukushev B.A.*

*(Ph.D., professor of the Kazakh Agrotechnical University. S.Seifullin, Astana, Kazakhstan)*

In radio engineering, electronics and computer science, electrical signals with a non-constant amplitude and frequency are widely used. Of these chaotic electrical signals, an harmonic (non-sinusoidal) periodic electrical oscillations are of no small importance in science.

The article presents the results of the study of periodic non-sinusoidal oscillations. The equations of these oscillations are decomposed into a Fourier series using the Mathcad package. The features of the expansion in the Fourier series of even and odd functions are revealed. Graphic, numerical and analytical solutions for periodic non-sinusoidal oscillations are presented. These solutions are obtained on the basis of computer experiments. A method for calculating the sum of the members of the Fourier series for periodic non-sinusoidal oscillations is proposed. This method consists of several

procedures. Based on a computer calculation, graphical and numerical solutions were found for several members of the Fourier series. Presents programs in Mathcad. These programs are necessary for the decomposition of even and odd functions in a Fourier series.

**Keywords:** Periodic non-sinusoidal oscillations, Mathcad package, even and odd functions, method of calculating the sum of the members of the Fourier series.

### Кіріспе

Техникада және табиғатта көп жағдайда гармониялық емес, амплитудасы тұрақсыз және жиілігі өзгеріп отыратын тербелістер орын алатыны белгілі. Осындай ретсіз тербелістердің ішінде гармониялық (синусоидалды) емес периодты тербелістердің алатын орны ерекше. Мысалы ақпараттар тасымалдауға арналған электр тізбегіндегі электр сигналдары (электр тогы және кернеудің уақытқа тәуелділік графигі) әрқашанда синусоидалды емес. Синусоидалды немесе гармониялық режимдегі электр тогын есептеу әдістерін мұндай тербелістерге қолдануға болмайды [1,2].

Француз ғалымы Ж. Б. Фурье (1768–1830г.г.) кейбір уақытқа тәуелділік түріндегі функцияларды шекті немесе шексіз гармониялық тербелістердің қатарының қосындысы түрінде беруге болатынын дәлелдеді. Мұндағы гармониялық тербелістердің амплитудасы, жиілігі және бастапқы фазалары әр түрлі болады. Ал гармониялық тербелістерді сипаттайтын теңдеулер қосындысы Фурье қатары деп аталды.

#### 1. Периодты синусоидалды емес тербелісті гармониялық талдаудың теориялық сұрақтары

Алдымен  $x(t) = x(t + nT)$  шартына бағынатын периодты синусоидалды емес электрлік сигналдар туралы түсінік бере кетейік. Мұндағы  $T$  – синусоидалды емес сигналдың периоды,  $n$  – натурал сандар ( $n = 1, 2, 3, \dots$ ). Егер периодты синусоидалды емес функция Дрихле шартына бағынатын болса, онда аталған функция Фурье қатарына жіктеле алады [3-5]:

$$f(t) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} (a_n \cos n\omega_1 t + b_n \sin n\omega_1 t) \quad (1)$$

(1) Теңдеуді мына түрде де жазуға болады:

$$f(t) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} A_n \cos(n\omega_1 t - \varphi_n) \quad (2)$$

мұндағы:  $A_n = \sqrt{a_n^2 + b_n^2}$  -  $n$ -інші гармониканың амплитудасының модулы,  
 $\varphi_n = \arctg \frac{b_n}{a_n}$  -  $n$ -інші гармониканың фазасы,  $\omega_1 = \frac{2\pi}{T}$  - дөңгелек жиілік.

$a_n = \frac{2}{T} \int_{-\frac{T}{2}}^{\frac{T}{2}} f(t) \cos n\omega_1 t dt$  – косинусоидалды құраушының коэффициенті;


$b_n = \frac{2}{T} \int_{-\frac{T}{2}}^{\frac{T}{2}} f(t) \sin n\omega_1 t dt$  - синусоидалды құраушының коэффициенті;

$\frac{a_0}{2} = \frac{1}{T} \int_{-\frac{T}{2}}^{\frac{T}{2}} f(t) dt$  - бір период уақыттағы орташа ток немесе кернеу (тұрақты құраушы).

Қатардың жеке қосылғыштары гармоника деп аталады.  $n$  саны гармониканың номері болып табылады. (2) теңдеудегі  $A_n$  жиынтығын амплитуда спектрі, ал  $\varphi_n$  жиынтығын фаза спектрі деп атайды. Егер периодты сигналды сипаттайтын  $f(t)$  функция жұп болса, онда (1) теңдеудегі қосынды косинусоидалды құраушыдан ал – тақ болса, синусоидалды құраушыдан тұрады.

#### 2. Периодты синусоидалды емес тербелістерді компьютерлік эксперимент көмегімен зерттеу

1 суретте екі жарты периодты гармониялық айнымалы токты түзеткіштен өткеннен кейінгі уақытқа тәуелділік графигі көрсетілген.



Сурет 1. Кернеудің түзеткіштің шығысындағы уақытқа тәуелділік графигі

Жұп (Мысал 1) және тақ (Мысал 2) функциялармен сипатталатын периодты синусоидалы емес электрлік сигналдарды қарастырайық.

**Мысал 1.** 1 суреттегі кернеудің уақытқа тәуелділік графигіне гармоникалық талдау жасау керек. Кернеу амплитудасы  $U = 310$  Вольт.  $\omega = 100\pi$  рад/с.

Тапсырмалар:

1. Тізбекке түсірілген кернеудің теңдеуін тауып, Mathcad пакеті көмегімен графигін салу керек.
2. Кернеудің Фурье қатарының алғашқы бірнеше мүшелерінің қосындысы түріндегі  $U(t)$  өрнегін табу;
3. Осы қатарлардың қосындыларын график түрінде бейнелеу.

Тапсырманың орындалуы:

1. Екі периодты түзеткіштен шыққан кернеудің теңдеуі  $U(t)=U|\sin \phi|$ , мұндағы  $\phi=100\pi t$ . Mathcad пакеті көмегімен салынған уақытқа тәуелділік графигі 3 суретте көрсетілген.

2. Периодты синусоидалды емес сигналдарға арналған *Фурье қатарындағы мүшелердің қосындысын есептеу әдісін* қарастырамыз. Бұл әдіс бірнеше амалдардан тұрады.

Алдымен 1 суретте көрсетілген периодты кернеу үшін жіктелген Фурье қатарындағы коэффициенттерді табу керек. Ол үшін Mathcad пакеті көмегімен амалдар орындаймыз [6-8]. Бірінші амалдың көмегімен қатар құрамындағы косинусоидалды құраушылардың коэффициенттерін, ал екінші амал көмегімен – синусоидалды құраушының коэффициенттерін есептейді. Қарастырып отырған функциямыз жұп болғандықтан бірінші амал іске қосылады.

$$CFurCoef(U,L,n) := \int_{-L}^L U(\varphi) \cdot \cos\left(\pi \cdot n \cdot \frac{\varphi}{L}\right) d\varphi$$

$$SFurCoef(U,L,n) := \int_{-L}^L U(\varphi) \cdot \sin\left(\pi \cdot n \cdot \frac{\varphi}{L}\right) d\varphi$$

Үшінші амал арқылы Фурье қатарының өзін есептейді. Бұл амалдың құрамында жоғарыда қарастырып кеткен амалдар да бар.


$$FurSer(U,x,L,N) := \frac{CFurCoef(U,L,0)}{2} + \sum_{m=1}^N \left( CFurCoef(U,L,m) \cdot \cos\left(\pi \cdot m \cdot \frac{x}{L}\right) + SFurCoef(U,L,m) \cdot \sin\left(\pi \cdot m \cdot \frac{x}{L}\right) \right)$$

Фурье қатары символдық түрде есептеледі. Сондықтан да, қатар есептелетін нүкте ретінде айнымалының символдық аталуы көрсетіледі, ал оператор ретінде стрелка алынған. Төменде  $U(t)$  периодты кернеудің қатарының бірінші мүшесі және алғашқы екі мүшесінің қосындысы берілген.

$$U := 310 \quad U(\varphi) := U |\sin(\varphi)| \quad \text{FurSer}\left(U, \varphi, \frac{\pi}{2}, 1\right) \rightarrow \frac{620}{\pi} - \frac{1240 \cdot \cos(200 \cdot \pi \cdot t)}{3 \cdot \pi}$$

$$\text{FurSer}\left(U, \varphi, \frac{\pi}{2}, 2\right) \rightarrow \frac{620}{\pi} - \frac{248 \cdot \cos(400 \cdot \pi \cdot t)}{3 \cdot \pi} - \frac{1240 \cdot \cos(200 \cdot \pi \cdot t)}{3 \cdot \pi}$$

2. 1 суретте  $U(t) = U |\sin\varphi|$  функциясының, Фурье қатарының бірінші мүшесінің және алғашқы екі мүшесінің қосындысының  $(0, 2\pi)$  интервалындағы графигі берілген. Егер қосылатын қатар мүшелерінің санын өсірсек, онда есептеудің дәлдігі де артады.




Сурет 2.  $U(t) = U |\sin\varphi|$  функциясының қосылатын мүшелердің санына байланысты графиктер шешімдер

1 мысалдың сандық шешімі мен теориялық шешімі сәйкес келеді.  $|\sin 100\pi t|$  өрнегінің Фурье қатарына жіктелуіне назар аударайық [5]:

$$|\sin 100\pi t| = \frac{2}{\pi} - \frac{4}{\pi} \left( \frac{1}{3} \cos 200\pi t + \frac{1}{15} \cos 400\pi t + \dots + \frac{1}{(2n)^2 - 1} \cos n 100\pi t + \dots \right)$$

**Мысал 2.** Осциллографтың вертикаль бұрушы пластинанларына түсірілген кернеудің уақытқа тәуелділік графигі 3 суретте көрсетілген.  $U_m = 3,14$  В;  $\omega = 100\pi$  рад/с.



Сурет 3. Периодты кернеудің уақытқа тәуелділік графигі

Төмендегі тапсырмаларды орындау керек:


1. Тізбегке түсірілген кернеудің теңдеуін тауып, Mathcad пакеті көмегімен графигін салу керек.
2. Кернеудің графигін пайдалана отырып Фурье қатарының төрт мүшесінің қосындысы түріндегі шешімдерін графигтік және сандық түрдегі шешімін табу керек.

Тапсырмалардың орындалуы:

1. Кернеудің теңдеуі  $U(t) = \frac{4U_m}{T} t$ , мұнда  $-T/2 \leq t \leq T/2$  және аталған функция периодты  $U(t) = U(t+T)$ .

2. Кернеу функциясын Фурье қатарына жіктеу үшін Mathcad пакетін қолданамыз. Mathcad пакеті көмегімен графигтік және сандық шешімдерін табамыз (Сурет 4,5):






Сурет 4. Фурье қатарына жіктелген қатардың алғашқы мүшесінің графиттік және сандық шешімдері ( $U(t) = 0 + 2,546\sin 100\pi t$ ).

$U(t) = \frac{4U_m}{T} t$  функциясы тақ болғандықтан, оның Фурье қатарына жіктелуінде тек қана синустар ғана болады, яғни  $U(t) = \frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} a_n \cos(n\omega t)$  және  $a_0 = 0$

8 суреттегі графиттік және сандық шешімдердің мәліметтерін пайдалана отырып төмендегі қатарды алғашқы төрт мүше үшін жаза аламыз:

$$U(t) = 0 + 2,546\sin 100\pi t - 0,283\sin 300\pi t + 0,102\cos 500\pi t - 0.052 \cos 700\pi t + \dots$$



Сурет 5. Фурье қатарына жіктелген қатардың алғашқы төрт мүшесінің қосындысының графиттік және сандық шешімдері ( $Nf = 4$ ).

Таблиціада  $s(t_m) =$  өрнегінен кейін бір период уақыт ішіндегі 100 нүктеге сәйкес келетін  $\frac{a_0}{2} + \sum_{n=1}^{\infty} (a_n \cos n\omega_1 t + b_n \sin n\omega_1 t)$  теңдеуінің сан мәндері, немесе кернеудің мәндері берілген ( $N_p := 100$ ) Таблиціадағы мәндер Фурье қатарының алғашқы төрт мүшесінің қосындысының сандық шешімі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Иванов М. Т., Сергиенко А. Б., Ушаков В. Н. Теоретические основы радиотехники: Учеб. пособие. - М.: Высш. шк., 2002. - 306 с.
- 2 Баскаков С.И. Радиотехнические цепи и сигналы. - М.: Высшая школа, 1998. - 463 с.
- 3 Воробьев Н.Н. Теория рядов. 4 издание, перераб. и доп. - М.: Наука, 1979. - 408 с.
- 4 Жук В.В., Натансон Г.И. Тригонометрические ряды Фурье и элементы теории аппроксимации. Л.: Изд. Ленингр. ун-та, 1983. - 188 с.
- 5 Бермант А.Ф., Араманович И.Г. Краткий курс математического анализа для вузов. - М.: Наука, 1971. - 736 с.
- 6 Очков В. MathCAD 14 для студентов, инженеров и конструкторов. - Санкт-Петербург. - 2007. - 370 с.
- 7 Кирьянов Д. Mathcad 14 в подлиннике. Санкт-Петербург. - 2007. - 682 с.
- 8 Nelson F. Using mathcad to simplify uncertainty computations in a laboratory course // Computer Applications in Engineering Education. - 6 January 2014. - Volume 23, Issue 2. - Pages 250-257.

УДК 538.915  
МРНТИ 29.19.24

Ш.Ж. Сагимбаева<sup>1</sup>, Л.Н. Мясникова<sup>2</sup>, А.Е. Нурманова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>К.ф.-м.н., доцент, Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова, г.Актобе, Казахстан

<sup>2</sup>К.ф.-м.н., ассоциированный профессор, Центр «Радиационная физика материалов» Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова, г. Актобе, Казахстан

<sup>3</sup>магистрант Актюбинского Регионального государственного университета имени К. Жубанова, г. Актобе, Казахстан

## ИССЛЕДОВАНИЕ ФОТО- И РЕНТГЕНОЛЮМИНЕСЦЕНЦИИ КРИСТАЛЛА NaCl

Аннотация

В статье представлены результаты исследования особенностей люминесценции кристалла NaCl под воздействием низкотемпературной одноосной деформации при облучении различными видами ионизирующего излучения. Показано влияние деформации  $\varepsilon=1\%$  на спектр рентгенолюминесценции кристалла NaCl при 80 К, а также зависимость интегральной интенсивности рентгенолюминесценции NaCl при 80 К от степени относительной деформации одноосного сжатия (до  $\varepsilon=2,5\%$ ). Представлены электронно-микроскопические снимки кристалла NaCl сделанные на сканирующем электронном микроскопе G2 Pro фирмы PhenomWorld. Проанализированы спектры фотолюминесценции кристалла NaCl (до и при деформации одноосным сжатием  $\varepsilon=0,5\%$  и  $\varepsilon=1\%$  при 80 К) селективно возбужденных фотонами с энергией, соответствующей созданию экситонов (8,3 эВ) и электронно-дырочных пар (8,8 эВ).

**Ключевые слова:** электронные возбуждения, экситон, деформация, рентгенолюминесценция, фотолюминесценция.

Аңдатпа

Ш.Ж. Сагимбаева<sup>1</sup>, Л.Н. Мясникова<sup>2</sup>, Ә.Е. Нурманова<sup>3</sup>

NaCl КРИСТАЛЫНЫҢ ФОТО- ЖӘНЕ РЕНТГЕНДІК ЛЮМИНЕСЦЕНЦИЯСЫН ЗЕРТТЕУ

<sup>1</sup>Ф.-м.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Материалдардың радиациялық физикасы» ғылыми орталығы, Ақтөбе қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің магистранты, Ақтөбе қ., Қазақстан

Мақалада иондаушы сәулеленудің әртүрлі түрлерімен сәулелену кезінде төмен температуралы біркелкі деформация әсерінен NaCl кристалының люминесценция ерекшеліктерін зерттеудің нәтижелері келтірілген. 80 К-дегі NaCl кристалының рентгендік люминесценция спектрінде  $\varepsilon = 1\%$  деформация әсері, сондай-ақ NaCl рентгендік люминесценциясының интегралдық қарқындылығының 80 К кезінде бір осьті сығудың салыстырмалы деформация дәрежесіне тәуелділігі көрсетілген ( $\varepsilon = 2,5\%$  дейін). PhenomWorld компаниясының G2 Pro сканерлеу электронды микроскопында жасалған NaCl кристалының электронды-микроскопиялық суреттері ұсынылған. NaCl кристалының фотолюминесценция спектрлері (деформацияға дейінгі және деформация кезіндегі 80 К-дегі бір осьті сығылу  $\varepsilon = 0,5\%$  және  $\varepsilon = 1\%$ ) экситон (8,3 эВ) мен электрон-кемтік жұптарын (8,8 эВ) құруға сәйкес келетін таңдаулы түрде қоздырылған фотонның энергиясымен талданды.

**Түйін сөздер:** электрондық козулар, экситон, деформация, рентгенолюминесценция, фотолюминесценция.

#### Abstract

### STUDYING THE PHOTO- AND X-RAY LUMINESCENCE OF THE CRYSTAL NaCl

Sh. Sagimbaeva<sup>1</sup>, L. Myasnikova<sup>2</sup>, A. Nurmanova<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Cand.Sci. (Phys.-Math), Associate Professor, Aktobe Regional State University after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

<sup>2</sup>Cand.Sci. (Phys.-Math), Associate Professor, Scientific Center "Radiation Physics of Materials" Aktobe Regional State University after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

<sup>3</sup>Student of Master Programme, Aktobe Regional State University after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

The article presents the results of the study of the features of the luminescence of a NaCl crystal under low-temperature uniaxial deformation upon irradiation with various types of ionizing radiation. The effect of deformation  $\varepsilon = 1\%$  on the X-ray luminescence spectrum of a NaCl crystal at 80 K and the dependence of the integral X-ray luminescence intensity of NaCl at 80 K on the degree of relative deformation of uniaxial compression (up to  $\varepsilon = 2.5\%$ ) are shown. Electron-microscopic images of NaCl crystal made on a G2 Pro scanning electron microscope by PhenomWorld are presented. The photoluminescence spectra of a NaCl crystal (before and during deformation by uniaxial compression  $\varepsilon = 0.5\%$  and  $\varepsilon = 1\%$  at 80 K) are selectively excited by photons with an energy corresponding to the creation of excitons (8.3 eV) and electron-hole pairs (8.8 eV).

**Keywords:** electronic excitations, exciton, deformation, X-ray luminescence, photoluminescence.

#### Введение

Люминесценция щелочно-галогидных кристаллов (ЩГК) весьма чувствительна к понижению симметрии решетки примесными гомологами различного размера, степени упругой и пластической деформации [1-7]. Эксперименты по низкотемпературной деформации показывают обратное, что упругое напряжение приводит к увеличению вероятности излучательной аннигиляции автолокализованных экситонов в регулярных узлах решетки из-за сокращения длины свободного пробега электронных возбуждений [1-4]. На основе кристалла KI-Tl зарегистрировано перераспределение интенсивности в пользу собственной люминесценции с увеличением степени упругой деформации [5].

Щелочногалогидные сцинтилляторы как надежные детекторы применяются на таких сверхактуальных экспериментах, каким является регистрация энергии частиц темной материи [8-9]. Основу установки составляют 25 сверхчистых кристаллов NaI массой около 250 килограммов. Предполагается, что при прохождении вимпа сквозь такой кристалл, в нем возникают электронные возбуждения, дальнейшая их релаксация заканчивается вспышкой света.

Таким образом, актуальной задачи остается способы увеличения квантового выхода люминесценции и идентификация природы люминесценции ЩГК, являющиеся сцинтилляционными детекторами.

#### Техника эксперимента

Физическая суть спектра рентгенолюминесценции щелочногалогидных кристаллов заключается в регистрации спектрального состава излучения кристалла при постоянном облучении рентгеновскими лучами. Энергия рентгеновского кванта при поглощении кристаллом затрачивается на возбуждение электронной подсистемы кристалла, в результате чего в щелочногалогидных кристаллах создаются высокоэнергетические электронные возбуждения. За очень короткое время они преобразуются в низкоэнергетические электронные возбуждения, так называемые экситоны, дальнейшая релаксация которых заканчивается либо созданием радиационных дефектов, либо излучением кристалла.

Спектры рентгенолюминесценции кристаллов автоматическом режиме были сканированы светосильным монохроматором МСД-2 и детектором Н8259-01 (Hamamatsu) в режиме счета фотонов,

чувствительность которой имеет максимальное значение в диапазоне 200-800 нм. Сканирование спектров осуществлялись в автоматическом режиме с помощью компьютера, разработанной нами программе. Спектры обработаны дополнительно со специальной программе Origin.

При выборе источников ионизирующего излучения самым подходящим оказалось тормозное излучение от рентгеновской установкой РУП-120 (3 мА, 100 кВ). Это связано с тем, что жесткая рентгеновская радиация в отличии от характеристической, во-первых, проникает по всей толщине кристалла, и, во-вторых, не создает структурных дефектов, ухудшающие оптическую прозрачность кристалла в интервале спектра 2-6 эВ, т.е. исключается реабсорбция спектров излучения радиационными дефектами. Конструкция криостата позволяла экспериментально определить и задать нужную степень деформации кристалла. Одноосная деформация по направлению  $\langle 100 \rangle$  кристаллов осуществлялась при 100К с помощью специального криостата [10].

Сканирующий электронный микроскоп G2 Pro фирмы PhenomWorld позволяет получать изображения с увеличением в диапазоне 20х-45000х и разрешением до 25 нм.

Кристаллы были выращены в институте физики Тартуского университета Эстонии со специальной методике, включающей обработку расплава газообразным галогидом, многократную зонную плавку, а затем выращивание по методу Стокбаргера в вакуумированном ампуле или по методу Киропулоса в гелиевой атмосфере.

### Результаты и их обсуждения

Люминесценция автолокализованных экситонов (АЛЭ) при температуре 4,2 К для кристалла NaCl состоит из двух полос с максимумами 5,35 эВ ( $\sigma$ ) и 3,36 эВ ( $\pi$ ), которые эффективно возбуждаются фотонами с энергией 8,6 эВ и 7,9 эВ, соответствующие созданию электронно-дырочных пар и экситонов [11].

С повышением температуры возбуждения интенсивность люминесценции обеих полос резко тушится [12] и при 100 К доходит до двух порядков относительно 4,2 К. Тем не менее при 80 К наши аппаратурные возможности позволяют регистрировать их интенсивности.

На рисунке 1 представлен спектр рентгенолюминесценции (РЛ) кристалла NaCl при 80 К. Разгорание интегральной РЛ в кристалле NaCl, сопровождается до 1% деформации, после чего наступает полное насыщение (рис. 1 б, вставка). Линейный рост интенсивности  $\sigma$ -,  $\pi$ - люминесценций в спектре РЛ в зависимости от степени сжатия совпадает с линейным участком на кривой зависимости деформации от напряжения при 80 К для кристалла NaCl [13]. В пределах 1% относительной деформации при 80 К деформация кристалла NaCl является упругой, а при больших степенях деформации становится пластической. Поэтому разумно предположить, что резкое нарастание  $\sigma$ -,  $\pi$ - люминесценций при незначительной степени деформации ( $\varepsilon = 0,8\%$ ) связано с упругой частью деформации. Причем после снятия механического напряжения с кристалла интенсивность РЛ резко уменьшается до первоначального значения в отсутствии деформации.

В NaCl до деформации проявляются люминесценции по спектральному составу, которым соответствуют люминесценции АЛЭ, возмущенных, по-видимому, ионами примеси брома –  $\pi$ (3,9 эВ) и  $\sigma$ (5,25 эВ), а при упругой деформации, как в случае KI-Tl [2] резко, до 30 раз возрастает интенсивность собственной люминесценции АЛЭ –  $\pi$  (3,3 эВ) и  $\sigma$  (5,35 эВ). Перераспределение интенсивностей спектров РЛ в пользу собственной  $\sigma$ -,  $\pi$ -люминесценций связано с понижением симметрии решетки одноосным сжатием, в результате чего резко сокращается (более чем в 100 раз) свободный пробег свободных экситонов до их автолокализации в регулярных узлах решетки. Поэтому при деформации снижается интенсивность различных свечений, обусловленных излучательной релаксацией экситонов около примесей из-за сокращения длины свободного пробега экситонов.




Рисунок 1.

*а – спектры рентгенолюминесценции при 80 К кристалла NaCl до (кривая 1) и при сжатии 1% (кривая 2). б – зависимость интегральной интенсивности рентгенолюминесценции NaCl при 80 К от степени относительной деформации одноосного сжатия ( $I=f(\epsilon)$ ).*

Аналогичный эффект разгорания люминесценции был обнаружен в напряженных при 80 К кристаллах NaCl, селективно возбужденных фотонами с энергией, соответствующей созданию экситонов (8,3 эВ) и электронно-дырочных пар (8,8 эВ). Эффект усиления интенсивности  $\sigma$ ,  $\pi$ -люминесценции при ВУФ-возбуждении не значителен (в 2,5 раза), чем при возбуждении рентгеновской радиацией, и уменьшается с уменьшением энергии возбуждающего кванта. Одной из возможных причин наблюдаемых различий при разных способах возбуждения может заключаться в глубинах проникновения ионизирующего излучения в кристалл. Согласно нашим оценкам жесткий рентгеновский квант ( $E=30$  КэВ) от установки РУП-120, работающей в режиме 3 мА, 100 кВ, проникает до 5 мм толщины кристалла, а ВУФ-радиация ( $7\div 8,8$  эВ) проникает лишь в приповерхностный слой кристалла толщиной около 10 мкм. Рабочая толщина кристалла составляет  $1\div 1,3$  мм.

Структура поверхностного слоя, по-видимому, более существенно нарушена, чем глубинные области монокристалла. В приповерхностном слое в результате раскола, обработки поверхности и случайных повреждений содержатся как различные дефекты кристаллической решетки, так и вызванные ими неконтролируемые напряжения (рисунок 2). Поэтому при приповерхностном возбуждении мы практически не имеем того состояния ненапряженного кристалла, которое наблюдается при возбуждении глубинных областей кристалла.

Другая возможная причина различий ВУФ- и X-возбуждений может заключаться в различии энергий ЭВ. При возбуждении светом ( $7\div 8,8$  эВ) мы создаем низкоэнергетические экситоны и дырки. Энергия ЭВ в треке кванта рентгеновского излучения может быть выше, что должно сказаться на длине их свободного пробега.

Специально для выяснения природы полосы излучения при 3,9 эВ в спектрах РЛ кристалла NaCl (рис.1, кривая 1), нами применялась методика ВУФ-спектроскопии при двух режимах возбуждений фотонами. За высокоэнергетическим спадом полосы экситонного поглощения при 8,3 эВ, где создаются свободные экситоны в регулярных узлах решетки (рис. 3, а) и на низкоэнергетическом спаде фундаментального поглощения при 7,55 эВ, где селективно возбуждаются экситоны, релаксированные около примеси брома (рис. 3, б). При оптическом создании свободных экситонов в регулярных узлах решетки NaCl ( $h\nu_0=8,3$  эВ) в спектрах излучения до деформации четко выделяется  $\pi$ -люминесценция, чем при X-возбуждении (сравните спектры кривых 1а рис. 1 и рис. 3).




Рисунок 2. Электронно-микроскопические снимки кристалла NaCl

С ростом напряжения одноосной упругой деформации интенсивность  $\pi$ -люминесценции возрастает (в 2,5 раза при  $\varepsilon=1\%$ ) и становится доминирующей (рис.3 а, кривые 2 и 3).




Рисунок 3. Спектры фотолюминесценции кристалла NaCl до (1) и при деформации одноосным сжатием  $\varepsilon=0,5\%$  (2) и  $\varepsilon=1\%$  (3) при 80 K. а – при возбуждении светом с энергией 8,3 эВ, создающим электронно-дырочные пары; б – при возбуждении светом с энергией фотона 7,55 эВ, создающим экситоны.

При этом появление излучения при 3,9 эВ связано с миграцией свободных экситонов при 80 К и их излучательной релаксацией около примеси брома.

При оптическом создании релаксированных экситонов в поле примеси брома ( $h\nu_0=7,55$  эВ) доминирующим в спектрах является излучение при 3,9÷4,0 эВ (рис.3 б).

Эффект напряжения на  $\pi$ -люминесценцию можно обнаружить лишь после нормировки спектров излучения, который также показывает рост интенсивности с ростом степени деформации (рис. 3 б, кривые 2, 3).

По измерению спектра возбуждения в кристалле NaCl излучение при 3,9 эВ зарегистрирован при возбуждении 7,6 эВ, который соответствует, по нашему мнению, экситону, излучательно аннигилирующему около иона брома. Отметим, что в суперчистых зонноочищенных кристаллах NaCl отсутствует излучение при 3,9÷4,0 эВ, как при рентгеновской, так и при ВУФ-радиации фотонами с энергией 7,55 эВ, где эффективно возбуждаются около бромовые экситоны.

#### **Заключение**

Исследована люминесценция кристаллов NaCl при воздействии рентгеновского излучения при 80 К от степени относительной деформации одноосного сжатия, а также при возбуждении светом с энергией 8,3 эВ и 7,55 эВ, создающие, соответственно электронно-дырочные пары и экситоны. Обнаружено, что излучение при 3,9 эВ связано с миграцией свободных экситонов при 80 К и их излучательной релаксацией около примеси брома.

Анализ результатов показал, что эффект усиления интенсивности  $\sigma$ -,  $\pi$ -люминесценции при ВУФ-возбуждении не значителен (в 2,5 раза), чем при возбуждении рентгеновской радиацией, и уменьшается с уменьшением энергии возбуждающего кванта.

#### *Список использованной литературы:*

- 1 Babin V., Elango A., Kalder K., Shunkeev K., Vasil'chenko E., Zazubovich S. Luminescent defects created in alkali iodides by plastic deformation at 4.2 K // *Journal of Luminescence*. – 1999. – №81(1). – P. 71-77.
- 2 Babin V., Bekeshev A., Elango A., Shunkeev K., Vasil'chenko E., Zazubovich S. Effect of uniaxial stress on luminescence of undoped and thallium-doped KI and RbI crystal // *Journal of Physics Condensed Matter*. – 1999. – №11(10 A). – P. 2303-2317.
- 3 Shunkeev K.Sh., Vasil'chenko E.A., Elango A.A. Influence of elastic stress on luminescent characteristics of KCl, KBr, and KI crystals // *Journal of Applied Spectroscopy*. – 1995. №62(3). – P. 533-536.
- 4 Shunkeev K.Sh., Sarmukhanov E.T., Barmina A.A., Myasnikova L.N., Shunkeev S.K. Effect of uniaxial strain on the structure of self-localized excitons in alkali halide crystals // *Journal of Applied Spectroscopy*. – 2007. – №74(1). – P. 74-80.
- 5 Shunkeyev K.Sh., Zhanturina N.N., Aimaganbetova Z.K., Shunkeyev K.Sh., Sagymbaeva Sh.Zh., Sergeyev D.M. The specifics of radiative annihilation of self-trapped excitons in KI-Tl crystal at low-temperature deformation // *Fizika Nizkikh Temperatur*. – 2016. – №42(7). – P. 738-742.
- 6 Луцик Ч.Б., Луцик А.Ч. Распад электронных возбуждений с образованием дефектов в твердых телах. – М.: Наука, 1989. – 264 с.
- 7 Kanno K., Tanaka K., Hayashi T. New aspects of intrinsic luminescence in alkali halides // *Rev. of Sol. Stat. Scien*. – 1990. – V. 4, N. 2&3. – P. 383-401.
- 8 Bernabei R., Belli P., D'angelo S., Di marco A., Montecchia F., Cappella F., D'angelo A., Incicchitti A., Caracciolo V., Castellano S., Cerulli R., Dai C. J., He H. L., Ma X. H., Sheng X. D., Wang R. G., Ye Z. P. Dark matter investigation by dama at gran sasso // *Int. J. Mod. Phys*. – 2013. – Vol. 28. – P. 130022 – 1 – 130022 – 73.
- 9 Christian Beck Possible Resonance Effect of Axionic Dark Matter in Josephson Junctions // *Phys. Rev. Lett*. – 2013. – № 111. – P. 1258 – 1268.
- 10 Shunkeyev, K., Sarmukhanov, E., Bekeshev, A., Sagimbaeva, Sh., Bizhanova, K. The cryostat for deformation of crystals at low temperatures // *Journal of Physics: Conference Series*. – 2012. – 400(PART 4). – 052032.
- 11 Song K.S., Williams R.T. Self-trapped excitons. – Berlin: Springer Verlag, 1993. – 404 p.
- 12 Ikezawa M., Kojima T. Luminescence of Alkali Halide Crystals Induced by UV-Light at Low Temperature // *J. Phys. Soc. Japan*. – 1969. – Vol. 27, № 6. – P. 1551–1563.
- 13 Боярская Ю.С., Житару Р.П. Закономерности деформирования легированных кристаллов NaCl при одноосном сжатии в интервале температур 4,2- 293 К // *ФТТ*. – Т. 39(2). – С. 313–317.

УДК 378.075.8:539  
МРНТИ 14.35.07

Ж.Қ.Сыдықова<sup>1</sup>, Б.Ерженбек<sup>2</sup>

<sup>1</sup>п.ғ.к., аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің  
Алматы қ., Қазақстан

## НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ЭНЕРГИЯ ҰҒЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

*Аңдатпа*

«Энергия» ұғымы жартылыстану ғылымдарының іргелі ұғымдарының бірі болғандықтан, оны негізгі мектепте қалыптастыру барысына үлкен мән беріледі. Бұл мақалада негізгі мектепте физиканы оқыту барысында «Энергия» ұғымын қалыптастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асыру әдістемесі келтірілген. Мұнда «Энергия» ұғымының биология пәнімен пәнаралық байланысы көрсетілген. Мысал ретінде 7-9 сыныптарда «Энергия» тақырыбы бойынша сабақ жоспарларының элементтері ұсынылған. Жоспарда «Энергия» ұғымын қалыптастыруда мұғалім іс-әрекеті, биологиямен пәнаралық байланысы, сондай-ақ пәнаралық сипаттағы есептерге мысалдар келтірілген. Көрсетілген жоспардың көмегімен «Энергия» ұғымына қатысты пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Орта мектепте физика сабақтарында пәнаралық байланысты қолдану оқушылардың білім деңгейін көтеріп, логикалық ойлау қабілетін жетілдіре түседі, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамуына ықпалын тигізеді.

**Түйін сөздер:** энергия, ұғым, пәнаралық байланыс, есептер, қалыптастыру, дамыту.

*Аннотация*

Ж.К.Сыдықова<sup>1</sup>, Б.Ерженбек<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.п.н., старший преподаватель Казахского национального педагогического университета им.Абая, г.Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>докторант Казахского национального педагогического университета им.Абая, г.Алматы, Казахстан

## РЕАЛИЗАЦИЯ МЕЖПРЕДМЕТНЫХ СВЯЗЕЙ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ПОНЯТИЯ «ЭНЕРГИЯ» В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ФИЗИКИ В ОСНОВНОЙ ШКОЛЕ

Понятие «Энергия» является одним из фундаментальных понятий естествознания, его изучению придают большое значение в школе. В данной статье предлагается методика реализации межпредметных связей в формировании понятия «Энергия» при преподавании физики в основной школе. Здесь показана межпредметная связь физики с биологией при изучении понятия «Энергия». В качестве примера представлены элементы планирования урока в 7-9 классах. В планах даны описания действий учителя, связь физики с биологией, а также даются задачи и примеры. При помощи этих планов возможна реализация межпредметных связей при изучении понятия «Энергия». Использование межпредметных связей в средней школе повышает уровень знаний учащихся, улучшает их логическое мышление и способствует развитию их творческих способностей.

**Ключевые слова:** энергия, понятие, межпредметная связь, задачи, формирование, развитие.

*Abstract*

Zh.K.Sydykova<sup>1</sup>, B.Yerzhenbek<sup>2</sup>

<sup>1</sup> cand.Sci. (Pedagogical), senior lecturer Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Phd student Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## IMPLEMENTATION OF INTERDEPLICATED RELATIONSHIPS IN THE FORMATION OF THE CONCEPT "ENERGY" IN THE PROCESS OF TEACHING PHYSICS IN THE BASIC SCHOOL

The concept of "Energy" is one of the fundamental concepts of natural science, its study attach great importance in school. This article proposes a methodology for the implementation of interdisciplinary connections in the formation of the concept of "Energy" in the teaching of physics in primary school. It shows the interdisciplinary relationship of physics with biology when studying the concept of "Energy". As an example, the elements of lesson planning in grades 7-9 are presented. The plans provide descriptions of the actions of the teacher, the relationship of physics with biology, and also provides tasks and examples. With the help of these plans it is possible to implement interdisciplinary connections when studying the concept of "Energy". The use of interdisciplinary connections in high school increases the level of students' knowledge, improves their logical thinking and contributes to the development of their creative abilities.

**Keywords:** energy, concept, interdisciplinary communication, tasks, formation, development



Энергия ұғымы жаратылыстану ғылымдарының іргелі ұғымдарының бірі. Негізгі мектептің физика курсында энергия ұғымын қалыптастыруға өте зор мән беріледі. Энергия ұғымының қалыптасуы мен дамуы ең алдымен механикалық, жылулық құбылыстарда бастау алып, сосын электромагниттік және кванттық өзара әсерлесулерде жалғасын табады.

7-сынып оқушылары бастапқыда энергияны дененің жұмыс істеу қабілеттілігінің өлшемі ретінде, сондай-ақ механикалық энергияның сақталу заңының мәнін түсінулері керек. Оқушылар қандай энергия потенциалдық, қандай энергия кинетикалық деп аталатынын, олар неге байланысты болатынын білулері, сонымен қатар әртүрлі қозғалыстарда болатын энергияның түрленулерін түсіндіре алулары керек. Мысалы, көлбеу жазықтықтан шардың домалауы, жоғары лақтырылған доптың қозғалысы және т.б. [1]. 8-сыныпта «Жылу құбылыстары» тақырыптарын меңгертуде «энергия» ұғымы тереңдей түседі. Мұнда оқушыларға ішкі энергия ұғымы қалыптастырылады, кейіннен бұл ұғым «заттың агрегаттық күйлерінің өзгеруі» тарауын меңгерту кезінде қолданылатын болады. Оқушылар дене ішкі энергияға ие болатынын, дененің ішкі энергиясы оның температурасы мен массасына, сондай-ақ оның агрегаттық күйлеріне байланысты болатынын және дененің қозғалысына да, бұл дененің басқа денелерге қатысты тұрған орнына да тәуелді емес екенін түсіндіре алулары керек. 8-сыныпта энергия ұғымын қалыптастыру Джоуль-Ленц заңын меңгерумен аяқталады. Мұнда өткізгіш бойымен ток өткенде, өткізгіш қызады, яғни электр энергиясы ішкі энергияға айналатыны қарастырылады. Оқушылар энергияның сақталу заңын тұжырымдай білулері және оны табиғатта болатын әртүрлі процестер мен құбылыстарға қолдана алулары керек. 9-сыныптың физика курсында энергия ұғымының көлемі ұлғая түседі. Мұнда механикалық энергия жоғары деңгейде қарастырылады, жұмыс ұғымы мен потенциалдық энергияның, жұмыс ұғымы мен кинетикалық энергияның өзгерісінің байланысы орнатылады. Әрі қарай энергияның сақталу және түрлену заңы тұжырымдамасының өзегін құрайтын «механикалық энергия», «тұйық жүйенің толық механикалық энергиясы», «энергияның түрленуі» ұғымдарына тоқталып, оқушылардың бұл ұғымдарды меңгеруіне ерекше көңіл бөлу керек. Өйткені бұл заң сақталу заңдарының ішіндегі ең маңыздысы болып табылады және ол табиғат құбылыстарының өзара байланысын ұғынуға мүмкіндік береді [2].

Энергия ұғымын қалыптастыру электромагниттік құбылыстарды, электр энергиясын түсіндірумен байланысты мәселелерді қарастырғанда жалғасын табады.

Оқушылар энергия ұғымының жаңа мағынасымен ядролық реакциялардың өту механизмі мен меңгеру барысында танысады. Негізгі мектептің 9-сыныбында «энергия» ұғымын қалыптастыру осымен аяқталады.

«Энергия» ұғымын қалыптастыруда бастапқыда мұғалім оқушылардың «энергия» ұғымымен биология сабақтарынан таныс екенін ескеруі керек. Жер ғаламшары үшін энергия көзі Күн болып табылады. Мұнда «энергия» терминінің мәні толық ашылмай қолданылған. Терминдерді осылайша игерту дұрыс емес, себебі оқушылар сөздердің мағынасын түсінбей, механикалық түрде жаттап алады. Бұл білімнің формалды түрде қалыптасуына әкеп соғады. «Энергия» ұғымын меңгертуде мұғалім қателіктердің алдын алу үшін, «энергия» сөзінің мағынасын оқушылардың өмірлік тәжірибесінен және басқа пәндерді (табиғаттану, жаратылыстану, биология) меңгеру барысында қалай түсінетіндерін анықтап алу қажет. Оқушыларға энергияның сақталу және түрлену заңы туралы қысқаша тарихи анықтама берген дұрыс. Бұл заңды ашуда Р.Майер, Г.Гельмгольц, Д.Джоуль, М.В.Ломоносовтардың еңбектері туралы әңгімелеуге болады. Энергияның сақталу және түрлену заңының ашылуы – неміс ғалымы, жаратылыстану зерттеушісі және дәрігер Р.Майердің есімімен байланысты. Оның 1842 жылы ашқан заңы XIX ғасырда ашылған организмдер құрылысының клеткалық теориясы (Шванн) мен түрлердің шығу тегі және даму теориясы (Дарвин) заңдарымен қатар ашылған үш ұлы жаңалықтың бірі болған. Ағылшын ғалымы Джоульдің, орыс ғалымы Ленцтің, неміс ғалымдары Майердің, Румфордтың және басқа ғалымдардың тәжірибелерінің арқасында энергияның сақталу және түрлену заңы берік эксперименттік негізде бекітілді.

1847 жылы неміс ғалымы Г.Гельмгольц белгілі ғылыми мәліметтердің негізінде, көптеген механикалық, жылулық, электр, жарық құбылыстарындағы және химиялық процестердегі энергияның түрленуін теориялық тұрғыдан зерттеп және табиғаттың жалпыға ортақ заңы ретінде энергияның сақталу және түрлену заңын тұжырымдады.

«Энергия» ұғымын қалыптастыруда мұғалім физиканың басқа жаратылыстану пәндерімен, атап айтқанда биологиямен пәнаралық байланысын жүзеге асырса нәтижесі жоғары болатыны анық. Пәнаралық байланыстың дидактикалық ролі жаратылыстану ғылымдары пәндері арасында білімдердің

жүйелілігі мен жалғасымдылығын тағайындауға мүмкіндік беретіндігінде болып отыр. Сабақта оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес пәнаралық сипаттағы тапсырмалар мен есептерді қолдану оқушылардың білімін жоғарылатады, өйткені мұндай жұмыстар негізінен зерттеушілік сипатқа ие болып келеді. Мысал ретінде 7-9 сыныптарда «Энергия» тақырыбы бойынша сабақ жоспарларының элементтері (1-3 кестелер) көрсетілген. Жоспарда «Энергия» ұғымын қалыптастыруда мұғалім іс-әрекеті, биологиямен пәнаралық байланыс, сондай-ақ пәнаралық сипаттағы есептерге мысалдар келтірілген. Көрсетілген жоспардың көмегімен пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады [1, 3, 4]

*Кесте 1. 7 – сынып. «Энергия» тақырыбы бойынша пәнаралық байланысты жүзеге асыру жоспарының үзіндісі.*

Сабақтың тақырыбы	«Энергия» ұғымын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет мазмұны	Биологиямен пәнаралық байланыс/пәнаралық мазмұндағы тапсырмалар
Механикалық энергия. Кинетикалық энергия	<p>1) Тәжірибелер көмегімен дененің жұмыс істеу шартын анықтау (белгілі биіктіктен дененің жерге құлауы, беттің үстімен дененің бірқалыпты қозғалуы).</p> <p>2) Дененің энергияға ие бола алатынын, бірақ жұмыс атқарылмайтынын, жұмыс атқарылуы үшін белгілі бір энергия қорының болуы керектігін мысалдармен көрсету.</p> <p>3) «Энергия – дененің жұмыс істеу қабілеттілігін сипаттайтын физикалық шама» анықтамасының мағынасын түсіндіру.</p> <p>4) Проблемалық жағдаяттың көмегімен қозғалыстағы дененің массасы мен жылдамдығы неғұрлым жоғары болса, ол соғұрлым үлкен энергияға ие болатындығын көрсету. Мұны сабақта массасы мен жылдамдығы әртүрлі денелермен тәжірибе жасау арқылы көрсетуге болады (кинетикалық энергия).</p>	<p>1) Күн энергиясының, тірі организмдердегі энергиялардың түрлену мысалдарын қарастыру. Мысалы, барлық тірі организмдер өндірушілер, қолданушылар және жоюшылар болып үшке бөлінеді. Өндірушілер энергияны қалай алады?</p> <p>2) Массалары мен жылдамдықтары әртүрлі жануарлардың (піл және гепард, қоян мен түлкі және т.б.) қозғалысын қарастыру және олардың қайсысы үлкен кинетикалық энергияға ие болатынын салыстыру, неліктен солай болатынының себебін түсіндіру.</p> <p>Мысалы, «Жануарлардың қайсысының кинетикалық энергиясы жоғары болады? Жылдамдығы 40км/сағ, массасы 6 кг түлкінің бе, жоқ әлде түлкіден 60км/сағ жылдамдықпен қашып келе жатқан, массасы 4 кг қоянның ба?»</p>
Потенциалдық энергия	<p>1) Энергияға тек қозғалыстағы денелер ғана ие болып қоймайды, сондай-ақ, Жер бетінен қандай-да бір биіктікке көтерілген денелер де энергияға ие болатынын тәжірибелер көмегімен көрсетуге болады (потенциалдық энергия); 2) «Кинетикалық» және «потенциалдық» энергия ұғымдары арасындағы ұқсастықты және олардың арасындағы айырмашылықты түсіндіру.</p>	<p>Биіктігі 7 м үйдің төбесінен массасы 500 г сүңгі мұз үзіліп түсті. Мұз құлағанда ауырлық күші қандай жұмыс атқарды? Массасы 2 кг құстың 20 м биіктіктегі потенциалдық энергиясы қандай болады? 3м/с жылдамдықпен ұшқан массасы 2 кг құстың кинетикалық энергиясы қандай мәнге ие болады?</p>
Энергияның сақталуы және түрленуі	<p>1) Сабақты келесі мәселелерді қарастырумен бастаған жөн: серіппедегі жүктің тербелісін, белгілі бір биіктіктен шардың құлауын, Максвелл маятникін және т.б. Көрсетілген мысалдарда энергияның қандай түрленуі жүзеге асырылатынын түсіндіру.</p> <p>2) Үйкеліс күштері әрекет еткен жағдайда механикалық энергияның сақталу заңы орындалмайтынын көрсету.</p> <p>3) Тольқ механикалық энергияның сақталу заңын тұжырымдау.</p>	<p>Тірі организмдердегі энергияның түрленуін қарастыру. Мысалы, инеліктің қозғалысы кезінде энергияның қандай түрленулері жүзеге асады? СЭС қоршаған ортаға қалай әсер етеді?</p>

Кесте 2. 8-сынып. «Энергия» тақырыбы бойынша пәнаралық байланысты жүзеге асыру жоспарының үзіндісі.

Сабақтың тақырыбы	«Энергия» ұғымын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет мазмұны	Биологиямен пәнаралық байланыс/пәнаралық мазмұндағы тапсырмалар
Ішкі энергия. Ішкі энергияны өзгерту тәсілдері.	1) Кинетикалық және потенциалдық энергия ұғымдарын қайталау. 2) Ішкі энергия ұғымына анықтама беру. Ішкі энергия жүйені құрайтын бөлшектердің энергияларының қосындысы екеніне оқушылардың назарын аудару керек. Ішкі энергияны өзгерту тәсілдерін қарастыру үшін оқушыларға келесі сұрақтарды қоюға болады: қыста қолыңыз тоңғанда қолыңызды қалай жылытасыз (алақаныңызды бір-біріне үйкелеу немесе оларды үрлеу арқылы)?	Оқушыларға сабақта пәнаралық сипаттағы келесідей тапсырмаларды беруге болады: Массасы 4,2 кг маймыл өзі отырған бір бұтақтан 1,7м жоғары тұрған екінші бұтаққа секірді. Осы жағдайда маймылдың потенциалдық энергиясы қаншаға өзгереді? Неліктен адам жұмыс істегенде оның денесі қызып, көп мөлшерде жылу шығарады? Оқушыларға осы сияқты тапсырмаларды ұсынуға болады.
Жылу қозғалтқыштары. Жылу қозғалтқыштарының жұмыс істеу принципі.	1) Қарапайым жылу қозғалтқышының құрылысын және ондағы энергияның түрленуін қарастыру. 2) Қозғалтқыш қандай бөліктерден тұратынын және оның пайдалы әсер коэффициенті қандай екенін анықтау.	Жылу қозғалтқыштарының қоршаған ортаға әсерін және осыған байланысты туындайтын экологиялық мәселелерді, биологиялық процестер тұрғысынан «пайдалы әсер коэффициенті» ұғымын қарастыру. Мысалы: Азықты пайдалы әсер коэффициенті шамамен 25 пайызды құрайтын биоотын ретінде қарастыруға болады. Тамақтану барысында жануардың ағзасында энергияның түрленуі тұрғысынан, бұл мәселені қалай түсіндіруге болады?
Токтың жұмысы мен қуаты. Джоуль-Ленц заңы	1. Электр тогының күші және өткізгіш кедергісінің тізбек бөлігінде бөлінетін энергия арасындағы байланысты түсіндіру. 2. Токтың жылулық қозғалысын қайталау. 3. Қысқа тұйықталу мен сақтағыштар.	Қысқа тұйықталу - зиянды құбылыс. Электр тогы адам денесі арқылы өткен кезде биологиялық, жылулық, механикалық және химиялық әрекетке ұшырайтынына оқушылардың назарын аудару керек. <i>Жылулық әрекет</i> күйдіруге әкеп соғады.

Кесте 3. 9-сынып. «Энергия» тақырыбы бойынша пәнаралық байланысты жүзеге асыру жоспарының үзіндісі.

Сабақтың тақырыбы	«Энергия» ұғымын қалыптастыруға бағытталған іс-әрекет мазмұны	Биологиямен пәнаралық байланыс/пәнаралық мазмұндағы тапсырмалар
Жұмыс және потенциалдық энергия	1) 7-сыныпта энергия ұғымы бойынша өткен материалдарды қайталап алған жөн. Дененің энергияға ие болатындығын көрсететін жағдайларға мысалдар қарастырған дұрыс; 2) Дене потенциалдық энергияға ие болғанда ол неге тәуелді болатынына мысалдар келтіру. 3) Ауырлық күшінің, сондай-ақ серпімділік күшінің жұмысы потенциалдық энергияның өзгерісіне тең екендігін дәлелдеу.	Оқушыларға мынадай есептерді шығаруды ұсынуға болады: 1. Неліктен тәжірибелі турист саяхат кезінде құлап жатқан ағаштың үстіне шығып, сосын секіріп өтпей, ағашты аттап өткенді жөн көреді? 2. Салмағы 700Н спортсмен 201 см биіктікті бағындырады. Ол қандай потенциалдық энергияға ие болады?
Жұмыс және кинетикалық энергия	Мысалдардың көмегімен дененің кинетикалық энергияға ие болатын жағдайларын қарастыру.	Жануарлар мен өсімдіктер әлеміне байланысты кинетикалық энергияға ие болатын жағдайларға мысалдар келтіру.

Механикалық энергияның сақталу заңы	1) Тұйық жүйе үшін толық механикалық энергияның сақталу заңын түсіндіру. 2) Үйкеліс күшін ескере отырып механикалық энергияның сақталу заңын қарастыру.	Кинетикалық энергияның потенциалдық энергияға және керісінше потенциалдық энергияның кинетикалық энергияға түрленуіне мысалдар келтіру: жыланқұрт қозғалу үшін арнайы қимыл жасайды, оның денесінің төменгі бөлігінде орналасқан фуркуласы жәндіктің секіруіне көмектеседі. Жәндік сұйықтықты фуркулаға тастау арқылы үрленеді. Төмен түскен фуркула кенеттен түзеледі. Потенциалдық энергияның кинетикалық энергияға түрленуі жүреді және жәндік жоғарыға серпіледі.
Электр энергиясын тасымалдау	СЭС жұмысы мысалында құлаған судың энергиясын электр энергиясына түрленуін қарастыру; Өндірістік электр станциясының түрлері (СЭС, ЖЭС, АЭС) және қайта жаңартылған энергия көздері; Өндіріске энергияны тасымалдау тәсілдері.	Тірі организмдерде электр тогының тасымалдануы.
Масса ақауы. Ядролық реакциялардың энергетикалық шығуы.	1) Масса ақауын біле отырып байланыс энергиясын анықтауға болады; 2) Байланыс энергиясына анықтама беру, оқушыларды байланыс энергиясын есептеуге арналған формуламен таныстыру; 3) Энергия мен массаның өзара байланыс заңдылығын қолдана отырып жүйенің энергиясының өзгеру тәсілдерін анықтау.	Тірі организмдерге ядролық сәулеленудің әсері. Тірі организмнің биологиялық әрекетіне сәулеленудің қандай түрлері көбірек қауіпті?
Ядролық реактор. Ядролық энергетика	1) Реактордың жұмыс істеу принципі, ядролық реактордың энергетикалық қондырғысының сұлбасын қарастыру. 2) Әлемдегі және Қазақстандағы ядролық энергетиканың дамуы.	Ядролық энергетикамен баяланысты экологиялық мәселелерді қарастыру. Отынның аз көлемінде үлкен энергияны алу; Авария кезінде радиоактивті сәулеленудің адам өміріне қаупі; Жануарлар мен адамдардың эмбриондық дамуына радиацияның әсері.

Физика мұғалімі ұғымдарды қалыптастыру барысында оқушылардың басқа да жаратылыстану пәндері бойынша алған білімдеріне сүйенуі қажет. Физикалық ұғымдарды қалыптастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асырудың мақсаты – оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, табиғат құбылыстарының біртұтастығын және өзара байланысын көрсету; бір пәннен меңгерген білім, іскерлік, дағдыларын екінші жақын пәндерде орынды қолдана білу.

Физиканы басқа ғылымдармен байланыстыра оқыту терең білім алуға, ғылыми ұғымдарды және заңдарды меңгеруге, оқу-тәрбиелік процестерді жетілдіруге, ғылыми көзқарасты қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, білім деңгейін көтеріп, логикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Шығармашылық қабілеттерін және ғылыми деңгейдің дамуына ықпалын тигізеді. Физикалық ұғымдарды қалыптастыру бойынша алға қойған мақсатқа қол жеткізу, ұғымдардың қалыптасу деңгейін анықтау үшін пәнаралық сипаттағы әртүрлі типтегі тапсырмаларды қолданудың маңызы зор.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Башарұлы Р. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017.-208б.

2 Башарұлы Р., Қазақбаева Д., Тоқбергенова У. Физика және астрономия: Әдістемелік нұсқаулық. Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. – Алматы: «Мектеп».2009.-96б.

3 Дүйсембаев Б.М., Байжасарова Г.З., Медетбекова А.А. Физика 8 – сынып. «Мектеп» баспасы 2016ж.

4 Башарұлы Р., Қазақбаева Д., Тоқбергенова У., Бекбасар Н. «Физика және астрономия», 9 сынып «Мектеп» баспасы 2016ж.

УДК 524.3-1/8  
МРНТИ 13.00.02

Г.Т. Тугелбаева<sup>1</sup>, А.А. Рсалиева<sup>2</sup>

х.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,  
<sup>2</sup>магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҰЛЫ ДАЛАДА АЛҒАШҚЫ АСТРОНОМИЯЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа

Мақалада, қазақтардың ерте кезден бастап аспан әлемі туралы ұлттық таным, түсініктерінің болуы; астрономиялық ұғымдардың пайда болуы; әдебиеттегі аспан шырақтарының шынайы мәнін ашатын өлең, жыр шумақтарымен қоса ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, әр түрлі аңыз әңгімелер арқылы, табиғат құбылыстарының мәні мен маңызының сипатталуы; Айға байланысты наным-сенімдер мен ырымдар, Айға қарап ауа райын болжау, жан-жануарлардың қылықтарына қарай, аспан денелерінің орналасуына қатысты, жыл мезгілдері арқылы ауа райын болжау тәсілдері келтіріліп, халық астрономиясын өскелең ұрпаққа қазақтың салт-дәстүрін одан әрі жалғастырып, дамытуға, дүниетанымдық көзқарас сипатын кеңейту мақсатында ұлттық ой-сананы жетілдіру жолдары көрсетілген. Сонымен қатар, алаш арыстарының бірі - Әлихан Бөкейхановтың қазақтың тұңғыш астрономы болғаны туралы мәлімет келтірілген.

**Түйін сөздер:** аспан шырақтары, жұлдыздар, табиғат құбылыстар, метеорит, күн жүйесі..

Аннотация

Г.Т. Тугелбаева<sup>1</sup>, А.А. Рсалиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к. хим. наук, доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> магистрант, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

## ФОРМИРОВАНИЕ ПЕРВЫХ АСТРОНОМИЧЕСКИХ ПОНЯТИЙ В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

В статье представлена национальная идея казахов о небесном мире с давних времен; формирование астрономических концепций; стихи, устные пословицы и поговорки, различные легенды, раскрывающие сущность и значение явлений природы, раскрывающие истинное значение небесного сияния в литературе; Религиозные верования и ритуалы, связанные с Луной, прогнозирование погоды на Луне, расположение небесных тел, методы прогнозирования погоды в течение сезонов и популяризация астрономии среди молодого поколения для продолжения казахских традиций и расширения их мировоззрения как улучшить свой национальный менталитет. Кроме того, представлена что Алихан Бөкейханов - один из первых казахских астрономов.

**Ключевые слова:** небесные тела, звезды, природные явления, метеорит, Солнечная система.

Abstract

## FORMATION OF THE FIRST ASTRONOMICAL CONCEPTS IN THE GREAT STEPPE

G.T. Tugelbaeva<sup>1</sup>, A.A. Rsalieva<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Cand.Sci. (Chemistry), Assistant Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Student of Master Programme, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

In the article, the presence of the Kazakh people from the ancient times of the national idea of the heavenly world; the formation of an astronomical concept; description of natural phenomena in literature with the help of a song revealing the true meaning of heavenly bodies, poems, proverbs and sayings of oral folk art, different legends. The customs and foundations associated with the moon, The weather forecast for the moon, The ways of development of national thinking in the younger generation with the help of people's astronomy are shown, indicating, as an example, the customs and customs associated with the moon, the weather forecast for the moon, the leashes of animals, , by the seasons. Moreover, the fact that the first Kazakh astronomer was one of the outstanding Alashovites Alikhan Bokeikhanov is taken into account.

**Keywords:** celestial bodies, stars, natural phenomena, meteorite, Solar system.

Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» - делінген [1]. Расында да, адамзаттың тіршілігі өмір сүрген ортаға, табиғат болмысы мен

құбылысына, төңіректегі жан-жануарлар, жәндік-мақұлықтар мен өсімдік әлеміне тығыз байланысты екені тарихтан белгілі. Адам баласының өмірлік қажеттіліктерінің негізінде басқа ғылымдардың бәрінен бұрын пайда болған ежелгі ғылымдардың бірі- астрономия ғылымы болып саналады. Ежелгі қазақ даласын мекендеген халық жұлдыздар мен шоқжұлдыздардың орны бойынша жыл мезгілдері мен жер тараптарын айыра білген. Қазақ халқы табиғат құбылыстарын бақылай отырып, көпжылдық тәжірибелерін қорытып, ауа-райын болжап астрономиялық түсініктері мен білімдерін жинаған.

Ел болып еңсесін көтерген ежелгі заманнан-ақ біздің ата-бабаларымыз өздері өмір сүріп отырған өңірдің табиғатын, ауа-райын бақылап, әрбір құбылысын зерделеп, жан-жануарлардың да қылықтарын, Ай, Күн, жұлдыздардың да сипатын назарынан тыс қалдырмаған. Осының бәрін сараптай келіп, алдағы жыл мезгілдеріне болжам жасаған. Қазақтардың негізінен, мұндай адамдарды **жұлдызшылар** деп атағаны мәлім.

Қазақ жұлдызшылары неше түрлі ырымдарды да ауа-райын болжауда кеңінен пайдаланды. Сөйтіп, халқымызда Ай санау, Күн санау, Жыл санау деп аталатын мерзім өлшемдері өмірге келді. Қазақтардың барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас. Жыл маусымдарымен санаса отырып, бойлық бойынша тербеліп көшіп қонуға бейімделген көшпелі қазақтың материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырып, мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйені қалыптастырған. Қазақтар табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең тануға, табиғатпен бірге өмір сүруге бейімделген. Олар табиғатты бағындыру арқылы емес табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймай, мұның өзін өздерінің моральдық-эстетикалық қалыптарына айналдырған. Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының қасиет-болмысын қалт жібермей бақылау арқылы қазақтар өздерінің білік-тәжірибесін шыңдап отырған. Көшпелі жұрттың аспан әлемі туралы ілімге қосқан үлесі де ерекше. Көшпелі тұрмыс әр айдың ерекшелігіне, онда туатын жұлдыздарға байланысты ауа райының құбылуына айрықша мән беріп, аспан шырақтарына көшпелі ел өміріне байланысты ат таққан. Ұлан – байтақ кең далада мал бағып, күндерін кең табиғат құшағында мал өрісінде, түндерін жұлдызды аспан астындағы мал күзетінде өткізген қалың қазақ, табиғат құбылыстарын бақылаудан туған халықтың көп жылдық тәжірибелерін қорытып, жұлдызды аспан туралы астрономиялық түсініктер мен ілімдер жинаған.

Табиғат құбылыстарының айналып келіп отыруын, күн мен түннің, жыл мен маусымдардың, ай жаңалануының айналып келіп отыруын мұқият бақылап, есептеп ұғынудың қазақ халқының шаруашылық өмірі үшін орасан зор тіршілік тұрмыстық маңызы болды. Қазақтар осы есеп арқылы жайлауға қай уақытта көшу, күзеу мен қыстауға қай уақытта келу, қойды қай уақытта қырку, қашан күйек салу, қай мезгілде көктеуге барып мал төлдету, соғымды қашан сою, егінді қай мезгілден бастап салу, шөпті қашан шабу сияқты шаруашылық мезгілдерін белгілеп отырды. Бұл есептен жаңылу оларды ауыр шығынға ұшыратты. Табиғат құбылыстары: айналаны, жұлдызды, аспанды бақылаудан туған, халықтың көп жылдық тәжірибесінде жинақталған астрономиялық түсініктер мен білімдер негізінде байырғы қазақ күнтізбесі жарыққа шықты [2]. Шексіз – шетсіз кең далада мал бағу, үдере көшу, жолаушы жүру, жоқ қарау және аң аулау, төрт жағын анық айыруды, қараңғы түндерде жұлдызды аспанға қарап бағыт – бағдарды белгілеп, өткел, суат, қоныс, құдықтарды дәл табуға үйретті. Аспан – жердегі адамдардың қимыл-әрекеттерінің бейнесі болса, жұлдыздардың, планеталар мен жұлдыздар тобының атауларында да біздің арғы аталарымыз өмірінде болған маңызды оқиғаларды түсіндірген. Аспан шексіз дала кеңістігінде, көшпендінің жолында бағдарлаушы ретінде ғана емес, куәгер мен төреші, көмекші мен құтқарушы ретінде болған. Диканшы аспанда өзінің ауыр еңбегі мен тұрмысының бейнесін көрсе, көшпенді халық жұлдызды аспанда өзінің ауыр жорық өмірінің бейнесін көрген. Адамдар аспанға өз өмірлерінің маңызды шындығын көшіріп, осылайша халық жадында өз тарихын қалдырған. Қазақтарға Жердегі уақытты өлшеудің кілті аспанда болған. Ай, Күн, Жұлдыздар болмаса, Жердегі жыл мөлшерін анықтау мүмкін болмас еді.

Қазақтардың жұлдыздарға қойған аттары да көшпелі шаруашылыққа байланысты қойылған. Түнгі ашық аспанға зейін қойып қарағанда кез - келген адам - Сүмбіле, Таразы - Шідер - Ұшарқар, Үркер (Торпақ шоқжұлдызы), Персей, Аққу, Бүркіт, Жылан, Мерген және Бүйі шоқжұлдыздарының бойымен қоса қабаттаса ұзыннан - ұзақ түйенің ақ шудасындай созылып жатқан тұмандықты байқар еді. Бұл ақ тұмандықты халқымыз ежелден **Құс жолы** деп атаған. Себебі, көктемде жыл құстары осы ақ тұмандық бойымен жерімізге ұшып келіп, күзде осы жолмен кері қайтады. Ал ақиқатында бұл ақ тұмандық

шоғырланған сан миллиард жұлдыздардың алыстан көрінген өте әлсіз сұлбасы болып табылады. Құс жолы аталып кеткен бұл тұмандық (еуропалықтар «сүт жолы») деп атайды [3].

Қазақтардың аңыздарында аспан денелерінің қозғалыстары табиғи нанымдылығымен ерекшеленеді. Мысалы, әлемнің айналу осінде орналасқан «қозғалмайтын» жұлдызды, қазақтар «Темірқазық» деп атаған. Аспанда орнын ауыстырмайтын «Темірқазыққа» қарап, қазақтар сапар шеккенде жол бағдарын анықтайды. «Темірқазықты бетке ал» немесе «Темірқазық сол иығыңда болсын» деп жолаушыға жол сілтеген. Қазақ аңыздарында көп айтылатын ғаламшарлар мен жұлдыздар мыналар: «Темір- қазық» - Полярлық жұлдыз; «Жетіқарақшы» - Үлкен Аю; «Шолпан» - Венера; «Үркер» - Плеяды, «Ақбозат, Көкбозат» - Кіші аюдағы ең үлкен ақшыл және көгілдір екі жұлдыз; «Таразы» - Ориондағы қатар тізіліп тұрған үш жұлдыз, кейде оны «Үш арқар» деп те атайды.

Солтүстік аспан жарты шарының кіндігінде орналасқан шөміш іспеттес кіші 7 шоқжұлдызды және оған жақын орналасқан бірнеше шоқжұлдыздарды жылдың қай мезгілінде болмасын, әрдайым көріп отыруға болады. Жеті жұлдыздың ұшындағы жарық жұлдызды халқымыз - Темірқазық деп атап, «шөміш» түріндегі екі жарық жұлдызды Ақ боз ат және Көк боз ат деп атаған. Аңыз бойынша «Ақбозат пен Көкбозат» күзетшісі бар және «Темірқазыққа» байланған арқандаулы жылқылар. «Жетіқарақшы» оларды түні бойы аңдып, сондарынан қалмай жүрген ұрылар. Бірақ Күн - «күзетші» шыға келеді де, оларды қуып тастайды. Алайда ұрылар түн жамыла қайта «іске» кіріседі [4].


Қазақ аңыздарында «Жетіқарақшы» аттарды қолға түсіре алмай жүрген жай ұрылар емес, тіскаққан қандыбалақ қарақшылар. Тағы бір аңызда олар «Үркердің» бір қызын алып қашып, қарақшылардың біреуіне еріксіз қосады. Шындығында, Үлкен Аю (Жетіқарақшы) ожауының сабындағы ортаңғы жұлдыз, көмескі көрінетін қос жұлдыздан тұрады. Сондықтан ертеде үлкен өркениетке ие болған американдық үндістер соған қарап көздерінің көргіштігін (өткірлігін) сынаған. Үндістер қос жұлдыздың әлсізін - бала, үлкенін - кемпір деп сипаттаған. Қазақтардың аңызында көмескі қос жұлдыздың бірі - ұрланған қыз, ал екіншісі - зорлықшыл қарақшы екендігі айтылады.

Егер бір сәт Темірқазық жұлдызынан төмен қарай түзу сызық жүргізсең, ол «үлкен шөміш» сияқты Жетіқарақшының түбіндегі екі жарық жұлдызды қиып өтеді. Жетіқарақшы шоқжұлдызының Темірқазықты айнала қозғалып жүруі аспан әлемінің сағат тіліне қарсы айналуының ең қарапайым белгісі болып табылады. Яғни, ғылыми тілде қазіргі уақытта аспанның солтүстік нүктесі Темірқазық жұлдызына өте дәл келеді. «Жеті қарақшы» деп аталатын ең танымал жұлдыз тобының атауы оған кем дегенде 100 мың жыл бұрын берілді деп санауға барлық негізі бар. Жарқын жұлдыздың жетеуі қазіргі таңда аюға қарағанда, көбірек «Аспан Қайығына» ұқсайды. Ал 100 мың жыл бұрын жұлдыздар тобы аюдың бейнесіне ұқсас болған (1-сурет).

**Темірқазық** - қазақтардың түнде жол жүргенде бет алысын бағдарлайтын астрономиялық компасы іспеттес болған. Жетіқарақшы оларға сағат қызметін атқарған. Оның қозғалысын, сағат тілінің қозғалысы ретінде пайдаланған. Түн ортасында Жетіқарақшы қайда, таң ата қайда болатынын білген, күзге таман түндер ұзарады, қой күзетушілер Жетіқарақшының орналасуына байланысты ауысып отырған. Темірқазықтың төңірегінде қалған жұлдыздар мен жұлдыз шоғырлары айнала қозғалады.

Әрбір ірі аспан нысанында қазақ атауы бар. Бұл тек «Темір қазық» және «Жетіқарақшы» ғана емес, олардың қатарын жалғастыра беруге болады: "Үркер", "Арай"- ("Марс"), "Шолпан" -("Венера"), "Босаға"- ("Близнецы"), "Қамбар"-("Лев"), "Қарақұрт"- ("Кассиопея"), "Сүмбіле"- ("Сириус").

Күнге ең жақын планета - Меркурийді қазақтар «Кіші Шолпан» немесе «Айқыз» деп атаған, себебі Меркурий сыртынан қарағанда Айға, ал ішкі құрлысы жағынан Жерге ұқсайды екен. Күн жүйесіндегі алып планета - Юпитерді «Есекқырған» деп атайды. Сол сияқты: Марс - «Қызыл жұлдыз», Торпақ шоқжұлдызындағы шашыраңқы жұлдыз шоғыры «Үркер» деп аталады. Сириусты (Солтүстік жарты шарындағы ең жарық жұлдыз) - «Сүмбіле» деп атаған. Қазақтарда жұлдыздар мен планеталардың қозғалыстарына қарап жасалған күнтізбелер, айтізбелер, жұлдызтізбелер болған. Мысалы, айтізбесін «тоғыс» деп атаған. Сондай-ақ қазақтар арасында «тоғыз тоғыс», «жеті тоғыс», «бес тоғыс» деп аталатын ұғымдардың ғылыми терең мағынасы бар. Бұл ұғымдар қазіргі ғылым тіліндегі «сидерлік», «синодтық» деп аталатын айтізбелерімен үндестік табады. [5] Жұлдыздар туралы қазіргі түрік кітаптарында Пегас жұлдыздар тобын «Ат жұлдызы» деп атайды, үш жарқын жұлдызымен ерекшеленетін Орион жұлдыздар тобында нағыз қазақ атауы бар «Үш арқар таразы». Қазақстан жерінде тамыз айынан мамыр айына дейін әлем жарты шарының солтүстік - шығыс жағында «Х» сияқты немесе «ромба» түрінде 5 жұлдыз үнемі көрініп тұрады.



Сурет 1. Жеті қарақшы шоқжұлдызы

Оны халқымыз Шідер немесе Таразы шоқжұлдызы деп атаған. Бұл шоқжұлдыз төрт түліктің жайымен жиі көшіп - қонып отырған халқымыздың белгілі бір жыл маусымдарын дәл анықтауына және соған қарай қам - қаракет жасауына игі ықпал еткен, яғни, бұл шоқжұлдыз басқа шоқжұлдыздармен салыстырғанда қазақстан жерінде едәуір көп көрініп тұрады. «Х» немесе «ромба» тәрізді шоқжұлдыздың дал ортасында үш жұлдыз қатар көрінеді. Мұны халқымыз «"Үшархар Таразы"- ("Орион")» деп атаған.

Біз бұл атаулардан Елбасымыз айтқандай, Ұлы даладан шыққан жылқы аттарының жаһандық ауқымға шығып: *Ақ боз ат және Көк боз ат, Ат жұлдызы, Шідер, Пегас (қанатты ат)* т.б. ретінде аспан әлеміне жол тартқанын көреміз. [6].

**Сүмбіле жұлдызы.** Сүмбіле (латынша - Сирюс) жұлдызы - Үлкен Арлан шоқжұлдызының құрамындағы ең жарық, ақшыл түсті алып жұлдыз. Қазақстан жерінде Сүмбіле жұлдызы күзді күні туады. Солтүстік аспан жарты шарынан сүмбіле жұлдызын табу үшін таразы шоқжұлдызынан көкжиекке қарай ойша түзу сызық жүргізсек жетіп жатыр. Мамыр айында қазақстан жеріне көрінбей кеткенде, Сүмбіле жұлдызы аспанның оңтүстік жарты шарына ауысады.

Көшпелілердің өмірінде - *Шолпан* жұлдызының рөлі де ерекше болған. Шолпан күн шықпай немесе күн батқан сәтте көрінеді. Әрбір жайлауға және жайлаудан көшу уақыты Шолпанның тууына байланысты болған. Шолпан жұлдызы кешкі күн батарда батыста көрінсе, оны «тұл қатын» деп атаған. Бұл атау шолпанға, қыста күн батарда батыста көруіне байланысты қойылған. Өйткені, қыста кешке қарай аяз күшейеді. *Кіші Шолпан жұлдызы (Меркурий)*. Шолпан жұлдызының таңмен бірге туатыны белгілі болса, Кіші шолпан күн шығардан бұрын шығады және Шолпаннан кіші болғандықтан солай аталады. Меркурий жұлдызы күнді 0,24085 жылда немесе 87 тәулік 53 сағат 7 минутта айналып шығады. Кейде оны Болпан деп те атайды.

Қазақтар Юпитер жұлдызын *Есекқырған* деп атаған. Қазақтың атауы «Есекқырған» ғаламшардың көрінерлік мөлшерінің Шолпанмен бірдей екендігінен пайда болған деген аңыз бар. Оған сүйенсек, Ұлы Жібек жолымен 40 есекке жүк артқан керуен құмға келгенде түн болады да, керуеншілер қонуға мәжбүр болады. Олар қарауыл сайлап, оған Шолпан туғанда оятарсың деген. Көзі ілініп кеткен қарауыл аспанға қараса Шолпан сияқты жұлдыз жарқырап тұрған соң бәрін оятып, жолға шығады. Қарауылда тұрған адам түн ортасында туған Юпитерді басқа ғаламшармен шатастырып алған екен. Жел тұрып, боран басталады, дұрыс дем алмаған есектер, жол таба алмай таңертенге шейін шыда алмағаннан қырылып қалған деседі. Соңдықтан ел аузында ғаламшарды Есекқырған деп атау бастаған [7]. Юпитер көне юнандардың Зевс құдайының құрметіне қойылған. «Юпитер» бұл Зевс құдайының латын аты. Юпитер - күнді 11,86223 жылда немесе 11 жыл 314 тәулік 22 сағат 4 минутта айналып шығады. Он екі жылды хайуанаттар мүшелдерінің пайда болуын осы Есекқырған нысанының күнді айналып шығу уақытымен байланыстырады. Әртүрлі жазбаларда Юпитердің әртүрлі серіктер саны келтіріледі. Ресми деректерде ғаламшардың он алты серігі бар деп жиі жазылады. Марсты қазақтар *Қызыл жұлдыз* деп атайды. Кейде *Аңырақай* деген ат та кездеседі. Марс - күнді 1,880089 жылда немесе 686 тәулік 23 сағат 13 минутта айналып шығады. Қазақ қауымы аспан әлемін бақылау арқылы метеориттерді – «*аққан жұлдыз*» деп, кометаларды *құйрықты жұлдыз* деп атаған [8].

Сонымен бұл зерделеуде, «*Рухани жаңғыру*» аясында халық астрономиясының өскелең ұрпаққа қазақтың салт-дәстүрін одан әрі жалғастыру, жаңғырту, дүниетанымдық сипатын кеңейту мақсатында ұлттық ой-сананы жетілдіру жолдары келтірілді.



- Қазіргі ұрпақтың қазақтың салт-дәстүрінен қол үзіп қалғандығы себепті дәстүрлі, қарапайым нәрселерді білмей жатады. Сол себепті күнделікті тұрмыста, отбасында қазақтың осындай қажетті деген ауа райын болжау әдіс-тәсілдерін, халық астрономиясын өскелең ұрпаққа үйрету маңыздылығы көрсетілді.

- Қазақтардың ерте кезден бастап аспан әлемі туралы түсініктерінің болуы, астрономиялық ұғымдардың қалыптасуы, әдебиеттегі аспан шырақтары арқылы, табиғат құбылыстарының мәні мен маңызы сипатталды.

- Қазақтың күнтізбесі бойынша жыл санау әдісін пайдаланып, әркім өзінің қай жылы туғанын анықтау жолы көрсетілді, яғни, ол үшін туған жылын он екіге бөлуі қажет. Қалдықсыз бөлінсе, ол мешін жылы болғаны, қалдық біреу болса – тауық, екеу болса – ит, үшеу болса – доңыз, төртеу болса – тышқан жылы болады. Мұнан кейін қалдықтардың санына байланысты сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой жылы келеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры, Егеменді Қазақстан газеті, 21.11.2018 ж.
- 2 Әбішев Х., Аспан сыры, А., 1966;
- 3 Исқақов М.Ө., Халық календары, А., 1980;
- 4 Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы, 2-кітап. Алматы:Білім, 2002.-320 б.
- 5 Елеусінов Б, Сыздықбаева З., Мырзабаева А., Мырзабаева Р., Физика және астрономия. 9-сынып. Алматы, Атамұра 2005ж.
- 6 Түгелбаева Г.Т. Астрономия, оқулық, Қазмемқызпу баспасы, 378 б., 2015
- 7 Мекебаев К.Р., Уразбаева К.Т., Мешетов Ж.С. Астрономия, оқу құралы.-Семей. Тенгри, 2005
- 8 Бекбасаров Н.М. Астрономияға кіріспе. Алматы «Рауан», 1996 ж.

УДК 681.12

МРНТИ 29.17.19.

*Ш.С. Усманов<sup>1</sup> М.Қ. Құлбек<sup>2</sup>, С.М. Тезекеев<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>магистрант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>т.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>ага оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

### **ИНФРАДЫБЫС ТОЛҚЫНДАРЫНЫҢ СУДЫҢ КЕЙБІР ҚАСИЕТТЕРІНЕ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРЛЕРІН ЗЕРТТЕУ**

*Аңдатпа*

Бұл ғылыми мақалада суды инфрадыбыс толқындарымен сәулелендіргенде оның кейбір қасиеттері өзгеретіндігі туралы сұрақтар қарастырылған. Қарапайым кран суы 7 мен 19 Гц жиілік аралығында төмен жиіліктегі инфрадыбысты генератор көмегімен сәулеленді. Бір литр көлемдегі су 10-15 минут аралығында төмен жиіліктегі дыбыс тербелістерінің әсерінде болды. Сосын рН сутектік көрсеткіш пен қышқылды-қалпына келтіргіш потенциал немесе редокс потенциалы өлшенді. Зерттеу нәтижелері рН көрсеткіш пен редокс потенциал (ҚҚКП) өлшемдерінің арасында сәулелену жиілігіне қарай тәуелділік болатындығын көрсетті. Сәулелену әсеріне ұшыраған судың бастапқы сумен салыстырғанда, рН және ҚҚКП мәндері сәулелену жиілігінің артуымен төмендейді. Бұл қарапайым кран суын төмен жиіліктегі дыбыс тербелістері көмегімен қасиетін өзгертуге болатындығын білдіреді. Алынған нәтижелер судың жұқа құрылымын анықтауға әрі қарай зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** инфрадыбыс, толқын, редокс потенциал, қышқылдық- қалпына келтіргіш потенциал, рН көрсеткіш, сәулелену.

Аннотация

Ш.С. Усманов<sup>1</sup> М.Қ. Құлбек<sup>2</sup>, С.М. Тезекеев<sup>3</sup>

<sup>1</sup> магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> д.т.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан,

<sup>3</sup>старший преподаватель, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

г. Алматы, Казахстан

## ИССЛЕДОВАНИЯ ВЛИЯНИЯ ИНФРАЗВУКОВЫХ ВОЛН НА НЕКОТОРЫЕ СВОЙСТВА ВОДЫ

В данной статье рассматриваются вопросы, касающиеся некоторых свойств воды, облучённых инфразвуковыми колебаниями. Обычная водопроводная вода подвергалась облучению с помощью низкочастотного звукового генератора в диапазоне частот от 7 – 19 Гц. Вода в объёме одного литра в течении 10-15 минут находилась под воздействием звуковых колебаний низкой частоты. В последующем проводились замеры водородного показателя рН и окислительно – восстановительного потенциала (ОВП), или редокс-потенциала. Результаты исследований выявили, что существует зависимость величин водородного показателя рН и редокс - потенциала (ОВП) от частоты облучения. Показано, что относительно исходной воды, у подвергшейся облучению воды, с ростом частоты облучения значения величины рН и ОВП уменьшаются. Это означает, что с помощью низкочастотных звуковых колебаний можно менять свойства обычной водопроводной воды. Полученные результаты дают возможность проведению дальнейших исследований по выявлению тонкой структуры воды.

**Ключевые слова:** инфразвук, волна, редокс потенциал, окислительно- восстановительный потенциал, рН показатель, облучение.

Abstract

## INVESTIGATION OF THE EFFECT OF INFRASONIC WAVES ON SOME PROPERTIES OF WATER

Sh.S. Usmanova, M.K. Kulbek, S.M. Tezekeev

<sup>1</sup> Student of Master Programme, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Dr. Sci. (Technical), Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>Senior Lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

This article discusses issues related to some properties of water irradiated by infrasonic vibrations. Normal tap water was irradiated using a low-frequency sound generator in the frequency range from 7–19 Hz. The water in the volume of one liter for 10-15 minutes was under the influence of low-frequency sound waves. Subsequently, measurements of PH and oxidation-reduction potential (ORP), or redox potential, were carried out. The research results revealed that there is a dependence of the pH value and the redox potential (ORP) on the frequency of irradiation. It is shown that relative to the source water of the water exposed to irradiation, the values of pH and redox potential decrease with increasing irradiation frequency. This means that with the help of low-frequency sound waves, you can change the properties of ordinary tap water. The results obtained make it possible to conduct further research to identify the fine structure of water.


**Keywords:** infrasonic, wave, redox potential, oxidation- reduction potential, pH indicator, irradiation.

Су- тіршілік көзі деп бекер аталмайды. Судың табиғаттағы адамзат тұрмысындағы, сондай-ақ техника мен технологиядағы алатын орны ерекше. Сондықтан да суды әртүрлі әдістермен жан-жақты зерттеудің маңызы өте зор.

Су молекуласы О-Н ковалентті байланысқан 2 атом сутек пен 1 атом оттектен тұратын, молекулалық массасы 18 г/моль болатын, иіссіз, дәмсіз, түссіз сұйықтық. Су 0°С-та қатып, қалыпты қысым жағдайында 100°С-та қайнайды [1].

Сұйықтардың оның ішінде судың құрылымы мен қасиеттерін зерттеуге арналған еңбектер баршылық. Дегенмен бүгінде сұйықтардың ғылыми көпшілік мойындаған молекулалық-кинетикалық теориясы әлі толық қалыптаспай отыр. Сондықтан да сұйықтардың атап айтқанда судың құрылымы мен қасиеттерін зерттеу өте маңызды.

Бұл ғылыми мақалада инфрадыбыс толқындарының кейбір су қасиеттеріне тигізетін әсерлерін зерттеу бағытында тәжірибелер келтірілген. Зерттеу нысаны ретінде краннан күнделікті тұрмыста пайдаланылатын су алынды. Жұмыста инфрадыбыс толқындарының судың қышқылдылығы мен сілтілігінің арақатынасын сипаттайтын рН параметріне әсері тәжірибе жүзінде зерттелді. Тәжірибелік зерттеудің әдістемесі мен техникасы қысқаша былай: инфрадыбыс шығаратын генератор, генераторға жалғанған динамик, үстіне динамик қойылған 1 литрлік суы бар шыны банка (Сурет 1).



Сурет 1. Инфрадыбыс толқынын шығаратын генератор

Біздің тәжірибеде қолданылған инфрадыбыс толқынын шығаратын генератор 7-ден 20 Гц-ке дейінгі аралықта жұмыс атқарады.

Генератор арқылы инфрадыбыспен сәулеленген суды, сәулеленгенге дейін және сәулеленгеннен кейін редокс потенциалы мен рН көрсеткішін ОВП метр және рН метр құралы арқылы өлшеніп отырды.

Кез келген ағзаның өмірлік белсенділігін қамтамасыз ететін негізгі процесс қышқылдық-қалпына келтіргіш потенциал яғни электрондарды беру немесе қосу реакциясы. Қышқылдану немесе қалпына келу реакциясы кезінде қышқылданатын және қалпына келетін заттың электрлік потенциалы өзгереді: бірінші зат өзінің электронын беріп, оң зарядталып қышқылданады; екіншісі электронды алып, теріс зарядталып қалпына келеді. Осылардың арасындағы электрлі потенциал қышқылдық-қалпына келтіргіш потенциал немесе редокс потенциал деп аталады.

ОВП метр – кез келген ерітіндінің қышқылдық-қалпына келтіргіш потенциалын есептеуге арналған ыңғайлы құрылғы (Сурет 2). Құрылғы су өтпейтіндей жасалған және жоғары дәлдікпен өлшеуге мүмкіндік береді. ОВП метр сұйықтағы қышқылдану және қайта қалпына келу процесі кезінде электрондардың белсенділік деңгейін көрсетеді. Нәтижесі «минус» немесе «плюс» таңбалы милливольтта көрсетіледі. Сұйықтың қышқылдану және қайта қалпына келу процесі оның температурасы мен қышқылдығына байланысты. Қышқылдық- қалпына келтіргіш потенциалдың белгіленуі  $E_h$  [2].

Сонымен қышқылдық- қалпына келтіргіш потенциал, қышқылдану компонентінің қалпына келу компонентіне қатынасын анықтайтын көрсеткіш. Қышқылдық-қалпына келтіргіш потенциал температураға тәуелді және рН көрсеткішімен байланысты.

ОВП метр көрсеткіші:

адам ағзасына қажет судың редокс потенциалы -90 мВ-тен -200 мВ болуы керек. Ал біздің ауыз суымыздың редокс потенциалы нөлден жоғары;

ауыз суының редокс потенциалының көрсеткіші +80 мВ-тен +300 мВ-ке дейін;

пластикалық бөтелкедегі судың редокс потенциалы +100 мВ-тен +300 мВ-ке дейін;

бұлақ, құдық суларының редокс потенциалы +120 мВ-тен +300 мВ-ке дейін;

ана сүті -70 мВ;

иондалған су -100 мВ-тен -300 мВ-ке дейін [3].

ОВП метр құралының сипаттамасы:

өлшеу диапазоны:  $0 \pm 1999$  мВ;

бөлік құны: 1 мВ;

қателігі:  $\pm 5$  мВ;

ауыспалы электрод;

жұмыс істеу температурасы: 0-50°C;

өлшемі: 180 x 40 x 40 мм;

салмағы: 120 г [4].



Сурет 2. а) ОВП метр, б) рН метр

Су көптеген параметрлермен сипатталады, солардың ішіндегі маңыздысының бірі: (рН) қышқылды және сілтілі көрсеткіштері. Судың маңызды бір қасиеті бар – ол оның иондалу қабілеті болып табылады. Иондалу- атом немесе молекула бір электронды жоғалтып, басқа атомға береді немесе басқа атомдардан электрон алатын процесс. Су молекуласы ионизацияланған кезде, екі бөлікке бөлінеді ол сутегі иондары  $H^+$  және  $OH^-$  гидроксил иондары деп аталады. Егер суда  $H^+$  иондары басым болса, онда ол қышқыл су деп аталады. Керісінше, суда  $OH^-$  иондары басым болса, онда ол сілтілік су деп аталады.  $OH^-$  және  $H^+$  иондарының концентрациясы тең болса, ол бейтарап су [5].

Судың қышқылдылығы мен сілтілігі төмендегідей байланыста жіктеледі:

- рН 1,0- ден 3,0-ге дейін қышқылдығы көп су;
- рН 3,0- ден 5,0-ге дейін қышқыл су;
- рН 5,0- ден 6,5-ге дейін қышқылдығы аз су;
- рН 6,5- ден 7,5-ге дейін бейтарап немесе нейтральді су;
- рН 7,5- ден 8,5-ге дейін сілтілігі аз су;
- рН 8,5- ден 9,5-ге дейін сілтілі су;
- рН 9,5- тен жоғары сілтілігі көп су.

Иондалу белгілі бір себептермен кез келген суда болатын процесс. Судағы барлық молекулалардың  $H^+$  иондарының қатынасы рН ретінде белгілі. Бұл өте маңызды көрсеткіш себебі рН арқылы қолданып отырған суымыздың қасиетін білеміз. Егер  $H^+$  және  $OH^-$  иондары тең болса, рН өлшемі 7 санына тең болады. Егер рН өлшемі өссе, суда  $OH^-$  иондары көп.

*Стандарт бойынша ауыз судың рН деңгейі 6-дан 9-ға дейінгі аралық болып табылады. 6- дан төменгі деңгейдегі суды сусын деп атайды.* Көптеген салқын сулардың рН 5- ке немесе 5,5- ке тең, яғни қышқылдығы аз орта.

**РН-метр** (аталуы «пэ аш метр», ағыл. *pH-meter*) — әртүрлі биологиялық объектілердің сілтілік немесе қышқылдық дәрежесін сипаттайтын сутекті иондардың концентрациясын (1.....14 аралықта) өлшеуге арналған аспап. Ол электродтық жүйеден, күшейткіштен, индикатордан (немесе өздігінен жазғыштан), реттеуіш құрылғыдан, орындауыш механизмнен тұрады. РН-метр құрылғысы судың қышқылдығын (сутегі көрсеткіштерін, су тегідегі еркін иондар концентрациясын) және температурасын өлшеуге арналған. Химиялық және биологиялық процестерді болжауда, тұрақтылығын анықтауда, судың рН көрсеткішін өлшеуде өте маңызды (Сурет 2).

**РН-метрдің қолдану аясы:** гидропоникада, аквариумистикада, су тазалау жүйелерінде, SPA және бассейндерде, қыздыру қазандарында, ғылыми лабораторияларда, экология, астық өндірісінде, ресторандық бизнесте, клинингте [6]. РН- метр құралы судан қорғалған судың рН көрсеткішін есептеуге арналған. РН метр құралының ерекшелігі:

- судың рН көрсеткішін және температурасын өлшеуге мүмкіндік береді;
- калибровка 3 нүкте арқылы және жартылай автоматтандырылған;
- өлшеу диапазоны 0 мен 14 аралығында;
- рН 4.01 ерітіндісінде электродты сақтауға арналған қорғалған қалпағы бар;
- аккумулятор зарядын көрсететін индикаторы, өлшеу нәтижелерін көрсететін дисплейі, жартылай автоматтандырылған функциясы бар;
- LCD дисплейінде санауға оңай сандары;
- құралдың комплектінде батареикасы, чехолы, мойынға салатын шнуры бар.

*Сипатамасы:*

- рН 0-14 аралығындағы өлшеу диапазоны;
- 0-80 °С; 32-150 °F аралығында температура өлшеу диапазоны;
- 0.01рН, 0.1 °С/°F бөлік құны;
- Толық шкаланың қателігі ±0.02%;
- 0 мен 100°С ортаның өлшеу температурасы;
- Өлшемі 18.5 x 3.4 x 3.4 см;
- Салмағы 96.4 г [7].

*Зерттеу нәтижелері:*


Тәжірибелік зерттеу жұмысы барысында инфрадыбыс толқындарының суға әсерін бақыладық. 7 Гц-тен бастап 19 Гц-ке дейінгі аралықта генераторға динамик жалғап, ал динамикті 1 литрлік банкадағы судың үстіне қойып, инфрадыбыс толқындарымен сәулелендірдік. Құбырдан 1 литрлік шыны банкаға суды құйып алып, 15 минут 7 Гц жиілікте инфрадыбыспен сәулелендірдік. Сәулелендіргенге дейін екеуінің рН көрсеткіші және редокс потенциалы есептелінді. рН көрсеткішін рН метр құралы арқылы, ал редокс потенциалын ОВП метр құралы арқылы мәндерін есептеп алдық. 15 минуттан кейін, 7 Гц жиілікте инфрадыбыспен сәулеленген судың редокс потенциалын, рН көрсеткішін өлшеп алып, оны 9 Гц жиілікте 15 минут инфрадыбыспен сәулелендіріп, онында редокс потенциалын, рН көрсеткішін өлшедік. 9 Гц-тен кейін 11 Гц, 13 Гц, 15 Гц, 17 Гц, 19 Гц жиіліктерінде әрі қарай осылай жалғасып отырылды. Тәжірибе бірнеше рет жасалды. Тәжірибе барысында алынған нәтижелер төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 1).

*Кесте 1. Судың сәулеленгенге дейінгі және инфрадыбыс толқынымен сәулеленгеннен кейінгі рН пен редокс потенциал мәндері*

	Ауыз суы сәулеленгенге дейін	Ауыз суы сәулеленгеннен кейін (15 минут)						
		7 Гц	9 Гц	11 Гц	13 Гц	15 Гц	17 Гц	19 Гц
рН көрсеткіші	8,65	8,56	8,35	8,16	8,12	7,92	7,95	7,86
Редокс потенциал (мВ)	162	135	106	99	78	64	35	23

Бұл тәжірибелік жұмыстардың нәтижелері графикалық түрде келтірілген.


Төмендегі суретте суды жиіліктері 7 Гц-тен 19 Гц аралығында жататын инфрадыбыс толқынымен сәулелендірген кездегі рН көрсеткішінің жиілікке тәуелді өзгерісінің графигі берілген (Сурет 3).



*Сурет 3. Сәулеленген судың рН көрсеткіші өзгерісінің мәні*

Бұл нәтижелерден суды инфрадыбыс толқынымен сәулелендіру барысында оның рН көрсеткіші мен редокс потенциалының сызықтық заңдылыққа жақын тәуелділікпен өзгерісін байқауға болады. Мысалы суды инфрадыбыс толқынымен сәулелендіргенге дейінгі рН көрсеткіші мәні 8,65 болса, 15 минут жиілігі 7 Гц инфрадыбыс толқынымен сәулелендіргеннен кейін оның рН көрсеткіші 8,65 болғанын, ал жиілігі 19 Гц болатын толқын әсерінен кейін рН 7,86 мәнге ие болатынын көреміз. Бұдан судың рН көрсеткіші 7 Гц жиілік жағдайында 1,04%, ал жиілігі 19 Гц жағдайында 9,13%-ға

азаятындығын байқауға болады. Төртінші суретте суды жиіліктері 7 Гц-тен 19 Гц аралығында жататын инфрадыбыс толқынымен сәулелендірілген кездегі редокс потенциалының жиілікке тәуелді өзгерісінің графигі келірілген (Сурет 4).



Сурет 4. Сәулеленген судың редокс потенциал өзгерісінің мәні

Суретте көріп отырғанымыздай суды инфрадыбыс толқынымен сәулелендіргенге дейінгі редокс потенциал мәні 162 мВ-ке ие болса, осы суды 7 Гц жиіліктегі инфрадыбыс толқынымен сәулелендіргеннен кейін редокс потенциалы 135 мВ-ке тең болғанын, ал 19 Гц жиілік аралығында сәулелендіргенде 23 мВ-ке ие болатынын көре аламыз. Яғни редокс потенциал мәні 7 Гц жиілік жағдайында 16,6%, ал жиілігі 19 Гц жағдайында 85,8%-ға азаятындығы байқалады.

Сонымен жоғарыда келтірілген тәжірибелік зерттеулер нәтижесі инфрадыбыс толқындарының судың редокс потенциалы мен оның қышқылдылық пен сілтілік (рН параметрі) қасиеттеріне біршама әсер ететіндігі анықталды. Бұл нәтижелер судың тұрмыстық жағдайдағы талаптарына сәйкес кейбір қасиеттерін (мысалы, қышқылдығы мен сілтілігін) өзгертіп реттеуге мүмкіндіктер береді. Сондықтан да бұл алынған тәжірибелік нәтижелердің ғылыми-практикалық мәнін атап өтуге болады. Инфрадыбыс толқындары арқылы судың қасиетін өзгертуге болатындығы, судың тағыда бір құпиясын зертеуге мүмкіншілік тудыртады, яғни бұндай судың биоактивтік қасиетін зертеуге жол ашады. Сәулеленген судың рН көрсеткіші мен редокс потенциалының өзгерісі, судың нәзік құрылымы жайында мәлімет алуға және зертеулерді жалғастыруға болатындығын көрсетеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Зацепина Т.Н. Свойства и структура воды - 2-е изд. - М.: МГУ, 1974.- 167 с.
- 2 Шульц М.М., Белюстин А. А., Писаревский А.М., Никольский Б.П. Стекланный электрод, чувствительный к изменению окислительного потенциала. // Докл. АН СССР. 1964. Т. 154. № 2. С. 404-406
- 3 Важнейшие для здоровья параметры питьевой воды ОВП- окислительно восстановительный потенциал [электронды ресурс]. -2009.- URL: <http://water.64z.ru/Eh.pHр> (қаралған күні: 5.02.2019)- интернет көзі
- 4 ОВП метр [электронды ресурс]: URL: <http://www.grips.kz/ovp-meter> (қаралған күні: 5.02.2019)
- 5 Стехин А.А., Яковлева Г.В. Структурированная вода: Нелинейные эффекты. - М.: Изд-во ЛКИ, 2008. - 320 с.
- 6 Бейтс Р. Определение рН. Теория и практика / пер. с англ. под ред. акад. Б. П. Никольского и проф. М. М. Шульца — 2 изд. — Л. : Химия, 1972.-400 с.
- 7 Водонепроницаемый профессиональный рН метр [электронды ресурс]: -2011.- URL: <http://tdsmeter.kz/pH-meters/pH-200/> (қаралған күні: 7.02.2019)

УДК 3937  
МРНТИ 29.15.39

## RESEARCHES OF ASH-CERAMIC MATERIALS BY THE METHOD OF NUCLEAR-GAMMA RESONANT SPECTROSCOPY

Shokanov A.K.<sup>1</sup>, Kulbek M.K.<sup>2</sup>, KhamrayevSh.I.<sup>3</sup>, SmikhanY.A.<sup>4</sup>

<sup>1</sup> *Cand. Sci.(Phys-Math), Professor of the Abai University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Dr. Sci. (Technical), Professor of the Abai University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup> *Cand. Sci. (Technical), Professor of the Abai University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>4</sup> *Student of Master Programme, Abai University, Almaty, Kazakhstan*

### Abstract

The work is devoted to Mössbauer studies of new building materials derived from wastes from coal-fired power plants. Measurements of Mössbauer spectrometers were carried out on the MC1104EM unit in the regime of constant acceleration with a source of <sup>57</sup>Co (Cr). The objects of the research were new ash-ceramic examples - tiles based on ash TPP and monothermal clay. The elemental composition of each sample was determined by means of X-ray fluorescence analysis (XRF) on the RLP-21 installation. According to the results of studies of volume-surface concentric-zonal color effects in ash-ceramic materials, the phase composition of iron compounds and their ratios is established by the Mössbauer method, and their elemental composition with 32 components is determined with high accuracy by means of XRF. The technology of obtaining ash-ceramic materials with volumetric-surface color effects is described.

**Keywords:** MOSSBAUER spectroscopy, X-ray fluorescence analysis, NGR spectrum, aluminasilicate compositions.

### Аңдатпа

Ә.Қ. Шоқанов<sup>1</sup>, М.Қ. Құлбек<sup>2</sup>, Ш.И. Хамраев<sup>3</sup>, Е.А. Смихан<sup>4</sup>

## КҮЛ-КЕРАМИКА МАТЕРИАЛДАРЫН ЯДРОЛЫҚ-ГАММА РЕЗОНАНСТЫҚ СПЕКТРОСКОПИЯ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ

<sup>1</sup> *ф.-м.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

<sup>2</sup> *т.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

<sup>3</sup> *т.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

<sup>4</sup> *магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Бұл жұмыс көмір электр станцияларынан алынған жаңа құрылыс материалдарының қалдықтарын Мессбауэрлік зерттеулерге арналған. Мессбауэр спектрометрлерінің өлшемдері <sup>57</sup>Co (Cr) (кобальт және хром) элементі бар МСС104ЕМ қондырғысында үдемелі режимде орындалды. Зерттеудің нысаны ретінде жаңа күл-керамикалық үлгілер - жылу электрстанциялары мен монотермиялық балшықтан жасалған күлден жасалған тақтайшалар алынды. Әрбір үлгінің элементтік құрамын RLP-21 құрылғысында рентгендік флуоресценттік талдау (РФТ) арқылы анықталды. Күл-керамика материалдарындағы аймақтық түс әсерін зерттеудің нәтижелері бойынша темір қосылыстарының фазалық құрамы және олардың өзара байланысы Мессбауэр әдісімен анықталды және олардың 32 компоненттен құралған құрамдас бөлігі РФТ арқылы жоғары дәлдікте анықталды. Сонымен қатар бұл мақалада боялған беткей әсерімен күл-керамика материалдарын өндіру технологиясы сипатталған.

**Түйін сөздер:** Мессбауэр спектрометрі, рентгендік флуоресценттік талдау, NGR спектрі, алюмосиликат композициялары.

### Аннотация

А.К. Шоқанов<sup>1</sup>, М.К. Кулбек<sup>2</sup>, Ш.И. Хамраев<sup>3</sup>, Е.А. Смихан<sup>4</sup>

<sup>1</sup> *к.ф.-м.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*

*г. Алматы, Казахстан,*

<sup>2</sup> *д.т.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

<sup>3</sup> *к.т.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

<sup>4</sup> *магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан*

## ИССЛЕДОВАНИЯ ЗОЛОКЕРАМИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ МЕТОДОМ ЯДЕРНО-ГАММА РЕЗОНАНСНОЙ СПЕКТРОСКОПИИ

Работа посвящена исследованиям Мессбауэра новых строительных материалов, полученных из отходов угольных электростанций. Измерения мессбауэровских спектрометров проводились на установке MC1104EM в режиме постоянного ускорения с источником <sup>57</sup>Co (Cr) (кобальт и хрома). Объектом исследования стали новые

пепельно-керамические образцы - плитка на основе золы ТЭС и моготермической глины. Элементарный состав каждого образца определяли с помощью рентгенофлуоресцентного анализа (РФА) на установке RLP-21. Согласно результатам исследований объемно-поверхностных концентрационно-зональных цветовых эффектов в золокерамических материалах фазовый состав соединений железа и их отношения устанавливается методом Мессбауэра, а их элементный состав с 32 компонентами определяется с высокой точностью с помощью РФА. Описана технология получения золо-керамических материалов с эффектами цветной поверхности.

**Ключевые слова:** мессбауэрский спектрометр, рентгенофлуоресцентный анализ, спектр NGR, алюмосиликатные композиции.

The paper describes the results of a study of volume-surface concentric zonal color effects in zoloceramic materials. The dependence of zonal flowers on the phase composition is established by the Mossbauer effects method.

In the production of the ceramic materials, used both in construction and in everyday life, one of the fundamental factors that predetermine the aesthetic-consumer properties is their whiteness and color, which makes it possible to create a wide variety of color compositions [1-3].

Intensive staining of ceramics in the presence of non-silicate iron in clays is due to condensed iron-containing phases, such as hematite  $\alpha\text{-Fe}_2\text{O}_3$  (reddish-pink, red-brown and brown), magnetite  $\text{Fe}_3\text{O}_4$  (brown to black) and various ferrites [4-7].

The objects of the research were new ash-ceramic examples - tiles based on ash TPP and monothermal clay.

To obtain a raw mixture of polycrystalline ash-ceramic tiles, consisting of 70% (mass) of ash from TESS with a residual fuel content of 8-9% and 30% of moderate plastic thin ground monothermal clay as a dry powder, mixed carefully in a mixer. The beam was formed on a strip press in such form of a cylinder with size  $d = 50 \text{ mm}$ ,  $h = 250 \div 350 \text{ mm}$ , after which the samples were dried at  $100\text{-}110 \text{ }^\circ\text{C}$ , and then fired in an oxidizing medium by forced high-speed conditions: rising of temperature  $950 \text{ }^\circ\text{C}$  with a speed of  $20 \text{ }^\circ\text{C} / \text{min}$ ; hold at this maximum temperature for 60 min. The total duration of the firing cycle was 107 minutes.

The baked beam was cut by abrasive circles across, accordingly the required thickness of the tiles (10-15 mm). The chemical composition of the using ash is shown in Table 1.

Table 1. The chemical composition of the using ash

Ashes (coal)	$\text{SiO}_2$	$\text{Al}_2\text{O}_3$	$\text{Fe}_2\text{O}_3$	$\text{FeO}$	$\text{TiO}_2$	$\text{CaO}$	$\text{MgO}$	$\text{SO}_3$	$\text{K}_2\text{O}$	$\text{Na}_2\text{O}$
Ash of Almaty TPP (Coal of Karaganda pool)	56,52	25,58	2,39	2,39	0,93	2,17	0,45	0,48	0,20	-

The surface of the obtained tiles along the entire depth of the volume has a polycrystalline zonal color, which is formed in association with the creation at roasting on the proposed mode in the different layers of the beam - sample of the necessary temperature and gas modes, providing different degrees of combustion of residual carbon of ash and oxidation of iron. The colored concentric zones on the surface of the tiles in cross section are situated as follows: in the middle part a gray circle with a diameter of 33 mm, which is surrounded by a thin strip yellow color (2.5 mm), around it is a strip (3 mm) of violet-red color, outside of the surface of the tile is painted in a light brown (cream) color, the width of which is 3 mm. (Fig. 1)




Fig.1. Painting of colored concentric zones on the surface of tiles in a cross-section



From the corresponding zones of different colors samples were cut, the samples were exposed to nuclear gamma resonance spectroscopy (NGRS) and atomic force microscopy.

As is known, iron in the samples can contain both  $Fe^{3+}$  and  $Fe^{2+}$  [9]. In the spectra of samples of compounds iron can appeared as the magnetite ( $Fe_3O_4$ ), mullite ( $3Al_2O_3 \cdot 2SiO_2$ ),  $\epsilon$ -wollastonite ( $\beta-Ca_3Si_3O_9$ ), anorthite ( $CaO \cdot Al_2O_3 \cdot 2SiO_2$ ), fayalite ( $Fe_2SiO_4$ ), hematite ( $Fe_2O_3$ ), solid aqueous of a different phase, also as the ferrites [6-9]. The Mossbauer's investigations were carried out on device MC1104EM in mode with a constant acceleration for absorption. The source was  $^{57}Co$  in the matrix of chromium. The spectra were taken at room temperature. The isomeric shifts of the Mossbauer spectra were determined with relation to  $\alpha$ -iron.

Mossbauer research of samples on the nucleus of  $^{57}Fe$  have shown that the spectra have a complex form. They consist of a superposition of several doublets and sextets having different parameters. We have used special computer programs for their decoding. In addition, these spectra were compared for identification with the control spectra of the known components. The spectrum of Mossbauer of the central part of the sample has a broadened asymmetric quadrupole doublet. Computer processing made it possible to determine that it decomposes into four quadrupole doublets (Fig. 2).




Fig.2. Spectrum of Mossbauer of the central part of the sample

Table 2 shows the hyperfine structure of the Mossbauer spectrum. It can be seen from Table 2 that the Mössbauer spectrum of the sample does not have a magnetic structure.

Table 2. The hyperfine structure of the Mossbauer spectrum

№	Isomeric shift, $\sigma$ , mm/s.	Quadrupole splitting, $\epsilon$ , mm/s.	Magnetic splitting $H_{eff}$ , kE	The half-width of the line, $\Gamma$ , mm/s	The share of Fe,% in spectrum	Formula of oxides
1.	0,532±0,016	0,230±0,018	-	0,638±0,031	22,7±4,0	$SiO_2$
2.	0,786±0,050	0,778±0,60	-	0,638±0,031	36,5±5,0	$Al_2O_3$
3.	0,953±0,040	1,117	-	0,638±0,031	27,0±4,0	$CaO$
4.	1,272±0,170	1,263±0,160	-	0,638±0,031	13,9±4,0	$SO_3$

It consists of four diamagnetic components having different phase states. Each of them is characterized by a separate hyperfine structure (Table 2).

These components, possibly, characterize oxides ( $SiO_2$ ,  $Al_2O_3$ ,  $CaO$  and  $SO_3$ ) containing in the composition of ferric and ferrous iron in different concentrations [9]. The superposition of these components probably colored of the central part of the circular sample to a yellowish-brown (gray) color.

The second layer of the sample has a complex hyperfine structure. The parameters of the Mossbauer spectra of the sample have substantially changed. The spectrum of this layer differs greatly from the spectrum of the central layer, computer processing has shown that it consists of three quadrupole doublets and two sextets (Fig. 3). Quadrupole doublets have a different parameters.




Fig.3. Mossbauer spectrum of the second layer of the sample.

The Mossbauer parameters of the hyperfine structure are shown in Table 3.

Table 3. The Mossbauer parameters of the hyperfine structure

№	Isomeric shift, $\delta$ , mm/s.	Quadrupole splitting, $\epsilon$ , mm/s.	Magnetic splitting $H_{eff}$ , kE	The half-width of the line, $\Gamma$ , mm/s	The share of Fe, %
1.	0,3221±0,023	0,390±0,004	-	0.541±0,009	61,5±1,3
2.	0,621±0,022	0,902±0,040	-	0.541±0,009	5,5±1,0
3.	0,835±0,014	1,271±0,017	-	0,541±0,009	11,1±0,8
4.	0,366±0,007,	-0,076±0,008	494,20±0,70	0.351±0,040	22,0±0,7
5.	0,366±0,007	-0,096±0,006	503,79±0,50	0.351±0,040	15,9±0,9

A comparison of this spectrum with the  $\beta$ -wollastonite ( $CaSiO_3$ ) spectrum containing 1% trivalent iron of the oxide showed their strong similarity. It is known [7-9], in the structure of high calcium ceramics containing a significant amount of glass phase, on a level with anorthite ( $CaO \cdot Al_2O_3 \cdot 2SiO_2$ ) can crystallize  $\beta$ -wollastonite ( $CaSiO_3$ ) and aluminosilicate, also calcium-containing solid solutions.

As we see, in the structure of a solid solution of  $\beta$ -wollastonite with  $Fe_2O_3$  content, 3 components of the NGR spectrum are fixed in the form of doublets corresponding to Fe + ions in three crystallographic positions (Table 3). In addition, along with doublets, two more sextets appear in the spectra, which is due to the presence of trivalent iron oxide. The doublets, quadrupole splitting ( $\epsilon = 0.902 \pm 0.040$  mm / s,  $\epsilon = 1.271 \pm 0.017$  mm / s) correspond to the compounds of bivalent iron, and ( $\epsilon = 0.390 \pm 0.004$  mm / s.) to the compounds of trivalent iron. We assume that metacaolinite is formed on the level with  $\beta$ -wollastonite in the test sample.

The solubility of  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  in metakaolinite ( $\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 2\text{SiO}_2$ ) is insignificant and amounts to only 5.44% of the total additive  $\text{Fe}_2\text{O}_3$ . The remaining amount of  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  remains in the free state in the form of hematite ( $\alpha\text{-Fe}_2\text{O}_3$ ) (Fig. 4).




Fig.4. NMR - metakaolinite spectrum ( $\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 2\text{SiO}_2$ ) with  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  content of 1.5% [2].

NGR – the spectrum of meta kaolinite ( $\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 2\text{SiO}_2$ ) with an  $\text{Fe}_2\text{O}_3$  content of 1.5% is represented by a sextet and a doublet of  $\text{Fe}_{3+}$  ions. The sextet has the following parameters:  $\delta = 0,382\text{mm / s.}$ ,  $\varepsilon = -0,209\text{ mm / s.}$   $H_{\text{eff}} = 523.5\text{ kE}$ ,  $G = 0.511\text{ mm / s.}$  As can be seen, the parameters of the sextet correspond to the presence of  $\text{Fe}_{3+}$  in hematite  $\alpha\text{-Fe}_2\text{O}_3$  in the amount of 94.56% of its content, and 5.44% of  $\text{Fe}_{3+}$  in the form  $[\text{Fe}_3+\text{O}_6]_9$ - enters the structure of metakaolinite, replacing  $\text{Al}_{3+}$  in it according to the scheme:  $[\text{Al}_3+\text{O}_6]_9$ -  $[\text{Fe}_3+\text{O}_6]_9$ -

The doublet in the spectrum ( $\delta = 0.341\text{ mm / s.}$ ,  $\varepsilon = -0.794\text{ mm / s.}$ ,  $\Gamma = 0.775\text{ mm / s.}$ ), possibly, corresponds to a solid solution ( $\text{Al}_{2-x}\text{Fe}_x\text{O}_3$ )  $2\text{SiO}_2$ . These isovalent substitutions in crystallochemical close ions do not cause electronic and crystallographic changes in the structure of the crystalline lattice of mullite ( $3\text{Al}_2\text{O}_3 \cdot 2\text{SiO}_2$ ), which does not lead to a significant decrease in light absorption and, consequently, to a sharp decrease in the reflection coefficient. In our case, the appearance of the doublet ( $\delta = 0.3221\text{ mm / s.}$ ,  $\varepsilon = -0.390\text{ mm / s.}$ ) is possibly due to the state of ferric iron, which is surrounded by a solid solution of metakaolinite. The combination of these constituents in the sample probably causes the appearance of a yellow color.

In the third layer of the sample in the spectrum, we observe one quadrupole doublet and two sextets (Fig. 5).




Fig. 5. Mössbauer spectrum of the third layer of the sample

Table 4 shows the values of the Mossbauer hyperfine spectral parameters.

Table 4. The values of the Mossbauer hyperfine spectral parameters

№	Isomeric shift, $\delta$ , mm/s.	Quadrupole splitting, $\epsilon$ , mm/s.	Magnetic splitting $H_{\text{eff}}$ , kE	The half-width of the line, $\Gamma$ , mm/s	The share of Fe, %	Phase state Fe
1.	0,311±0,0025	0,3890±0,006		0,469±0,070	46,2±2,5	(3Al <sub>2-x</sub> ·Fe <sub>x3+</sub> ) O <sub>3</sub> 2SiO <sub>2</sub>
2.	0,370±0,0021	-0,370±0,0021	430,00	0,240±0,016	16,0±0,5	Fe <sub>2</sub> SiO <sub>4</sub>
3.	0,3684±0,0022	-0,1040±0,0022	489,60	0,240±0,016	38,0±0,7	Fe <sub>2</sub> O <sub>3</sub>

The intensity of the doublet in this spectrum is less than the intensity of the lines of the first doublet on the second layer. Their hyperfine parameters are close to each other. It can be asserted that these doublets are connected, with states of iron atoms, located in the same positions, corresponding to ions of bivalent iron. On the level with the doublet, we observe two sextets with similar isomeric shifts, which differ in the values of quadrupole doublets  $\epsilon$  and effective magnetic fields  $H_{\text{eff}}$  on the <sup>57</sup>Fe nuclei.

Comparison of this spectrum with the spectrum of mullite (3Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>·2SiO<sub>2</sub>) showed their strong external similarity.

*This work was supported by grant funding from the SC MES RK-AP05130144.*

#### References

1. Belenky E.F. Chemistry and technology of pigments / Belenky E.F., Riskin I.V.. - L.: Chemistry, 1974 - 656 p.
2. Zubehin A.P., Yatsenko N.D., Bolyak V.I., Verevkin K. A., Filatova E.V. The influence of chemical and phase composition on the color of ceramic bricks. / Building materials. - 2008. - №4.
3. Mukhopadhyay T.K., Prasad S.D., Dan T.K. Study on Improvement of Thermomechanical Properties of Red Clay Wares with Addition of Wollastonite //Research and Industry. – 1995. – v. 40. - №4. – P.306-310.
- 2 Yatsenko N.D., Madoyan A.A., Zubekhin A.P., Ratkova V.P., Golovanova S.P. Influence of Calcium Containing Waste on Sintering of Faience Masses. // Technology: Ser. Constructions from composite materials: interdigit. scientific - technical. Sat. - M., 1998. - №3-4. - P.11-13.
- 3 Vil'bitskaya N.A. Features of the formation of crystalline phases in high-calcium ceramics / Vil'bitskaya N.A., Golovanova S.P.
- 4 Yatsenko N.D. Scientific foundations of resource-saving technologies of wall and facing ceramics and management of its properties. The dissertation author's abstract on the competition of a scientific degree of Doctor of Technical Sciences. Novocherkassk, 2015.
- 5 Vereshchak M.F., Goldmann M.M., Zhetbaev A.K., Solenko T.S. FTT, 16, 1231 1974. Studies of the Fe<sub>2</sub>O<sub>3</sub>-Na<sub>2</sub>O-SiO<sub>2</sub> system using the Mossbauer effect.
- 6 Neither L.P., Zhetbaev A.K, Goldmann M.M., Vereschak M.F. Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR № 7, p. 26, 1974. The use of Mössbauer spectroscopy for the investigation of iron-containing compounds in clay production.
- 7 Chemical applications of Mossbauer spectroscopy, Ed. Gol'danskogo V.I. Krizhanskogo LM, Khrapova V.V. Moscow: Moscow State University; 1970-206p.

УДК 7215  
МРНТИ 30.19.31

А.К. Шоканов<sup>1</sup>, Б.Т. Сулейменов<sup>2</sup>, Е.А. Смихан<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.ф.-м.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>старший научный сотрудник, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>младший научный сотрудник, магистрант, Казахский национальный педагогический университет  
имени Абая, Алматы, Казахстан

## МЕТОДЫ ПОЛУЧЕНИЯ ПРОППАНТОВ ДЛЯ ГИДРОРАЗРЫВА ПЛАСТА

### Аннотация

В данной статье описываются результаты исследования проппантов - расклинивающих гранул, применяемых при добыче нефти и газа с помощью гидравлического разрыва пласта. Технический результат, получаемый при реализации разработанного проппанта, состоит в получении частиц проппанта с высокими эксплуатационными характеристиками и низкой себестоимостью, использование которого приводит к уменьшению себестоимости добываемого флюида. Представлены сведения о проппантах. Предложенная технология относится к материалам керамического проппанта с более легким весом (то есть более низкой плотности), содержащим значительную долю летучей золы. Приводятся данные о преимуществах использования летучей золы в качестве материала для изготовления проппантов. Излагаются методы получения проппанта на основе боксита, летучей золы, кварцевого песка и глины, имеющие низкий удельный вес и высокую прочность.

**Ключевые слова:** проппант, прочность, твердость, боксит, летучая зола, гидравлический разрыв пласта, напряжении сжатия.

### Аңдатпа

Ә.Қ. Шоқанов<sup>1</sup>, Б.Т. Сүлейменов<sup>2</sup>, Е.А. Смихан<sup>3</sup>

## ҚАБАТТЫ ГИДРОЖАРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПРОППАНТ АЛУ ӘДІСТЕРІ

<sup>1</sup>ф.-м.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Аға ғылыми қызметкер, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Кіші ғылыми қызметкер, магистрант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

Бұл мақалада мұнай және газ қабаттарын гидрожару кезінде қолданылатын, қабаттың арасында қалатын ұсақ түйіршіктер – проппанттарды дайындау әдістері сипатталады. Өндірілген пропантты іске асыру нәтижесінде алынған техникалық нәтиже – эксплуатациялық өнімділігі жоғары және құны төмен пропант бөлшектерін алу және оны қолдану арқылы қабаттағы сұйықты өндіру құнын төмендету. Проппант туралы ақпарат, яғни тығыздығы, химиялық құрамы, сфералылығы және беріктілік қоры сияқты ақпарат ұсынылады. Ұсынылған технология жеңіл салмақты (яғни төменгі тығыздықпен), ұшпа күлдің айтарлықтай үлесін қамтитын керамикалық проппант материалдарына қатысты. Сонымен қатар пропантты дайындау үшін ұшпа күлді пайдаланудың артықшылықтары туралы мәліметтер келтіріледі. Тығыздығы аз және беріктілігі жоғары боксит, ұшпа күл, кварц құмы және балшық негізіндегі пропантты дайындау әдісі сипатталады.

**Түйін сөздер:** пропант, беріктілік, қаттылығы, боксит, ұшпа-күл, қабаттың гидравликалық жарылуы, сығылу кернеуі.

### Abstract

A.K. Shokanov<sup>1</sup>, B.T. Suleimenov<sup>2</sup>, E.A. Smikhan<sup>3</sup>

## METHODS OF OBTAINING PROPPANTS FOR HYDRAULIC FRACTURING

<sup>1</sup> Cand. Sci.(Phys-Math), Professor, Abai University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Senior researcher, Abai University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> Student of Master Programme, Abai University, Almaty, Kazakhstan

This article describes the methods for the production of proppants - proppants used in the extraction of oil and gas by the method of hydraulic fracturing. The technical result obtained by the implementation of the developed proppant is to obtain proppant particles with high performance and low cost, the use of which leads to a decrease in the cost of the produced fluid. Presents information about proppants. The proposed technology relates to materials of ceramic proppant with a lighter weight (i.e. lower density), containing a significant proportion of fly ash. The data on the advantages of

using fly ash as a material for the manufacture of proppants are given. Outlines methods for producing proppant based on bauxite, fly ash, silica sand and clay, having a low specific weight and high strength.

**Keywords:** proppant, strength, hardness, bauxite, volatile ash, hydraulic fracturing, compressive stress.

Гидравлический разрыв пласта - это процедура, которая может увеличить поток нефти или газа из скважины. Это делается путем перекачивания жидкостей вниз по скважине в подземные горные сооружения под давлением, которые достаточно высоки, чтобы разрушить породу. Целью является создание сети взаимосвязанных переломов, которые будут служить поровыми пространствами для перемещения нефти и природного газа в скважину. Для этой цели в большинстве случаев применяются пропанты на основе различных соединений - боксита, глины и песка и т.д. Пропанты, проникая с жидкостью гидроразрыва в трещины и заполняя их, создают прочный расклинивающий каркас с высокой проницаемостью для нефти и газа. Пропанты отличаются способностью выдерживать высокие пластовые давления и противостоять агрессивной среде при высоких температурах [1].

Желательно, чтобы такие материалы расклинивающего наполнителя были очень стойкими к ударам (так что силы, воздействующие на них трещинами по мере их закрытия, не раздавливали их, что позволило бы закрыть трещины) и иметь относительно низкий удельный вес (так что они могут легко транспортироваться в трещины жидкостью, закачиваемой в скважину). Эти два свойства часто могут несколько расходиться друг с другом, поскольку увеличение сопротивления раздавливанию обычно приводит к тому, что материал становится более плотным.

Современные материалы, используемые для закрепления трещин в раскрытом состоянии - пропанты - можно разделить на два вида - кварцевые пески и синтетические пропанты средней и высокой прочности.

К физическим характеристикам пропантов, которые влияют на проводимость трещины, относятся такие параметры, как прочность, размер гранул и гранулометрический состав, качество (наличие примесей, растворимость в кислотах), форма гранул (сферичность и округлость) и плотность.

Первым и наиболее широко используемым материалом для закрепления трещин являются пески, плотность которых составляет приблизительно  $2,65 \text{ г/см}^3$ . Среднепрочными являются керамические пропанты плотностью  $2,7...3,3 \text{ г/см}^3$ . Сверхпрочные пропанты, такие как спеченный боксит и окись циркония, используются при напряжении сжатия до 100 МПа, плотность этих материалов составляет  $3,2...3,8 \text{ г/см}^3$ . Использование сверхпрочных пропантов ограничивается их высокой стоимостью.

Кроме того, в США применяется так называемый суперпесок - кварцевый песок, зерна которого покрыты специальными смолами, повышающими прочность и препятствующими выносу частиц раскрошившегося пропанта из трещины. Плотность суперпеска составляет  $2,55 \text{ г/см}^3$ . Производятся и используются также синтетические смолопокрытые пропанты.




Рисунок 1. Проппант из супер песка

Жалған локализацияланған программалық жасақтама оның жалпы функционалдылығын тексеру үшін тестіленуі мүмкін. Осы әдісті пайдаланып ерте сатыда тестілеу жүргізілсе 70-80% қате айқындалады. Функционалдылықты және бизнес-логиканы тестілеу мәселесінің жоғарғы приоритеті бар екенін ескере кетуге болады. Сұрыптаудың немесе іздеудің кемшілігі бар алгоритм сияқты ақырлы пайдаланушылардың жұмыс үрдісіне елеулі әсер ететін функционалдық қатені табу локализациялау және интернационалдандыру барысында пайда болатын проблемаларға қарағанда маңыздырақ болып табылады. Уақытша ресурстар бар және басқа приоритеттер болмаған кездегі барлық функционалдық кемшіліктер анықталып, түзетілгеннен кейін ғана UI/UX – жетілдіруге көңіл бөлуге болады. UI/UX – локализациялаудың маңызды проблемаларының бірі. UI – бұл User Interface, сөзбе сөз аударғанда «пайдаланушы интерфейсі» береді. Осындай кемшіліктердің төменгі приоритетіне қарамастан, қателер өнім туралы әсерге теріс әрекет етеді. Әр түрлі аймақтарда қосымшаларға бета-тестілеуді жүргізу практикада таратылған болып есептеледі. Мысалы, қытайда мәдени және тілдік айырмашылықтар пайдаланушылардың өнімді қабылдануы маңызды түрде әсер ететіндіктен мәдениетке қосымша әр түрлі провинциялар өкілдерімен тестіленуі керек.

#### *Бейімделген тестілеуді автоматтандыру*

Жаңа локализациялауды қосу және ұзақ мерзімді жобаларды регрессиялық тестілеуді орындауға қажетті уақытты қысқарту үшін локализациялауды тестілеу автоматталуы мүмкін. Тестілеу үрдісінде автоматтандыруды пайдалану келесі жағдайларда көбірек ақталған:

- Функционалдылық тұрақтылығы. Автоматтандыруды қолданудың кемшілігі негізінен тестілік скрипттерді қолдау қажеттілігімен байланысты. Егер жоба ерекшелігі қолданыстағы функционалдылықты соңынан өзгерту талаптарын жиі ауыстыруын ұсынса, тестілерді жаңарту және тестілік фреймворкты дұрыстау көп уақытты алуы мүмкін. Бұл жағдайда қолмен тестілеу экономикалық үнемді болады.

- Өнімнің ұзақ өмірлік циклы тестілік фреймворкты дайындауға және ретке келтіруге және оны пайдалану жиілігі мен тиімділігін пайдалануды бағалауға мүмкіндік береді. Ұзақ емес өмірлік циклы бар жоба үшін тестілік скрипттерді дайындау пайдасыз, себебі жаңа функционалдылыққа тест жүргізу уақытты алады.

- Автоматталған сценарий көшіріледі және қайтадан басқа платформада пайдаланылуы мүмкін: тестілік фреймворк кроссбраузерлік және кроссплатформалық тестілеуді қолдау керек. Егер құрылған скрипттер тек қана бір тілге және бір нақты платформаға жарамды болса, онда тестілік фреймворк жүктеудің жалпы стратегиясына үлкен пайда әкелмейді.

Автоматталған тестілеу, біріншіден, регрессиялық тестілеу саласында өнімнің әр түрлі нұсқаларын салыстыруға; екіншіден, қосымшаның локализацияланған беттерін бастапқы тілдегі эталондармен салыстыруға мүмкіндік береді. Осылайша, жазба құралдарының көмегімен құрылған тестілік скрипттер үнемі қолдауды талап етеді және бастапқы жобаны тестілеу үшін ғана пайдаланылуы мүмкін. Локализацияланған қосымша үшін тестілік фреймворктарды құру тәсілдерін қарастырайық:

– Элементтерді іздеу стратегиялары. Кейбір күрделіліктер тестілеуге арналған элементтің локализаторларын анықтауды шақырады, мысалы, Selenium. (Selenium – бұл веб-браузер әрекетін автоматтандыруға арналған құрал. Көп жағдайларда Web-қосымшаларды тестілеу үшін пайдаланылады) құралдарымен. Мәтіннен элементті табудың таратылған тәсілі қосымшаны локализациялау үшін скрипттерді пайдаланған кезде тиімді болмайды. Тестілеуді сәтті жүргізу үшін тестілік сценарийлерді жазу үрдісіне әсер ететін беттегі элементті анықтаудың бірегей стратегиясын дайындау қажет.

– Реттік нөмірі бойынша элементтерді іздеу. Жалпы жағдайда осы принцип бойынша элементті локализациялаудан алшақтаған жөн, себебі, беттің құрылымының өзгертілуінің ықтималдылығы өте төмен. Соған қарамастан, локализацияланған қосымша үшін DOM-дағы элементтің орыны қосымшаны басқа тілге аударғанда өзгермеуі керек. DOM – (ағылш. Document Object Model – «құжаттың нысандық моделі») бұл платформа мен тілге тәуелсіз программалар мен скрипттарға HTML-, XHTML- және

XML-құжаттардың мазмұнына қатынауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ осындай құжаттардың мазмұнын, құрылымын және безендіруін өзгертуге мүмкіндік беретін программалық интерфейс. Сілтеме мәтіні бойынша элементті іздеудің орнына локатор элементтің ата-аналық контейнердегі орынын ескеру керек.

– ID бойынша элементтерді іздеу. (ағылш. data name, identifier, «тану») – басқа нысандардан ерекшелуге мүмкіндік беретін нысандардың бірегей белгісі.

Элементті табудың ең қарапайым және сенімді тәсілі ID атрибуты бойынша іздеу, әйтсе де беттің барлық элементтері бірдей осы атрибутты қамтымауы мүмкін.

– Ресурстар файлы қуру. Бастапқы тілдегі қосымша үшін тестілік скриптті құрғаннан кейін литералдар ресурстар файлында сақталған тұрақтыларға ауыстыру жүргізіледі. Содан кейін мақсатты тілдер үшін ресурстардың сәйкес файлдары құрылады. Ресурстар файлы қуру үшін машиналық аудару жүйесін пайдалану міндетті, кері жағдайда деректерді салыстырып тексеру ұзақ мерзімге созылады.

– Салыстырып тексеру тестілеуін автоматтандырудың құралдарын қолдану скриншоттармен салыстыру болып табылады.

#### *Қорытынды*

Мақалада ISO / IEC стандарттарының орындалу контекстінде эксплуатациялаудың жаңа жағдайларына программалық жасақтаманың бейімделуін тестілеу үрдісіне қысқаша шолу берілген. Оның нәтижелері программалық жасақтаманы локализациялаула әр түрлі мінездемелер жиынтығы мен жаңа жағдайларда қызмет атқаруы үшін программалық жасақтаманың қасиеттерін пайдаланудың объективті қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қосымшаны локализациялау интерфейсін аударумен шектелмейді және бастапқы өнімді толықтай талдауды, ақпараттық технологиялар нарығының жағдайы мен аймақ пайдаланушыларының тәжірибелерін қамтиды. Көбінесе локализациялау, соның ішінде қосымша интерфейсін қайтадан өңдеу мен жаңа функционалдылықты қосу түсініледі. Тестілеу үрдісі функционалдылық ақауларын және локализациялау қателіктерін табу бойынша ұйымдастырылуы керек. Осылайша ұйымдастырылған тестілеу үрдісі айқындалған кемшіліктердегі приоритеттердің өзгеру тізімін орындарына қоюға, автоматтандырудың әр түрлі құралдарын қолдану регрессиялық тестілеу үрдісін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Канер С. Тестирование программного обеспечения / С. Канер, Д. Фолк, Е. Нгуен. Изд-во «Диасофт», 2001. – 544 с.
- 2 Ларин С.Н., Лазарева Л.Ю., Ларина Т.С. Модели, методы, показатели, характеристики и метрики, применяемые в экспертных системах оценки качества разработки и создания инновационных программных проектов / *Regional Economics: Theory and Practice*, 2017, vol 15. Iss.6, pp 1187-1198
- 3 ISO/IEC TR 9126-4:2004 Software Engineering – Product Quality – Part 4: Quality In Use Metrics
- 4 ISO 17100:2015 – translation services – Requirements for translation services
- 5 Сухарева Е.Е. Локализация сайта как форма межкультурной коммуникации / Е.Е. Сухарева, О.В. Шурлина // *Вестник ВГУ*. – 2013. – № 1. – С. 166–169.
- 6 Абдулкаримова Г.А. Тестирование пользовательского интерфейса // *Материалы между. науч.-практ. конф. «Экономика, право, культура в эпоху общественных преобразований»*, 2019 г. С. 39-42
- 7 GDPR Key Changes / *GDPR Portal* // <https://www.eugdpr.org/>
- 8 Localization testing tools // *Engineering & QA* <https://www.globalme.net/blog/localization-testing-tools>
- 9 Pseudo localization: Localizability testing for software and websites // [www.sajan.com/pseudo-localization-101-localizability-testing-for-software-and-websites](http://www.sajan.com/pseudo-localization-101-localizability-testing-for-software-and-websites)

УДК 378.147  
МРНТИ 20.29.45

*Н.У. Алдияров<sup>1</sup>, Ә. Нұрболұлы<sup>2</sup>, Ж.Б. Кудьярова<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *ф.-м.ғ.к., қауым.профессор Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан*

<sup>2</sup> *магистрант, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан*

<sup>3</sup> *х.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **FLASH ТЕХНОЛОГИЯСЫН ИНЖЕНЕР МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУДА ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА ҚОЛДАНУ**

*Аңдатпа*

Бұл жұмыста Flash технологиясын пайдалана отырып, электротехникалық пәндер үшін виртуалды зертханалық стендті жасаудың және қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздері қарастырылды. Электротехникалық пәндер, соның ішінде «Электронды техника материалдары» бойынша бірнеше виртуалды зертханалық жұмыстар нәтижесінде, виртуалды зертханалық кешеннің құрастырылған моделі көрсетілген. Қазіргі заманғы мультимедиялық ресурстарды және инновациялық технологияларды енгізу жоғары техникалық оқу орындарының мамандарын кәсіби дәрежеде даярлауға мүмкіндіктерді береді. Өндірісте қолданылатын, сыртқы фотоэффект құбылысына негізделген мысалдар келтірілді.

Сыртқы фотоэффект құбылысы көптеген өндіріс орнының технологиялық процестерінде қолданылады, және маңызды физикалық ашу, өндіріс орнында автоматтандырылған құрылғыларды жетілдірудің табысты кепілі болып табылады. Виртуалды-оқыту жүйесінің қазіргі таңдағы білім беру жүйесінде алатын орны ерекше және ол жүйені Macromedia Flash технологиясы арқылы түсіндіру өте жеңіл әрі тиімді болып келеді.

**Түйін сөздер:** flash технология, виртуалды зертхана, ақпараттық технология, білім берудің инновациялық әдістері, қашықтықтан оқыту.

*Аннотация*

*Н.У Алдияров<sup>1</sup>, А. Нурболұлы<sup>2</sup>, Ж.Б. Кудьярова<sup>3</sup>*

<sup>1</sup> *к.ф.-м.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева, г.Алматы, Қазақстан*

<sup>2</sup> *магистрант, Казахский национальный исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева, г.Алматы, Қазақстан*

<sup>3</sup> *к.х.н., старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы, Қазақстан*

## **ПРИМЕНЕНИЕ FLASH ТЕХНОЛОГИИ В ПРОЦЕССЕ ОБЕЧЕНИЯ ПРИ ПОДГОТОВКЕ ИНЖЕНЕРНЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ**

Рассмотрены научно-методические основы создания и применения виртуального лабораторного стенда для технических дисциплин с использованием технологии Flash. Приведена разработанная модель виртуального лабораторного комплекса, включающего несколько виртуальных лабораторных работ по техническим дисциплинам, в частности «Материалы электронной техники». Указано, что внедрение мультимедийных ресурсов и инновационных технологий, даст возможность повысить уровень подготовки специалистов высших технических учебных заведений.

Приведены некоторые примеры на основе внешнего фотоэффекта, которые используются в промышленности. Внешний фотоэффект внедрен в некоторых технологических процессах в производстве, и считается важным физическим открытием, задатком успешного развития автоматизации в индустрии. Роль виртуального обучения в современной образовательной системе уникальна, и очень просто и эффективно интерпретировать систему с помощью технологии Macromedia Flash.

**Ключевые слова:** flash технологии, виртуальная лаборатория, информационные технологии, инновационные методы образования, дистанционное обучение.

Abstract

**APPLICATION OF FLASH TECHNOLOGIES IN THE PROCESS OF TRAINING IN THE PREPARATION OF ENGINEERING SPECIALTIES**

*Aldiyarov N.U.<sup>1</sup>, Nurboluly A.<sup>2</sup>, Kudyarova Zh.B.<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*Cand. Sci. (Phys-Math), Associate Professor, K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Student of Master Programme, K.I. Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Cand. Sci. (Chemical), Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

The scientific and methodological foundations of the creation and application of a virtual laboratory stand for technical disciplines using Flash technology are considered. The developed model of a virtual laboratory complex including several virtual laboratory works on technical disciplines, in particular "Materials of electronic engineering", is given. It is indicated that the introduction of multimedia resources and innovative technologies will make it possible to improve the level of training of specialists in higher technical educational institutions. Some examples are given on the basis of the external photoelectric effect, which are used in industry. The external photoelectric effect is introduced in some technological processes in production, and is considered an important physical discovery, a makings of the successful development of automation in the industry. The role of virtual learning in a modern educational system is unique, and it is very simple and effective to interpret the system using Macromedia Flash technology.

**Keywords:** flash technologies, virtual laboratory, information technologies, innovative methods of education, distance learning.

**Кіріспе.**

Бүгінгі таңда компьютерлік ақпараттық жүйелер – білім беру, ғылым, техника және технологиялар сынды салалар арасында үлкен қызығушылық тудырып отыр. Сонымен қатар, ғылымның, техниканың және технологияның үздіксіз дамуы жаңа ақпараттық жүйелердің пайда болуына, сондай-ақ қолданыста бар жүйелерді дамытуға және жетілдіруге алып келеді. Компьютерлік-ақпараттық технологиялардың қазіргі қоғам үдерісіне сай дамуы дәстүрлі білім көрсеткішін бағалау мен қолдану жүйесін, заман ағымына сай жаңартып отыруды талап етеді. Осы орайда оқу процесінде жүзеге асыратын әдістемелер, әдіс-тәсілдер, технологиялар білім беру жүйесінің бағдарламаларына байланысты жетілдіріліп отырады. Студенттердің білім деңгейін, шығармашылық қабілеті мен біліктілігін неғұрлым жоғары дәрежеге көтеру, оқу бағдарламасында жаңа ақпараттық технологиялардың қолданыс аясын кеңейтуді талап етеді. Білім беру үрдісіне жаңа технологияларды енгізу, әрі оны кешенді жаңарту, тек Қазақстанның ғана емес, барша әлемнің ерекше назарын тудырып отырған негізгі мәселе. Аталған авторлардың [1] пікірінше: «Білім беруді жаңғыртудың басты бағыты – ол жаңа ақпараттық технологияларды қолданумен қатар білім беру мекемелерін компьютерлермен жаппай жабдықтандыру» - ең тиімді тәсіл болып табылады. Жоғарғы оқу орындарында техникалық пәндерді оқытуда инновациялық оқыту технологиясын қолдану – студенттердің білімдерін нақтылауда, тексеру мен шыңдау қабілетін бағалауда, сонымен қатар білім көрсеткішінің нәтижелерін саралауда маңызды рөл атқарады. Компьютерлік-ақпараттық технологиялар жоғары техникалық білім беру орындары түлектерінің жаңа жаһандану жағдайында, еңбек нарығына тез әрі тиімді бейімделуіне жол ашады. Сол себептен елімізде компьютерлік технологияларды қолданатын білім беру жүйесін қалыптастыру – жаңа қоғамның іргетасын қалауда белсенді рөл атқару керек. Компьютерлік-ақпараттық білім беру – шынайы әлем объектілерінің тәртібін модельдеуге көмектесетін және студенттерге өз алдына жаңа ақпараттар мен технологияларды меңгеруге көмектесетін виртуалды зертханалар педагогтардың ерекше назарын туғызады. Жаңа компьютерлік ақпараттық технологиялардың бірі – практикалық және зертханалық жұмыстарды қызықты етіп өткізуге арналған виртуалды зертханалық жұмыстар. Виртуалды зертханалық жұмыс - нақты қондырғылармен тікелей байланысты қажет етпейтін және оның жоқтығына қарамастан тәжірибелік жұмыстарды тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық-аппараттық кешен [2]. Виртуалды зертханалық жұмыстар – түрлі құрал-жабдықтар мен қондырғылар қолданылатын шынайы зертханалық жұмыстардың (тәжірибелердің) аналогы болып табылады, бірақ та виртуалды зертханалық жұмыстардың шынайы зертханалық жұмыстардан басты айырмашылығы, ол олардың компьютерде орындалуы. Олар студенттердің кәсіби қабілеттерін және ішкі түйсіктерін қалыптастыру мен жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді [3].

Виртуалды зертхананың негізі – бағдарламалық жиынтықпен байланысты кейбір процестердің компьютерлік модельдеуін жүзеге асыратын компьютерлік бағдарлама болып табылады [4].

### Негізгі бөлім.

Виртуалды зертханалық жұмыстың артықшылықтары. Дәстүрлі зертханалық жұмыстармен салыстырғанда, виртуалды зертханалық жұмыстар бірқатар артықшылықтарға ие. Біріншіден, қымбат жабдықты сатып алудың қажеті жоқ, яғни қаржы шығындарының үнемділігі. Мысалы, «Электронды техника материалдары» пәні бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізу фотоэффект құбылысы, Снеллиус заңы, альфа бөлшектерінің шашырау тәжірибесі, Холл эффектiсi, Пельтье эффектiсi және Зебек эффектiсi, термоэлектрлік эффект және т.б. сол секілді құбылыстарды меңгеруге мүмкіндік беретін арнайы жабдықталған, қымбат тұратын зертханалық құралдарды қажет етеді.

Виртуалды зертханалық жұмыс жоғарыда аталған эффектiлер мен процесстерді жүзеге асыратын қауіпті жабдықтар мен апаттық режимдерде жұмыс жасайтын құралдарды компьютерде модельдеу арқылы тәжірибе жүргізіетін нысандарды қауіпсіз етеді.

Екіншіден, виртуалды зертханалық жұмыс физикалық немесе химиялық процесстерді дәстүрлі зертханалық жұмыстармен салыстырғанда, визуалды түрде көрнекі етуге қабілетті.

Толығырақ тоқтала өтсек, Macromedia Flash жүйесі интерактивті мультимедиялық жобалар мен өнеркәсіпте қолданылатын технологиялық процесстерді модельдеу кезінде, анимацияларды және бейне-роликтер дайындағанда, тестілеу құралдарын дайындағанда қолданылатын кең тараған жүйе. Flash технологиясын пайдалану білім беру жүйесінде демонстрациялық әдісті іске асыратын құрал болып табылады [5]. Flash-ті презентацияларда, электрондық оқу бағдарламаларын өңдеу кезінде тиімді құрал ретінде қолдануға болады. Flash программасын пайдалану арқылы алгоритмдік блок схемаларды құрастыруға, бағдарламаның орындалу реттілігін көрсетуге, берілген тапсырманың нақты нәтижесіне көз жеткізуге көптеген мүмкіншілік жасайды. Аталған электрондық оқыту жүйелерімен инженерлер өз біліктілігін арттыра алады. Яғни, орындалатын тапсырмаларда дыбыстық, анимациялық, графикалық мәліметтер бар. Қолданушы өзі қалаған анимациялық роликті өзіне түсінікті болуы үшін тоқтатып, анық көре алады [6].

Виртуалды зертханалардың негізгі құндылығы оның мазмұндылығында жатыр. Керемет навигация, жылдам жүктелуі, виртуалды тәжірибелердің сенімділігі мен бояу түстері, білім алу мен меңгерудің қосымша элементтері ғана. Виртуалды зертханалар «бос үстел» сияқты, оған студенттер арнайы тағайындалған құралдардың көмегі арқылы зертханалық объектілерін құрастыра алады, оларды бір-біріне байланыстырып, қажетті түрде орналастырады, объектілер арасына өзара байланыстар орнатып, олардың бастапқы мәнін қояды. Негізінде виртуалды зертханалар бір зертханалық модуль негізінде әртүрлі интерактивті үлгілерді жасауға мүмкіндік береді.

Практикалық жағдайларда жүзеге асыруға болмайтын процесстерді модельдеу мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, «Электронды техника материалдары» пәні бойынша классикалық зертханалық жұмыстардың көпшілігі жабық жүйелер болып табылады, олардың шығысында электрлік шамалардың белгілі бір жиынтығы өлшенеді, одан соң Эйнштейн (фотоэлектрлік әсер) немесе Ом теңдеулері көмегімен қажетті шамалар есептеледі. Тәжірибеде болып жатқан барлық процесстерді мұндай жағдайда бақылау мүмкін емес. Осы пән бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды орындау барысында, студенттер анимацияланған модельдер арқылы зерттелетін физикалық және химиялық құбылыстары мен процесстердің динамикалық бейнесін (мысалы, электр тогын тудыратын зарядталған бөлшектердің қозғалысы немесе р-п өткелінің жұмыс принципі, дербес электронның немесе дербес ионның қозғалысы), сонымен бірге, тәжірибе барысында бір мезетте физикалық және химиялық шамалардың тәуелділіктерінің өзара тиісті графикалық құрылымын бақылай алады.

Үшіншіден, виртуалды зертханалық жұмыс 3D ретінде, яғни шындық сынды көрінетін иллюзияға енеді, адам өзінің барлық мінез деңгейімен іс-әрекетін қатыстыра отырып, сезімдер арқылы тануға жол береді және ол оның ынтасы мен танымдық белсенділігін жылдам арттырады. Виртуалды шынайылық объектілерін модельдеу технологиясының көмегімен оқу бағдарламасының тиімділігін неғұрлым арттыруға болады, себебі бұл кезде адамның көптеген қабылдау мүшелері толығымен (көру, есту, ойлау) қамтылады.

Осылайша виртуалды зертханалар дәстүрлі зертханалық жұмыстарға қарағанда бірнеше артықшылықтарға ие екеніне көз жеткіздік. Сондай-ақ, виртуалды зертханалар оқу үрдісін ұйымдастыруда, соның ішінде қашықтан оқытуда алатын орны ерекше, себебі қашықтықтан оқыту кезінде оқытушының және арнайы зертханалардың көмегі шектеулі.


Қашықтықтан оқытуға арналған виртуалды зертханаларды пайдалану білім алушылардың оқуға қызығушылығын арттырады. Берілген тақырыпты меңгеру барысында қиындыққы ұшыраған білім алушыларға кеңістікпен пен уақытты шектеместен, тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн бойы онлайн



тәжірибелер өткізу мүмкіндігі беріледі. Сонымен қатар, виртуалды зертхана білім алушыларға тәжірибелерді таңдап жүргізуге мүмкіндік береді, бұл оларға барлық энергиясын өзіне қызықты салаға жұмсауға жаңа тәсілмен жол ашады. Бұл икемділік білім алушының оқуға деген ынта-жігерін арттырады және оқу мен оқу арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартады. Тиісінше, студенттерге өз бетімен білім алуға қолайлы жағдайлар жасалатын болады. Жоғары білім – ең алдымен, өз бетінше білім алу және жаңа дағдыларды қалыптастыру мен оқыту технологияларын меңгеру болып табылады. Бұл әсіресе әлемдегі ақпараттық технологиялардың жылдам дамуы мен енгізілуіне байланысты өзекті болып саналады.

Мысал ретінде сыртқы фотоэффект (1-Сурет) құбылысын және оның заңдарын – зерттеуді қарастырамыз. Дайындалған бағдарлама сыртқы фотоэффект процесінің өзін бақылауға мүмкіндік береді: катод бетінен электрондардың түзелу процесіндегі әртүрлі жиілікті жарықтың түсуі, катод айналасында «электронды бұлттың» қалыптасуы, электронға қозғалыстар мен бақылауды жеткізу (жылдамдығын күшейту): катод пен анод арасында электр өрісінің қалыптасуы, кулондық күштің әсері және бей-берекет қозғалыстағы электрондар, осының нәтижесінде электрондар анодқа қарай ығысуға бағытталады және тізбекте «фототок» деп аталатын электр тогы пайда болады.

Студент бір уақытта бірнеше зерттеу жүргізе алады, біріншіден, фотоэффекттің барлық заңдарын тексере алады: 1) «фотоэлектрондар» жылдамдығының түскен жарық (толқын) жылдамдығына тәуелділігін; 2) «қанығу» тогының жарық ағынына тәуелділігін; 3) нақты катод үшін (заттың табиғаты) фотоэффекттің «қызыл шекарасын» анықтау. Зертханалық қондырғыларда осыған ұқсас зерттеулерді жүргізе келе студент жасалған виртуалды зертханалық жұмыстардың дұрыстығына, бұрын ашылған заңдардың дұрыстығына көз жеткізеді. Бұл виртуалды зертханалық жұмыстардың білім алушыларға алып келер пайдасы көп [7], себебі өндіріс саласында, автоматтандырылған құрылғыларда фотоэлементтерден жасалған датчиктер кеңінен қолданады.




Сурет 1. Фотоэффект құбылысын зерттейтін виртуалды зертхана интерфейсі

Мысалыға өндіріс орнында шығарылып жатқан бұйымдардың сапасын бақылау үшін фотоэлементтер электрондық көз қызметін атқарады, шығарылып жатқан бұйымдарды санау үшін санағыш қызметін орындайды және т.б. мақсаттарда қолданады. Сыртқы фотоэффект құбылысы көптеген өндіріс орнының технологиялық процестерінде қолданылады, және маңызды физикалық ашу, өндіріс орнында автоматтандырылған құрылғыларды жетілдірудің табысты кепілі болып табылады. Фотоэффект құбылысын жетік түсінген студент болашақта осы эффектіге негізделіп жұмыс істейтін кез келген өндірісте қолданылатын құрылғыларды меңгере алатын болады.

Тағы да бір мысал ретінде Снеллиус заңын (2-Сурет) көрсетуімізге болады. Снеллиус заңы немесе Снелль заңы екі ортаның шекарасындағы жарық сәулесінің сынуын сипаттайды.

Виртуалды компьютерлік зертхана жұмыстың мақсаты, теориялық материал, эксперименттік қондырғы, жұмыстарды орындау тәртібі, есептеме түрінде біркелкі құрастырылған жұмыстарды орындауға арналған нұсқамалар мен әдістемелік нұсқаулардан тұрады.

Сонымен қатар, әрбір зертханалық жұмыс жұмысын табысты орындау үшін қажетті негізгі білімді бағалауды және зертханалық жұмыстың нәтижелері бойынша қалдық білімін бақылауға бағытталған соңғы сынақты қамтиды.



Сурет 2. Снеллиус заңының виртуалды зертхана интерфейсі

Бұл виртуалды зертханалық жұмыста теориялық материал электронды оқулық түрінде берілген, яғни материал көрнекі динамикалық және графикалық объектілерді, сондай-ақ сілтемелер мен кеңестерді, анимациялық құралдарды, сұрақтарға жауап беру үшін студенттің мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік беретін анықтамалық деректерді қамтитын гипермәтін түрінде ұсынылған. Аталған жұмыстың басты мақсаты виртуалды зертханалық жұмыстың артықшылықтары мен тиімділігін, білім беру мақсаттары үшін бұл жұмыстың берер мүмкіндіктері мол екендігін дәлелдей отырып, болашақ мамандардың іс-тәжірибе жүзінде байқап көруіне ұсыныс білдіру болған және бұл жұмыс өз мақсатын айқындай білді. Виртуалды зертханалық жұмыс білім алушыға уақыт пен қашықтық шектеуіне бағынбастан тез әрі нәтижелі түрде тапсырманы меңгеруге септігін тигізеді.

#### Қорытынды.

Flash технологиясын қолданып, техникалық пәндер бойынша, соның ішінде «Электронды техника материалдары» үшін виртуалды зертханалық стенді жасалды. Жоғарыда айтылған мәліметтерді қорытындылай келе, бүгінгі таңда жоғары сапалы электронды, виртуалды оқулықтар көбеюде және оны құрастыру кезінде көп жағдайда дәл осы Macromedia Flash технологиясы кеңінен қолданылады. Себебі, Macromedia Flash программасы арқылы жасалынған виртуалды-оқыту құралы аз уақыт көлемінде және түрлі мультимедиялық кітапханаларға бай технология түрі болып табылады. Сондықтан виртуалды-оқыту жүйесінің қазіргі таңдағы білім беру жүйесінде алатын орны ерекше және ол жүйені Macromedia Flash технологиясы арқылы түсіндіру өте жеңіл әрі тиімді болып келеді.

Оқу бағдарламасына қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологиялар арқылы жаңа технологиялық процестерді меңгеру болашақ мамандарды, әсіресе жоғарғы техникалық оқу орындарының түлектерін өнеркәсіп орындарына даярлауда алып келер пайдасы өте зор.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Черемисина Е.Н., Антипов О.Е., Белов М.А. Роль виртуальной компьютерной лаборатории на основе технологии облачных вычислений в современном компьютерном образовании // Дистанционное и виртуальное обучение. - 2014. - №1. - С. 50-64.
- 2 Кудинов Д.Н. Перспективы разработки виртуальных работ на базе комплекса программ T-FLEX // Современные проблемы науки и образования. - 2013. - № 6. - С. 71-74.
- 3 Загвязинский В.И. Инновационные процессы в образовании. –Тюмень, 2015. –С 390.
- 4 Трухин А.В. Виды виртуальных компьютерных лабораторий // Открытое и дистанционное образование. - 2013. - №3(11).- С. 12-21.
- 5 Дронов В. А. Macromedia Flash MX. - СПб.: БХВ-Петербург, 2015. - С. 848.
- 6 Черкасский В.Т. Эффективная анимация во Flash. –М.:Кудиц-Образ, 2014.-С. 344.
- 7 Алдияров Н.У., Көшерев Т.С., Құдыярова Ж.Б., Ербосынова М.С., Бидайбеков А., Оқытудың кредиттік жүйесіндегі дәрістердің кейбір белсенді түрлері туралы // Физико-математические науки.-2013.-№5.-С.262-265.

УДК 004.056.57(084.93)  
МРНТИ 81.96.00

Ж.К. Алимсеитова<sup>1</sup>, Н.Есильбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>старший преподаватель, Алматинский университет энергетики и связи, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан

## СТРУКТУРНАЯ СХЕМА СИСТЕМЫ ОБНАРУЖЕНИЯ АНОМАЛИЙ ДЛЯ ОПЕРАТОРА СОТОВОЙ СВЯЗИ

*Аннотация*

Быстрое развитие и повсеместное использование систем сотовой связи сопровождается развитием угроз. Для предотвращения угроз применение распространенных сигнатурных методов не дает высокую эффективность. В статье предлагается структурная схема системы обнаружения аномалий для оператора сотовой связи. На основе анализа типов данных и существующих методов обнаружения вторжений была предложена разработка модели гибридной системы обнаружения аномалий. Приведена общая структура и логика гибридной системы. Показана схема взаимодействия системы обнаружения вторжений с файрволом. Проведен сравнительный анализ методов обнаружения аномалий по пяти критериям и на основе анализа выбран используемый в системе метод. Представлена общая схема выбранного метода обнаружения аномалий. Описывается пошаговый процесс работы метода. Приведен алгоритм работы метода обнаружения вторжений.

**Ключевые слова:** Сотовая связь, сигнатура, аномалия, обнаружение вторжений, сетевой трафик, безопасность.

*Аңдатпа*

Ж.К. Алимсеитова<sup>1</sup>, Н.Есильбаев<sup>2</sup>

<sup>1</sup> аға оқытушы, Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> магистрант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет, Алматы, Қазақстан

## ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ ҮШІН АУЫТҚУЛАРДЫ ТАБУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СҰЛБАСЫ

Ұялы байланыс жүйелерінің тез дамуы және жан жақты қолдануы қауіптердің дамуына себеп болуда. Қауіптерді болдырмау үшін кең таралған сигнатуралық әдістерді қолдану жоғары тиімділікті бермейді. Мақалада ұялы байланыс операторы үшін ауытқуларды табу жүйесінің құрылымдық сұлбасы ұсынылған. Деректер типтерінің және ауытқуларды табудың қолданыстағы әдістерді талдау негізінде ауытқуларды табудың гибриді жүйесінің моделін әзірлеу ұсынылды. Гибридік жүйесінің жалпы құрылымы мен логикасы келтірілген. Ауытқуларды табу жүйесінің файрволмен өзара әрекетінің сұлбасы көрсетілген. Ауытқуларды табу әдістерін бес критерий бойынша салыстырмалы талдау жүргізілген және талдау негізінде жүйеде қолданатын әдіс таңдалған. Таңдалған ауытқуларды табу әдісінің жалпы сұлбасы келтірілген. Әдістің жұмыс үрдісі қадам бойынша сипатталған. Ауытқуларды табу әдісінің жұмыс алгоритмі келтірілген.

**Түйін сөздер:** Ұялы байланыс, сигнатура, ауытқу, басып кіруді табу, желілік трафик, қауіпсіздік.

*Abstract*

## STRUCTURAL SCHEME OF ANOMALY DETECTION SYSTEM FOR THE CELLULAR OPERATOR

Alimseitova Zh.K.<sup>1</sup>, Esilbaev N.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Senior Lecturer, Almaty University of Energy and Communications, Almaty, Kazakhstan,

<sup>2</sup>Student of Master Programme, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The rapid development and widespread use of cellular communication systems is accompanied by the development of threats. To prevent threats, the use of common signature-based methods does not provide high efficiency. The article proposes a block diagram of an anomaly detection system for a cellular operator. Based on the analysis of data types and existing intrusion detection methods, the development of a model for a hybrid anomaly detection system was proposed. The general structure and logic of the hybrid system is presented. The scheme of interaction of the intrusion detection system with a firewall is shown. A comparative analysis of methods for the detection of anomalies by the five criteria was carried out and the method used in the system was selected based on the analysis. The general scheme of the chosen method of detection of anomalies is presented. Describes the step by step process of the method. The algorithm of the intrusion detection method is given.

**Keywords:** Cellular communications, signature, anomaly, intrusion detection, network traffic, security.

Одной из отраслей, где обнаружение аномалий является действительно актуальной проблемой является телекоммуникационная сфера, а именно – сети операторов сотовой связи. Сигнатурные методы обнаружения угроз не позволяют вовремя обнаружить утечку трафика, поскольку это не является прямой атакой на сеть оператора. Факты такого воровства трафика можно обнаружить уже постфактум, что приносит значительные убытки компаниям [1].

Проведя анализ методов обнаружения аномалий, было принято решение разработать модель гибридной системы обнаружения аномалий, что бы сочетала в себе как обнаружение известных атак, так и новых, еще не внесенных в базы данных. Выбор метода реализации такой системы зависит от типа данных, которые будут отслеживаться и станут входными для алгоритма выявления, не беря во внимание собственно тип существующего метода обнаружения.

На основе типов данных, выявление аномалий может быть классифицировано как:

1. Host-based (мониторинг узла сети).

2. Network-based (собственно мониторинг сети). Network-based мониторинг обычно выполняется с данными типа сетевого трафика, пакетов данных и т.д.

В связи с недавними исследованиями в области сотовой связи, в сетях крупнейших операторов до сих пор находится существенная доля мобильных аппаратов, которые или совсем не имеют операционных систем нового поколения (Android, iOS, Windows Phone), или эти системы уже являются устаревшими и не имеют перспектив развития (Symbian, Bada OS). Проблема таких аппаратов заключается в том, что их вычислительной мощности не хватит для участия в Host-based системе. Поэтому логичным решением является разработка системы с использованием Network-based подхода. Общая структура системы изображена на рисунке 1.




Рисунок 1. Общая структура гибридной системы

На вход системы подается трафик, который параллельно анализируется двумя модулями – Misuse Detection (выявление сигнатуры) и Anomaly Detection (обнаружение аномалий). В случае, если угроза оказывается только модулем сигнатурного обнаружения – на выход системы подается сам факт наличия угрозы и ее описание согласно базам данных. Если угроза оказывается только модулем обнаружения аномалий – на выходе будет лишь сам факт угрозы. Если угрозы не обнаружены данные отмечается как нормальные. Для удобства логика системы приведена в таблице 1, где 1 – означает срабатывание модуля, а 0 – соответственно, нет.

Таблица 1. Общая логика гибридной системы

Срабатывания	Anomaly Detection	Misuse Detection	Пояснения
0	0	0	Данные нормальные
1	0	0	Угроза обнаружена
0	1	1	Угроза обнаружена и классифицирована
1	1	1	Угроза обнаружена и классифицирована

В качестве модуля Misuse Detection целесообразно использовать open-source утилиту Snort, которая работает на операционных системах Windows, так и Linux [2].

Snort – это система обнаружения вторжений (СОВ), которая является чрезвычайно мощным инструментом, даже в сравнении с коммерческими СОВ. Много пользователей в активном сообществе Snort делятся их правилами безопасности, что может пригодиться, если нужно иметь самые современные правила.

Snort может быть запущен в 4 режимах:

- Sniffer mode (режим перехватчика) – считывание сетевого трафика и вывода его на экран.
- Packet logger mode (режим сбора логов) – запись сетевого трафика в файл.
- IDS mode (режим СОВ) – сетевой трафик, который отвечает правилам безопасности записывается.
- IPS mode (режим системы предотвращения вторжений) – модифицированный вариант предыдущего режима. Он принимает пакеты от файрвола, сравнивает их с сигнатурными правилами и ставит метку «Откинута» в случае если пакеты соответствуют правилу. Схема взаимодействия Snort с файрволом изображена на рисунке 2.




Рисунок 2. Схема взаимодействия Snort и файрвола

IPS mode в свою очередь имеет еще два режима работы [2]:

• Drop mode (режим откидывания) – пакет отбрасывается, если соответствует сигнатурному правилу. В режиме имеются три опции использования: drop (отбросить пакет, отправить команду reset к узлу сети, записать событие в журнал); sdrop (отбросить пакет без ссылки команды reset); ignore (отбросить пакет, отправить команду reset, не записывать событие в журнал).

• Replace mode (режим замены) – пакет модифицируется, если соответствует сигнатурному правилу. Настройки Snort происходят в конфигурационном файле snort.conf.

Для удобства работы кроме Snort в систему нужно установить систему отображения предупреждений в графическом виде. Примером такой системы может быть Basic Analysis and Security Engine (BASE), однако это просто веб-страница, подключенная к базе данных, поэтому при необходимости можно создать собственный интерфейс.

Проведя анализ методов была создана таблица 2, где приводятся результаты сравнительного анализа по следующим критериям:

- Низкая требовательность к вычислительным ресурсам (НТВР).
- Отсутствие потребности в определенном распределении данных (ОПОРД).
- Простота реализации (ПР).
- Малое количество ложно-положительных выбросов (МКЛПВ).
- Возможность «обучения без учителя» (Нобу).

Таблица 2. Сравнение современных методов обнаружения аномалий [3-6]

Метод	Критерии				
	НТВР	ОПОРД	ПР	МКЛПВ	Нобу
Нейронные сети	+	+	+/-	+	-
Байесовы сети	+	+	+/-	+	-
Метод опорных векторов	+	+	+/-	+	-
Decision Tree	+	+	+	+	-
Использования расстояния до $k$ -го «ближайшего соседа».	-	+/-	+	+/-	+
Использование относительной плотности.	-	+/-	+	+/-	+
Кластеризация	+/-	+	+	-	+
Параметрические методы	+	-	-	+/-	+
Непараметрические методы	+	-	-	+/-	+
Сложность Коломогорова	+/-	+	+/-	+/-	+
Энтропия	+/-	+	+/-	+/-	+
РСА	-	+/-	+/-	+/-	+

Согласно проведенному анализу, лучшим методом для данной системы обнаружения аномалий является метод Decision Tree. Decision Tree – широко используемый в анализе данных метод. Decision Tree является мощным инструментом для классификации и предсказания. Он отражает правила, которые понятны пользователям и могут быть использованы в таких системах знаний, базы данных. Целью является создание модели, которая предусматривает значение целевой характеристики базируясь на нескольких входных характеристиках. На рисунке 3 изображена общая схема Decision Tree. Схема, отражающая многоступенчатый процесс, на каждом этапе которого выполняется бинарное решение. Дерево состоит из узлов, которые делятся на внутренние и терминальные ветви. Внутренние узлы разделяются на два дочерних.

Каждому внутреннему узлу соответствует одна из входных характеристик, а дочерние узлы содержат каждое возможное значение для этой характеристики. Терминальные узлы содержат метку класса, с которым они ассоциируются, например, наблюдения, которые соответствуют конкретному терминальному узлу. Для использования Decision Tree, в качестве входных данных нужно придать вектор характеристик. Если значение характеристики мало определено, тогда решение переходит на левый дочерний узел. Если хорошо определено переходит к правому дочернему узлу. Процесс продолжается, пока не будет достигнут один из терминальных узлов и метка времени, которая соответствует терминальному узлу будет предназначена шаблону.




Рисунок 3. Общая схема Decision Tree

Индукционные алгоритмы Decision Tree функционируют рекурсивно [2]:

- Сначала выбирается характеристика в качестве главного узла.
- Для того, чтобы создать наиболее эффективное (наименьшее) дерево, главный узел должен эффективно распределить данные. Каждое распределение имеет целью уменьшить набор значений (фактических данных) до тех пор, пока они все не будут одинаковой классификации. Наилучшее распределение обеспечивает наибольшее так называемое усиление информации.

- Дерево растет путем рекурсивного деления каждого узла, используя характеристики, которые обеспечивают наилучшее усиление информации до тех пор, пока терминальный узел не станет соответствующим. Для вычисления усиления информации для одной характеристики используется следующая последовательность действий:

1. Вычислить энтропию для узла A (рисунок 4):

$$H(S) = -\left(\frac{M}{M+N}\right) \times \log_2\left(\frac{M}{M+N}\right) - \left(\frac{N}{N+M}\right) \times \log_2\left(\frac{N}{N+M}\right)$$




Рисунок 4. Применение модели

2. После того, как набор данных делится на две ветви с разными характеристиками, вычислить энтропию для каждой ветви:

- $H_a = H(m, n); H_a = -\left(\frac{m}{m+n}\right) \times \log_2\left(\frac{m}{m+n}\right) - \left(\frac{n}{n+m}\right) \times \log_2\left(\frac{n}{n+m}\right);$

- $H_b = H(M-m, N-n);$

$$H_b = -\left(\frac{M-m}{(M-m)+(N-n)}\right) \times \log_2\left(\frac{M-m}{(M-m)+(N-n)}\right) - \left(\frac{N-n}{(N-n)+(M-m)}\right) \times \log_2\left(\frac{N-n}{(N-n)+(M-m)}\right)$$

3. Энтропия для каждой пропорционально добавляется, чтобы подсчитать общую энтропию для распределения:

- $H(S | A) = P_a \times H_a + P_b \times H_b; H(S | A) = \left(\frac{m+n}{M+N}\right) \times H_a + \left(\frac{(M-m)+(N-n)}{(M+N)}\right) \times H_b,$

где  $P_a$  – это отношение между количеством элементов узла (a) и количеством элементов узла (A);

$P_b$  – отношение между количеством элементов узла (b) и узла (A).

4. Полученное в результате значение энтропии отнимается от ее же значения перед распределением. Результатом этой операции и будет информационное усиление или же уменьшение энтропии:

$$I.G.(S, A) = H(S) - H(S | A).$$

5. На каждом узле выбираются характеристики, которые лучше всего классифицируют локальные элементы для тренировки.

Процесс продолжается до тех пор, пока дерево наилучшим образом не классифицирует тренировочные элементы или же пока не будут использованы все характеристики.

Алгоритм Decision Tree [2]:

1. Инициализация дерева с параметрами (примеры данных, целевая характеристика, список характеристик). Примеры данных являются тренировочными элементами.

Целевая характеристика является той, величину которой нужно прогнозировать, используя дерево. Список характеристик – перечень атрибутов, которые могут также быть классифицированы деревом.

2. Создание головного узла для дерева.

2.1. Если все примеры являются аномалиями, вернуть результат в виде дерева с единственным узлом с меткой – «Аномалия».

2.2. Если все примеры являются нормальными, вернуть результат - дерево с единственным узлом с меткой – «Нормально».

2.3. Если список характеристик является пустым, вернуть дерево с единственным узлом с меткой, что соответствует наиболее распространенному значению целевой характеристики в примерах.

- 2.4. В противном случае:

2.4.1. Выбираем  $A$  из списка характеристик с условием, что  $A$  дает крупнейшее информационное усиление.

2.4.2. Решающая характеристика для главного узла –  $A$ .

2.4.3. Для каждого возможного значения  $v_i$  для  $A$ :

2.4.3.1. Добавить новую ветвь дерева ниже главного узла, согласно теста  $A = v_i$ .

2.4.3.2. Подмножество  $samples_{v_i}$  является таковой, что содержит значение  $v_i$  для  $A$ .

2.4.3.3. Если примеры  $v_i$  являются пустыми:

2.4.3.3.1. Ниже данной новой ветки добавить терминальный узел с меткой, что соответствует наиболее распространенному значению целевой характеристики в примерах.

2.4.3.4. В противном случае ниже данной новой ветки добавить «поддерево» с параметрами ( $samples_{v_i}$ , целевая характеристика, список характеристик, без  $A$ ).

3. Конец и возвращение главного узла.

#### *Заключение.*

Проведя анализ основных угроз и видов мошенничества в сетях сотовых операторов, была разработана гибридная система обнаружения аномалий с использованием сигнатурного модуля. Комбинация данных компонентов позволяет реализовать выявление известных угроз и возможность обнаружения новых, еще не внесенных в базы данных, а также быстро обрабатывать входящие потоки данных. Кроме того, есть возможность интеграции разработанной системы обнаружения аномалий в сеть операторов сотовой связи.

#### *Список использованной литературы:*

- 1 Murray A. *Novelty detection using products of simple experts - a potential architecture for embedded systems* / A. Murray. – New York: Neural Networks, 2001. – P. 1257-1264.
- 2 Chen H. *Business intelligence and analytics: From big data to big impact* / H. Chen // *MIS Quarterly*. – 2012. – No. 36(4). – P 1165-1188.
- 3 Nairac A. *Choosing an appropriate model for novelty detection* // *In Proceedings of the 5th IEEE International Conference on Artificial Neural Networks*, 1997, P. 227-232.
- 4 Crook P. *A robot implementation of a biologically inspired method for novelty detection* / P. Crook. – Manchester: *Intelligent Mobile Robots Manchester*, 2013. – P. 268-289.
- 5 Chung W. *BizPro: Extracting and categorizing business intelligence factors from textual news articles* / W. Chung // *International Journal of Information Management*. – 2014. – No.34(2). – P. 272-284.
- 6 Papadimitriou S. *Fast outlier detection using the local correlation integral* / S. Papadimitriou. – Pittsburgh: *Intel Research Laboratory*, 2002. – 16 p.



УДК 14.35.07  
МРНТИ 378.016

Г.А. Асқарова<sup>1</sup>, С.А. Омарова<sup>2</sup>, Ж.А. Асқарова<sup>3</sup>

<sup>1</sup> п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> к.э.н., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

## БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

*Аңдатпа*

Мақалада цифрлық-технологиялар арқылы жоғары білім беру процесстерінің құзыреттілік тәсіл ерекшеліктерін қарастырады. Жастардың цифрлық құзыреттілігі арнайы және кәсіби қызметпен байланысуы қажет. Себебі бүгінгі өздігінен дамып жатқан әлеуметтендіру қоғамның өзін-өзі сақтануы мен ары қарай жандандыру процесін қажетті параметрлермен қамтамасыз етпей отыр. Сондықтан да цифрлық құзыреттілік бүгінгі таңда өзектілігімен ерекшеленеді. Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Цифрлық-технологиялардың негізгі әдістеріне жалпы сипаттама берілген, олардың шешу жолдары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** Цифрлық-технологиялардың негізгі әдістеріне жалпы мінездеме берілген, олардың шешу жолдары қарастырылған.

*Аннотация*

Г.А. Асқарова<sup>1</sup>, С.А. Омарова<sup>2</sup>, Ж.А. Асқарова<sup>3</sup>

<sup>1</sup> к.п.н., доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> к.п.н., доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> к.э.н., ст. преп., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

## СИСТЕМА ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОСТРАНСТВЕ

В статье рассматриваются особенности компетентного подхода в высшем образовании с применением цифровых технологий. Цифровая компетентность молодых людей должна быть связана с профессиональной деятельностью. На сегодняшний день самоподдерживающаяся социализация не обеспечивает необходимого самосохранения и процесса дальнейшей социализации. Вот почему цифровая компетентность сегодня отмечена ее актуальностью. На современном этапе переход к национальной модели образования является гибким, с новейшими методиками преподавания и обучения, инновационными педагогическими технологиями, способными принять психолого-педагогическую диагностику, быстро избавиться от старых, старых путей, созданных в педагогической работе, и построить самообразование. творческий педагог-исследователь, мыслитель. Основные характеристики цифровых технологий имеют общую характеристику и предлагаются решения.

**Ключевые слова:** Цифровые технологии, компетентность, инновация, педагогическая технология.

*Abstract*

## THE SYSTEM OF FORMING OF DIGITAL COMPETENCE OF STUDENTS IN EDUCATIONAL SPACE

Askarova G.A.<sup>1</sup>, Omarova S.A.<sup>2</sup>, Askarova Z. A.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Ph.D., Associate professor, Abai University, Almaty, Kazakhstan,

<sup>2</sup> Ph.D., Associate professor, Abai University, Almaty, Kazakhstan,

<sup>3</sup> Candidate of Economic Sciences, senior lecturer, The Kazakh national named al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

In the article are considered the superiority of the competency approach in digital formations through the formation of digital technologies. Digital competence of young people should be related to professional and professional work. What is happening today is that self - sustaining socialization does not provide an unscrupulous self - preservation and process of socialization. Wishing to digitize the competency today is ignored by the actuality. At the current stage of the transition to a national model of education, the new model of teaching and learning, innovative pedagogical technologies,

access to psychological-pedagogical diagnostics, rapidly getting rid of old age, old age, created in pedagogical work, and self-explanation. creative teacher-researcher, clairvoyant. The basic characteristics of the digital technology have a common characteristic and are offered solely.

**Keywords:** competence, innovation, educational technology.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру жалпы білім беретін мектептің басты міндеті болып саналады.

Келер ұрпақ қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде болашақ мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – инновациялық педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра әдістер даярлау. Ол қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына жатқызылып келеді. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр.

Сонымен біз жалпы білім беру теориясы мен практикасында жоғары сынып оқушыларының цифрлық құзырлығын қалыптастыру жағдайын талдай отырып, қазіргі кезде оқушылардың цифрлық құзырлығын қалыптастыру жүйесінде орын алып отырған мәселелерді айқындауға талпыныс жасадық. Сондай мәселелердің бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты орта мектеп оқушыларының цифрлық құзырлыққа даярлығын жетілдіру болып табылады, ал оны шешудің бір жолы оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану екендігін айқындадық. Сондықтан да келесі сөз оқушылардың цифрлық құзырлығын қалыптастыруда инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен жолдары туралы болмақ.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. Теориялық тұрғыдан алып қарағанда, педагогикалық технология педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып-үйреніледі; педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі; педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі.

Ғылыми-қолданбалы бағытта нақты педагогикалық идеялар мен тұжырымдарға негізделген жаңа педагогикалық технологиялар жобаланады; педагогикалық технологияларды пайдаланудың теориясы мен әдістемесі зерттеледі [1]

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияның мәнін ғалымдар түрліше анықтайды:

- білімді ақпараттандыру жағдайындағы педагогикалық кадрларды даярлаудың маңыздылығын М.П. Лапчик көрсетеді;
- цифрлық технология аймағында педагогтың цифрлық құзырлығын қалыптастыру (С.М. Гущина);
- оқыту формаларының, әдістерінің, тәсілдерінің, амалдарының, тәрбие құралдарының әлеуметтік жиыны мен бірлігін анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы;
- электронды оқулықты құрастыру дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі (Н.П. Ячина);
- педагогикалық технология -оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанда құрамдас бөлігі.

Берілген анықтамаларды оқып-үйрену, талдау нәтижесінде біз педагогикалық технология жетілдірілген оқыту мен тәрбие жүйесін құруды, оқу-тәрбие процесін жобалауды көздей отырып, оқыту мен тәрбие берудің неғұрлым тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын, әдіс-тәсілдердің, реттеуші құралдардың жиынтығы, әрі шынайы оқыту процесі ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келдік.

Соңғы кезде технология ұғымының мәні кеңейді. Мәселен, информатика ғылыми саласында цифрлық технология ұғымы, физиология ғылыми саласында биологиялық инновациялық жүйелер технологиясы жайында ұғымдар пайда бола бастады және т.б. Энциклопедиялық сөздікте «Технология дегеніміз - өнімді өндіру процесінде шикізаттың немесе материалдың формасын, қасиетін, күйін өзгертетін, оларды өңдеу мен дайындау әдістерінің жиынтығы» - деп көрсетілген. Технология - techno - өнер, шеберлік және logos - ғылым, «заң», яғни технология дегеніміз - шеберлік, өнер туралы ғылым. Білім беру саласында «технология» ұғымы өндірістік үрдістердегі технология ұғымының басты қасиеттерін осы саланы жетілдіру үшін пайдалану үмтылысынан туындағаны анық.

Қазіргі уақытта заманауи ақпараттық-технологиялардың мүмкіндігі зор. Мамандардың айтуынша, оның ең сапалысы — цифрлы технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдетуге бірден-бір ықпал етіп отыр.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында атап өткендей: «...Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты...».

Сондықтан да бүгінгі бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеуде цифрлық құзырлықтың алатын орны зор. Мұнда “цифрлық құзырлық” тұжырымдамада оқушылардың компьютерді, ұялы телефонды, планшеттік компьютерді, интерактивті тақтаны сенімді және сыни пайдалана білу түсініктері негізге алынады. Бұл құзыреттілік логикалық ойлауға, цифрлық технологияны жетік меңгеру және жоғары деңгейдегі ақпараттық менеджментке негізделген. Біздің жобамыз бойынша, ұсынып отырған цифрлық құзырлық келесі білімдерді қамтиды: компьютерлік құрылғылардың құрылымы мен жалпы өзара әрекетін түсіну; инновациялық қызметке негізделген цифрлық технологияның әлеуетін түсіну және алынған ақпараттың сенімділігі мен нақтылығына негізгі түсініктері болып, сабақ барысын жобалауда бағдарламаларды пайдалану мүмкіндігі болуы керек.

Белгілі ғалым Н.Н. Хан педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған технологияның маңызына ерекше көңіл аударды. Оның пікірінше «педагогикалық технология педагогикалық үрдістің тұжырымдамасына сәйкес, байланысты болып, оның бір деңгейін (технологиялық) көрсетуі тиіс; технология оқу-тәрбие үрдісін, оның мәнді ерекшелігін жүзеге асыруға арналған, құралдар жиынтығы болуы, оқыту технологиясының құрылымы оқу үрдісінің түп нұсқа жобасы болуы тиіс; қатысушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты, педагогикалық технология құралдар жиынтығын мұғалімнің, оқушының да меңгеруі қажет; педагогикалық дұрыс құрастырылған технология оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін, педагог пен оқушының шығармашылығын арттыруға тиіс».

Оқыту технологиясы - оқыту мазмұнын жүзеге асыру жолындағы алға қойған мақсатқа жетудің тиімділігін қамтамасыз ететін оқытудың әдіс, құрал және түрлерінің жүйесі болып табылады.

Біз зерттеу барысында алдымызға жоғары сынып оқушыларының цифрлық құзырлығын қалыптастыруда инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері мен жолдарын айқындау міндетін қойдық.

Педагогикалық технологиялар қолданылу сипатына қарай дәстүрлі және инновациялық болып бөлінеді. Инновация («новация» – жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» процесс, құбылыс, оқиға, т.с.с. білдіретін жұрнақ) әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл ұғым кейде «жаңалықты енгізу», «жаңашылдық», «жаңаны жасау», «реформалау» ұғымдарымен теңестіріледі, ал кең тұрғыдан алғанда жүйедегі кез келген өзгерісті білдіреді. Инновация теориясының алғашқы ұғымдарының негізін қалаушылар неміс ғалымдары В.Зомбарт, В.Метчерлих болып табылады, олар бұл қағидаларды әлеуметтік-экономикалық және технологиялық үрдістерге байланысты қолданған. Педагогикалық инновация (жаңа енгізілім) – 1) Кейбір бөліктердің, білім беру жүйесі мен құрамдас бөлшектерінің біртұтастығының мінездемесін жақсартатын, жаңалығы бар, білім беру ортасына жаңа біркелкі элементтерді кіргізетін мақсатты бағытталған өзгеріс. Жаңа ереже түрлері: қызмет түрлері бойынша педагогикалық қамтамасыз етуші, басқарушы; өзгеріс нысаны бойынша ресурстық, технологиялық және азық-түліктік; кіргізілген өзгертулердің сипаты бойынша радикалды (жаңа идеяларға негізделген), комбинаторлық (танымал элементтердің жаңа үйлесімі) және ағартушы; кіргізілетін өзгертулердің өлшемі бойынша локалды, модулді, жүйелі; қолданудың өлшемі

бойынша бірліктік және диффузиялық, пайда болудың көзі бойынша сыртқы, ішкі; 2) жаңашылдықты меңгеру үрдісі (жаңа құралды, әдісті, әдістемені, технологияны, бағдарламаны және т.б.) 3) ерекше әдістемелер мен бағдарламаларды іздестіру, олардың шығармашылық қайта ойлауын оқу үрдісіне ендіру. Әр түрлі анықтамаларды талдау инновацияға мазмұнды өзгерістер тән деген қорытындыға әкеледі, ал инновациялық өзгерістің басты функциясы өзгерту функциясы болып табылады.

Инновация оқушылардың әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру міндеттерін дәстүрлі мазмұн арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда пайда болып, жаңа мақсат пен міндеттерге сәйкес жаңа технологияларды пайдалану қажеттілігін тудырады.

Дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологиялардың айырмашылығы болғанымен, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктері, бірін-бірі өзара байланыстырып тұратын ортақ сипаттары болады. Мұғалім білім берудің мақсаты мен міндеттерін нәтижелі жүзеге асыру үшін педагогикалық технологиялардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді негізге ала отырып, оларды өзара байланыстырып қолданудың мәнін жете түсіну қажеттілігін ғалымдар өз зерттеулерінде [1] анықтап отыр. Сол себепті біз өз зерттеуімізде дәстүрлі технологиялар мен инновациялық технологиялардың айырмашылығын бөліп көрсетуді жөн көрдік (кесте 1).

Кесте 1. Дәстүрлі технологиялар мен инновациялық технологиялардың айырмашылығы

	<b>Дәстүрлі технологиялар</b>	<b>Инновациялық технология</b>
Мазмұнды құрамы	Білім беру стандартымен анықталады	Білім беру стандарты оқушылардың дайындық деңгейі бойынша саралап оқыту есебінен жетілдіріледі, оқыту бағдарламалары кеңейтіледі және тереңдетіледі.
Жобалау құрамы	Мақсат пен міндеттерді бағдарлама мен жоғары сынып оқушыларына қойылатын талаптарға сәйкес оқытушы анықтайды.	Мақсатты жобалауға және соңғы нәтижені анықтауға оқушы өз мотивациялары мен сұраныстары бойынша жалпы талаптарға сәйкес қатынасады.
Оқыту моделі (әдістер, әдістемелер, құралдар, тәсілдер)	Түсіндірмелі-иллюстративтік оқыту әдістемесі, «талап қою педагогикасына» арналып құрылған әдістері, тәсілдері.	Оқушылардың ақыл-ой іс-әрекетін белсендіруді, дамытуды көздейтін әдістемелердің әртүрлі нұсқалары тән: мәселелік сұрақтар, эвристикалық әңгімелер, тренингтер, іскерлік ойындар, дамыта оқыту, т.б.
Ұйымдастыру құрамы	Оқытушы өз жұмысын жоғары сынып оқушыларына бейімделе - тіндей етіп құрады. Оқытудың негізгі көзі – оқулық және мұғалім дәрістері.	Қосымша әдебиеттер, ақпараттың жаңа көздері, аудиовизуальды құралдар пайдаланылады. Білім кеңістігі шығармашылық түрде ұйымдастырылады. Білім беру үрдісін саралау, дербестендіру, компьютердің мүмкіндіктерін пайдалану жүзеге асырылады.

Дәстүрлі технологиялар бірнеше жылдар бойы тәжірибеде сыналып, өзінің нәтижелілігін дәлелдеген болатын. Ал инновациялық технологиялар уақыт ағымына байланысты пайда болған, бүгінгі күннің сұранысына жауап береді, сондықтан да оларды оқу үрдісінде пайдалану қажеттігі туыпдап отыр. Инновациялық педагогикалық технологиялар кез келген пәнді оқыту барысында жоғары сынып оқушыларының ой-өрісін кеңейтіп, даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді меңгеруге және білім алуды жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан жоғары сынып оқушыларының цифрлық құзырлығын қалыптастыруда инновациялық педагогикалық технологиялардың алатын орны ерекше.

Сондықтан оқушылардың танымдық іс-әрекеті белгілі бір дәрежеде белсендірілуі қажет. Әдістемелік жүйе бөліктерінің (мазмұн, әдіс, оқыту түрі мен құралдары) өзара байланысын қалпына келтірілуді талап етеді. Мұны орындау үшін төмендегідей ұстанымдарға сүйенеміз:

1. Оқушылар өзіндік ізденіс іс-әрекет әдістерін меңгеруі тиіс. Себебі, бұл әдістердің күнделікті пайдаланып жүрген оқыту әдістерінен айырмашылығы бар. Яғни, жаңа жағдайда «оқыту әдістемесі» мен «оқушы-мұғалім» ұстанымы өзара тығыз байланыста болуы қажет. Демек, мұнда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алудағы белсенділігіне басты назар аударылады.

2. Жаңаша оқытудың негізгі түрлері - оқытудың дербес және топтық түрлері болып табылады. Басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйене отырып, беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Ал оқытудың фронталдығы, көбінесе, бағыт беру, талқылау және түзету

енгізуде ғана пайдаланылады. Осыған сәйкес зерттеу барысында біз алдымен мектеп оқу үрдісіне сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді таңдап алу мен пайдаланудың мынадай негізгі принциптерін анықтадық:

- технологияның білім беру мақсатына қол жеткізу үшін атқаратын қызметін анықтау;
- жоғары сынып оқушыларына тән тұлғалық сапаларға, нақты пәнге, оның мақсаты мен мазмұнына сәйкестігін есепке алу;
- технологиялардың ерекшеліктерін, мазмұнын, пайдалану жолдары мен іске асыру шарттарын жетік меңгеру; технологиялардың өзара байланысын игеру.

Инновациялық педагогикалық технология оқу үрдісіндегі мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрылымына мыналар кіреді: а) тұжырымдық негізі; ә) оқытудың мазмұндық бөлімі: оқытудың нақты және жалпы мақсаты; оқу материалдарының мазмұны; б) үрдістік бөлім-технологиялық үрдісі: оқу үрдісін ұйымдастыру; оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен формалары; мұғалімнің материалды меңгеруді басқарудағы іс-әрекеті; оқу үрдісінің диагностикасы.

Қазіргі кезде қолданылып жүрген оқытудың жаңа педагогикалық технологиясының негізіне жататындар:

- ынтымақтастық технологиясы;
- білім беруді ізгілендіру технологиясы;
- проблемалы оқыту технологиясы;
- тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы;
- түсіндіре басқарып оза немесе қарқынды оқыту технологиясы;
- деңгеймен саралап оқыту технологиясы;
- міндетті нәтижелерге негізделген саралап оқыту технологиясы.

Осыған орай, педагогикалық қызметке ынтымақ жасау жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалімдерді даярлау – оларды кәсіби дайындаудың ең көкейтесті аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Нәтижеге қойылатын талаптардың өзгеруі оқу үрдісі өзгеруінің қажеттігін алдын ала анықтап отыр. Оқу үрдісіндегі тұғырлы құзыреттіліктердің қалыптасуы, ең алдымен, білім алу технологиясын алмастырғанда ғана қамсыздандырылуы мүмкін.

Дамымалы қазіргі заман білімінің болашағы бар маңызды бағыттардың бірі – құзыреттілік амалдар болып отыр. Ғылыми, әдістемелік әдебиеттердегі құзыреттілікке берілген жалпылама сипаты бұл түсінікті нақты тіршілік жағдайларында кездесетін проблемалар мен әдеттегі мақсаттарды өзінің білімі мен өмірлік тәжірибесін, құндылықтар мен бейімділіктерін пайдалану арқылы шешуге қабілеттілігін сипаттайтын тұлғаның интегралды сапасы ретінде анықтауға мүмкіншілік береді. Құзыретті бағдарланған білімнің технологиясын білім алу технологиялар жиынтығынан мынадай негіздер бойынша бөліп алуға болады:

1. Технология негізінде белгілі бір нәтижемен аяқталатын оқушы қызметі жатыр, яғни берілген технологияны қолдану барысында білімнің негізгі мазмұны ретінде қызметтің өзі, ал мазмұны стратегиялық әрекет жасауға арналған ақпарат пен қызмет ресурстарының жиынтығы ретінде көрінеді. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім оқушылардың қызметін ұйымдастыру мәселелері емес, қайта оқушының өзіне қажетті қызметін жүзеге асыруға мүмкіншілік беретін ақпараттық ресурстармен қамсыздандыру мәселесін шешу керек. Біріншіден, бұл білімнің аксеологиясын өзгертеді: білімнің өзіндік құны жоғалады, құндылығы анықталған белгілі бір мәселелерді шешуде ресурстық қызметін атқарады. Мұнда мәселенің өзі танымдық аймақта емес, нақты әрекет аймағында болып отыр. Екіншіден, бұл ерекшелік пәндік әдістемелер жайлы емес, пәндік мазмұнына қатысты технологиялардың әмбебаптылығы жайлы айтуға мүмкіндік береді.

2. Оқушы субъектісінің жоғары деңгейі. Технологиялық тұрғыда алғаш оқушы іс-әрекеті, содан кейін барып «үстіртін технология», яғни оқушы қызметін сүйемелдеуден тұратын педагог қызметі көрсетіледі. Басқа сөзбен айтқанда, кез-келген құзыреттілік амалдағы білім технологиясы өзінің бойында педагогикалық кеңес беру техникасын қамтиды.

3. Технология оқушының тұғырлы құзыреттіліктерін қалыптастыруға мақсатталған. Мұның белгісі ретінде алдымен оқушылардың оқу нәтижесінің бағалану жүйесі ұсынылады: өлшеу материалдары мен механизмдері, қарастырылған технологиялар анықталған тұғырлы құзыреттіліктердің деңгейін нақты да еркін бағалауға мүмкіндік беруі керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Беспалько В.П. *Слагаемые педагогической технологии*. -М.,1989.-192с.
- 2 Қараев Ж.А. *Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения. Автореф.докт.пед.наук.* -Алматы, 1994.-46с.
- 3 Нурғалиева Г.К. *Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности: Дис.докт.пед. наук.* - Алматы: АГУ,1993.
- 4 Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии*. Москва, «Народное образование». 1998 г.-11с.
- 5 Таубаева Ш. *Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования*. - Алматы, 2000.

УДК 377.5.02:37.016  
МРНТИ 14.33.08

*Н.К. Аширбаев<sup>1</sup>, Е.Ж. Төрбек<sup>2</sup>, Н.К. Мадияров<sup>3</sup>, М.А. Абдуалиева<sup>4</sup>*

- <sup>1</sup> ф-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті,  
Шымкент қ. Қазақстан
- <sup>2</sup> докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті  
Шымкент қ. Қазақстан
- <sup>3</sup> п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті  
Шымкент қ. Қазақстан
- <sup>4</sup> аға оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті,  
Шымкент қ. Қазақстан

## **ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШОЛУ**

*Аңдатпа*

Оқу үдерісінде заманауи ақпараттық компьютерлерлік технологияларды қолдану барысында олардың алуан түрлі мүмкіндіктері бар. Бір жағынан, бұл салада біршама проблемалар да бар. Біріншіден, ақпараттық компьютерлерлік технологиялардың қарқынды дамып жетілуі соншалықты, білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулер мен оларды қолдану бойынша әдістемелік әзірлемелер де жаңару үстінде. Екіншіден, педагогтың кәсіби қызметінде өзінің қолдану мүмкіндіктері бойынша техникалық құралдардың алуан түрлілігі және көпжоспарлы болуы соншалықты, оларды оқу–тәрбие үдерісінде қолданудың жаңа тәсілдері пайда болады, ал педагогтар алдында ақпараттық компьютерлерлік технологияларды білім беру үдерісінде сауатты қолдануға байланысты жаңа міндеттер, проблемалар қойылады. Мақалада оқытудың ақпараттық технологияларын пайдалануда кездесетін мәселелерге ғылыми педагогикалық шолу жасалып, педагогикалық үдерісте ақпараттық компьютерлерлік технологияларды қолдану оны ұйымдастыру қағидаларының іске асырылуына қалайша ықпал ететінін қарастырылады.

**Түйін сөздер:** ақпараттық технологиялар, оқыту технологиясы, білім беру, оқу үдерісі.

*Аннотация*

*Н.К. Аширбаев<sup>1</sup>, Е.Ж. Төрбек<sup>2</sup>, Н.К. Мадияров<sup>3</sup>, М.А. Абдуалиева<sup>4</sup>*

- <sup>1</sup> д.ф-м.н, профессор, Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова,  
г.Шымкент, Казахстан
- <sup>2</sup> докторант, Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, г.Шымкент, Казахстан
- <sup>3</sup> к.п.н., доцент, Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, г.Шымкент, Казахстан
- <sup>4</sup> старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова,  
г.Шымкент, Казахстан

## **НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ОБЗОР ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ**

В процессе обучения, при использовании современных информационных технологий, они обладают разными возможностями. С одной стороны, есть некоторые проблемы в этой области. Прежде всего, быстрое развитие информационных компьютерных технологий настолько важно, что педагогические исследования в области образования и их методические разработки по их применению претерпевают модернизацию. Во-вторых, в профессиональной деятельности учителя существует широкий спектр технических средств использования и новые способы их применения в учебном процессе, а также новые задачи и проблемы, связанные с грамотным

использованием информационных компьютерных технологий в учебном процессе. В статье приводится научно-педагогический обзор проблем, возникающих при использовании обучающих информационных компьютерных технологий, и о том, как использование информационных технологий в педагогическом процессе будет влиять на реализацию принципов его организации.

**Ключевые слова:** информационные технологии, образовательные технологии, образование, образовательный процесс.

*Abstract*

**SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL REVIEW OF THE USE OF INFORMATION TRAINING TECHNOLOGIES**

*Ashirbayev N.K.<sup>1</sup>, Torebek Y.Zh.<sup>2</sup>, Madiyarov N.K.<sup>3</sup>, Abdualiyeva M.A.<sup>4</sup>*

<sup>1</sup>*Dr. Sci. (Phys.-Math), Professor, M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*PhD student of M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan, Shymkent, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor, M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan*

<sup>4</sup>*Senior teacher, M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan*

In the process of learning, when using modern information technologies, they have different capabilities. On the one hand, there are some problems in this area. First, the rapid development of information computer technologies is so important that pedagogical research in the field of education and their methodological developments in their application undergo modernization. Secondly, in the professional activity of the teacher there is a wide range of technical means of use and new ways of using them in the educational process, as well as new tasks and problems associated with the competent use of information computer technologies in the educational process. The article discusses the scientific and pedagogical review of the problems arising from the use of teaching information computer technologies, and how the use of information technologies in the pedagogical process will affect the implementation of the principles of its organization.

**Keywords:** information technology, educational technology, education, educational process.

Оқу–тәрбие үдерісінде заманауи ақпараттық компьютерлерлік технологияларды қолдану барысында олардың алуан түрлі мүмкіндіктері бар. Бір жағынан, бұл салада біршама проблемалар да бар. Біріншіден, ақпараттық компьютерлерлік технологиялардың қарқынды дамып жетілуі соншалықты, білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулер мен оларды қолдану бойынша әдістемелік әзірлемелер де соншалықты ескіреді. Екіншіден, педагогтың кәсіби қызметінде өзінің қолдану мүмкіндіктері бойынша техникалық құралдардың алуан түрлілігі және көпжоспарлы болуы соншалықты, оларды оқу–тәрбие үдерісінде қолданудың жаңа тәсілдері пайда болады, ал педагогтар алдында ақпараттық компьютерлерлік технологияларды білім беру үдерісінде сауатты қолдануға байланысты жаңа міндеттер, проблемалар қойылады. Оқыту негізіне дидактиканың негізгі заңдылықтарын айқындайтын және оларды педагогикалық тәжірибеде қолданудың ерекшелігін ескеретін белгілі бір теориялық және әдістемелік ережелер қойылған жағдайда, ақпараттық компьютерлерлік технологияларды математиканы оқыту барысында қолдану математика бойынша орта мектеп оқушыларының білімінің деңгейі мен сапасын арттырудың тиімді құралы бола алады.

Оқытудағы ақпараттық технологияларды қолданудың психологиялық-педагогикалық проблемаларына көптеген авторлардың еңбектері арналған. Н.Ф. Талызина, Ю.Д. Бабаев, В.В. Рубцовтың еңбектерінде оқушылардың оқу қызметін компьютерлердің көмегімен ұйымдастырудың психологиялық негіздері әзірленген.

Оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың бағдарламалық көзқарастарын математикалық білім беруді компьютерлендіру қағидалары беріліп, оның қажеттілігі негізделген А.П. Ершовтың еңбектерінен көруге болады. Білім берудегі ақпараттық технологияларға В.С. Гершунскидің, В.И. Гриценконың және басқалардың еңбектері арналған. Оқытуға ақпараттық технологияларды енгізу жолдары мен қағидалары әзірленген еңбектер арасында И.В. Роберт және Н.В. Апатованың еңбектерін де атап кетуге болады. Біріншісі дидактикалық проблемаларға және білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану перспективаларына арналған. Екіншісінде орта мектептегі оқыту мазмұнына және әдістеріне ақпараттық технологиялардың ықпалы қарастырылады. Н.В. Апатова «ақпараттық технологиялар» терминін келесідей нақтылайды: «Ақпараттық технологиялар – бұл ақпаратты қайта өңдеу үдерісі іске асырылатын құралдар мен әдістердің жиынтығы» [1].

Оқыту технологиясы, тар мағынада, оқытудың алуан түрлі техникалық құралдарын пайдалануды болжайды. В.А. Извозчиковтың анықтамасы бойынша «Оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісін оңтайландыру және оның тиімділігін арттыру, сонымен бірге мектептердің материалдық-техникалық базасын ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін ескере отырып, жаңарту мақсатында оқу-тәрбие

үдерісін ұйымдастыруға ғылыми тәсілдерді болжайды» [2]. «Ақпараттық технологиялар» және «оқыту технологиясы» терминдерін салыстыра отырып, «оқытудың ақпараттық технологиясы» арнайы терминін құрауға болады. Бұл педагогикалық технология ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы әдістерді, тәсілдерді бағдарламалық және техникалық құралдарды (аудио, бейне, компьютер) пайдаланады. Кукушин В.С. оқытудың ақпараттық технологиясын (ОАТ) оқыту қызметін іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құралдар мен олардың қызмет ету тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықтайды. Электронды құралдар құрамына әдістемелік қамтамасыз етуде көрсетілетін аппараттық, бағдарламалық және ақпараттық құрамдастар кіреді. Роберт И.В. «оқытудың ақпараттық технологиясы» ұғымына келесі анықтама берді. Оқытудың ақпараттық технологиясы деп компьютерлер мен ақпараттық құралдардың көмегімен оқу үдерісін оңтайландыруға бағытталған әдістемелік-ұйымдастыру әрекеттердің жиынтығы айтылады [3].

Оқытудың электрондық құралдарын кіріктіру үдерісін әлеуметтік-философиялық мәнін түсіну В.П. Беспальконың, Б.С. Гершунскийдің және басқалардың еңбектерінен; жалпы білім беру мазмұны теориясында В.В. Краевский, И.Я. Лернер, Л.Я. Зорина; Н.В. Апатова, А.П. Ершов, Е.И. Машбиц, И.В. Роберт әзірлеген оқыту үдерісінде компьютерлерді пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге жүйелік тәсілден, оқытуға әрекеттік тәсілді қолданудан (Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов) көруге болады.

Шетелдік авторлардың басылымдарында оқытудың электрондық құралдарын қолдану мәселенасы көп аспектілі тұрғыда қарастырылады: компьютерлік құралдарды білім беру саласына кіріктіру және оқытудың электрондық құралдарын пайдаланудың проблемалары және перспективалары; сабақта, сабақтан тыс жұмыста мультимедиа құралдарын қолдану және мұғалімнің ақпараттық мәдениетін дамыту [4].

Білім беру үдерісінде оқытудың электрондық құралдарын қолданудың түрлі аспектілерін зерттеудің практикалық-бағдарланған сипаты туралы белорус авторлары И. Жук, Т.О.Балықбаев, Е.Ы.Бидайбеков, Е.Н. Рогановскаяның және көптеген басқа да авторлардың жұмыстары мысал бола алады. Орта білім алу әрбір адамның ары қарай оқу, мамандық алу мен өмірде табысқа жету мүмкіндігін қамтамасыз етудің түбегейлі қажеттілігі болып табылады. Оқушылардың өзгермелі өмірдің жаңа тұжырымдамалары мен үрдістерін қабылдауға дайын болуы, саналы талдау жасауға, сондай-ақ өзінің бүкіл өмірі бойында өзгермелі жағдайларға икемді болуға үйренуі және бейімделе білуі тікелей мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сондықтан болашақ математика мұғалімдерінің бойында келесі қабілеттерді қалыптастыру қажеттілігі туындайды:

- математика мен ақпараттық технологиялардың рөлін түсіну;
- проблеманы математика мен білім берудің компьютерлік ресурстарын қолдану арқылы шешу;
- қоғамдық процестерді табиғи құбылыстарды сипаттау кезінде математикалық әдістерді қолдана білу.

Білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданудың үш негізгі принципі бар: компьютермен жұмыс істеудің интерактивті режимі; басқа да бағдарламалық өнімдермен өзара байланысы; мәліметтер, сондай – ақ есептің берілуінің өзгеру процесінің икемділігі. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушылардың білім сапасын арттыру. Мектеп геометриясын оқытуда компьютерлік ресурстарды пайдалану оқушылар бірден өзінің оқу іс әрекеттерінің нәтижелерін сәйкес талдаулармен және ұсыныстармен, интерактивті тақта мүмкіншілігін пайдаланып, компьютермен жұмыс істеу оқушының шығармашылық және ойлау қабілеттерін дамытады [5]. Педагогикалық ғылымды дидактика қағидаларын «оқыту тәжірибесін жоспарлаудың, ұйымдастырудың және талдаудың» оқу үдерісін ұйымдастырудың жалпы нормалары сияқты «...оқыту үдерісіне орындалуы қажетті тиімділікті қамтамасыз ететін бастапқы, негізгі дидактикалық талаптар» [6] жүйесі ретінде сипаттайды. Педагогикалық үдерісте ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану оны ұйымдастыру қағидаларының іске асырылуына қалайша ықпал ететінін қарастырайық. Мақсаттылық қағидасы. Мұғалімнің оқушылармен өзара әрекеттесі педагогикалық үдерісі тек екі тараппен нақты ұғынған мақсат болған жағдайда ғана бола алады. Ақпараттық технологиялардың олардың мазмұнымен, сипатымен және материалдың күрделілігімен анықталатын нысаналы мақсаты бар.

Дәл сондай оларды қолданудың жас ерекшелік шектері де, оқыту немесе тәрбиелеу үдерісіндегі орны (жаңа материалды қабылдауға дайындау; жаңа ақпаратты беру, оны суреттермен сипаттау; жалпы түсініктердің немесе ұғымдар мен ой-пікірдің қалыптасуына ықпал ету; алынған білімді игеру деңгейін немесе қалыптастырылатын біліктілік пен дағдыларды бекіту, жалпылау, тексеру) анықталады.

- Оқу-тәрбие үдерісін ізгілендіру және демократияландыру – педагогикалық өзара әрекеттестік субъектілерінің тұлғасына жүгіну, олардың қатысуы мен ынтымақтастығын кеңейту. Заманауи ақпараттық технологиялар және техникалық құралдар балалардың жас ерекшелігін, даму деңгейі мен



дайындығын ескере отырып, олармен жұмыс барысында алуан түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану мүмкіндіктерін кеңейтеді. Оқытудың заманауи ақпараттық технологиялары мұғалімді де, оқушыларды да ортақ әрекеттің белсенді қатысушылары етеді, себебі оқытудың көптеген заманауи құралдары жаңа дидактикалық материалдарды әзірлеу, орындалатын жұмыстар мен жобаларды өтеу және жетілдіру барысында тәуелсіздікті және шығармашылық белсенділікті танытуға мүмкіндік береді.

- Мәденилік. Оқыту және тәрбиелеу үдерісі барысында жас жеткіншектерді олар өсіп, тәрбиеленіп жатқан қоғамның және халық мәдениетінің байлығымен және өзіндік ерекшелігімен, әлем мәдениетімен және оның сарқылмас әлеуетімен таныстыру қажеттілігінде. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып аталған қағиданы іске асыру өте қарапайым. Кез келген елдің мәдениеті туралы бір оқу фильмі, немесе интернетпен жұмыс жасау барысында алынатын ақпараттың көптігі соншалықты, алынатын түсініктердің айқындылығын, көркемдігін, нақтылығын және толықтығын айтпағанда, оны мұғалім көптеген сабақтар барысында да бере алмайды.

- Табиғилық. Оқу мен тәрбие табиғатпен үйлесімдікте және адамның дамуының әрбір жас ерекшелік кезеңінің өзгешелігін ескере отырып және табиғатқа и әрбір оқушының жеке мүмкіншіліктеріне сәйкес құрылу қажет. Бұл қағиданы іске асыру үшін оқытудың ақпараттық технологияларының күрделілік дейгейі бойынша оқу материалын дифференциациялау жолымен нақты оқушының ерекшелігіне икемделетін жеке бағдарламаларды және зияткерлің бағдарламаларды құруға дейін сарқылмас мүмкіндіктері бар.

- Ғылымилық, қол жетімділік, жүйелілік және бірізділік. Ғылымилық қағидасы ғылымда берік орныққан білім ақпараттық технологиялар көмегімен беріліп, оқушыларға қол жетімді түрде заттардың ең маңызды қасиеттері мен нышандары көрсетілетін жағдайда іске асырылады.

- Оқытудың қол жетімділік қағидасы, яғни, материалдың мазмұны мен берілу әдістерінің оқушылардың жас ерекшелік және жеке ерекшеліктеріне сәйкестігі де оқытудың заманауи ақпараттық технологияларын қолдану негізінде жатыр: оларды сабақта тарту оқу материалын игеруді жеңілдету қажеттілігімен шақырылған. Жүйелілік қағидасына (баяндаудың қатаң логикалық бірізділігіне) сабақтар жүйесінде немесе осы нақты сабақта оның материалымен логикалық байланыста белгілі бір орынға есептелген кез келген оқу құралы, мультимедиялық презентация бағынуы тиіс.

- Саналылық, белсенділік және өзіндік әрекеті де оқытудың ақпараттық технологияларына қатысы бар. Олардың көмегімен оқушылар фактілер мен құбылыстарда жақсырақ түсінеді, олар бастамашылыққа жетелейді, мектепте берілетін білімді қолдануға үйретеді.

- Ойлау белсенділігі проблемалық жағдаяттарды құру жолымен ақпараттық технологиялар көмегімен ынталандырылады: оқушыларды зерттеу жолымен білімді игеруге бағыттайды, мұндай жағдай әдейі жасалғанда, ода шығу жолын оқушылардың өздері іздейді.

- Оқытуды белсендіру тұрақты танымдық қызығушылықты қалыптастырумен тығыз байланысты. Ақпараттық технологиялар мұндай қызығушылықты өзінің бейнелеу мүмкіндіктерімен шақырады, әдеттен тыс түрде берілген тбелгілі материал да жаңа қасиеттерге ие болады, көз алдына елестеген көріністен өзгеше түрде беріледі. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығы және фотосуреттердің, суреттердің, қолжазбалардың, көне кітаптардың, фотохрониканың - деректі материалдың оқу-тәрбие үдерісіне қосылуы ынталандырылады, олардың арқасында оқушылардың пәнді оқуға ынтасы артады.

- Көрнекілік қағидасы - ақпараттық технологиялардың бүкіл жүйесін тудырған, олардың бағыттылығын, мазмұнын, тиісті дидактикалық құралдардың әзірлемесін анықтайтын қағида. Бұл қағида компьютердің көмегінсіз көрсетілуі мүмкін емес нақты уақытта алуан түрлі фактілер мен құбылыстарды көрсетудің бағдарламалық және техникалық мүмкіндігі арқасында сабақта ақпараттық технологияларды қолдану көмегімен толық іске асырылады.

- Беріктік қағидасы оқушыларға есептерді шығару барысында алынған теориялық білімдерін бекітуге немесе теориялық материалды қайталауға және жалпылауға көмектесетін алуан түрлі тренажерларды, түрлі оқыту бағдарламаларын және оқу кешендерін әзірлеуге түрті болды.

- Тәрбиелеу мен оқытудың ұжымдық сипаты қағидасы әрбір бала тұлғасының жеке ерекшеліктерінің дамуымен байланыста. Әрбір оқушы ортақ жұмыстың өзіне тиесілі бөлігін толығымен дербес орындай алған жағдайда, ал сосын осының барлығы бірыңғай нәтижеге алып келгенде, бүкіл сыныптың әрекеті жүйесінде жеке тапсырмаларды жасау және ұсыну мүмкіндіктері бар ақпараттық технологиялар сабақта ұжымдық, фронталды және жеке жұмыстар үйлесімінің негізгі құралы болады.

- Шама қағидасы және пайдаланудың кешенді сипаты қағидасы.

Оқытудың ақпараттық технологияларының алуан түрлі және сарқылмас мүмкіндіктері бірқатар

мұғалімдердің оларға деген қызығушылығын тудырады, сонда осы құралдар өзіндік мақсатқа айналады. Барлығы шамасына қарай жақсы – педагогикаға қатысты тәрбиелеу мен оқытудың екінші «алтын ережесі» деп айтуға болатындай ереже. Мектепте сабақтарды жүргізу сапасы алуан түрлі ақпараттық, соның ішінде компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, оқу материалының көрнекілігіне және баяндалуына, мұғалімнің материалды ауызша баяндауының көрнекі материалмен үйлестіруіне байланысты. Ақпараттық компьютерлік технологиялар көрсетілетін заттардың, құбылыстардың, фактілердің көрнекілігін серпіні және жақсарту мүмкіндігі есебінен оқушылардың оқу материалын қабылдауын жақсартуды мүмкін етеді. Оқу үдерісте ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану оны ұйымдастыру қағидаларының іске асырылуына байланысты болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Анатова, Н.В. Информационные технологии в школьном образовании / Н.В. Анатова. – М.: Педагогика, 1994. – 228 с.
- 2 Извозчиков, В.А. Новые информационные технологии обучения: учебное пособие / В.А. Извозчиков. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 1991. – 120 С.
- 3 Роберт, И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования / И.В. Роберт. – М.: Школа-Пресс, 1994. – 205 с.
- 4 Андресен, Бент Б. Мультимедиа в образовании: специализированный учебный курс / Бент Б. Андресен, Катя Ван Ден Бринк; пер. с англ. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Дрофа, 2007. – 224 с.
- 5 Рахымбек Д., Абдуалиева М.А., Торбек Е.Ж., Мадияров Н.К. Формирование методологических культур будущих учителей математики как важнейшая задача информатизации образования. КазНПУ им. Абая, Вестник, серия “Физико-математические науки” № 4 (60), С.291-297.
- 6 Герман, Ю.В. Дидактические аспекты применения информационных технологий на уроках математики / Ю.В. Герман // Содружество наук. Барановичи-2010: тезисы докладов VI Междунар. науч.-практ. конф. молодых исследователей, 19-20 мая 2010 г., Барановичи, Респ. Беларусь: в 2 ч. / редкол.: А.В. Никишова (гл. ред.) и др. – Барановичи: РИО БарГУ, 2010. – Ч. 1. – С. 97-98.

УДК 378.14  
МРНТИ 14.35.07

*Ж.Ш. Бактыбаев<sup>1</sup>, Ж.М. Тусубаева<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>к.п.н., доцент, Казахский национальный университет им.Аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан  
<sup>2</sup>к.п.н., Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

## **ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК ПУТЬ РЕАЛИЗАЦИИ ОТКРЫТОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

*Аннотация*

В статье рассматриваются вопросы перспективности развития технологий дистанционного обучения и необходимости научно-обоснованной методики ее реализации. В области организации дистанционной формы обучения существуют определенные проблемы и противоречия. И это неудивительно, так как цифровизация образования - многофакторный и сложный процесс. В данном случае, с одной стороны, дистанционное обучение в Республике Казахстан законодательно принято, как самостоятельная форма обучения, с другой стороны – система дистанционного образования складывается стихийно, без глубокого научного осмысления, организация дистанционной формы обучения происходит спонтанно, формирование содержания осуществляется эмпирическим путем. С одной стороны, в республике идет полным ходом разработка отечественных программных средств учебного назначения, с другой стороны, в большинстве своем они и их дидактические возможности не используются в системе дистанционного образования. Можно констатировать следующее противоречие: при наличии предпосылок для интенсивного развития дистанционного образования отсутствует научно-обоснованная методика реализации дистанционной формы обучения.

Таким образом, пришло время поставить на первый план задачу научного осмысления дистанционной формы обучения, которая должна обеспечить наполнение растущих образовательных сетей и удовлетворение образовательных потребностей в области профессионального образования. Необходимо создать соответствующую методическую базу для развития системы дистанционного обучения, а это, в свою очередь, связано с научно– педагогической разработкой методики организации дистанционной формы обучения.

**Ключевые слова:** цифровизация, дистанционные образовательные технологии, электронные обучающие средства, методика обучения, форма обучения.

Аңдатпа

Ж.Ш., Бактыбаев<sup>1</sup>, Ж.М. Тусубаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>п.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>п.ғ.к., Абылай хан атындағы ҚазХҚӘТУ, Алматы, Қазақстан

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ АШЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛЫ РЕТІНДЕ

Осы мақалада қашықтықтан оқыту технологиясының даму болашағы және оның ғылыми негізделген әдістемесін іске асыру қажеттілігінің сұрақтары қарастырылады. Оқытудың қашықтықтан формасын ұйымдастыру саласында анықталған мәселелері мен қарама-қайшылықтары байқалады. Әрине, білім берудің цифрландыру – көпфакторлы және күрделі үрдіс. Осы орайда Қазақстан Республикасындағы қашықтықтан оқыту формасы оқытудың өзіндік формасы болып заңды түрде бекітілген, сондай-ақ қашықтықтан оқыту жүйесі терең ғылыми ой өрісімен жүргізілуі тиіс. Бір жағынан, елімізде оқуға қатысты отандық бағдарламалық жүйелері белсенді түрде жасалуда, басқа жағынан олар және олардың дидактикалық мүмкіндіктері қашықтықтан оқыту жүйесінде қолданыста болмайды. Сондықтан келесі қарама-қайшылықты белгілеуге болады: қашықтықтан оқытудың қарқынды дамуы үшін алғышарттар бар болса да, қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін ғылыми негізделген әдісдеме жоқ.

Осылайша, қашықтан оқытудың ғылыми түсінігін дамыту міндеті пайда болды, ол білім беру желілерінің өсуін және кәсіптік білім беру саласындағы білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге тиіс. Қашықтықтан оқыту жүйесін дамыту үшін тиісті әдістемелік базасын құру қажет, бұл өз кезегінде қашықтықтан оқыту формасын ұйымдастырудың әдістемесін ғылыми-педагогикалық дамуымен байланысты.

**Түйін сөздер:** цифрландыру, қашықтықтан оқыту технологиялары, электрондық оқыту құралдары, оқыту әдістері, оқыту түрі.

Abstract

## DISTANCE EDUCATION AS A WAY OF IMPLEMENTING TRANSPARENT EDUCATION

Baktybayev Zh.Sh.<sup>1</sup>, Tusubayeva Zh.M.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Cand.Sci. (Pedagogical), associate professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Cand.Sci. (Pedagogical), Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages JSC, Almaty, Kazakhstan

The article presents issues of the prospects for the development of distance learning technologies and the need for a science-based methodology for its implementation. There are certain problems and contradictions in the field of organization of distance learning. Digital education is a multifactorial and complex process. Distance learning in the Republic of Kazakhstan is legislatively adopted as an independent form of education. The distance learning system is formed spontaneously, without a deep scientific understanding. The development of national training programs is underway. We can state the following contradiction: if there are opportunities for intensive development of distance education, there is no scientifically based method for implementing distance learning.

Thus, It is time to highlight the task of scientific understanding of distance learning, which should ensure the filling of growing educational networks and the satisfaction of educational needs in the field of vocational education. Also it should be related with methods of scientific and pedagogical elaboration of the distance education organization

**Keywords:** digitalization, distance-learning technologies, e-learning tools, teaching methods, form of training.

Современный этап развития общества в начале III тысячелетия характеризуется вступлением в новую информациологическую эпоху, сопровождающуюся проникновением информационно-коммуникационных технологий во все сферы деятельности человека. Если в прошлом веке основной задачей являлись поиски и разработка информационных технологий как таковых, то в настоящее время наиболее остро встает вопрос об эффективности использования возможностей, предоставляемых этими технологиями, и – прежде всего – в образовательных целях. Мы стоим перед объективной необходимостью вхождения республики в мировое образовательное пространство на основе новых информационно-коммуникационных технологий.

Во всем современном мире информационные технологии и цифровая трансформация являются одним из главных факторов технологических перемен и условием обеспечения конкурентоспособности страны, как на уровне отдельных предприятий, так и на уровне наднациональных объединений, приводя к перестройке всех экономических и производственных процессов, радикальному повышению производительности, повышению качества и снижению себестоимости товаров и услуг [1].

Стратегия развития современного Казахстана направлена на цифровизацию экономики страны. Основным стратегическим документом стала Государственная программа «Цифровой Казахстан», утвержденная Постановлением Правительства РК от 12 декабря 2017 года № 827. Целью программы

"Цифровой Казахстан" – является повышение качества жизни населения и конкурентоспособности экономики Казахстана. Безусловно, что это касается и всей системы образования, поскольку в решении задачи обеспечения экономики кадрами, владеющими цифровыми технологиями, особая роль принадлежит системе образования. В современном информационном обществе одной из важнейших качеств личности, адекватной Цифровой экономике, является цифровая компетентность, т.е. формирование личности владеющей цифровыми технологиями и умеющей использовать ее в своей повседневной и профессиональной деятельности.

Сложившаяся в настоящее время социально-экономическая ситуация в стране и в системе образования такова, что традиционные формы получения образования и модели обучения уже не могут удовлетворить насущных потребностей в мобильном профессиональном образовании, которое предполагает постоянное совершенствование профессиональной компетентности, расширение и обновление знаний как в пределах собственной специальности, так и в возможности получения образования по другой специальности. Сейчас необходимо реализовывать принцип образования не «на всю жизнь» (как было в традиционной «советской» системе образования) а образования «через всю жизнь». Следовательно, необходимо искать новые формы образования, одной из которых является дистанционное обучение (ДО).

Безусловно, дистанционному обучению как одному из перспективных направлений развития сферы образования было посвящено немало исследований зарубежных, российских и отечественных ученых, внесших определенный вклад в пропаганду и внедрение в педагогическую практику идей ДО. Опыт зарубежной педагогической мысли в области определения сущности и особенностей ДО, организации ДО, его формирования требований к средствам обучения и характеру взаимодействия участников учебного [Б.Холмберг, Дж.Даниель, Д.Киган, А.Борк, Б.Хантер и др.] предоставляет обширный материал для размышлений, обобщений, поиску закономерностей и путей использования технологий ДО в отечественной педагогической практике.

Российскими учеными исследуются: - дидактическое обеспечение процесса дистанционного обучения [А.А. Андреев, Э.Г. Скибицкий, И.А. Тавгень]; - спрос на дистанционные образовательные услуги [В.В.Вержбицкий, Ю.Ю.Власова, В.В.Попов ]; - новые технологии проектирования систем дистанционного обучения [Э.А.Якубайтис, М.Б.Тихонов, В.Д.Сапунцов, Д.А.Богданова, А.А., Федосеев, С.А. Христочевский]; - психолого-педагогические аспекты дистанционного образования [М.Б.Моисеева, В.А.Каймин, В.И.Ребиков, В.А.Якусевич, Л.П.Корнев, Т.А.Сергеева]; - организационные, методические и технологические аспекты дистанционного обучения [Ю.Н. Демин, М.П. Карпенко, А.О. Кривошеев, В.Г. Кинелев, В.П. Тихомиров, А.Д. Иванников, Е.С. Полат, В.А. Самойлов, Ю.Б. Рубин, И.В. Роберт, С.Л. Лобачев, В.И. Солдаткин, В.П. Меркулов, Г.В.Тараканов, С.А.Щенников, Н.Ю.Волова, Д.А.Богданова].

В Республике Казахстан проблемы дистанционного обучения, дидактические и методические аспекты применения средств новых информационных технологий в обучении в разные годы исследуются в работах Г.К. Нургалиевой, Д.М. Джусубалиевой, Е.Ы. Бидайбекова, Е.К. Балафанова, Е.Г. Гаевской, Н.А. Завалко, М.Ж. Журинова, Ж.А. Караева, Ж.А. Макатовой, К.С. Мусина, Т.К. Нургалиева, Р.М. Дузбаевой, М.Б. Есбосынова, Г.К. Изтлеуовой, С.К. Кунакова, Г.Б. Ахметовой, Е.В. Артыкбаевой, Д.Е. Сагимбаевой, А.И. Тажигуловой, Ж.А. Тусельбаевой, М.А. Винницкой, В.В. Гриншкуна, Д.А. Аубакир.

Как видно из перечисленных направлений зарубежных и отечественных исследований, в развитии дистанционного обучения проделан немалый путь и достигнуты определенные результаты.

Более того, на данный момент времени сложилась уникальная ситуация, при которой у нашей республики есть возможность, аккумулируя накопленный богатый опыт развития дистанционных технологий во всем мире, сделать своеобразный скачок в собственном развитии, опираясь на самый последний уровень информационно-коммуникационных технологий и не повторяя определенных «болезней роста» других стран.

Руководство системы образования Республики Казахстан одним из первых в СНГ признало перспективность развития технологий ДО. Для Казахстана с его необъятными степными просторами и резкими различиями социальном и экономическом развитии города и села, реально существующими пространственными и социально-экономическими барьерами перед желающими получить качественное образование, на путях информатизации сферы образования открывается реальная возможность снижения этих барьеров. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (глава 1, статья 1) определяет дистанционное обучение (образование на расстоянии) как одну из самостоятельных

форм обучения, целенаправленное и методически организованное руководство учебно-познавательной деятельностью и развитием лиц, находящихся в отдалении от организаций образования, посредством электронных и телекоммуникационных средств.

Вместе с тем, в области организации дистанционной формы обучения существуют определенные проблемы и противоречия. И это неудивительно, так как цифровизация образования - многофакторный и сложный процесс. В данном случае, с одной стороны, дистанционное обучение в Республике Казахстан законодательно принято, как самостоятельная форма обучения, с другой стороны – система дистанционного образования складывается стихийно, без глубокого научного осмысления, организация дистанционной формы обучения происходит спонтанно, формирование содержания осуществляется эмпирическим путем. С одной стороны, в республике идет полным ходом разработка отечественных программных средств учебного назначения, с другой стороны, в большинстве своем они и их дидактические возможности не используются в системе дистанционного образования. Можно констатировать следующее противоречие: при наличии предпосылок для интенсивного развития дистанционного образования отсутствует научно-обоснованная методика реализации дистанционной формы обучения.

Таким образом, пришло время поставить на первый план задачу научного осмысления дистанционной формы обучения, которая должна обеспечить наполнение растущих образовательных сетей и удовлетворение образовательных потребностей в области профессионального образования. Необходимо создать соответствующую методическую базу для развития системы дистанционного обучения, а это, в свою очередь, связано с научно– педагогической разработкой методики организации дистанционной формы обучения.

Дистанционное обучение не новинка для современной образовательной системы. Такая форма получения знаний возникла еще в XVIII столетии в Европе, ее активно внедряли в XIX веке Германия и США. В 1960-х гг. в Советском Союзе этот вариант воплотился в заочной форме обучения.

С начала 2000-х гг. активно реализуется программа ИКТ в образовании, то есть внедрение информационно-коммуникационных технологий в систему высшего образования. Поскольку компьютер и интернет стали доступными и популярными средствами общения, то университеты воспользовались этим. Вузы разработали и предложили программы, выполнив которые дистанционно студент может получить высшее образование.

Сконфигурированная таким образом модель дает наглядное представление работы сети. В частности, для клиента это наиболее удобный способ реально оценить все перспективы перехода на то же оборудование Cisco. При этом он не ограничен аппаратными возможностями. С экономической точки зрения, на эмуляторе мы проработали более десятка вариантов конфигурирования сети без малейших затрат. Заказчику предоставляется возможность выбора, и при этом он виртуально оценивает реальные возможности локальной сети.

Для каждого клиента методы решения общественно важных задач индивидуальны. Но в любой работе нужно придерживаться трех правил.

Проект должен: работать; обладать свойством масштабируемости; соответствовать уровню безопасности.

Выполненная работа имеет стратегическое значение для внутреннего распорядка организации. Созданная таким образом модель сети может облегчить дальнейшие этапы работы: анализ рынка, с последующим приобретением оборудования, его установкой и программированием. При переходе на оборудование Cisco используются команды аналогичные эмулятору. Нет необходимости в повторном планировании настроек, так как модель дает возможность без лишних затрат (в первую очередь экономического характера) определить все необходимые конфигурации и тип сети.

#### *Список использованной литературы:*

1 Одом Уэнделл, *Официальное руководство Cisco по подготовке к сертификационным экзаменам CCENT/CCNA/ICND 100-101, Академическое издание: Изд.: "Вильямс", 2017 - 912 с.*

2 TP-Link Technologies [Электронный ресурс] - Режим доступа: <https://www.tp-link.com/ru/> - Дата доступа: 28.04.2018.

3 Cisco company [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://www.cisco.com/c/ru\\_kz/index.html](https://www.cisco.com/c/ru_kz/index.html) - Дата доступа: 11.10.2018.

УДК 519.688  
МРНТИ 27.43.51

*Е.Г. Неверова*

*магистр технических наук, старший преподаватель Университета НАРХОЗ, г. Алматы, Казахстан*

## **ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ТРЕНДА ПОИСКОВЫХ ЗАПРОСОВ В GOOGLE CHROME**

### *Аннотация*

В статье приводится исследование возможностей применения языка статистической обработки R для скрапинга данных в Интернет - пространстве. В частности, показаны результаты применения пакета gtrendsR для извлечения запросов, осуществляемых через поисковый браузер Google Chrome на тему динамики интереса к колебаниям курса и добыче криптовалюты биткоин. Выведены графики, наглядно демонстрирующие реакцию жителей различных стран на события, происходящие на рынке криптовалют. Обнаружены расширенные возможности пакета gtrendsR по геолокации с применением опции "geo", которые позволяют уточнить локализацию запросов в пределах региона, области и даже каждого города, что значительно повышает исследовательский потенциал данного ресурса. Сделаны выводы об эффективности использования языка статистической обработки R для целевого поиска информации в сети Интернет, ее преобразования, обработки и визуализации.

**Ключевые слова:** тренд, Google Chrome, биткоин, криптовалюта, пакет gtrendsR, язык R.

Аңдатпа

Е.Г.Неверова

Техникалық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, NARHOZ университеті, Алматы қ., Қазақстан

### GOOGLE CHROME-ДАҒЫ ІЗДЕУ СҰРАНЫСТАРЫ БОЙЫНША ТРЕНДТІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ

Мақалада Интернет-кеңістікте деректерді скрапинг жасау үшін R статистикалық өңдеу тілін пайдалану мүмкіндіктерін зерттеу қарастырылған. Атап айтқанда, Google Chrome іздеу браузері арқылы бағамның ауытқуларына қызығушылық динамикасы және биткоин криптовалютасын табу арқылы жасалған сұрауларды алу үшін gtrendsR пакетін пайдаланудың нәтижелері көрсетілді. Әр түрлі елдердің адамдарының криптовалюталық нарығындағы оқиғаларға қатысты реакциясын көрсететін графиктер көрсетілген. «Гео» опциясын қолдана отырып, геолокация үшін gtrendsR пакетінің озық ерекшеліктері табылды, бұл осы ресурстың ғылыми әлеуетін едәуір арттыратын аймақта, аудандарда және тіпті әрбір қалада сұраныстарды оқшаулауға мүмкіндік береді. Интернет желісіндегі мақсаттық ақпаратты іздеу үшін, оның түрлендірілуі, өңделуі және визуализациясы үшін R статистикалық өңдеу тілінің тиімділігі туралы қорытындылар жасалды.

**Түйін сөздер:** тренд, Google Chrome, биткоин, криптовалюта, gtrendsR пакеті, R тілі.

Abstract

### VISUALIZATION OF THE TREND OF SEARCH INQUIRIES IN GOOGLE CHROME

Neverova Ye.G.

Master of Technical Sciences, Senior Lecturer, NARHOZ University, Almaty, Kazakhstan

The article presents a study of the possibilities of using the language of statistical processing R for data scraping in the Internet space. In particular, the results of using the gtrendsR package to extract search queries made through the Google Chrome search browser on the dynamics of interest in rate fluctuations and bitcoin mining are shown. Graphs showing the reaction of people from different countries to events occurring on the crypto currency market are shown. The advanced features of the gtrendsR package for geolocation using the "geo" option have been found, which allow to clarify the localization of requests within the region, areas and even each city, which significantly increases the research potential of this resource. Conclusions about the effectiveness of the use of the statistical processing language R for targeted information search on the Internet, its transformation, processing and visualization are made.

**Keywords:** trend, Google Chrome, bitcoin, crypto currency, package gtrendsR, R language.

Анализ популярности поисковых серверов показывает, что, выбирая такой браузер, около 70% пользователей в мире отдают предпочтение Google Chrome [1]. Очевидно, что степень интереса пользователей к процессам, происходящим в мире, косвенно отражается количеством запросов на соответствующие темы. Технология скрапинга интернета (Web Scraping) позволяет получать бесценную информацию с контента различных сайтов практически бесплатно. Скрапинг таких запросов наиболее эффективно провести с помощью библиотеки gtrendsR языка статистической обработки R [2]. Библиотека напрямую связана с Google Trends, который является сервисом для сравнения динамики популярности различных поисковых терминов. Google Trends выступает в данном случае в качестве прокси-сервера. Полученную от него информацию можно использовать для анализа всех видов трудноизмеримых величин, таких как экономическая активность или распространение заболеваний. Для использования такой информации от Google Trends в своем собственном анализе наиболее удобен пакет gtrendsR, который можно свободно загрузить с сайта CRAN, являющегося официальным ресурсом языка R. В этот пакет, созданный Дирком Эддельбюттелем (Dirk Eddelbuettel) и Филиппом Массикотте (Philippe Massicotte) добавлены функции для связи персональной учетной записи Google и загрузки данных Trends для одного или нескольких поисковых запросов с регулярным разрешением в течение определенного периода времени. Гибкость настройки данной библиотеки позволяет увидеть тренды для различных поисковых запросов, для лучшей визуализации выбрать временной диапазон, сопоставлять и анализировать пять поисковых запросов одновременно, увидев "пики" интересов к определенным событиям с разверткой во времени. Помимо этого, немалым преимуществом данного пакета является анализ тренда на основе online-данных без необходимости загрузки исходной информации на свой компьютер, что значительно экономит пространство памяти. Наглядную демонстрацию динамики интереса пользователей к криптовалюте, в частности, к биткоину в течение 2-х последних лет, можно увидеть, построив тренд по ключевому термину "bitcoin" (рис.1). Анализ проведен для следующих стран: Казахстан, США, Россия, Китай.




Рисунок 1. График интереса пользователей к биткоину в разрезе стран

Использование данного пакета и визуализация тренда занимает всего несколько строк программного кода.

```
>library(gtrendsR) #подключение "gtrendsR" для изучения трендов запросов в Google
Chrome
>library(ggplot2) # подключение графического пакета "ggplot2"
>filter(countries, sub_code == "")
>filter(countries, name %in% c("KAZAKHSTAN", "UNITED STATES", "RUSSIA", "CHINA"))
>byCountry <- gtrends(keyword = "bitcoin", time = "2017-06-01 2018-12-20", geo =
c("US", "KZ", "RU", "CH"))
>ggplot(data = byCountry$interest_over_time, mapping=aes(x=date, y=hits, colour =
factor(geo))) + geom_line(size = 1) + ggtitle("Рейтинг биткоина") +
xlab("дата")+ylab("Степень интереса к биткоину (в %)")
```

Помимо основного поискового слова, к запросу, как видно из приведенного ниже ответа программы, подключаются также смежные термины.

subject	related_topics	value	keyword
1	100	top	Bitcoin bitcoin
2	25	top	Price bitcoin
3	7	top	United States Dollar bitcoin
4	3	top	Value bitcoin
5	3	top	Bitcoin network bitcoin
6	2	top	Mining bitcoin

Полученный график показывает возрастание интереса пользователей к теме биткоина как раз в момент, когда резко вырастает его стоимость – декабрь 2017 года. По оси ординат расположен показатель степени интереса к биткоину, вычисляемый в процентах от общего количества запросов.

Из графика следует, что эскалация интереса характерна для Китая и США. Количество запросов этих стран по сравнению с Россией и Казахстаном превышено в десять раз. Наивысший пик по количеству соответствующих запросов достигнут жителями Китая и ему присвоен максимальный рейтинг – 100%. Сложившаяся ситуация подтверждается результатами опроса издания Panews [3], где сказано, что 14% населения Китая купили криптовалюту.

Россия и Казахстан имеют приблизительно одинаковые невысокие амплитуды колебаний интересов к данной теме, хотя и у этих стран наблюдается заметное повышение количества запросов.

Представляет интерес корреляция данного тренда с аналогичным трендом интереса к процессу добывания биткоина – блокчейна. В этой связи был построен график тренда с ключевым термином "blockchain", программный код которого составил 2 строки (рис. 2).

```
>Iblockchain <- otherhols$interest_over_time %>%
  mutate(hits = as.numeric(ifelse(hits == "<1", 0, hits)))
>ggplot(data=Iblockchain, mapping=aes(x=date, y=hits, colour=geo, linetype =
keyword)) + geom_line(size = 1) + ggtitle("Запросы по блокчейну")+
  xlab("Дата") + ylab("Степень интереса к блокчейну (в %)")
```

На данном графике тренды поиска способов добычи популярной криптовалюты для различных стран также совпадают с динамикой интереса к биткоину. Согласно правилам построения данного графика, вновь за 100% принято наибольшее количество запросов, соответствующее выставленному фильтру ( в нашем случае – по странам).

Следует заметить, что аномальный интерес к блокчейну проявляют жители Китая, которые год спустя снова с усиленным интересом занимались поиском способов добычи криптовалюты.

У остальных стран данный интерес к данной теме явно идет на убыль. Наблюдается также некоторый лаг запаздывания реакции у жителей этих стран к колебаниям криптовалюты по сравнению с Китаем.

Сравнивать тренды интересов с помощью данного пакета можно не только в разрезе стран, но также областей, городов, а также всех объектов, которые имеют геолокационный код, присвоенный Google Trend.

Например, запрос на список стран с фильтром по геокоду Алматинской и Акмолинской областей за тот же рассматриваемый период времени (2 прошедших года) даст следующий результат:

```
>data("countries")
> filter(countries, sub_code == c("KZ-AKM","KZ-ALM"))
country_code sub_code name
1 KZ KZ-ALM ALMATY OBLYSY (ALMATINSKAYA OBLAST')
2 KZ KZ-AKM AQMOLA OBLYSY (AKMOLINSKAYA OBLAST')
3 KZ KZ-AKM AQMOLA OBLYSY
4 KZ KZ-AKM BAIKONUR
5 KZ KZ-AKM STEPNOGORSK
```




Рисунок 2. График интереса пользователей к технологии "блокчейн" в разрезе стран

Путем несложной подстановки кодов областей в предыдущий текст программы, получим график, представленный на рисунке 3.

Порядок действий для получения такого графика отличается от предыдущих программных кодов лишь предварительной фильтрацией с указанием конкретной страны и созданием в опции "geo" вектора, содержащего геокоды (графические идентификаторы объектов географической карты) соответствующих областей данной страны.

```
>filter(countries, name %in% "KAZAKHSTAN")
>byCountry <- gtrends(keyword = "bitcoin",
                      time = "2017-01-01 2018-12-20",
                      geo = c("KZ-AKM","KZ-ALM"))
>ggplot(data = byCountry$interest_over_time,
        mapping = aes(x = date, y = hits, colour = factor(geo))) +
geom_line(size = 1)
```

Рассматривая тренд последнего графика, можно прийти к заключению, что жители Акмолинской области гораздо активнее интересуются биткоином и пик их интереса совпадает по времени с интересом, проявленным к этой теме во всем мире.

Жители Алматы и области практически вполнину меньше интересовались скачком курса биткоина в этот момент. Но их интерес носит более ровный и устойчивый характер в предыдущие и последующие периоды времени. Вызывают вопросы временные отрезки, приходящийся на лето 2017 и 2018 года, когда жители Акмолинской области практически не делали запросов по криптовалюте, в то время как пользователи Интернета в Алматинской области вели себя достаточно активно.

Возможно, ответ на эти вопросы найдется, если рассмотреть запросы жителей этих областей по таким терминам, как "Aviatickets", "Resorts", "Sowing", "Agricultural machinery", принимая во внимание тот факт, что лето – пора отпусков и сельскохозяйственных работ.




Рисунок 3. График для представления интереса пользователей в разрезе областей

Таким образом, совмещая различные возможности языка R, как то: скрапнинг данных в сети Интернет, легкость приведения данных к удобочитаемому виду, предоставление практически всех существующих графических средств для наглядного отражения динамики запросов, можно наблюдать за многими процессами, протекающими в мире, выявлять, а также прогнозировать тенденции поисковых запросов. Применение языка R для скрапнга и визуализации подобных процессов дает неоспоримые преимущества, так как облегчает создание запросов, предоставляет гибкие инструменты для реализации графических объектов, минимизирует затраты на подобные исследования.



Список использованной литературы:

- 1 Nicole Johnston. *Best Internet Browsers of 2019*. Portal Stat Counter. Global Stats. – 2018. – URL: <https://www.toptenreviews.com/software/internet/best-internet-browser-software/> (дата обращения: 03.01.2019)
- 2 Документация по пакету *gtrendsR* с официального сайта CRAN. – 2017. – URL: <https://cran.r-project.org/web/packages/gtrendsR/index.html> (дата обращения: 28.12.2018)
- 3 Samuel Haig. *1 in 7 Chinese Have Invested in Cryptocurrency*. Portal Bitcoin.com. – 2018. – URL: <https://news.bitcoin.com/1-7-chinese-invested-cryptocurrency/> (дата обращения: 04.01.2019)

УДК 378.016.02:004.38 (574)

МРНТИ 14.35.09

Н.Т. Ошанова <sup>1</sup>, А.К. Буканова <sup>2</sup>

<sup>1</sup>п.э.к, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан,

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,  
Алматы қ, Қазақстан

## БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДА МЕТАПӘНДІК ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Аңдатпа*

Мақала қазіргі заманғы білім берудегі метапәндік мәселесіне арналған. Заманауи шарттар әрбір адамнан өз бетінше шешім қабылдауын, қоғамда өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруын түсінуді талап етеді. Сондықтан студент, білім алушы, педагогтарда өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі таныстыру технологияларын меңгеріп, сын тұрғысынан ойлауды дамыту қажеттілігі туындайды. Оқу үдерісін оңтайландырып, оның тиімділігін арттыру үшін заманауи мектеп пен жоғары оқу орындарына оқытудың түрлі технологиялары мен әдіс-тәсілдерін белсенді түрде ендіру қажеттілігі туып тұр. Бүгінде метабілімдер мен метаәдістерді қалыптастыру оқытудың басты міндеті болып отыр. Осы міндетті жүзеге асыру үшін болашақ информатика мұғалімдерін дайындауда метапәндік оқытуды пайдалану білім алушыларға ғылыми және практикалық білімдерін қалыптастыруға, жастарға қатысты міндеттер мен сұрақтарды қоса отырып, оқу курстарын қайта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** метапән, метапәндік оқыту, метапәндік әдістер, информатика, қоғамды ақпараттандыру, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі таныстыру.

*Аннотация*

Н.Т. Ошанова <sup>1</sup>, А.К. Буканова <sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.п.н, старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая  
г. Алматы, Казахстан,

<sup>2</sup> докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## ПРИЕМУЩЕСТВА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МЕТАПРЕДМЕТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНФОРМАТИКИ

Статья посвящена вопросу метапредметности в современном образовании. Современные условия требуют от каждого человека принятия самостоятельных решений, понимание способов реализации своих возможностей в обществе. Поэтому студент, учащийся, педагог должен обладать технологиями самоорганизации и самопрезентации, возникает необходимость развития критического мышления. Для того, чтобы оптимизировать учебный процесс, повысить его эффективность, современная школа и вуз поставлены перед необходимостью активного внедрения различных подходов и технологий. В настоящее время формирование метазнаний и метаспособов становится центральной задачей обучения. Использование метапредметного подхода в подготовке будущих учителей информатики позволяет учащимся формировать научные и практические знания, переорганизовывать учебные курсы, включая в них современные вопросы, задачи и проблемы, в том числе значимые для молодежи.

**Ключевые слова:** метапредмет, метапредметное обучение, метапредметные методы, информатика, информатизация общества, самоорганизация, самопрезентация.

*Abstract*

**ADVANTAGES OF USING META-SUBJECT TRAINING IN PREPARING  
FUTURE INFORMATICS TEACHERS**

*N.T. Oshanova<sup>1</sup>, A.K. Bukanova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Cand. Sci. (Pedagogical), Senior Lecturer, Abai University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *PhD student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

The article covers the problem of meta-subject links in modern education. Contemporary circumstances require each individual to take autonomous decisions, to understand ways of developing his/her potential in the society. Therefore, each student and each teacher should master technology of self-organization and self-presentation. As a result, there is a need to develop one's critical thinking. In order to optimize the learning process, to increase its effectiveness, modern schools and higher education institutions face the vigorous implementation of different approaches and technologies. Nowadays, developing meta-knowledge and meta-methods is becoming the central objective of teaching and learning. The use of a meta-subject approach in the training of future computer science teachers allows students to form scientific and practical knowledge, reorganize training courses, including current issues, tasks and problems, including those relevant to young people.

**Keywords:** metasubject, metasubject learning, metasubjective methods, informatics, informatization of society, self-organization, self-presentation

Бүгінгі заман ғалымдарының ойынша әлеуметтік қоғам білім беру саласына үнемі әсер етеді. ХХІ ғасырда әлеуметтік-мәдени және ғылыми-техникалық факторлардың ауқымды өзгерістері байқалады. Барлық адамзат үшін ақпаратты қолжетімді ететін қоғамның ауқымды ақпараттануы ерекше қызығушылық тудырады: кейде бірдей ақпарат түрлі елдерде бір мезетте жылдам тарайды. Сондықтан, заманауи студент, болашақ педагогтар ақпаратқа еркін қолжеткізу үшін оны іздеу, сақтау, оқу мен кәсіби іс-әрекеттерінде шығармашылық тұрғыдан қолдана алуы керек.

Қоғамның жоғары педагогикалық білімді мамандарға қоятын талаптары қазіргі таңда күрделене түсуде. Жаңа қоғам педагогі – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, жан-жақты білімді, кәсіби құзыретті, өз теориялық білімін практикада әр түрлі педагогикалық технологиялармен жүзеге асыра алатын өз кәсібінің шебері бола білуі қажет.

Болашақ информатика мұғалімдеріне қойылатын қазіргі заманғы талап тек таңдап алған мамандығы бойынша білімі бар мамандарды ғана емес, сондай-ақ еңбекті автоматтандыру үшін заманауи ақпараттық технологияларды қолдануға қабілетті мамандарды талап етеді. Оқу үдерісін ұйымдастыруда заманауи білім беру технологияларын қолдану қазіргі оқыту әдістерінің ерекше белгісі болып табылады. Педагогикалық ғылымның жаңа бағытта өрбуі, білім беру жүйесінде жоғары дәрежелі, жан-жақты сапалы біліммен қамтамасыз ету арқылы ұлттық, мемлекеттік саяси, экономикалық және ел мүддесі тұрғысынан туындаған мәселелерді шеше алатын жоғары дәрежелі мамандарды даярлауды талап етеді.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың жетістіктерін, заманауи білім беру технологияларын кәсіби маман даярлау үдерісінде пайдалану маңызды екендігі, ал оның болашақ мұғалімдеріне білім беру әлі де жеткіліксіз екендігін байқаймыз.

Соңғы жылдары білім беру жүйесі барлық пәндерді өзара байланыстыра, сабақтастыра отырып оқыту арқылы білім беруде. Негізінде байланыстырудың екі түрін атап айтуға болады: бірінші – пәндік, белгілі бір пәннің ішіндегі тақырыптарды байланыстыру; екінші – пәнаралық, әртүрлі пәндер арасындағы тақырыптарды байланыстыру. Бүгінде білім беру жүйесінде метапәндік оқыту - оқу-тәрбиелік жұмысты жақсартудың және оқыту үдерісінің тиімділігін жоғарылатудың басты құралы болып отыр.

«Метапән», «метапәндік» терминдері заманауи білім беруде жаңа білім беру стандарттарына бағытталып айтылған. Ғылыми мектептер бұл түсініктерді әртүрлі қолданады.

Метапәндер мен метапәндік әрекет сұрақтарымен А.В.Хуторскийдың ғылыми мектебі 1980-жылдары айналысқан. Мысалы, автордың «Заманауи дидактикасы» атты еңбегінде «Білім берудің метапәндік мазмұны» деп аталатын параграф бар, онда оқу метапәндері мен метапәндік тақырыптардың ерекшеліктері толық түсіндіріледі [1].

Бүгінде бұл сұрақпен философия ғылымдарының кандидаты, Мәскеу қаласы Білім беру департаментінің жалпы білім беруді дамытудың инновациялық стратегиясы Институтының директоры Громыко Нина Вячеславовна, психология ғылымдарының кандидаты, Мәскеу қаласы Білім беру департаментінің жалпы білім беруді дамытудың инновациялық стратегиясы Институты директорының орынбасары Половкова Марина Вадимовна және Шифферс атындағы озық зерттеулер Институтының

Директоры, академик Громыко Юрий Вячеславович бастаған бір топ әдіскерлер айналысуда. Білім беруде метапәндік әдістер мен сәйкес метапәндік білім беру технологияларын жасау мақсатын оқу пәндерінің салдары ретінде бір-біріне ұқсамайтын ғылыми пәндерді бөлектеу, айыру, ажырату мәселелерін шешу деп біледі.

Метапәндер – дәстүрлі цикл пәндерінен басқа пәндер, бұл жаңа білім беру формасы, олар дәстүрлі пәндерден жоғары құрылып, негізі ретінде оқу материалын кіріктірудің ойлау-іс-әрекеттік типі мен ойлаудың негізгі ұйымдастырылуына рефлексивті қатынас қағидатын қарастырады.

Мәскеу қаласының білім беру департаментінің білім беруді дамытудың инновациялық стратегиялардың ҒЗИ бүгінгі таңда «Білім», «Шарт белгі», «Мәселе», «Есеп» сияқты метапәндерді жасап, Ресейдің кейбір аумақтарында сынақтан өтіп жатыр.

Мысалы, «Білім» деп аталатын метапән шеңберінде қабілеттердің өз тобы қалыптасады. Олардың құрамына *түсініктермен жұмыс істеу, жүйелілік қабілеті* секілді қабілеттерді (яғни, білімдер жүйесімен жұмыс істеу қабілеті), *ойластыру қабілеті* (ойлар құра білу қабілеті, ойластыру (идеализация) – түсінік негізінде жатқан құрылым) және тағы басқалар. Бұлардан басқа, жаңа білімнің туындауын қамтамасыз ететін арнайы техникалар бар және осы метапән шеңберінде балалар оларды меңгереді. Олардың бірі – «білмеуді білетін» техника. Бұл техниканы меңгеру арқылы оқушылар өздері білетін аумақтың білмейтін жақтарын ажыратуды үйренеді. Сен өзіңнің нақты нені білмейтінді анықтап, іздеудің келесі кезеңінде қай жерде жүзеге асыру керектігін білу – Философ Николай Кузанский өз уақытында көрсеткендей, жұмыстың жарты бөлігін орындап қоюмен тең. Мұның себебі таным үдерісін басқаруға болатындығында. Аталған техниканы меңгеру таным, қиял, рефлексия секілді әмбебап қабілеттердің дамуына үлес қосады [2].

Келесі «Шарт белгі» метапәнінің шеңберінде мектеп оқушыларында *сызбалылық* қабілеті қалыптасады. Олар сызба арқылы не түсінгендерін, не айтқысы келетіндіктерін, нені ойластырып жатқандарын көрсете білуге үйренеді. Ойлану сызба түрінде жүзеге асырылады. Алайда бір нысанның сызбасын құру оңай емес. Барлық графикалық бейнелер немесе суреттер сызба болып табылмайды. Бұл жұмыс оқушыларға дәстүрлі пәндер шеңберінде графикалық бейнелерді танымды түрде қолдануына мүмкіндік береді (мысалы, химия пәнінде – химиялық қосылыстардың формуласы, химиялық реакцияларды жазу; тарих пәнінде – мәліметтер келтірілген түрлі кестелер; геометрия пәнінде – фигура сызбалары мен фигуралардың өздері; физика пәнінде – қарастырып жатқан үдерістердің формулалары мен сызбалары және т.б.). Осы түрлі графикалық бейнелермен онда көрсетілген нақты мазмұнды ойша көре алуды үйренеді. Сондықтан оқу материалының ауқымды көлемін оқып үйрену мәселесі шешіледі [3].

«Мәселе» метапәнін меңгеру арқылы оқушылар бүгінге дейін шешімі табылмаған, ашық сипаттағы сұрақтарды талқылап үйренетін болады. Осындай мәселелерді шешу барысында білім алушылар өз өмірлеріне қажетті философиялық-әдістемелік даму импульсін алады. «Мәселе» метапәнінде білім алушылар түрлі мәселелермен жұмыс істеуге қажетті сәйкес білімді алады: олар позициялық талдау техникасын, көппозициялық диалог жүргізуді ұйымдастыру білігін меңгеріп, оларда мәселе шешу, мақсатқа жету, өзін-өзі анықтау қабілеттері дамиды [4].

«Есеп» метапәнінде білім алушылар түрлі есептер мен оларды шешу әдістері туралы білім алады. Есеп метапәнін меңгергенде мектеп оқушыларында есеп шарттарын түсіну мен жүйелеу, есеп нысанын модельдеу, шешу әдістерін құрастырып, мақсатқа жетудің әрекеттік жолдарын қалыптастырады. Білім алушылардың философиялық-әдістемелік тұрғыдан ойлануы бұл метапән шеңберінде есепті қою үдерісімен, оларды шешу құралдарын іздеу мен рефлексиямен, мәселені есепке айналдыру техникасын меңгерумен байланысты.

Ресейде метапәндер 7-11 сынып оқушылары үшін эксперимент топтарда оқытылады. Олар өздерінің әлеуметтену мүмкіндіктерінен ешқандай шектелмеген. Метапәндер бойынша оқытудың мақсаты – дәстүрлі оқу пәндерінің материлын жақсы меңгеруге көмектесу. Алайда егер әдеттегі оқу пәндерінде тек қана өткен оқу материалын білу ғана бағаланатын болса, метапәндерде – ойлану, ерікті түрде топта немесе жеке әрекет ету, оқушылардың мұғалімдермен тең дәрежеде жауапты болу амалдары бағаланады. Білім беру практикасында бастауыш және орта сынып оқушыларына пәндік оқытуға кіріктірілген метапәндік технологиялар қолданылады, олар оқу пәндері мен педагогикалық стильді өзгертеді. Дәстүрлі оқу пәндерін оқытуда метапәндік технологияларды қолдану оқушыларға ғылыми және практикалық білімдерді қалыптастыруға, жастарға қатысты міндеттер мен сұрақтарды қоса отырып, оқу курстарын қайта ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Метапәндердің әмбебаптылығы білім алушыларға жалпы әдістер, техникалар, сызбалар, ойлау жұмысының үлгілерін үйрету, сонымен қатар, кез келген пәндік материалмен жұмыс істеу кезінде қолданылады. Метапәндік оқыту білім алушыларға үлкен көлемдегі оқу пәндерін жалпыланған әдістер, тәсілдер, амалдар негізінде үйрену барысында ақпаратты өңдеу мен ұсыну жолдарын үйрету, сонымен қатар білім алушылар мен оқытушылардың әрекетін ұйымдастыру формаларын меңгертуді білдіреді. Оқушылардың нақты пәндік білімдері мен жеке пәндер шеңберіндегі дағдыларынан басқа, оқи білу білігі, жаңа әлеуметтік тәжірибені танымды және белсенді меңгеру арқылы тұлға ретінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіру қабілетін де кілттік күзіреттілік ретінде санауға болады. Әрбір адамның өмірлік әрекетінің әмбебап әдісі ретінде метаәрекет метабілімдер мен метақабілеттерді меңгеру деңгейімен, яғни тұлғаның даму деңгейімен анықталады. Метабілімдер – білімнің қалай құрылғанын білу туралы білім; білім алу туралы білу, яғни таным тәсілдері мен әдістері (когнитивті білімдер) және олармен жұмыс істеу мүмкіндіктері (философия, әдістеме, көпбағытты метағылым). Метабілім түсінігі білімді қолдану әдістеріне және білім қасиеттерін білуге қатысты білім. Метабілім әлемнің толық бейнесі секілді, негізі білушіден ойланушыға айналатын адам дамуында жатыр. Метабілімдер мысалына төмендегілер жатады:

- Білімдер диаграммасы (білім элементтерін ұйымдастыру мен олардың арасындағы қатынасты көрсетеді);
- Білім картасы (білім элементтердің түрлі ұйымдастыру нысандары арасында бөлу).
- Білімдер қоры, олардың құрылымы туралы көрініс.

Метабілімдер пәннің философиясы мен жалпы философиядан тұрады. Пәннің философиясы пәннің түсінігі, ой негізін ғылымның бір бөлігі ретінде қарастырады. Физиканың философиясы мысалы, онтологиялық және физикалық проекцияның сәйкес келмеу мәселесін талдайды: уақыт физикасын тұрақты үдеріс ағыны ретінде, ал уақыттың онтологиялық түсінігін фазалардың ауысындағы: өткен, қазіргі және болашақ уақыт ағыны ретінде түсіндіріледі. Физика философиясына тек қана физика әлемінде туындайтын себеп мәселелері жатады. Соңғысымен – корреляция мәселесі байланысты.

Метаәдістер – есептерді шешудің жаңа әдістерін ашуға адамдарға көмектесетін әдістер, стереотипсіз жоспарлар мен программалар құрады, есептерді шешудің мазмұндық әдістерін іздеуге мүмкіндік береді.

Метабіліктер – меншіктелген метаәдістер, жалпы оқу, пәнаралық танымдық біліктер мен дағдылар. Мұнда кіретіндер:

- теориялық ойлау (жалпылау, жүйелеу, түсініктерді анықтау, топтау, дәлелдеу және т.б.);
- ақпаратты өңдеу дағдылары (талдау, жинақтау, интерпретация, экстраполяция, бағалау, дәлелдеу, ақпаратты түрлендіре білу білігі);
- сыни ойлау (дәлелдерді ойдан ажырата алу, өтініштің дәлелге сәйкестігін, ақпарат көзінің дұрыстығын анықтай білу, шешімнің, айтылмаған ойдың, алдын-алудың, логикалық сәйкессіздіктің екі түрлі мәнін көре білу білігі);
- шығармашылық ойлау (тасымал, жаңа қызметті көру, стандартты жағдай мәселелерін көру, нысанның құрылымын көру, ұқсас шешімдер, белгілі әрекет әдістерін жаңаларымен біріктіру);
- ойлау сапасы (иллүзистік, антиконформизм, диалектикалық, кең тасымалдау қабілеті және т.б.).

Сондықтан бүгінгі таңда метабіліктерді қалыптастыру кез келген оқу түрінің орталық мәселесі болуда, басты мақсат - толыққанды, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру. Білім беру нәтижесіне бағытталу – бұл білім беру стандартының маңызды құраушысы. Осы ерекшелікпен білім беру үдерісінде стандарттарды қолдану мазмұны мен әдістері, құрылымы өзгерді. Осылайша, әмбебап оқу әрекеттері – оқытудың метапәндік нәтижелері болып табылады. Метапәндік нәтижелер әрқашан педагогтардың жұмысында маңызды орын алды, алайда отандық педагогика тарихында олар педагогикалық әрекеттің жеке бағыты ретінде бөлінді. Метапәндік – білім беру мазмұнын кіріктіру қағидасы ретінде, яғни теориялық ойлау мен әрекеттердің әмбебап әдістерін қалыптастыру әдісі ретінде бала танымындағы әлем көрінісін толық қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Метапәндік нәтижелерді қалыптастыру негізінде «оқи алу білігі» жатыр, мұнда бұл оқу әрекетінің барлық құраушыларын толық меңгертуді ұсынады (танымдық және оқу жігерлері; оқу мақсаты; оқу міндеті; оқу әрекеті мен амалдар) және білім алушының пәндік білім, біліктерін меңгеру тиімділігін арттыру факторы мен құзыреттіліктерді, әлем көрінісі мен тұлғалық таңдаудың құндылық-мағыналық негіздерін қалыптастырады. Қорыта келгенде, метапәндік оқыту – стандарттық білім мазмұнымен ғана шектелмей, әр пән сабақтарының ғылыми мазмұнын жүйелеп, талдап, зерттеу жүргізіп, өзіндік ой тұжырым жасауына және өзіндік іс-әрекетінің қалыптасуына, шығармашыл дамуына негіз болатын

инновациялық әдістің бірі болып табылады. Информатика мұғалімдерінің метапәндік оқытуды пайдалануы – әртүрлі пәндердегі ортақ тақырыптарды жақындастырудың, оқушылар мәдениетінің қалыптасуының, таным қабілеттерінің дамуының негізі болады және олардың сыни ойлауы мен талдау қабілетін, дүниетанымын дамытады. Ал, бұл өз кезегінде метапәндік оқытуды пайдаланудың маңызы зор екенін білдіреді.

1 Бордовской Н.В. *Современные образовательные технологии: учебное пособие* / Н.В. Бордовской – М: КНОРУС, 2013. -432 с.;

2 Громыко Н. В. *Метапредмет «Знание»: учебное пособие для учащихся старших классов* / Н. В. Громыко – М: Пушкинский институт, 2001. -12с.;

3 Громыко Ю. В. *Метапредмет «Знак». Схематизация и построение знаков. Понимание символов: учебное пособие для учащихся старших классов* / Ю. В. Громыко – М: Пушкинский институт, 2001. -37 с.;

4 Громыко Ю. В. *Метапредмет «Проблема»: учебное пособие для учащихся старших классов классов* / Ю. В. Громыко – М: Пайдеия, 1998. - 5 с.;

УДК 373.5.016.026.6.042:004(574)  
МРНТИ 14.25.19

А.Е. Сагымбаева<sup>1</sup>, Б.Ж. Мекен<sup>2</sup>

<sup>1</sup>п.э.д., профессор, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup> магистрант, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ИНФОРМАТИКАДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ТӘУЕЛДІЛІГІ

*Аңдатпа*

Мақалада информатикадан оқушылардың өзін-өзі бағалау және рефлексиялық іс-әрекеттерінің өзара тәуелділігі мәселесі қарастырылады. Оқушының өзін-өзі бағалауы оның өзінің мүмкіндіктеріне, сапасына және басқа адамдардың ортасындағы орынына берген өзінің өзіне берген жеке бағасы. Өзін-өзі бағалау рефлексияның дамуына, сыни ойлауға, өзіне талап қоя білуіне тікелей тәуелді болады. Жеке тұлғаның белсенділігі, оның өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылуы, оның ұжымның жұмысына ат салысуы өзін-өзі бағалаудың деңгейіне байланысты. Оқу үрдісінде рефлексиялық талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру арқылы кері байланысты қамтамасыз етеді. Рефлексия – өзекті, себебі оқушының интеллектуалдық қабілеттерінің қалыптасуына, ақыл-ойы арқылы іс-әрекетінің, білік-дағдысының дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, мақалада оқушылардың информатика пәнінен өзін өзі бағалауын қалыптастырудың кезеңдері келтірілген.

**Түйін сөздер:** информатика, өзін-өзі бағалау, рефлексия, оқушы, интеллектуалдық қабілет, іс-әрекет

*Аннотация*

А.Е. Сагымбаева<sup>1</sup>, Б.Ж. Мекен<sup>2</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> магистрант, Казахский национальный женский педагогический университет,  
г. Алматы, Казахстан

## ВЗАИМОСВЯЗЬ САМООЦЕНКИ И РЕФЛЕКСИВНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПО ИНФОРМАТИКЕ

В статье рассматриваются проблемы взаимосвязи самооценки и рефлексивной деятельности учащихся по информатике. Самооценка учащегося это его возможности, качества и оценка себя и своего места в ближайшем окружении. Самооценка зависит от развития рефлексии, критического мышления и от требований, предъявленных к себе. Активность личности, ее стремление к самовоспитанию, участие в коллективной работе зависит от уровня самооценки. Рефлексивный анализ обеспечивает обратную связь самооценки и организации самоконтроля в процессе обучения. Рефлексия – актуальна, так как влияет на формирование интеллектуальной способности, развитие деятельности, умения и навыки через мышление. В статье также приведены этапы формирования самооценки учащегося по информатике.

**Ключевые слова:** информатика, самооценка, рефлексия, учащийся, интеллектуальная способность, деятельность.

Abstract

RELATIONSHIP OF SELF-ASSESSMENT AND REFLECTIVE ACTIVITY OF PUPILS ON INFORMATICS

<sup>1</sup>Sagimbaeva A.E., <sup>2</sup>Meken B.Zh.

<sup>1</sup>Dr.Sci. (Pedagogical), Professor, Abai University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Student of Master Programme, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article deals with the problems of the relationship between self-esteem and students' reflective activity in computer science. A student's self-esteem is his ability, quality, and assessment of himself and his place in the immediate environment. Self-esteem depends on the development of reflection, critical thinking and on the demands made to yourself. The activity of the individual, his desire for self-education, participation in collective work depends on the level of self-esteem. Reflexive analysis provides feedback self-assessment and organization of self-control in the learning process. Reflexion is relevant, as it affects the formation of intellectual ability, development of activity, skills and abilities through thinking. The article also presents the stages of the formation of a student's self-assessment in computer science.

**Keywords:** computer science, self-assessment, reflection, student, intellectual ability, activity.

Білімді бағалаудың мәні оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің құрылымындағы негізгі компоненттері: оқушының оқу-танымдық есептерді түсінуі және қабылдауы; оны шешудің жоспарын құра білуі; есептің практикалық шешілуі; есепті шешу үдерісін бақылай білуі; нәтиженің қойылған критерийге сәйкестігін бағалау; алынған білім, біліктілік, дағдыларын болашақта жетілдіру мәселесін қоя білу деп түсінуге болады. Осы компоненттердің кез келгенін алып тастау оқу іс-әрекетінің толықтығына нұқсан келтіреді. Бағалау – бұл іс-әрекет барысының немесе оның нәтижесінің алдын ала белгіленген критериймен сәйкес келу үдерісі болып табылады. Ол оқушының білім деңгейін және оның алға жылжуының сапасын, болашақта алға жылжуын анықтау және шешім қабылдау үшін орнатылады.

Осындай бағалау оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін ынталандыруға, оның өз біліміне деген сенімін арттыруға, сонымен қатар оның оқуда табысқа жетуіне ынталандыру болып табылады. Бағалаудың екі түрі бар - *сыртқы* (оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін мұғалімнің немесе сыныптастарының бағалауы) және *ішкі*, немесе *рефлекторлық* (оқушының өзінің оқу-танымдық іс-әрекеттерінің барысы мен оның нәтижесін өзі бағалауы) [1, 162-163-б.].

В. Джемстің айтуы бойынша, өзін-өзі бағалаудың екі түрі болуы мүмкін: өзіне қанағаттанған және қанағаттанбаған. Бұл сезімнің екі қарама-қарсы класы тікелей біздің табиғатымыздың алғашқы сыйлықтары болып табылады [2]. Өзін-өзі бағалау – өзіне баға қоюмен емес, бағалау процедурасымен (өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін өзінің бағалауы) байланысқан. Өзін-өзі бағалаудың негізгі мәні – оқушының өзін-өзі бақылауы, өзін-өзі реттеуі, өзінің іс-әрекетіне өзінің сараптама жасауы, өзін-өзі ынталандыруы.

Өзін-өзі бағалаудың негізгі қызметтері:

- өзін-өзі басқару негізінде - анықтаушы (оқытылғаннан мен нені жақсы білемін, нені нашар білемін);
- жұмылдыру-ынталандыру (мен өз жұмысымда көп нәрсе істей алдым, бірақ кейбір мәселені аяғына дейін түсінбедім);
- жобалау (әрі қарай жұмыс істеуде қиындықтар болмауы үшін, мен міндетті түрде оны қайталауым керек).

Оқушы өзін басқа адамдардың (ата-аналар, мұғалімдер, сосын құрдастар) бағалау пікірлерінен көп ақпарат алады. Үлгерімінің нашарлығы, оқуға деген қызығушылығының төмендеуі, оқуға деген ынтасының төмен болуы, жағымсыз мінез-құлығының нашарлауына осы пікірлердің тигізетін үлесі көп деп айтуға болады. Сондықтан да, бала кезінен бастап оқушыларды өзіне өзі дұрыс бағалай білуге үйрету қажет.

Бұл мәселенің кейбір қырлары осы кезде декларативті деңгейде ғана қалып, онша іске асырылмай жатыр. Бұл бәрінен бұрын өзі жайлы түсінікті қалыптастыруға (мен кіммін, менің қандай қабілетім бар, менде не дұрыс болмай қалады, мен неге қызығамын және т.б.) байланысты.

А.Л.Венгер, Г.А.Цукерманның психологиялық-педагогикалық зерттеулері көрсеткендей бүгінгі күні өз-өздеріне төмен баға қоятын оқушылардың саны артуда. Бұл оқушылардың өз-өзіне деген сенімінің жоғалуы, өзінің білімінің күшіне сенбеуі, сонымен қатар өзін-өзі бағалау мен бақылауға толық дайын еместігін білдіреді [3, 152-161 б.].

Оқушының мұғалімнің қойған бағасын түсінуі өзін-өзі бағалаудың жеткілікті жоғары деңгейін талап етеді, бірақ бұл бірден болмайды. Тек объективті бағалаудың әсерінен оқушылардың өзін-өзі

бағалауы, олардың өзінің табысына деген сыни көзқарасы пайда болады. Осылайша, талаптар деңгейін көтеру, қалыптастыру туралы айта отырып, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бағалау, бақылау және бағалау дағдыларын қалыптастыру керек.

Оқушының өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі бағалауды мұғалімнің бақылауымен үйлесуі оқушының бақылау барысында қиналу себебін анықтауға және оның негізінде кемшіліктерді жоюға ықпал етеді. Осылайша оқыту дағдысын дамыту: оларды талдау іс-шаралар, жаттығуларды бақылау және өзін-өзі бақылау, жылдамдық және т.б. өзін-өзі бағалау «Мен-тұжырымдамасын» дамытуға мүмкіндік береді.

Іс-әрекеттік әдісті іске асыру сананы субъектінің маңызды қабілетінің сапасы ретінде, оның негізгі механизмі сана мен белсенділік рефлексиясы екендігін анықтады. Сана қызметінің түрі өз іс-әрекеттерін және заңдарын түсінуге бағытталған, өзін-өзі тану рефлексия түрінде болады.

Рефлексияны зерттеудің теориялық алғышарттарын ХХ ғасырдың 30-40 жылдары С.Л. Рубинштейн жасаған. Рефлексия (латын тілінен «бейнелеу») - бейнелеу қабілеті, өзін-өзі бақылау; өзін-өзі талдау, түсіну, алғышарттарды бағалау, өз қызметінің нәтижесі, ішкі өмірді талдау біліктілігі [4, б. 46] болып табылады.

В.И. Слободчиков *салыстырмалық рефлексияның* ерекшелігі - адам өзінің элеуметтік құндылықтары мен нормаларына сүйене отырып, өзін басқалармен салыстыруы және *анықтаушы рефлексия* – өзінің мүмкіндіктерінің шекараларын белгілеу қабілеті, білу, мен нені білемін (неістей аламын) және нені білмеймін (істей алмаймын) [5] деген тұжырым жасайды деп атап көрсетті.

Қазіргі педагогикалық ғылымның пайымдауынша, егер адам рефлексия жасамаса, онда ол білім беру үдерісінің субъектісі ролін орындай алмайды. Сондықтан да, мектепте оқушыларды рефлексия жасай білуге үйрету маңызды.

Мұғалім оқушылармен қарым-қатынас жасағанда, жағдайларға сәйкес адам мәнінің төрт аумағын бейнелейтін оқу рефлексиясының бірін пайдаланады:

- 1) физикалық (үлгерді - үлгермеді);
- 2) сенсорлық (көңіл-күй: ыңғайлы - ыңғайсыз);
- 3) зияткерлік (мен не түсінбеймін, соны түсіндім - қандай қиындықтарға тап болғанымды түсіндім);
- 4) рухани (жақсы - жаман болды, өзі құрды немесе басқаларды құртты).

Егер физикалық, сенсорлық және зияткерлік рефлексия жеке және топтық сияқты болуы мүмкін болса, онда рухани рефлексияны жазбаша, жеке және нәтижелерді жарияламай ғана жүзеге асырылуы тиіс.

Рефлексия - бұл өз іс-әрекетін түсінудің сезімтал-алаңдаушылық үдерісі. Рефлексияның мақсаты: іс-әрекеттің мәні, түрлері, әдістері, мәселелері, оларды шешу жолдары, алынған нәтижелер және т.б. болып табылатын негізгі компоненттерін есте сақтау, анықтау және іске асыру.

А.В. Хуторской рефлексиялық іс-әрекеттің оқушының өзінің жеке тұлға екендігін түсінуіне көмектесетінін айтады. Рефлексияның құралдарына өзін өзі бақылау, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі түзету, өзін-өзі есеп беру, болашақты жоспарлау, оларды бағалау, басқалармен танысу және оқыту құралы ретінде өзін-өзі тану, сондай-ақ тәжірибе мен эмпатияны ұйымдастыру, кастингтік іс-шаралар, өзіңізді қоса алғанда, сұрақтар қою, оларға жауаптар жатады.

Сабакта жүйелі рефлексияны іске асырудың алгоритмі.

«Мен» - оқу үрдісінде өзімді қалай сезіндім, маған ыңғайлы болды ма, қандай көңіл-күймен жұмыс істедім, өзіме қанағаттандым ба;

«Біз» - кішкене топта жұмыс істегенім қаншалықты ыңғайлы болды, мен жолдастарыма көмектестім, ал жолдастарым маған көмектесті, мен топпен байланыс орнатуда қандай қиындықтар болды;

«Іс» - мен оқытудың мақсатына қол жеткіздім, маған осы оқу материалын әрі қарай зерделеуді қажет етеді (практика үшін ғана қызықты), мен қай жерде қиналдым, мен проблемамды қалай жеңе аламын?

Жүйелі рефлексия оқушылардың өздерін белсенді іс-әрекетке қосуға мүмкіндік береді, оқушылар педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі болып табылады [6].

Рефлексия – көп қырлы, кіріккен әрекет. Алдағы жұмыстарда ондай кемшілікті жібермеуге тырысамыз. Рефлексияның тиімділігін атап көрсетер болсақ, *оқушы үшін:* оқушыны өз – өзіне есеп беруге баулиды; оқушының қажеттілігін біле аламыз; оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады; білім беру барысының сапасын жақсартуға болады; нәтижесінде сыни көзқарас қалыптасады; өз-өзіне баға бере алады; білім алуға деген қызығушылық жоғарылайды.

*Ал, мұғалім үшін:* ақпаратпен күнделікті жұмыс; шығармашылыққа деген ынта-жігері; әрбір оқушының пікіріне құлақ тұру; пәндік білім сапасының артуы; өзіндік сынның қалыптасуы; сыни ойлауға жетелеу.

Сонымен, рефлексия - бұл адамның өзінің жағдайын, іс-әрекеттері мен өткен оқиғаларын өздігінен түсінуіне және өзін-өзі түсінуіне бағытталған ойлау принципі. Оқушылардың жасында рефлексия өзінің іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін көрсетуде пайда болады. Оқу іс-әрекетінің рефлексиясы бақылау мен бағалаудан тұрады. Бақылау мен бағалау оқушылардың өзін-өзі бағалау біліктіліктерін дамыту, өзінің іс-әрекетіне сыни түрде қарау, өзінің жіберген қателерін және оны жоюдың жолдарын таба білу, өзінің «білетін-білмейтіндерінің» шекарасын анықтай білуі сияқты әлеуметтік мәселені қоя білуі керек. Рефлексивтік біліктіліктерді меңгеру негізінде рефлексиялық іс-әрекетке деген қабілеті қалыптасады. Рефлексиялық қабілеті туа біткеннен пайда болмайды, ол оқу іс-әрекеті барысында қалыптасады. Мұғалім оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша оқушылармен бірге жасалатын оқу іс-әрекетіне қажетті оқу материалдарын және оқу ортасын дайындайды. Оқу іс-әрекетінің негізінде оқушыларда теориялық таным және ойлау туады да, оларда рефлексия сияқты талдау, іс-әрекетті ойша жоспарлау қабілеті дамиды. Оқушының жеке тұлғасының дамуына оның өзін-өзі тануын, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылауын қалыптастыру жатады.

Өзін-өзі бағалау – өзінің мүмкіндіктеріне, сапасына және басқа адамдардың ортасындағы орынына берген өзінің өзіне берген жеке бағасы. Ол өзін-өзі танудың ажырамас бөлігі болып табылады. Өзін-өзі бағалау рефлексияның дамуына, сыни ойлауға, өзіне талап қоя білуіне тікелей тәуелді болады. Практика көрсеткендей, жеке тұлғаның белсенділігі, оның өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылуы, оның ұжымның жұмысына ат салысуы өзін-өзі бағалаудың деңгейіне байланысты болады.

Оқу үрдісінде рефлексия талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру арқылы кері байланысты қамтамасыз етеді. Рефлексия – өзекті, себебі оқушының интеллектуалдық қабілеттерінің қалыптасуына, ақыл-ойы арқылы іс-әрекетінің, білік-дағдысының дамуына әсер етеді. Оқушының қорытынды шығара білу қабілеті тікелей рефлексиямен байланысты, кейде әртүрлі нұсқалар ойлаған шешімдермен сәйкес келіп жатады. Информатикада белгілі бір есеп үшін құрылған алгоритмнің соңғы кезеңдері – тестілеу, нәтижеге пікір білдіру (комментарий) және интерпретация. Бұл жерде рефлексияға келеді, себебі алгоритмнің мән-мағыналық фрагменттерін анықтау, тестілеу, алынған нәтиженің нақтылығына баға беру, табылған шешімді басқа міндеттерді шешуде қолдану жағдайлары қарастырылады. Алгоритмге қойылатын пікірлер келесідей міндеттерді шешеді: бағдарламаны әзірлеуде кері байланыс орнату, орындалатын әрекеттердің дұрыстылығына көз жеткізу, оқушылар арасында диалог жүргізу. Сонымен қатар, оқушыға жіберілген қателерді өз бетімен тез табуға, тиімді шешім қабылдауға, өзін-өзі бақылауға көмектеседі. Оқу үрдісінде рефлексия талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру арқылы кері байланысты қамтамасыз етеді. Рефлексия – өзекті, себебі оқушының интеллектуалдық қабілеттерінің қалыптасуына, ақыл-ойы арқылы іс-әрекетінің, білік-дағдысының дамуына әсер етеді. Оқушының қорытынды шығара білу қабілеті тікелей рефлексиямен байланысты, кейде әртүрлі нұсқалар ойлаған шешімдермен сәйкес келіп жатады. Информатикада белгілі бір есеп үшін құрылған алгоритмнің соңғы кезеңдері – тестілеу, нәтижеге пікір білдіру (комментарий) және интерпретация. Бұл жерде рефлексияға келеді, себебі алгоритмнің мән-мағыналық фрагменттерін анықтау, тестілеу, алынған нәтиженің нақтылығына баға беру, табылған шешімді басқа міндеттерді шешуде қолдану жағдайлары қарастырылады. Алгоритмге қойылатын пікірлер келесідей міндеттерді шешеді: бағдарламаны әзірлеуде кері байланыс орнату, орындалатын әрекеттердің дұрыстылығына көз жеткізу, оқушылар арасында диалог жүргізу. Сонымен қатар, оқушыға жіберілген қателерді өз бетімен тез табуға, тиімді шешім қабылдауға, өзін-өзі бақылауға көмектеседі.

Оқушылардың информатика пәнінен өзін өзі бағалауын қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Оқушы мұғалімнің бақылауын түсінуі және оны қабылдауды үйренуі керек. Ол үшін мұғалім оқушыларға кез келген оқыту екі үдерістен, атап айтқанда оқушыға оқу материалын беру мен осы материалды оқушының қаншалықты меңгергенін анықтаудан тұратынын көрсетуі керек. Оқушыларды білім, біліктілік және дағдыны бағалаудың нормалары мен критерийлерімен таныстыруы қажет. Мұғалім оқушыларды оқу материалының қандай көлемі өтілгеннен кейін бақылау өтетінін және бұл бақылауды өткізудің мақсаты неекенін, бағалаудың критерийін негізгеалаотырып, бағаның қалай қойылғанын хабардар етуі қажет.



2. Оқушы өзінің жолдастарының оқу іс-әрекеттерін бақылай және талдай білуді үйренуі қажет. Өзара бағалау өзін-өзі бағалауды қалыптастырудың негізі болып табылады, себебі өзінің жіберген қатесіне қарағанда жолдасының жіберген қатесін оңай тауып алуға болады, ал меңгерілген бақылау біліктілігін оқушы өзінің іс-әрекетіне ауыстырады (өзін өзі бағалайды).

3. Оқушы өзінің оқу іс-әрекетін бақылауды үйренуі қажет, атап айтқанда өзіндік талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі түзету. Оқушының өзіндік талдау және өзін-өзі бағалау қабілетінен оның оқудағы табысы, өзінің іс-әрекетіне талап қоя білуі және мұғалім тарапынан қойылған бағаға оның қатты ренжімеуі келіп шығады.

Информатика сабағында өзін өзі бағалау әдістерін қарастырайық (1-кесте).

Кесте 1. Информатика сабағында оқушылардың өзін өзі бағалау әдістері

Өзін өзі бағалауды қалыптастыру әдістері	Әдісті таңдауды негіздеу	Қолданудың нәтижелігі
	<p><i>Өзін өзі бағалауды дамыту үшін сабақтың соңында мынадай сұрақтар қойылады:</i>                      Сен бұл сабақтан не білдің? Неге үйрендің?                      Өзінді не үшін мақтай аласың? Немен жұмыс істеу керек? Саған қандай тапсырмалар ұнады?                      Қандай тапсырмалар қиын болып көрінді?                      Сабақтың басында қойылған мақсатқа жеттің бе?</p> <p><i>Сабақта өзінің жетістіктерін бағалау үшін мынадай сұрақтар қойылады:</i>                      Бүгін мен сабақта ...                      Маған сәтті болды ...                      Мен мақтанааламын ...                      Менде жеткіліксіз ...                      Мен талаптандым...</p> <p><i>Тоқсан бойынша жұмыстарды талдау және өзіндік талдау үшін, информатиканың жеке тараулары мен бөлімдерін оқыту аралығында келесі сұрақтар қойылады:</i>                      Осы тоқсанда бұл тарау мен бөлім бойынша не түсінікті болды?                      Не түсініксіз болды?                      Оның себебі неде?                      Келесі тарауды оқығанда алдыға қандай мақсат қоясың?                      Қандай нәтижелермен мақтанасың?                      Қандай сұрақтар бойынша қиындықтар туды?</p>	
Графикалық «Сөйлейтін суреттер»	<p><i>Оқушылардың сабақта орындайтын тапсырмаларына қатысты өзінің ішкі жағдайымен өзінің сезінуін өзі-өзі бағалауы үшін.</i>                      Егер сен өзіңе өзіңнің көңілің толса, бәрін орындасаң, онда күліп тұрған бейненің суретін сал.                      Егер саған сабақта бірқатар қиындықтар болса, барлық тапсырмаларды орындай алмасаң, онда «ТЫНЫШ» тұрған бейненің суретін сал.                      Егер саған сабақта қиындықтар болса, бірқатар тапсырмаларды орындалмай қалса, онда қайғырып тұрған тұрған бейненің суретін сал. Немесе ұсынылған карточкалардың біреуін таңда.</p>	Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауды қалыптастыру

«Табыс баспалдағы»	<p><i>Оқушылардың сабақта орындайтын тапсырмаларына қатысты өзінің ішкі жағдайы мен өзінің сезінуін өзі-өзі бағалауы үшін</i></p> <p>1-саты. Оқушы жаңа материалды түсінбеді, ештеңе есінде қалмады, онда көп сұрақтар туындады; сабақта берілген өздік жұмысты орындай алмады.</p> <p>2-ші және 3-ші сатылар – оқушыларды жаңа тақырып бойынша сұрақтар туындады;</p> <p>4-ші саты – оқушы жаңа тақырыпты жақсы меңгерді, өздік жұмыстарды қатесіз орындады.</p>	Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауды қалыптастыру
Жазба жұмыстары Жазбаша үлгідегі тексеру; нұсқаулыққа сәйкес тексеру; сыныптастардың өзара тексеруі; ұжымдық тапсырмаларды орындау және ұжымдық тексеру.	Орындалаған жұмыстарды эталонмен салыстыру, соның салдарынан жұмыстың дұрыстығы, оның сапасы анықталады.	Өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауды қалыптастыру
Алгоритм бойынша тапсырмаларды орындау және бағалау карточкаларын толтыру.	<p>Бағалау парағы мұғалімге:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқушылардың материалды меңгеру жетістіктерін көрсетеді;</li> <li>- эроқушының материалды меңгеру деңгейін анықтауға және одан әрі әрекеттерді реттеуге мүмкіндік береді.</li> </ul> <p>Бағалау парағы оқушыға:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мотивацияны жоғарылатуға, өтілген тақырыпты толығымен түсінуге және олардың қабілеттеріне сәйкес оқыту танымдық қызметті дербес ұйымдастыруға мүмкіндік береді.</li> </ul>	Мақсат қоя білуді; өз іс-әрекеттерін жоспарлауды; өз идеясын ұсынып және басқалардың идеяларын талдауды үйренеді.
Тесттік бағалау	Тест тапсырмалары – сабақ уақытында және тақырыптық бағалауда қолданылатын өте ыңғайлы құрал. Уақытты үнемдей отырып, білімді объективті бағалауға мүмкіндік береді	Оқушылардың оқу материалдармен жұмыс істеу, ақпаратты ала білу дағдыларын қалыптастырады

Өзі-өзі бағалау барысында оқушылар біріншіден, мерзімді түрде тексеріп, бағалау арқылы өз іс-әрекеттерін циклдық түрде ұйымдастырады, өзін-өзі бақылау мен бағалаудың рефлексивті қызметін орындайды; екіншіден, өзін-өзі бақылау мен бағалау барысында оқушы, іс-әрекеттің субъектісі ретінде өз іс-әрекетіне сыни түрде талдау жүргізе отырып, жалпылау және салыстыру әрекеттерін орындайды. Іс-әрекетті циклды түрде ұйымдастыру ұқсас кезеңдермен бірнеше цикл бойынша жұмысты ұйымдастыруды мақсаттарды тұжырымдау немесе түсіндіру, мақсаттар шеңберінде идеяларды қалыптастыру, ұсынылатын идеяларды талдау, бағалау және сыни тұрғыдан ойлау критерийлерін дайындау және қызметтің өзіндік мақсатын, іс-әрекет қызметін және жеке түсінікті жаңаша түсінуді дамытуды қамтиды. Циклден циклге көшу оқушыға тапсырмаларға қойылатын талаптарды үнемі ескере отырып, соның негізінде барлық жаңа идеяларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бағалау, өз іс-әрекеттерін жүргізу және өз іс-әрекеттерінің өзін-өзі бақылауы кезінде жасалған қорытындылар оқушыларға проблемалық жағдайды рефлексиялық деңгейде түсінуге түсінуге және оларды кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, тапсырманың шарттарын талдау үшін жаңа параметрлерді жалпылауға көмектеседі. Іс-әрекеттің әрбір жаңа циклінде бұл жалпыланған талдау параметрлері мақсаттары нақтылауға және идеялардың пайда болуын түсіндіруге көмектеседі. Объективті өзі-өзі бағалаудың нәтижесінде алынған теріс тұжырымдар оқушылардың өздігінен ойлануына, жіберген қателіктерінің себебін іздеуге және өзінің жұмыс әдістерін өзгертуіне мәжбүрлейді. Демек, тапсырманы орындаудың барлық кезеңінде аралық нәтижелерді талдау және

жалпылауға негізделген рефлексиялық өзін-өзі бақылаудың бірыңғай механизмі белсендіріледі, сондықтан оқушының өзінің іс-әрекеттерін бақылау мен бағалауы бірнеше рет мерзімді түрде қайталаынады. Өз іс-әрекеттерін өзін-өзі бақылау мұқтаждығы мен өзін өзі бағалауға сыни түрде қарау оқушылардың мен өз әрекеттерін сыни өзін-өзі қажеттілігіне байланысты, оқушылар өздері орындаған тапсырмаларды бірнеше рет қайта қарауға және талдауға мәжбүр болады.

Осылайша, мұндай жұмыс:

- біріншіден, оқушылардың өзін-өзі бақылауға және өзін-өзі бағалауға, өз іс-әрекеттерінің әрбір қадамына сыни түрде қарауға деген тұрақты мұқтаждықтарын қалыптастыру;
- екіншіден, оқушының ақыл-ой мен шығармашылық дағдыларын дамытады, олар осындай іс-әрекеттер барысында жүзеге асырылатын нақты ойлау операцияларын жасауға мүмкіндік береді.
- үшіншіден, ішкі бастаманы ояту, оқушының ішкі күштерін жандандыру, өзін-өзі басқару және оқушылардың өзінің іс-әрекеттерін өзі реттеуі, оқу үрдісін өзі басқаруы және мұғалім тарапына оқушыларды дамытуға әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Амонашвили Ш.А. Воспитательная и образовательная функция оценки учения школьников: Экспериментально-педагогическое исследование / Ш.А. Амонашвили. М.: Педагогика, 1984.
- 2 Джемс У. Личность. Психология личности / У. Джемс. М: Политиздат. Тексты. Мир философии: Книга для чтения. 4.2.1991.624 с.
- 3 Венгер А.Л., Цукерман Г.А. Психологическое обследование младших школьников/А.Л. Венгер, Г.А Цукерман. М.: Изд-во ВЛАДОС - ПРЕСС, 2001.160 с.
- 4 Эльконин Б.Д. Формирование индивидуального учебного действия младшего школьника / Б.Д.Эльконин, О.С.Островерх, О.И.Свиридова, А.Б. Воронцов // Завуч. -2002 г. - №6. - с. 23.
- 5 Слободчиков В.И. Рефлексия как принцип существования индивидуального сознания / В. И Слободчиков // Экспериментальные исследования по проблемам общей, социальной и дифференциальной психологии. М., 1979 г. - с. 20.
- 6 Шамова, Т.И. Управление образовательными системами: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений /Т.И. Шамова, Т.М. Давыденко, Г.Н. Шибанова; Под ред. Т.Н. Шамовой. 2-е изд., стер. М.: Издательский центр «Академия», 2005г. 384 с.

УДК 373.5.016.026.6.042:004(574)  
ГРНТИ 14.25.01

А.Е. Сағымбаева<sup>1</sup>, Ш.Т. Шекербекова<sup>2</sup>, А.Ө. Өтебек<sup>3</sup>

<sup>1</sup>п.ғ.д., профессор, Абай ат. Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>п.ғ.к., доцент, Абай ат. Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup> магистрант, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖОБАЛАУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Оқушылардың зерттеу біліктіліктерінің қалыптасуының мақсатқа бағытталу және жүйелілік, мотивтілік, шығармашылық атмосфера, оқушының жас ерекшелігін ескеру сияқты педагогикалық шарттары ажыратылып көрсетіледі. Оқушыларда зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру және олардың тұлғалық қалыптасуына тигізетін әсері анықталады. Оқушыларда зерттеу және жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру шарттары, оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерінің жіктемесі келтіріліп, олардың зерттеу біліктіліктерінің қалыптасу деңгейлері сипатталған. Оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттері бойынша оқушының даму қасиеттері, зерттеу жұмыстарының әр кезеңіндегі мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері нақты келтірілген. Оқушының зерттеу іс-әрекеті кезінде мәселені көріп, оны ерекшелену, рефлексивті ойлау қабілеттерінің артуы, танымдық мотивациясының деңгейінің, авторлық көзқарасының айқын көрінуімен қортындыланған.

**Түйін сөздер:** зерттеу іс-әрекеті, жобалау іс-әрекеті, рефлексия, мотивация, оқушының іс-әрекеті, мұғалімнің іс-әрекеті.

Аннотация

А.Е. Сагимбаева<sup>1</sup>, Ш.Т. Шекербекова<sup>2</sup>, А.О. Отебек<sup>3</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>к.п.н., доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

<sup>3</sup>магистрант, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

**ОРГАНИЗАЦИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ И ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ**

В статье рассматриваются проблемы организации исследовательской и проектной деятельности учащихся. Отображается ориентация на формирование исследовательских навыков учащихся и педагогические условия, такие как системность, мотивация, творческая атмосфера и возрастные особенности учащегося. Организация исследовательской и проектной деятельности у учащихся, и определен их влияние на личное развитие. Условия организации исследовательской и проектной деятельности учащихся, приведены классификации исследовательской и проектной деятельности учащихся, описаны их уровни формирования исследовательской навыки. Приведены развивающие свойства учащихся по исследовательский и проектной деятельности учащихся, конкретно показаны действия учителя и ученика на каждом этапе исследовательский работы. Во время исследовательской деятельности учащихся видя проблему, различать его, повышается способности рефлексивного мышления, уровень когнитивной мотивации.

**Ключевые слова:** исследовательская деятельность, проектная деятельность, рефлексия, мотивация, деятельность учащихся, деятельность учителя.

Abstract

**ORGANIZATION OF RESEARCH AND PROJECT ACTIVITIES OF STUDENTS**

<sup>1</sup>Sagimbaeva A.E., <sup>2</sup>Shekerbekova Sh.T., <sup>3</sup>Otebek A.O.

<sup>1</sup>Dr.Sci. (Pedagogical), Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> Student of Master Programme, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article deals with the problems of organizing research and project activities of students. Displays the orientation on the formation of students' research skills and pedagogical conditions, such as consistency, motivation, creative atmosphere and the characteristics of the student. Organization of research and project activities of students, and their impact on personal development. Conditions of the organization of research and project activities of students, classifications of research and project activities of students are given, their levels of research skills are described. The developmental characteristics of students on research and project activities of students are given, the actions of the teacher and the student at each stage of research work are specifically shown. During the research activities of students, seeing the problem, distinguishing it, increases the ability of reflective thinking, the level of cognitive motivation.

**Keywords:** research activities, project activities, reflection, motivation, student activities, teacher activities.

Қазіргі заманғы қоғамдық өмірдегі өзгерістер жеке тұлғаны дамыту, шығармашылық бастамашылдығы бар, ақпараттық ортада өзіндік даму дағдысы, күнделікті өмірдегі кәсіптік іс-әрекет, өзін-өзі анықтау және т.б. іс-әрекеттерімен байланысы бар білім берудің жаңа әдістерін, педагогикалық технологияны дамытуды талап етеді. Оқушыларда өздігінен ой қозғап, жаңа білімді іздеу, іс-әрекетті мұқият ойластырып, оң шешім қабылдау, басқалармен жұмыс жасауда тіл табыса білу, мәдениетті қарым-қатынас жасай білу сияқты қасиеттердің қалыптасуы қажет. Бұл білім беру үдерісіне кең ауқымды әдіс пен технологияны енгізуді талап етеді. Міне, сондай әдістердің бірі оқушылардың жобалау және зерттеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады.

Қазіргі кезде педагогика теориясы мен практикасында оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы жеке тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасын жүзеге асыру мәселесіне баса назар аударылуда. Осы жерде тағы да психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге шолу жасасақ (Р.С. Альтшуллер, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Л.А. Казанцева, А.В. Леонтович, И.Я. Лернер, А.М. Матюшкин), онда оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру үшін ерекше жағдайлар жасау керек делінеді [1]. Мектеп жасынан оқушыларда зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру олардың тұлғалық қалыптасуына әсерін тигізеді:

- оқушыны зерттеу іс-әрекетіне тарту оның жасына сәйкес танымдық белсенділігіне негізделеді;
- оқушының жеткіліксіз тәжірибесіне зерттелетін тақырыпқа сәйкес білімі артады және зерттеу біліктіліктері қалыптасады;
- қалыптасқан зерттеу біліктіліктері оқушының оқу іс-әрекеттеріне және қоғамдық өмірдегі іс-әрекетіне қажетті құрамдас бөлік болады.

Жалпы оқушыларда зерттеу біліктіліктерінің қалыптасуына байланысты педагогикалық тәжірибеде келесідей педагогикалық шарттарды ажыратуға болады:

*Мақсатқа бағытталу және жүйелілік.* Оқушыларда зерттеу біліктіліктерін дамыту бойынша жұмыстарды үзбеу қажет (сабақта және сабақтан тыс);

*Мотивтілік.* Оқушыға оның зерттеу іс-әрекетінің мағынасын тануға көмектесу қажет, оның дарындылығы мен мүмкіншіліктерін жүзеге асыруға көмектесу арқылы өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тануға жеткізу қажет;

*Шығармашылық атмосфера.* Педагог оқушылардың зерттеуге деген қызығушылықтарын дамыту үшін (оқушыны қателік жібергеннен қорықпауға үйрету, оларды негативті бағалау, шығармашылық сауаттылығын ашу) үнемі шығармашылық атмосфераны қалыптастырып отыру қажет.

*Оқушының жас ерекшелігін ескеру.* Оқушының психологиялық ерекшелігін ескеру өте маңызды. Берілетін тапсырма, материалдар және талаптар жасына қарай шамадан тыс болмау қажет. Бұл қабылдау үдерісін баяулататындықтан, оқушының зерттеу жұмысына деген қызығушылығын бәсеңдетеді.

Оқушыларда зерттеу және жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру шарттарының нәтижесі келесідей болуы қажет:

– оқушы зерттеу жүргізуді өз еркімен қалау. Себебі, зерттеуді жүргізуге қызығушылық болмаса, зерттеу іс-әрекеті нәтиже бермейді;

– оқушы мұны жасай алуы қажет. Жұмысқа кіріспес бұрын оқушыда алдын-ала құзырлық қалыптасу қажет. Оған бірден-бір әсер ететін фактор мұғалімнің қолданылатын әдістемесі;

– оқушы өз жұмысына қанағаттануы қажет.

Оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттері міндеттері бойынша экспериментті мәліметтердің қиындық деңгейі: *практикалық* – қандай да бір құбылысты иллюстрациялау үшін қолданылады. Бұл жағдайда қандай да бір параметр өзгереді және осы параметрге байланысты өзгеріс зерттеледі. Нәтиже тұрақты, сондықтан талдауды қажет етпейді.

*Жеке зерттеу* – зерттелетін шама қарапайым факторларға байланысты болады. *Ғылыми* – білім беру үдерісінде қолданылмайды, себебі бұл міндеттерді ғалымдар жаңалықтар ашу арқылы шешеді.

Пәнді оқытудың жаңа тәсілі төмендегідей талаптарға сәйкес келуі көзделеді:

- оқушыға қолайлы оқу ортасын қалыптастыру;
- оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру, ой-тілектерін ояту;
- оқушының эмоциялық сезіміне әсер етіп жеке тұлға ретінде қалыптастыру;
- оқытуды түрлендіру үшін түрлі әдісті қолдану;
- ойын түрінде оқыту арқылы оқушының белсенділігін арттыру;
- пәнді оқушының жеке қызығушылығымен байланыстыру;
- оқушы – субъект, мұғалім — кеңесшісі болу;
- сатылап өз бетімен жұмыс істеуге үйрету.

Бүгінгі күнде зерттеу және жоба әдісін қолданып оқыту бұл талаптарға жауап бере алады. Зерттеу және жобалау іс-әрекетінің ұйымдастырылуына байланысты оқушыға өз қабілетіне сәйкес білім алу мүмкіндігі беріліп, кең спектрлі тапсырмаларды шешуде оқушылардың қабілеттерінің ашылуына көмек көрсетіліп, оқушылар арасындағы өзара әрекеттерін реттеуге жағдай жасалуы тиіс [2].

Оқушылардың ғылыми жұмыстарының түрлері:

*Ақпараттық-реферативті* – бұл қандай да бір мәселені толық шешу мақсатында бірнеше әдебиет көздеріне негізделе отырып жазылған шығармашылық жұмыстар.

*Мәселелік-реферативті* – көптеген әдебиет көздеріндегі мәліметтерді бір-бірімен салыстыра отырып, қойылған мәселеге түсініктеме беру негізінде жазылған шығармашылық жұмыстар.

*Тәжірибелік-шығармашылық* – тәжірибе жүргізу негізінде орындалған жұмыстар. Ғылымда сипатталған және белгілі нәтижесі бар. Нәтиженің ерекшелігі бастапқы жағдайдың өзгеруіне байланысты.

*Табиғи және сипаттамалық* – қандай да бір құбылысты бақылауға және оны сапалы сипаттауға арналған шығармашылық жұмыстар. Мұнда ғылыми жаңалық элементтері пайда болуы мүмкін.

Мұғалім:

– оқушылардың жобалау және зерттеу іс-әрекетін жүргізуі көзделген сабақтың тақырыптық жоспарын жасай білуі;

– жобалау немесе зерттеу жұмысына оқушыны даярлай білуі;

- белгілі жобаны немесе зерттеу тақырыбын өз сыныбына, білім беру ұйымына және нақты жағдайға бейімдей алуы;
- жоба немесе зерттеу тақырыбын ала білуі;
- жобалау немесе зерттеуді орындау нәтижесінде педагогикалық мәселелердің орындалуын бағалай білуі;
- жобалау мен зерттеуді іске асыру және білім іс-әрекетінің түрлерін қолдана білуі;
- жобалау-зерттеу жұмысының мазмұны бойынша кеңес жүргізе білуі қажет.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізуде мұғалімдердің ролі аса зор. Ол білімді, тұлғаға қарағанда мұғалім оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырушыға, әртүрлі көздерден керекті білім мен ақпаратты таба білу бойынша кеңесшіге, әріптеске айналады.


*Оқушы көзімен қарағандағы оқу жобалау және зерттеу* – өзінің шығармашылық әлеуетін толық ашу мүмкіндігіне ие болу деген сөз. Бұл іс-әрекет жеке және топта оқушылардың өзін көрсете білуіне, өз білімін қолдана білуіне, жария жағдайда қол жеткізілген нәтижені көрсете білуіне толық мүмкіндік береді. Ол жұмыс кей жағдайда оқушылардың өздері ойлап тапқан қызықты практикалық маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталады.

*Мұғалім тарапынан оқу жобалау және зерттеу* – оқушылардың жобалау және зерттеу іс-әрекеті бойынша арнайы білімі мен дағдыларын қалыптастыратын және дамытатын оқыту және тәрбиелеудің интегративтік дидактикалық құралы болып табылады.

Педагогикалық зерттеулердің нәтижесі білімді меңгеру төрт сатылы екенін көрсетті:

- түсіну;
- жаттау;
- ереже бойынша білімді қолдану;
- шығармашылық есептерді шығару [3].

Білімді меңгерудің аталған сатылары белгілі бір іс-әрекеттерде: тани білу, қайталап қолдану, типтік есептерді шешу және білімді жаңа жағдайда, типтік емес есептерді шеше білуде анықталады. Сондықтан білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу оқытудың нәтижесі ретінде қаралады. Қазіргі кезде мұғалімдер оқушыларға шығармашылық, жобалық тапсырмалар берудің маңызын жақсы түсінеді. Сондықтан оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін қалыптастыруда оқу үдерісінде жобалау-зерттеу, шығармашылық іс-әрекеттерінің элементтерін көптеп қолданудың маңызы өте зор. Бір айта кететін мәселе, осындай шығармашылық тапсырмалар берудің алдында оқуларға пропедевтикалық есептер беру тиімді, себебі мұндай есептерді шығару оқушыларда негізгі ережелердің есте қалуына ықпал етеді және оларды қолданып жоғары деңгейдегі шығармашылық, жобалау-зерттеу іс-әрекеттерін атқаруға мүмкіндік береді. Осы ретте оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерінің жіктемесі 1-суретте берілген.



Сурет 1. Оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерінің жіктемесі

1) Дидактикалық мақсат бойынша: жаңа материалды алу; оқығанды жүйелеу және жинақтау; зерттеу біліктіліктері мен дағдысын дамыту; білім, біліктілік, дағдыны бақылау; оқығанды қайталау.

2) Уақыт бойынша: қысқа мерзімді; сағаттық; ұзақ мерзімді.

3) Ұйымдастыру формасы бойынша: жеке; жұппен; топтық.

4) Зерттеу түрі бойынша: теориялық; практикалық (эксперименталды).

5) Іс-әрекет мазмұны бойынша: жоспармен; оқулық мәтінімен (немесе қосымша әдебиет); эксперименталды тапсырмалар.

6) Зерттеу әдістері бойынша: эмпирикалық: бақылау әдісі, эксперимент әдісі, сұрақ-жауап әдісі; теориялық: талдау және жинақтау; іс-әрекетті ұйымдастыру шарттарына негізделген арнайы әдістер.


7) Үйлестіру сипаты бойынша: ашық; жабық.

8) Пәндік аумақ бойынша: пәнішілік; пәнаралық.

9) Басым әдіс бойынша: зерттеу; практикалық; ойын; ақпараттық; шығармашылық.

Оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастырудың басты мақсаты – қалыптасқан зерттеу дағдыларының нәтижесінде оқушының жеке тұлғасының өздігінен дамуын жүзеге асыру.

Ғылыми жетекші, яғни мұғалімнің жетекшілігімен оқушының жеке тұлғасы 3 бағытта дамиды (2-сурет). Оқушылардың зерттеу біліктіліктерінің қалыптасу деңгейлері 1-кестеде көрсетілген.



Сурет 2. Оқушы жеке тұлғасының дамуы

Кесте 1. Оқушылардың зерттеу біліктіліктерінің қалыптасу деңгейлері

Деңгейлер	Зерттеуді жүзеге асырудың практикалығы	Зерттеу біліктілігі-нің мотивті-лігі	Зерттеу іс-әрекетіне сын тұрғыдан қарау	Зерттеу іс-әрекетін жүзеге асырудағы өзіндік іс-әрекет
Алдын-ала	Білім толық емес, нақты біліктілік қалыптаспаған	Төмен	Аналог бойынша әрекет	Тек жетекшімен
Бастапқы	Алғашқы білім мен қарапайым біліктілік	Сыртқы үдерістер басым	Ұжымдық шығармашы-лық	Өзіндік жұмыс әрекеті төмен
Өнімді	Тақырыпты анықтаумен байланысқан біліктілік, материалдан негізгісін алу, оқу зерттеу нәтижесін ұсыну	Зерттеуге деген ішкі және сыртқы түрткілер	Маңызды тақырыпты таңдау, нәтижені қызықты жеткізу	Зерттеудің кейбір кезеңдерін өздігінен орындайды
Критериал-ды	Тақырып, мақсат, міндеттерді анықтау, тиімді әдістерді таңдау, материалдар жан-жақты іздеу, оларды түрлі кесте, сұлба, суреттермен өңдеу, зерттеу нәтижесін талдау, бағалау, ұсыну	Тұрақты ішкі танымдық мотивтер	Мәселені шешуде тың ойлар айту, шешімін жаңа әдістермен табуды ұсыну	Зерттеудің барлық кезеңдерін өздігінен орындай алуы

Оқушылардың зерттеу және жобалау іс-әрекеттерінен оқушының келесі қасиеттері дамиды [4]:

- өздігінен зерттеу іс-әрекет дағдысы;
- ғылыми-танымдық әдебиеттермен жұмыс істеу дағдысы;
- бастамашылдық және шығармашылық;
- мектепте алған білімін қолдану, кеңейту, тереңдету;
- қоғамның басқа да мүшелерімен бірге жұмыс жасай білу қабілеті;
- осы пән аумағындағы біліміне сенімділігі және т.б.

Зерттеу жұмыстарының кезеңдері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Зерттеу жұмыстарының кезеңдері

Жұмыс кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Алдын-ала	Мәселе, жағдай, мақсат, міндеттерді қалыптастыру	Мақсат пен міндеттерді жүзеге асырады
Бастапқы	Топқа бөледі, іс-әрекетті жоспарлайды	Мәселені талдайды, топ ішінде іс-әрекетті жоспарлайды.
Өнімді	Кеңес береді, бақылайды	Өздігімен және бірге жұмыс жасайды, ақпарат жинақтайды, жеткіліксіз ақпаратты іздейді, нәтижені презентацияға дайындайды
Критериалды	Нәтижені қорытындылайды, оқушылардың біліктілігін және жалпы нәтижені бағалайды	Жобаны қорғайды, іс-әрекет рефлексиясын жүргізеді, оның нәтижелілігіне баға береді.

Сонымен, қорытындылай келе, формалды-зерттеу жұмысының нәтижесі барлық қойылатын талаптар мен критерийлерге сай болуы керек. Бұл жерде нәтиженің сапасын бағалау әдістемесі қарапайым болып келеді. Дайын өнімнің қойылған талаптарға сай келуі. Ең бастысы сараптамашы ұсынылып отырған жұмыстың объектілік маңызын емес, оқушы үшін және оның дамуы үшін субъектілік маңызын бағалау қажет екендігін түсуі керек. Сондықтан бағалаудың әр кезеңінде оқушының тұлғалық мотиві мен оның өзін-өзі бағалауына көңіл бөліну қажет.

Екіншіден, оқушының зерттеу іс-әрекеті кезінде қандай қабілеттері дамығандығы анықталады. Мұндай қабілеттерге мәселені көріп, оны ерекшелену, рефлексивті ойлау қабілеттерінің артуы, танымдық мотивациясының деңгейі, авторлық көзқарасының айқын көрінуі жатады. Сондықтан да, оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін бағалаудың сараптамалық жолымен жүзеге асырған дұрыс деп ойлаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Алябушева Г.В. Педагогические условия формирования познавательных интересов школьника. // Проблемы педагогического образования: сб. научн. статей /Под ред. В.А.Сластенина, Е.А.Левановой. – Выпуск 36. – М.:МППУ, 2010. – С. 126-129.
- 2 Леонтович А.В. Об основных понятиях концепции развития исследовательской и проектной деятельности учащихся // Исследовательская работа школьников. 2003. № 4. С. 18–24.
- 3 Андреев, В.И. Эвристическое программирование учебно-исследовательской деятельности // В.И. Андреев. - М.: Высшая школа, 2001. – С.240.
- 4 Штейнберг В.Э. Технология проектирования образовательных систем и процессов. // Школьные технологии. 2000. №2. -С.3-24.



УДК 004  
МРНТИ 20.51.23

Л.М. Саидова<sup>1</sup>, А.К. Курманғалиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> магистрант, Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова,  
Костанай, Қазақстан

<sup>2</sup>к.э.н., Костанайский государственный университет имени А. Байтұрсынова  
Костанай, Қазақстан

## СОСТОЯНИЕ И ПРОБЛЕМЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ АПК КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

### Аннотация

В статье рассмотрено состояние информационного обеспечения предприятий агропромышленного комплекса. Обозначены главные проблемы предприятий. Руководство предприятий психологически не готово к применению информационных технологий в своей профессиональной деятельности. Отмечено дублирование равнозначной информации работниками подразделений. Отмечено, что качественное результативное управление предприятием при сохранении методов сбора, хранения, обработки и передачи информации с применением классических технологий, основанных на бумажных носителях, невозможно. В статье говорится об отсутствии единой информационной системы агропромышленного комплекса и недостаточной информационной активности пользователей в агропромышленном производстве. Обоснована необходимость ввести подготовку и переподготовку административных кадров предприятий агропромышленного комплекса, для этого возможна организация курсов по повышению квалификации работников АПК по программе «Информационные технологии управления». Шаги по усовершенствованию порядка информационного обеспечения важны для усиления конкурентоспособности предприятий АПК на современном информационно-экономическом рынке. Подведен итог о назревшей необходимости создания системного подхода к решению проблемы информационного обеспечения АПК как гаранта положительного результата.

**Ключевые слова:** Информация, информационное обеспечение, агропромышленный комплекс, предприятия, цифровизация, инновационные технологии.

### Аңдатпа

Л.М. Саидова<sup>1</sup>, А.К. Курманғалиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің магистранты,  
Қостанай, Қазақстан

<sup>2</sup>э.ғ.к., Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті,  
Қостанай, Қазақстан

## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУПСІЗДІКТІҢ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарын ақпараттық қамтамасыз ету жағдайы қаралды. Кәсіпорындардың басты проблемалары белгіленді. Кәсіпорын басшылығы өзінің кәсіби қызметінде ақпараттық технологияларды қолдануға психологиялық тұрғыдан дайын емес. Бөлімше қызметкерлерінің тең мәнді ақпараттың қайталануы атап өтілді.

Қағазға негізделген классикалық технологияларды қолдана отырып, ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және беру әдістерін сақтай отырып, кәсіпорынды сапалы нәтижелі басқару мүмкін емес екендігі атап өтілді. Мақалада агроөнеркәсіптік кешеннің бірыңғай ақпараттық жүйесінің жоқтығы және агроөнеркәсіптік өндірісте пайдаланушылардың ақпараттық белсенділігінің жеткіліксіздігі туралы айтылған. Агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарының әкімшілік кадрларын даярлау және қайта даярлауды енгізу қажеттілігі негізделген, бұл үшін "басқарудың ақпараттық технологиялары" бағдарламасы бойынша АӨК қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша курстар ұйымдастыру мүмкін ақпараттық қамтамасыз ету тәртібін жетілдіру бойынша қадамдар қазіргі заманғы ақпараттық - экономикалық нарықта АӨК кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейту үшін маңызды. АӨК ақпараттық қамтамасыз ету проблемасын оң нәтиженің кепілі ретінде шешуге жүйелі тәсілді құру қажеттілігі туралы қорытынды шығарылды.

**Түйін сөздер:** Ақпарат, ақпараттық қамтамасыз ету, агроөнеркәсіптік кешен, кәсіпорындар, цифрландыру, инновациялық технологиялар

*Abstract*

**CONDITION AND PROBLEMS OF THE INFORMATION SECURITY FUNCTIONING AT THE ENTERPRISES OF THE AGRICULTURAL SECTOR OF THE KOSTANAY REGION**

*Saidova L.M.<sup>1</sup>, Kurmangaliyeva A.K.<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*Student of Master Programme, Kostanay state university A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Cand.Sci. (Economic), Kostanay state university A. Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan*

The article deals with the state of information support of agricultural enterprises. The main problems of enterprises are identified. The management of enterprises is not psychologically ready to use information technologies in their professional activities. Marked duplicate is the equivalent of the information by the employees.

It is noted that high-quality effective management of the enterprise while maintaining the methods of collection, storage, processing and transmission of information using classical technologies based on paper, it is impossible. The article refers to the lack of a unified information system of the agro-industrial complex and the lack of information activity of users in the agro-industrial production. The necessity to introduce training and retraining of administrative personnel of enterprises of agro-industrial complex is substantiated. For this purpose it is possible to organize training courses for agricultural workers under the program "information technologies of management". Steps to improve the order of information support are important to strengthen the competitiveness of agricultural enterprises in the modern information and economic market. The result of the urgent need to create a systematic approach to solving the problem of information support of agriculture as a guarantor of a positive result.

**Keywords:** Information, information security, agribusiness, enterprise, digitalization, innovation

**Введение**

Информация сейчас является одним из значимых факторов производства, в следствие появления современных эффективных коммуникационных систем её можно использовать практически повсеместно. Коммуникации сегодня - это единое, динамично развивающееся информационное пространство, и потому связь и информатизация в современном мире являются одной наиболее перспективных и постоянно развивающихся базовых экономических отраслей, обладающих потенциалом долгосрочного экономического роста. Предприятиям агропромышленного комплекса в ситуации инновационной экономики жизненно необходимо информационное сопровождение. Под информационным обеспечением понимается процесс удовлетворения потребностей конкретных пользователей, для выполнения ими своих функций и обеспечения качественного протекания процессов владельцами которых они являются, в конкретной информации, осуществляемой путем применения специальных методов и средств ее получения, обработки, накопления и выдачи в удобном для использования виде [1]. Информация определяет деятельность предприятия, став первостепенным ресурсом его управления. Если она не будет отражать действительное положение вещей, например, отсутствие полных и достоверных данных о производственных процессах, то действия руководства, не будут адекватны решаемым задачам, результатом чего станут экономические убытки и деградация предприятия. При таком сценарии нередко возникновение ситуации, наличия у каждого отдела своей единоличной цели, часто противоречащей стратегии предприятия [2].

Условиями продуктивного информационного обмена являются точные законы обмена информацией, алгоритмы ее получения и условия фильтрации. Информационное взаимодействие основных участников современного агропромышленного комплекса Республики Казахстан недостаточно развито, несмотря на то, что рынок информационных технологий сегодня неуклонно и позитивно развивается, и является одним из перспективных в плане финансовых вложений. Сфера информационных технологий подвижна, инновационных предложений здесь гораздо больше, чем любого другого экономического продукта. Нормативно-правовая база, определяющая критерии информационного обмена и регулирующая вопросы доступа к экономической информации субъектов казахстанского рынка, недостаточно проработана. Развитие информационных систем различных уровней в настоящее время является одной из главных задач, государственной программы «Цифровой Казахстан, направленной на повышение конкурентных позиций страны на мировом рынке [3]. Обозначенные проблемы требуют их разрешения, так как это позволит разработать теоретическую базу, предопределяющую практическую потребность предприятий АПК.

Таким образом, эффективность работы агропромышленного комплекса, всех его звеньев, обусловлено состоянием системы информационного обеспечения. Ежедневная актуальная информация позволяет руководителю своевременно реагировать на все изменения производственного процесса, анализировать целевые и достигнутые результаты, диагностировать тенденции развития внешних условий, корректировать деятельность предприятия.

Объектом изучения является система информационного обеспечения предприятий агропромышленного комплекса Республики Казахстан.

Цель исследования – анализ проблем и подготовка методических рекомендаций по усовершенствованию порядка информационного обеспечения предприятий агропромышленного комплекса Костанайской области в новейших экономических условиях.

Самым актуальным применением современных информационных технологий в агропромышленном комплексе стало формирование и применение информационных ресурсов и электронного документооборота. Вместе с тем, продовольственный рынок и рынок сельскохозяйственного сырья зависим от некоторых факторов, в том числе и природных, потому он непостоянен; для совершенствования производства и управления АПК, его предприятиями требуются постоянный поиск новых и развитие действующих сетевых технологий при параллельном решении задачи обучения квалифицированных кадров. Такая многозначность проблем требует адекватного решения, основываясь на компьютерных сетях, включая ПК административного блока и персонала, принтеры и другие компьютерные модули

На рисунке 3 представлена карта господдержки для субъектов АПК Казахстана.




Рисунок 3. Единая карта государственной поддержки для субъектов АПК [4]

Информационное обеспечение всех уровней АПК сегодня, включая его первичные звенья - это требование времени, работники комплекса должны быть в курсе аграрных инноваций, владеть информацией о конкурентах и потребительском рынке. В противном случае реализация имеющегося научно-технического потенциала будет затруднена, так же как и выход аграрного сектора из кризиса, и следует ожидать спад конкурентоспособности продукции АПК на внутреннем и внешнем продовольственном рынках. Помимо этого, экономическая информация объединяет воспроизводственный процесс, как в региональном, национальном, так и в глобальном масштабах в единую систему [5]. Признание неизбежности прогрессивного роста информатизации всех экономических субъектов – является основным в принятии адекватных административных решений в условиях современного рынка товаров и услуг.

Для полноценного информационного обеспечения агропромышленного комплекса требуется разработка теории и методологии исследуемого вопроса, составление практического руководства по созданию действенной системы информационного обеспечения его первичных звеньев.

Это позволит выбирать соответствующие запросам сегодняшнего рынка векторов развития предприятий на рынке товаров, капитала и труда, что станет залогом его успешного развития, учитывая колебания внешней и внутренней среды, формы собственности, виды хозяйствования и функции государственного регулирования.

### **Результаты исследований**

Развитие рыночной экономики требует своевременных и современных научно – экономических подходов к созданию и эксплуатации информатизационных ресурсов. Несмотря на то, что в исследуемой области есть значительный прогресс, есть много проблем, требующих скорейшего решения. В противном случае это негативно отражается на формировании информационного обеспечения на всех уровнях экономики, отвечающего современным требованиям [6].

Основные проблемы информационного обеспечения предприятий АПК:

1. Руководство предприятий психологически не готово к применению информационных технологий в своей профессиональной деятельности. Необходимо учесть корреляции таких составляющих, как техническое оснащение, программное обеспечение, структурные изменения, подготовка, переподготовка и повышение квалификации управленческих кадров всех уровней.

2. Дублирование равнозначной информации работниками подразделений.

Отсутствие комплексного системного подхода к автоматизации информационного обеспечения управления предприятием и подбору средств, объектов, содержания и других элементов автоматизированных информационных систем. Решение этой задачи с положительным результатом возможно при комплексном подходе, требующего создания правильной модели управления предприятием; диагностика потенциальных источников информации, поступающей в систему и ее потребителей, оценки экономической эффективности проекта и т.д.

3. Качественное результативное управление предприятием при сохранении методов сбора, хранения, обработки и передачи информации с применением классических технологий, основанных на бумажных носителях, невозможно. Отсутствие системы в хранении и обработке информации не отражает целостную картину работы предприятий, что препятствует оперативному выявлению и своевременному устранению проблем. Введение современных информационных коммуникаций позволит повысить эффективность работы всех звеньев АПК, устранив противоречивость между оперативными решениями и долгим процессом сбора и обработкой информации по возникшей проблеме. Для совершенствования качества информационного обеспечения предприятий АПК рекомендуется приобрести готовое решение, для автоматизации основных процессов его предприятий. Такое программное обеспечение позволит автоматизировать передачу данных между всеми основными службами, исключая человеческий фактор в процессе обработки идентичной информации. Формирование отчетов по хозяйственной деятельности, необходимых для принятия важных управленческих решений по повышению эффективности обслуживания клиентов, является основным в работе такой системы. Это повысит конкурентоспособность АПК, что улучшит рейтинг его предприятий на рынке. При автоматизации основных бизнес-процессов улучшится КПД организации, учета и контроля отдельных звеньев АПК, что позитивно отразится на результативности обслуживания и деятельности предприятия в целом.

4. Отсутствие единой информационной системы агропромышленного комплекса.

Для модернизации системы управления сельскохозяйственными предприятиями предлагается формирование единого информационно - консультационного центра (ИКЦ) для взаимодействия с фирмами, клиентами и внешними информационными системами. Это позволит преодолеть проблемы отсутствия единой информационной системы и обеспечит электронный документооборот между организациями по услугам закупки сырья и сбыта готовой продукции, анализу экономического состояния региона, по потребительскому рынку и прочим вопросам. Принцип работы предлагаемого центра – это удаленный вариант взаимодействия потребителя и производителя, что сократит финансовые расходы, увеличит объем оказываемых услуг и товарооборота, стимулирует производителей сельскохозяйственной продукции.

5. Недостаточная информационная активность пользователей вследствие отсутствия доступа к информации об инновациях в агропромышленном производстве. Необходимо ввести подготовку и переподготовку административных кадров предприятий агропромышленного комплекса, для этого возможна организация курсовой работы по повышению квалификации работников АПК по программе «Информационные технологии управления», на базе цифрового Хаба КГУ им. А. Байтурсынова. Слушатели курсов получают рекомендации, программы, методики и источники актуальных

информационных ресурсов, ознакомятся с практическими приемами работы для дальнейшего применения их в своих подразделениях АПК. Возможно необходимое консультативное содействие при практическом внедрении и эксплуатации информационных технологий.

#### **Выводы**

Шаги по усовершенствованию порядка информационного обеспечения важны для усиления конкурентоспособности предприятий АПК на современном информационно-экономическом рынке. Особое значение придается усовершенствованию коммуникационных связей для взаимодействия между научными учреждениями и государственными институтами на базе развитого интерфейса, основой которого призван стать полноценный обмен знаниями.

А так же открытый доступ к научно-техническим и статистическим данным, к аналитической информации соответствующих по профилю агентств и организаций, ее рассылка, усиление эффективности адресного информационного обслуживания с использованием режимов предпочтительного распространения информации.

#### *Список использованной литературы:*

- 1 Кривых Н.Н. Информационное обеспечение инновационной деятельности в регионе // «Социально-экономические явления и процессы», №6, 2010.
- 2 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Факторы\\_производства](https://ru.wikipedia.org/wiki/Факторы_производства)
- 3 Государственная Программа «Цифровой Казахстан», 2017
- 4 Официальный сайт Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – URL: <http://mgov.kz> (дата обращения: 02.2016)
- 5 Коломейченко А. С. Информационное обеспечение процессов управления в АПК // Молодой ученый. – 2017. №15.1. С. 10-12
- 6 Мирзоева С.А. Теоретическое обоснование информационных систем управления предприятием АПК//Региональные проблемы преобразования экономики. - №8. - 2014.

**МРНТИ 20.01.45**

**УДК 373.1.02:519.71:002**

*Л.А. Смагулова<sup>1</sup>, А.Д. Оңғарбаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>п.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры м.а, Талдықорған қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup> І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, Талдықорған қ., Қазақстан*

### **ЖОБА ӘДІСІН ПРОГРАММАЛАУДЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ**

#### *Аңдатпа*

Мақалада программалау бойынша сабақтарда білімгерлердің өзіндік жұмыстарының тиімділігін арттырудың ең ұтымды тәсілдерінің бірі - жоба әдісін қолдану қарастырылады. Бұл әдістің негізгі міндеті – білімгерлердің шығармашылық ойлауын қалыптастыру және оны одан әрі дамыту болып табылады. Жоба әдісі білімгерлерді қандай да бір мәселені жеке шешуге ынталандыратын зерттеу әдістерінің санатына жатады. Мақалада жоба әдісі ұғымы, оның пайда болу тарихы және оның оқытудың интербелсенді әдісі ретінде дамуы беріледі. Сонымен қатар, жоба әдісін пайдаланып оқу үдерісін ұйымдастыру кезеңдері қарастырылады. Оқу үдерісін жоба әдісінің технологиялық схемасына сәйкес құру сипатталады. Коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін жоба әдісін іске асыру және оны бағдарламалауды меңгеруде студенттердің мотивациясын арттыру құралы ретінде пайдалану мысалы беріледі.

**Түйін сөздер:** жоба әдісі, жоспар, педагогикалық технология, инновация, сызба, технологиялық карта, жоба түрлері, бағдарламалау, кезең.

Аннотация

Л.А. Смагулова<sup>1</sup>, А.Д. Онгарбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>к.п.н., ассоциированный профессор Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова,  
г.Талдыкорган, Казахстан

<sup>2</sup> старший преподаватель Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова,  
г.Талдыкорган, Казахстан

### ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПРОГРАММИРОВАНИЯ

В статье рассмотрен один из наиболее рациональных подходов к повышению эффективности самостоятельной работы студентов на занятиях по программированию - использование метода проектов. Основной образовательной задачей этого метода является формирование и дальнейшее развитие творческого мышления у студентов. Проектный метод относится к категории исследовательских методов, которые стимулируют учащихся к индивидуальному решению какой-либо поставленной проблемы. В статье приведены определения метода, история его возникновения и развития как интерактивного метода обучения. Также рассмотрены основные этапы организации учебного процесса с использованием метода проекта. Описано создание учебного процесса в соответствии с технологической схемой метода проектов. Рассмотрены задачи проектной деятельности студентов, основные виды проектов и научно-теоретическое и педагогическое обоснование этого метода. Дан пример реализации метода проектов для формирования коммуникативной компетенции и использования его как средства повышения мотивации студентов при овладении программированием.

**Ключевые слова:** метод проектов, план, педагогическая технология, инновация, схема, технологическая карта, виды проектов, программирование, этап

Abstract

### USAGE OF THE PROJECT METHOD IN COMPUTER PROGRAMMING LESSON

Smagulova L.A.<sup>1</sup>, Ongarbaeva A.D.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Cand. Sci. (Pedagogical), Associate Professor of Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan,

<sup>2</sup>Senior Lecturer of Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan, Kazakhstan,

The article discusses one of the most rational approaches to increasing the effectiveness of students' independent work on programming lessons – the usage of the project method. One of the educational objectives of this method is formation and further development of students' creating thinking. The project method belongs to the category of research methods, which stimulate students' interest in independent solving of posed problems. The article provides definitions of the method together with the history of its creation and development as an interactive method of teaching. Also the main stages of organization of academic process using this method are covered. The article discusses organization of the teaching process in accordance with the technological scheme of the project's method. The authors describe the objectives of students' project activity, the main types of projects and scientific and pedagogical foundation of this method. An example of implementation of the project method is given illustrating formation of communicative competence and its usage as a means of stimulating students' motivation for programming learning.

**Keywords:** project method, plan, pedagogical technology, scheme, technological map, types of projects, programming, stage.

Отандық білім беру жүйесінде тиімді инновациялардың бірі ретінде білім берудегі жоба әдісін ерекшелеп айтуға болады. Жоба әдісі мектеп курсына, сондай-ақ жоғары білім беру жүйесінде қолданыс табады.

Педагогикалық технология ретіндегі жоба әдісі зерттеушілік, ізденушілік, проблемалық және шығармашылық әдістерді біріктіреді.

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігенде «жоба» термині (латынның «projectus» сөзінен аударғанда «алға ұмтылған») – “ой, жоспар; қандай да бір құрылымдардың, механизмнің, құрылғылардың жоспары” - ретінде анықталады [1]. Бұл түсінік кейініректе «жоспар, прототип, объектің прототипі, қызмет түрі» - деп анықталды. Жоба әдісінің пайда болу кезеңі 20 ғасырдың басы деп есептеледі, оның негізін қалаушылар американдық ғалымдар Дж. Дьюи және Килпатрик. Олар білім алушының қызығушылығына және алынған білімдердің болашақта практикалық қажеттілігіне бағытталған практикалық қызмет арқылы оқытуды белсенді негізде құруды ұсынған болатын [2]. Е.С.Полат жоба әдісіне келесідей анықтама береді: «...қандай да бір тәсілмен безендірілген нақты тәжірибелік нәтижемен аяқталуы тиіс проблеманы бөлшектеп қарастыру арқылы дидактикалық мақсатқа жету тәсілі» [3].

Н.В. Матяштың пікірінше жоба әдісі – «практикалық мәні бар және субъективті немесе объективті жаңалыққа ие жаңа тауарлар мен қызметтерді мұғалімнің бақылауымен жасау үрдісінде оқушы тұлғасының өз бетімен дамуына бағытталған оқыту жүйесі, оқу үрдісін ұйымдастыру моделі» [4].

Бүгінгі таңда жоба әдісі қарқынды дамып келеді және нақты мәселелерді шешу үшін теориялық білімдердің практикалық қолданымының ұтымды үйлесуі есебінде танымал болып келеді.

Көптеген жетекші оқытушылар, ғалымдар жоба әдісін студенттердің танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда ең тиімді әдіс деп есептейді. Жоғары білім жүйесінде жоба әдісі оқыту жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде пайдаланылады, сонымен қатар қандай да бір мәселені шешуге, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге бағытталған білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды білдіреді. Жобалық жұмыстар білімгерлердің жеке басын анықтауға, оқу ісіне қызығушылықтарын арттыруға, мәселені шешуде интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Зерттеушілердің айтуынша, жобалық әдіс - студенттерге білім беру жобасының проблемаларын шешуге, проблемалық тәсілдерді, топтық әдістерді, рефлексия, іздеу-зерттеу, коммуникативтік әдістемелерді біріктіруге бағытталған дербес іс-әрекеттерді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жеке бағытталған технология [5].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде жоба әдісінің анықтамасын тұжырымдайық:

Жоба әдісі – бұл оқыту үрдісіне әлеуметтік және жеке тұлғалық мәні бар оқу жобаларын кеңінен ендіруге негізделген педагогикалық технология.

Кез келген педагогикалық технологияны пайдаланып оқыту әдістемесі, оның технологиялық картасы мен технологиялық сызбасын анықтау негізінде құрастырылады.

Технологиялық карта – үрдісті қадамдық, кезеңдік әрекеттер тізбегі түрінде сипаттау, ал технологиялық сызба – үрдіс технологиясының шартты бейнеленуі, оны жеке функционалды элементтерге бөлу және олардың арасындағы логикалық байланыстарды айқындау.

Жоба әдісінің технологиялық сызбасына сәйкес оқыту үрдісі келесі түрде құрылады:

1. Оқытушыға арналған бастапқы техникалық тапсырма білім алушының оқу бағдарламасында жоспарланған білім, іскерлік, дағдының белгілі бір жиынын игеруі, олардың танымдық қабілеттерінің дамуы болып табылады. Білім алушының техникалық тапсырмасы оқу бағдарламалық жобаны дайындау болып табылады.

2. Оқытушы білім алушымен бірігіп шешу үшін белгілі бір тақырыптағы бағдарламалық жобаны жасап, жүзеге асыруды талап ететін проблемалық жағдай жасайды.

3. Білім алушы программалық жобаны алады (алғашқы кездерде), өз бетімен немесе оқытушының көмегімен оның талаптарын айқындайды. Жоба ішкі тапсырмаларға бөлшектенеді. Бұл жұмыстың нәтижесін оқытушы немесе эксперттік топ тексереді.

4. Жеке ішкі тапсырманы орындаудың алғышарттары, сонымен қатар оның салдары білім алушылардың оқыту немесе өз бетімен оқу нәтижесінде алынатын білім, іскерлік, дағдыларды игеру мен қолдану болып табылады. Ішкі тапсырманың орындалу нәтижесін оқытушы немесе эксперттік топ тексереді. Алынған шешім жоба талаптарына сай болмаған жағдайда 3-ші қадамға қайтып келу орын алады.

5. Келесі ішкі тапсырманы орындау үшін 4 қадамға қайтып келу жүзеге асады.

6. Оқытушы мен білім алушының бірігіп жұмыс істеуінің нәтижесі 1-ші қадамда анықталған барлық мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Оқыту үрдісін жоба әдісін пайдаланып ұйымдастырудың әрбір білім алушы өтуге міндетті кезеңдеріне тоқталайық. Ұсынылатын оқыту үрдісі моделінің әрбір кезеңі нәтижесінде программалау бойынша білім, іскерлік, дағдыларды игерудің жоғары деңгейінің қалыптасуына бағытталған белгілі бір мақсаттарға, үрдістік сипаттамалар мен мазмұнға ие.

1 кезең. Бастапқы-орнатушылық.

Мақсаты: проблемалық жағдайды ұйымдастыру, жобаны таңдау, оның талаптарын анықтау.

Кезеңнің мазмұны:

- проблемалық жағдайды ұйымдастыру. Жүзеге асырылуы қарастырылатын проблеманы шешетін жобаны таңдау;

- функционалды мүмкіндіктері мейлінше төмен жоба үлгісін ұсыну (кезеңнің бұл бөлімі міндетті емес);

- жоба талаптарын жалпы түрде құрастыру немесе көрсету.

2 кезең. Бастапқы-диагностикалық.

Мақсаты: жобаны жасауға қажетті программалау тілдері мен әдістері туралы білімді өзектендіру.

Кезеңнің мазмұны:

- белгілі тілдік құрылымдарды қайталау;
- программалау әдістері бойынша білімдерді өзектендіру.

3 кезең. Мазмұндық-жоспарлық.

Мақсаты: оқылатын тілдің негіздерін (лексемалар, программа құрылымы, деректер типтері) рационалды және логикалық түрде ұғыну, білім алушы үшін сәйкес функционалды мүмкін кеңістікті және оқу-танымдық қызмет мотивациясын өзгерту.

Кезеңнің мазмұны:

- жобаны жасау барысын жетілдіру мақсатында белсенді танымдық іс-әрекет мотивациясын дамыту;
- жоба бөлігін жасауға қажетті білім, іскерлік, дағдыны анықтау және оны жүзеге асыруға қажетті программалаудың оңтайлы әдістерін таңдау;
- алынған білім негізінде жоба талаптары элементтерін нақтылай отырып, оқыту үрдісін ұйымдастыру.

Бұл кезең білім алушылар іс-әрекетін ұйымдастырудың келесі формалары мен әдістерін қолдануды көздейді: үрдісті мотивациялық қамтамасыз ету, программалаудың негізгі идеяларын ғылыми және логикалық негіздеу, құрылымдық элементтерді ерекшелеу, теориялық материалдың жеке компоненттерінің сызбаларын жасау, алынған сызбаларды қолда бар сызбалармен салыстыру, сабақты ұйымдастырудың сұхбаттық формасы (топтық дискуссиялар, жобалардың топтық формалары, т.б.), бар білім негізінде программалау тренингі.

4 кезең. Мазмұндық-технологиялық.

Мақсаты: жобаның ішкі міндеттерін жүзеге асыру, оларды бөліктерге біріктіру; үлкен программалық жобаларды жасауда жаңа білімді пайдалану, программалаудың жаңа әдістерін айқындау.

Кезеңнің мазмұны:

- программалауды үйрету үрдісін алынатын білімдерді жоба бөліктерінің жеке міндеттерін жүзеге асыруда пайдалана отырып ұйымдастыру, жаңа ұғымдық аппарат қалыптастыру;
- жоба талаптарында анықталған проблеманы шешудің үлгілерін игеру және өзіндік формаларын іздеу;
- жоба бөліктерінің ішкі міндеттерін жүзеге асыру, алынған шешімдерді бөліктерге біріктіру, бөліктерді жобаға біріктіру.

Бұл кезең білім алушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастырудың келесі формалары мен әдістерін пайдалануды көздейді: бір жоба шеңберінде білім алушылардың бірігіп жұмыс істеуін ұйымдастыру, тілдің жаңа құрылымдық компоненттерін, программалаудың жаңа әдістері мен формаларын анықтау, программалаудың жаңа және ескі амалдарының арасынан таңдау жасау жағдайын ұйымдастыру, қандай да бір әрекетті жүзеге асыруға және қолдауға бағытталған функцияларды (процедураларды, ішкі программаларды, кластарды, т.с.с.) тұрғызу нұсқаларын бірігіп таңдау және көрсету, т.б.

5 кезең. Аралық-түзетушілік.

Мақсаты: үрдісті алдыңғы кезеңдердің кез келгеніне қайтып оралу мүмкіндігін қамтамасыз етіп аралық бақылау және түзету; білім, іскерлік, дағдыларды игеруді бақылау.

Кезеңнің мазмұны:

- білім алушылардың білім, іскерлік, дағдылары деңгейін тексеру;
- жасалынған бөліктердің жоба талаптарына сәйкестігін тексеру.

6 кезең. Қорытынды-бағалаушылық.

Мақсаты: жүзеге асырылған программалық жобаны қорытынды-бағалаушылық бақылау; білім, іскерлік, дағдыны игеруді бақылау.

Кезеңнің мазмұны:

- білім алушылардың білім, іскерлік, дағдылары деңгейін тексеру;
- жасалынған программалық жобаны қорғау және бағалау.

Білімгерлердің жобалық қызметінің міндеттері:

- білімгерлердің теориялық білімдері мен дағдыларын жүйелендіру, бекіту және тереңдету;
- практикалық дағдыларды бекіту және дамыту;
- білімгерлердің танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту;



- шығармашылық ойлауды, өзін-өзі дамыту қабілеттерін, өзін-өзі жетілдіруді қалыптастыру.

Қарастырылған міндеттерге сәйкес оқыту үдерісінде оқылатын оқу пәндерінің спецификасына, білімгерлердің дайындық деңгейіне қарай әртүрлі жобалар қолданылады.

Е.С. Полат жобалық қызметті ұйымдастыру жобаның түріне тікелей байланысты деп жазады және келесі негізгі жобалар түрлерін анықтайды [ 2, 44 бет]:

- Тұжырымдамалық аппаратты анықтайтын ғылыми-зерттеу жұмыстары болып табылатын ғылыми жобалар.
- Кез келген тұжырымдарды, нәтижелерді анықтау үшін қажетті ақпаратты жинауға, талдауға және жинақтауға бағытталған ақпараттық жобалар.
- Білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған шығармашылық жобалар.
- Компьютерлік коммуникация негізінде білім алушылардың бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық қызметін білдіретін телекоммуникациялық (ақпараттық) жобалар.
- Қолданбалы жобалар - қатысушылардың қызметі әуел бастан нақты белгіленген, олардың әлеуметтік мүдделеріне бағытталған; айқын құрылымға, сценарийге, бөлінген рөлдерге ие.

Технологиялық сызба мен карта жоба әдісін пайдаланып программалау негіздерін оқытуды әрбір технологиялық кезеңде бақыланып отыратын технологиялық талаптарды сақтау жағдайында жаңғырту қасиетіне ие қандай да бір педагогикалық үрдістік жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Программалау технологиясы» пәнін оқытуда білімгерлерге жоба әдісінің негізінде «Массивтер» тақырыбы бойынша лабораториялық жұмысты 1-ші кестеге сәйкес ұйымдастыруға болады.

Кесте 1. Жоба әдісінің көмегімен сабақты ұйымдастыру

Кезең №	Кезеңнің атауы	Кезеңдегі жұмыс мазмұны	Білімгерлердің іс-әрекеті	Оқытушының іс-әрекеті
1.	Дайындық	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Жобаның тақырыбы мен мақсаттарын анықтау.</li> <li>Жобаның тақырыбы: С++ тілінде массивтермен жұмыс істеу.</li> <li>Мақсаты: есептер шығаруда бір өлшемді, екі өлшемді массивтермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.</li> <li>▪ Жұмыс топтарын анықтау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Жоба тақырыбын оқытушымен талқылау;</li> <li>▪ Қажетті қосымша ақпарат алу;</li> <li>▪ Мақсатты анықтау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Жобалық қатынастың мағынасымен таныстыру және білімгерлерді ынталандыру;</li> <li>▪ Әрбір топқа жеке тапсырмалар беру;</li> <li>▪ Жобаның мақсатын қоюға көмектесу;</li> <li>▪ Білімгерлердің іс-әрекеттерін бақылау</li> </ul>
2.	Жоспарлау	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Ақпарат көздерін анықтау. Ақпаратты жинау мен талдау тәсілдерін анықтау.</li> <li>▪ Нәтижені (есептерді шығару алгоритмі мен бастапқы кодтары) көрсету тәсілдерін анықтау (жоба формасы).</li> <li>▪ Жобалық іс-әрекет нәтижелерін бағалау критерийлерін орнату.</li> <li>▪ Есептерді (міндеттерді) топ мүшелерінің арасында межелеу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Есепті қалыптастыру. Іс-әрекет жоспарын жасау.</li> <li>▪ Жобалық іс-әрекеттің сәттілігін бағалаудың өзіндік критерийлерін таңдау және негіздеу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Қажет болғанда кеңестер беру.</li> <li>▪ Білімгерлердің іс-әрекеттерін бақылау.</li> </ul>

3.	Зерттеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Ақпаратты жинау және нақтылау, аралық есептерді шешу.</li> <li>▪ «Миға шабуыл» әдісімен баламаларды талқылау.</li> <li>▪ Тиімді нұсқаны таңдау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Зерттеуді орындау.</li> <li>▪ Аралық есептерді шешу</li> </ul>	Бақылау, кеңестер беру, білімгерлердің іс-әрекеттерін бағыттау
4.	Нәтижелерді/қорытындыларды тұжырымдау	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Ақпаратты талдау.</li> <li>▪ Қорытындыларды тұжырымдау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Зерттеуді орындау және аяқтау.</li> <li>▪ Алынған ақпаратты талдау.</li> <li>▪ Жобаны безендіру</li> </ul>	Кеңес беру іс-әрекеті
5.	Жобаны қорғау	Баяндама дайындау: жобалау процесін негіздеу, алынған нәтижелерді ұсыну	Іс-әрекетті ұжыммен (егер жалғыз орындаса өз бетімен) талдауға қатысу	Сұрақ қоятын қатардағы мүше ролі. Қажет болғанда талдау бағытын береді
6.	Нәтижелерді бағалау	Қол жеткен нәтижелер мен сәтсіздіктерді талдау	Ұсынылған жобаларды бағалау процесіне қатысу	Білімгерлердің жобаны орындауға жұмсаған күш-жігерлерін, нәтиженің сапасын, жұмыстағы креативтілікті бағалау

«Программалау технологиясы» пәнінде кез келген тақырып бойынша жоба әдісін пайдалануға болады. Қайталау операторын өткен кезде, мысалы, «Натурал сандағы цифрлар саны», «Санның дәрежесін анықтау» жобаларын ұсынуға болады. Бұл жұмыстардың мақсаты – C++ программалау тілінде қайталау операторларын пайдалануды меңгеру болып табылады. Жұмысты орындау барысында білімгер кез келген цикл түрін пайдалануына болады. Жоба жеке түрде орындалады және оған 2 сағат беріледі.

Жоба бір тақырыпты, бір-бірімен байланысты бірнеше тақырыптарды немесе толық тақырыптық модульді зерттеуге арналған болуы мүмкін, сондықтан жобаның тұжырымдамасы бір немесе одан да көп нақты тапсырмалар түрінде шешілуі және тұжырымдалуы қажет болатын кейбір жалпы мәселерден туындайды. Жобаны ойластырған кезде, оқытушы, ең алдымен, есептің, тапсырманың қойылымын, одан шығатын міндеттерді анықтайды, оларды шешудің ықтимал жолдарын, нақты нәтижелерді ойластырады.

Сонымен, жоба әдісі оқытушыларға білім берудің жаңа мазмұнын іздеуге және жаңа әдістемелік шешімдерді игеруге мүмкіндік береді, ал білімгерлерге танымдық қызметті жандандыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға, тәуелсіздікті дамытуға, жеке қасиеттердің өсуі және оны қазіргі заманғы қоғамның талаптарына сай жоғары білікті маманның қалыптасу механизмі ретінде университеттің оқу үдерісінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоба әдісі ұғымына жан-жақты талдау жүргізе отырып, студенттердің жобалық қызметін ұйымдастыру білімді өз бетімен меңгеруге, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталады деген қорытынды жасауға болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Толковый словарь русского языка, 1992.-734с.
- 2 Метод проектов. Серия «Современные технологии университетского образования»; выпуск 2 / Белорусский государственный университет. Центр проблем развития образования. Республиканский институт высшей школы БГУ. - Мн.: РИВШ БГУ, 2003.- 240 с.
- 3 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учебное пособие для студентов педагогических вузов и системы повышения квалификации педагогических кадров / Е. С. Полат и др.; под редакцией Е. С. Полат. – М. : Издательский центр «Академия», 2002.
- 4 Кодиров К., Мирзоев А. Дидактические аспекты применения информационных технологий обучения в вузе. — Душанбе, 2006.- 136с.
- 5 Колесникова И.А., Горчакова-Сибирская М.П. Педагогическое проектирование: учебное пособие для высших учебных заведений. – М.: Издательский центр "Академия", 2005. – 312 с.

УДК 378:37.016  
МРНТИ 14.35.07

Б.Д. Сыдыхов<sup>1</sup>, Д.У. Ыдырысбаев<sup>2</sup>, А.Қ. Мошқалов<sup>3</sup>

<sup>1</sup> п.ғ.д., доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті,  
Шымкент қ. Қазақстан

<sup>3</sup> PhD, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

## БІЛІМДІ АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекеттерінде АКТ қолдануға оқытудың әдістемелік жүйесі нақты технологияларды қолдануды оқып-үйренумен қатар, мұғалімнің бойында өзінің кәсіби іс-әрекетінде цифрлық технологияларды таңдау мен қолданудың әдістемелік ыңғайларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл оған өз кезегінде педагогикалық тұрғыда маңызды оң нәтижелерге жету және оқу-тәрбие үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін қажет болып табылады. Бұл әдістемелік жүйенің өте мәнді қасиеті, себебі қоғамды ақпараттандыру жағдайында цифрлық технологиялар жылдам өзгеріске ұшырап отырады. Білімді ақпараттандыру жағдайында мұғалімнің алдында АКТ құралдарын қолдану негізінде оқытудың әдістері мен құралдарын және оқушылардың практикалық және танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдерін жетілдіру; оқу-тәрбие үдерісін басқаруды ұйымдастыру; ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыруды автоматтандыру және т.б. міндеттер тұрады. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің бойында алатын білімдеріне сыни қарым-қатынасты, яғни кез-келген білімнің тез ескіріп қалатындығын ұғыну қабілетін қалыптастыру қажет. Болашақ мұғалімдерді жұмыстың ұжымдық түріне үйрету қажет, олар зерттеу жұмыстарына жұмылдырыла отырып, оқытудың әртүрлі әдістері мен әдістемелерін қолдануға және олардың тиімділігін түсінуге дайын болуы тиіс. Білімді ақпараттандыру білім беру орталарының тұрақты түрде өзгеруіне, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына іс-әрекеттің (ақпараттық) жаңа түрлерін әрқашан игеріп отыру қажеттілігіне алып келеді. Сондықтан болашақ мұғалімдерді дайындауға талаптар өзгеріске ұшырап отырады, ал мұғалімнің біліктілігін үздіксіз арттыру кәсіптің қажетті элементі болып табылады. Нәтижесінде болашақ мұғалімдерді дайындау біздіңше, былайша құрылуы, яғни мұғалім болашақ азаматтарды шешуші ролді ақпарат, ғылыми білім және инновация атқаратын қоғамда өмір сүру жағдайларына дайындай алуы қажет.

**Түйін сөздер:** білімді ақпараттандыру, оқытудың әдістемелік жүйесі, кәсіби іс-әрекет, цифрлық технологиялар, цифрлық білім қорлары, болашақ мұғалімдерді дайындау.

### Аннотация

Б.Д. Сыдыхов<sup>1</sup>, Д.У. Ыдырысбаев<sup>2</sup>, А.Қ. Мошқалов<sup>3</sup>

<sup>1</sup> д.п.н., доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup> докторант, Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, г.Шымкент, Казахстан

<sup>3</sup> PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К ПРИМЕНЕНИЮ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В УСЛОВИЯХ ИНФОРМАТИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

В условиях информатизации методическая система обучения будущих учителей использованию ИКТ в профессиональной деятельности должна быть ориентирована не столько на изучение использования конкретных технологий, сколько на формирование у учителя методического подхода к отбору и использованию в профессиональной деятельности цифровых технологий для достижения педагогически значимого для него результата в контексте обеспечения доступности, улучшения качества и повышения эффективности учебно-воспитательного процесса. Это очень важное свойство методической системы, так как в условиях информатизации цифровые технологии быстро меняются. Перед учителем в условиях информатизации образования стоят задачи совершенствования методов, средств обучения и способов организации практической и познавательной деятельности учащихся на основе использования средств ИКТ; организации управления учебно-воспитательным процессом; автоматизации информационно-методического обеспечения и др. У будущих учителей необходимо формировать критическое отношение к получаемым знаниям и способность понимать, что любые знания быстро устаревают. Будущих учителей необходимо обучать коллективным формам работы, они должны привлекаться к исследовательской деятельности, быть готовыми использовать различные методики и методы преподавания и понимать их эффективность. Информатизация образования приводит к

перманентному изменению образовательной среды и необходимости постоянного освоения новых видов деятельности (информационных) всеми участниками образовательного процесса, поэтому требования к подготовке будущих учителей будут постоянно изменяться, и непрерывное повышение квалификации учителя будет необходимым элементом профессии. В конечном итоге, подготовка учителей должна быть построена таким образом, чтобы учитель смог подготовить будущих граждан к условиям жизни в обществе, где решающую роль будут играть информация, научные знания и инновации.

**Ключевые слова:** информатизация образования, методическая система обучения, профессиональная деятельность, цифровые технологии, цифровые образовательные ресурсы, подготовка будущих учителей.

*Abstract*

**THEORETICAL FEATURES OF THE TRAINING OF FUTURE TEACHERS IN THE USE OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE CONDITIONS OF INFORMATIZATION OF EDUCATION**

*Sydykhov<sup>1</sup> B.D., Ydyrysbayev<sup>2</sup> D.U., Moshkalov<sup>3</sup> A.K.*

<sup>1</sup> *Dr.Sci.(Pedagogical), Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *PhD student of M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan*

<sup>3</sup> *PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

In terms of informatization, the methodical system of teaching future teachers to use ICT in professional activities should be focused not so much on studying the use of specific technologies, but on shaping the teacher's methodical approach to selecting and using digital technologies in professional activities to achieve a pedagogically meaningful result in the context of providing accessibility, improving the quality and efficiency of the educational process. This is a very important feature of the methodical system, since in the conditions of informatization digital technologies are changing rapidly. In the conditions of informatization of education, the teacher is faced with the task of improving methods, means of learning and ways of organizing practical and cognitive activity of students through the use of ICT tools; management organization of the educational process; automation of information and methodological support, etc. Future teachers need to form a critical attitude to the knowledge they receive and the ability to understand that any knowledge is quickly becoming obsolete. Future teachers need to be trained in collective forms of work, they should be involved in research activities, be prepared to use various teaching methods and methods, and understand their effectiveness. Informatization of education leads to a permanent change in the educational environment and the need for constant development of new activities (informational) by all participants in the educational process, therefore, the requirements for training future teachers will constantly change, and continuous professional development of teachers will be an essential element of the profession. Ultimately, teacher training should be structured in such a way that the teacher can prepare future citizens for living conditions in a society where information, scientific knowledge and innovation will play a decisive role.

**Keywords:** informatization of education, methodical system of education, professional activity, digital technologies, digital educational resources, training of future teachers.

Қазіргі кезде елімізде әлемдік ақпараттық-білім кеңістігіне кіруді көздеген білім берудің жаңартылған жүйесі қалыптасуда. Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіс екеніміз айтылған. Сондай-ақ, 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керектігі назарға алынған [1]. Елімізде жаңа технологияны жетік меңгере түсу үшін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы қабылданып, ол 4 бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз етіп, Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Екінші бағыт – көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және электронды сауда экономиканың салаларына цифрлы технологияны ендіру. Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру және төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау [2].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесі алдында білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын білім беру ұйымдарында электрондық оқыту жүйесін қолдану арқылы үздік білім беру ресурстары мен технологиялармен бірдей қамту тапсырмасы қойылып тұр [3]. Қойылған тапсырманы шешу арқылы оқыту сапасы, білім беруді басқару тиімділігі, сыртқы ортамен ақпараттық интеграция артады. Ал цифрлық білім беру ресурстары білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады.

Біздің заманның ерекше қырына айналып отырған, қоғамды ақпараттандыру еңбекті ұйымдастыру мен оның сипатын өзгертуге және экономикалық даму парадигмасының алмастыруға алып келді. Бұл

кезде еліміздің экономикалық дамуын және оның әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтайтын негізгі қор зияткерлік-білім потенциалы болып отыр. Сондықтан болашақ мұғалімдерге мемлекет тарапынан қойылып отырған әлеуметтік талаптар маңызды өзгерістерге ұшырауда. Сәйкесінше білім берудің жаңа мақсаттары қалыптасуда, ал мұғалімнің ролі әлемдік қауымдастық алдында осы аталған мәселелерді шешуде айрықша орынға ие болып отыр.

Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді кәсіби іс-әрекеттерінде АКТ қолдануға оқытудың әдістемелік жүйесі нақты технологияларды қолдануды оқып-үйренумен қатар, мұғалімнің бойында өзінің кәсіби іс-әрекетінде цифрлық технологияларды таңдау мен қолданудың әдістемелік ыңғайларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл оған өз кезегінде педагогикалық тұрғыда маңызды оң нәтижелерге жету және оқу-тәрбие үдерісінің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін қажет болып табылады. Бұл әдістемелік жүйенің өте мәнді қасиеті, себебі қоғамды ақпараттандыру жағдайында цифрлық технологиялар жылдам өзгеріске ұшырап отырады.

Білім берудегі цифрлық технологиялардың көмегімен студенттерге ақпараттық-білімді жеткізіп қана қоймай, оны алуға да болады. Цифрлық технологиялар кез келген жерде және кез келген уақытта оқытуға мүмкіндік береді, бұл оларды білім беру үдерісіндегі оқу материалдарын оқытудың аса қуатты құралына айналдырады. Зерттеуші мамандардың ойынша, білім берудегі цифрлық технологиялар оқыту ісіне жаңашылдық енгізуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологиялар балаларға белсенді әрі тәуелсіз оқушы болуға көмектесіп, бір-бірінен үйренуге, аса мол ақпаратқа-білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларға білім беру қорларына қол жеткізуге мүмкіндік беретін құрал деп қарауға болады. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың қарқынды үрдісі цифрлық технологияларды көптеген сабақтарда қолдануға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды пайдаланудың арқасында білім беру үрдісіне қолдау жасалады, пәндік саланың оқыту шарттары мен ерекшелігін ескере отырып, білім берудің ағартушылық, дамытушылық және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асыруға жағдай жасалады, оқыту үдерісінің мазмұндық және бағалау-бақылау жақтарын толықтыра түсуге болады.

Цифрлық технологиялардың өзіне тән ерекшеліктері ЖОО-да білім беру мақсаттарын жүзеге асырудағы оның орнын бағалауға мүмкіндік береді. Біріншіден, цифрлық технологиялар материалды оқып-білудің мазмұны мен әдістемесін толықтырады, ол студенттің сезімдік тәжірибесін байытып, жүйлендіру мүмкіндігін арттырады. Әсіресе, шынайы оқу жағдайында материалды қабылдау мүмкін емес немесе қиындық тудыратын кездерде.

Екіншіден, цифрлық технологиялар оқуда қиындықтарға кезігетін студенттерді де, озат студенттерді де жеке-дара оқыту үдерісі үшін жағдай жасайды.

Үшіншіден, баспа оқулықтарына қарағанда көрнекілік деңгейі айтарлықтай жоғары. Өйткені жоғары деңгейдегі бұл көрнекілік анимация, дыбыс, видеоүзінділер көмегімен орындалады.

Бұған қоса, цифрлық технологиялар арқасында мұғалімнің жағымды зияткерлік оқыту ортасын жасауға мүмкіндігі пайда болады, бұл үлгерімі жақсы студенттер үшін аса қажет.

Цифрлық технологияларды қолдана отырып оқытушы мынадай мақсаттарды көздейді: біріншіден, оқытудың негізгі құралдарына мазмұндық және технологиялық қолдау жасау, білім қалыптастырудың көрнекілік негізін күшейту. Екіншіден, білім алушылардың жалпы мәдениетін, білімпаздығын қалыптастыру, жағымды зияткерлік оқыту ортасын жасау. Үшіншіден, студенттердің ақпараттық-цифрлық мәдениетін қалыптастыру, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру. Төртіншіден, студенттердің танымдық қызығушылықтарын дамыту, мамандыққа баулитын пәндерді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сонымен, білім беру жүйесін ақпараттандыру қазақстандық білім беру үшін үлкен алғышарттар ашады. Соңғы жылдары компьютерлік, телеқатынастық техника мен технологиялардың қоғам өміріндегі ролі мен орнында түбегейлі өзгерістер болды. Ақпараттық-цифрлық және телеқатынастық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу және жазу қабілеті сияқты сапалармен бір қатарға және әрбір адам үшін қажетті шартқа айналды. Алынған білім мен дағдылар бұдан әрі көптеген жағдайда қоғамның даму жолдарын анықтайды.

Жалпы алғанда білім беру жүйесін ақпараттандыру әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады [4].

Оның басты міндеттері ақпараттық технологияның келесі артықшылықтарын тиімді қолдану болып отыр:

- әрбір индивидке өз бетімен білім алу, өзіндік даму траекториясын қамтамасыз ететін ашық білім жүйесін құру мүмкіндігі;
- таным қызметін жүйелі ойлауға нақты бағыттау арқылы оны ұйымдастыру қызметімен бірге түбегейлі өзгерту;
- білімді ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету нәтижесінде басқарудың тиімді жүйесін жасау;
- оқу үрдісі барысында үйренушілердің танымдық әрекеттерін тиімді ұйымдастыру;
- ақпараттық технологиялардың өзіне тән қасиеттерін қолдану;
- әдістемелік-ұйымдастырушылық (оқушылар мен мұғалімдерге нұсқау, оқу үрдісін ұйымдастыру);
- пәннің білімдік саласы.

Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін қолданудың білім алушыға берер мынандай тиімділіктері аңғарылды:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан- жақты жетілдіреді, дамытады;
- өз бетінше сарамандық тапсырмаларды орындайды;
- тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;
- пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;
- ойлау, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;
- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізеді;
- түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап, өзінің алған білімін тексереді;

Білімді ақпараттандыру жағдайында мұғалімнің алдында АКТ құралдарын қолдану негізінде оқытудың әдістері мен құралдарын және оқушылардың практикалық және танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру тәсілдерін жетілдіру; оқу-тәрбие үдерісін басқаруды ұйымдастыру; ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыруды аутоматтандыру және т.б. міндеттер тұрады [5].

Атап айтқанда, оқыту үдерісінде цифрлық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын келесі міндеттерді атап көрсетуге болады [6, 7]:

1) Мұғалімнің сабаққа дайындалуына көмек ретінде:

- сабақты жекелеген цифрлық объектілерден жинақтау және моделдеу;
- пән туралы білімдерін тереңдетуге арналған қосымша және анықтамалық материалдардың болуы;
- цифрлық білім қорлары кешенінен ақпаратты тиімді түрде іздеу;
- бақылау және өзіндік жұмыс тапсырмаларын дайындау;
- шығармашылық тапсырмаларды дайындау;
- цифрлық объектілермен байланысты сабақ жоспарларын дайындау
- Интернет көмегімен іс-әрекет нәтижелерін басқа мұғалімдермен алмасу.

2) Сабақты өткізу барысында мұғалімге көмек көрсету:

- дайындалған цифрлық объектілерді мультимедиялық проектор көмегімен демонстрациялау;
- фронтальды лабораториялық жұмыстар режимінде виртуальды лабораторияларды және интерактивті моделдер жиынтығын қолдану;
- білім алушыларды компьютерлік тестілеу және білімді бағалауда көмектесу;
- сабақта цифрлық білім қорларының көмегімен оқушылардың жеке зерттеу және шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.

3) Оқушыларға үй тапсырмаларын орындауда көмек көрсету:

- материалды ұсынудың жаңа формасын қолданып оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;
- кез-келген ыңғайлы кезде оқушылардың аутоматтандырылған өзіндік бақылауын ұйымдастыру;
- баяндамалар, рефераттар, тұсаукесерлер дайындауға арналған объектілердің ауқымды қорының болуы;
- энциклопедиялық сипаттағы қосымша ақпаратты жедел алу мүмкіндігінің болуы;
- пәнді виртуал ортада оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- оқушының жеке-дара қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес, оқу материалын игерудің өзі таңдаған деңгейін, оған ыңғайлы қарқында пәнді оқып-үйренуге көмек көрсету;
- оқушыларды заманауи ақпараттық технологияларға икемдеу, ақпараттық технологияларды меңгеру және онымен тұрақты түрде жұмыс істеуге қажеттіліктерін қалыптастыру.

Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің бойында алатын білімдеріне сыни қарым-қатынасты, яғни кез-келген білімнің тез ескіріп қалатындығын ұғыну қабілетін қалыптастыру қажет. Болашақ мұғалімдерді жұмыстың ұжымдық түріне үйрету қажет, олар зерттеу жұмыстарына жұмылдырыла отырып, оқытудың әртүрлі әдістері мен әдістемелерін қолдануға және олардың тиімділігін түсінуге дайын болуы тиіс. Білімді ақпараттандыру білім беру орталарының тұрақты түрде өзгеруіне, сондай-ақ білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына іс-әрекеттің (ақпараттық) жаңа түрлерін әрқашан игеріп отыру қажеттілігіне алып келеді. Сондықтан болашақ мұғалімдерді дайындауға талаптар өзгеріске ұшырап отырады, ал мұғалімнің біліктілігін үздіксіз арттыру кәсіптің қажетті элементі болып табылады. Нәтижесінде болашақ мұғалімдерді дайындау біздіңше, былайша құрылуы, яғни мұғалім болашақ азаматтарды шешуші ролді ақпарат, ғылыми білім және инновация атқаратын қоғамда өмір сүру жағдайларына дайындай алуы қажет.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы. Астана, 2017.
- 2 "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы. ҚР үкіметі бекіткен №827, 12.12.2017.
- 3 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, 2010.
- 4 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Полат Е.С. М., Просвещение. 1999.
- 5 Бидайбеков Е.Ы., Гринишкун В.В., Камалова Г.Б., Исабаева Д.Н, Бостанов Б.Ф. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. Оқулық. – Алматы, 2014.
- 6 Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2015. -32 б.
- 7 Конева С.Н., Байдрахманова Г.А. Принципы отбора содержания цифрового портфолио по компьютерной графике в условиях цифровизации образования. Вестник КазНПУ им.Абая. Серия «Физико-математические науки». №4 (64), 2018. – С.155-160.

**УДК 378.14**  
**МРНТИ 14.35.09**

*Б.К. Тульбасова*

*п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**ФУНКЦИЯ ГРАФИГІН ТҰРҒЫЗУДА MATHCAD КОМПЬЮТЕРЛІК ЖҮЙЕСІН  
ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ**

*Аңдатпа*

Мақала математикалық есептерді шешуде MathCad компьютерлік жүйесін қолдану әдістемесіне арналған, дәлірек айтқанда декарттық координата жүйесінде функция графигін тұрғызу әдістемесі қарастырылған. Көбіне математикада алынған нәтижені графигтік түрде көрсеткен қолайлы болғандықтан, осы мәселені шешуде MathCad жүйесіндегі графигтер панелін қолданған өте ыңғайлы. Осыған орай, студенттерді жоғары оқу орындарында компьютерлік жүйелерді пайдалануға үйрету кәсіптік оқытудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Педагогикалық жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларында осы міндеттерді шешуге көңіл бөлінген. Компьютерлік жүйелерді тиімді пайдалану ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы құзыреттілікті ғана емес, сонымен қатар компьютерлік жүйе қолданылатын пәннің мазмұнын түсінуге де мүмкіндік береді. Мақалада осы мәселелерді шешудің жолдары мен әдістемесі нақты мысалдар арқылы түсіндірілген.

**Түйін сөздер:** MathCad компьютерлік жүйесі, функция графигі, графиг тұрғызу шебері, математикалық есептер.

*Аннотация*

*Б.К. Тульбасова*

*к.п.н., доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

### **МЕТОДИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНОЙ СИСТЕМЫ MATHCAD ПРИ ПОСТРОЕНИИ ГРАФИКА ФУНКЦИИ**

Статья посвящена вопросу методики использования компьютерной системы MathCad при решении математических задач, в частности в построении графиков функции в декартовой системе координат. Так как в математике часто удобнее полученное решение вывести в графическом виде. В этой связи, в высших учебных заведениях обучение студентов использованию компьютерных систем, является одним из задач профессиональной подготовки. В образовательной программе в высших педагогических учебных заведениях решению этой задачи уделено особое внимание. Эффективное использование компьютерных систем обеспечивает не только компетентность в информационнокоммуникационных технологиях, но и дает возможность более наглядно понять содержание данной дисциплины. Для решения этой задачи в MathCad удобнее использовать панель графиков. А также, в статье приведены примеры, решающие именно эти поставленные задачи.

**Ключевые слова:** компьютерная система MathCad, график функции, мастер построения графика, математические задачи.

*Abstract*

### **METHOD OF USING MATHCAD COMPUTER SYSTEM WITH BUILDING GRAPHICS FUNCTION**

*Tulbassova B.K.*

*<sup>2</sup>Cand.Sci. (Pedagogical), Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

The article is devoted to the question of how to use the computer system MathCad in solving mathematical problems, in particular in the construction of graphs of a function in the Cartesian coordinate system. Since in mathematics it is often more convenient to derive the resulting solution graphically. In this regard, in higher education institutions, the training of students in the use of computer systems is one of the tasks of vocational training. In the educational program in higher pedagogical educational institutions special attention is paid to the solution of this problem. The effective use of computer systems provides not only competence in information and communication technologies, but also provides an opportunity to more clearly understand the content of this discipline. To solve this problem in MathCad it is more convenient to use the graph pane. And also, in the article are examples that solve exactly these tasks.

**Keywords:** MathCad computer system, function graph, graph wizard, math problems.

Математикалық білім, жалпы мәдениеттің негізгі элементінің бірі болғандықтан, болашақ мектеп мұғалімдерін даярлауда оның алатын орны ерекше. Осыған орай, болашақ мектеп мұғалімдерін, жоғары оқу орындарында компьютерлік жүйелерді пайдалануға үйрету кәсіптік оқытудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Педагогикалық жоғары оқу орнының білім беру бағдарламаларында осы міндеттерді шешуге көңіл бөлінген. Сондықтан, «Математикалық моделдеу және Mathcad пакетін қолдану әдістері» пәні магистранттарды даярлаудағы кәсіптік цикл пәні ретінде өтіледі және де оның мазмұны, ең алдымен магистранттардың компьютерлік технологиялар көмегімен мектеп курсының мәселелерін шешуге қабілеттілігін дамытуға, сондай-ақ белгілі бір есептерді шешуде қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдауға мүмкіндік береді.

Пәннің шеңберінде мектеп курсының әртүрлі тақырыптары қарастырылады: функциялардың графиктерін декарттық және полярлық жүйеде тұрғызу есептері; математикалық талдау элементтеріне арналған есептер (функцияларды зерттеу элементтері: функцияның анықталу және мәндер облыстарын анықтау, функциялардың нөлдерін, монотондылық интервалдарын анықтау, функцияның дөңестігін анықтау, функцияның асимптотасын табу т.с.с.); салу есептері; геометрия, алгебра, физика, экономика есептері мысалдарына алгебралық теңдеулер құру.

Математика курсына ең басты тақырыптардың бірі, функциялардың графиктерін декарттық және полярлық жүйеде тұрғызу болып табылады. Осы тақырып үшін Mathcad пакетін қолдану пәннің көрнекілігін жақсарта түседі. Күрделі математикалық есептерді шешу, графиктерді көрнекі түрде бейнелеу, кейбір есептеулерге кететін уақыт көлемін қысқарту үрдістерін, математикалық компьютерлік жүйелерді оқу үрдісінде қолданудың елеулі артықшылықтарына жатқызуға болады. Компьютерлік жүйелерді тиімді пайдалану ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы құзыреттілікті ғана емес, сонымен қатар компьютерлік жүйе қолданылатын пәннің мазмұнын түсінуді




де талап етеді. Мәселен, MathCAD жүйесін пайдалану кезінде математиканы білу қажет, сонда ғана бұл жүйені толық қарқында қолдануды қамтамасыз етуге болады.


Әрбір компьютерлік жүйенің интерфейсінің өз ерекшеліктері болады, атап айтқанда, деректерді өңдеу әдістерінде, орындалатын процедураларында, ақпаратты енгізу және нәтижелерді шығару әдістерінде және т.с.с. Ғылым мен техниканың әр түрлі салаларында көптеген математикалық есептерді шешуді автоматтандыруға арналған, соның бірі, танымал компьютерлік MathCAD жүйесінің айрықша ерекшелігі, математикалық формулалар мен рәміздер түрінде берілген есеп шешімінің математикалық алгоритмдерін, түсіндірме мәтінді және сандар, кестелер, графиктер түрінде кескінделген нәтижелерді бір жұмыс құжатына біріктіру болып табылады.


Графикалық жүйелердің құралдары қолданылуда өте қарапайым және көрнекі кескінделген. MathCAD жүйесі пайдаланушы интерфейсіндегі қолайлылық және графиканың қарапайымдылығына ие болғанымен, оны дұрыс қолдануда пайдаланушыға бірқатар талаптар қойылады [1].

MathCAD жүйесінде есептің шешімін графикалық түрінде алу өте қолайлы, ол үшін графиктер панелін қолдану тиімді. Панелде әртүрлі типтегі графиктерді құруға арналған жеті батырма көрсетілген, оны Insert (қою) мәзірін қолдану арқылы да шешуге болады. Мәзір ішінде Graph сегіз командадан тұратын ішкі мәзірі бар. Барлық графикалық командаларды қарастырып шығайық, мұнда (сурет 1).




Сурет 1. Графиктер панелі

X-Y Plot , «Shift+2» – бір айнымалы функцияның графигін декарттық координата жүйесінде құру.


Polar Plot , «Ctrl+7» – бір айнымалы функцияның графигін полярлық координата жүйесінде құру.


Plot Wizard ... – екі айнымалы функцияның графигін құру командасы. Бұл команданы шақыру барысында қосымша терезе пайда болады, оның ішінде бес түрлі үш өлшемді кеңістіктің графикалық көрінісі көрсетілген: беті, контур, векторлық өріс, үш өлшемді диаграмма және нүктелік график. Бұл жерден кезкелген типтің көрінісін таңдауға болады.

Surface Plot , «Ctrl+2» – екі айнымалы функцияның графигін декарттық координата жүйесінде құру.

Counter Plot , «Ctrl+5» – екі айнымалы функцияның декарттық координаталар жүйелер деңгейі.

3D Scatter Plot  – үш өлшемді кеңістікте нүктелер бейнесі декарттық координата жүйесінде берілген.


3D Bar Plot  – үш өлшемді диаграмма.

Vector Field Plot  – векторлық өріс [2].


Енді нақты мысалдар арқылы көрсетейік.

**Мысал 1.**  $f(x) = x \sin x$  функциясының  $[0, 2\pi]$  кесіндідегі графигін құру керек.

**Шешуі:** Берілген функцияны анықтаймыз. Құжаттың кезкелген жерінде пернетақтамен функцияның атын және жақшаның ішіне аргументін беру керек. Енгізу үшін «екпінді» перне деп аталатын белгісін пайдалануға болады. Ол үшін Shift және «:» екі пернеден тұратын комбинациясын басу керек, яғни Shift пернесін басып ұстап тұрып, қос нүкте пернесін басу керек. Меншіктеу белгісінен кейін оң жағын енгіземіз, нәтижеде аламыз:  $f(x) := x \cdot \sin(x)$

Декарттық координаталар жүйесінің графигін құру маманын  іске қосамыз. Осы үрдісті не графиктер панелінен, не Insert/Graph мәзірінен, не “екпінді” «Shift+2» пернесінің көмегімен орындауға болады. Нәтижесінде тік төртбұрыш пайда болады, оның ішінде квадрат болады.

Графиктер маманының сыртқы тік төртбұрыш нысанының аумағын, ал ішкі – графиктер құру облысы білдіреді. Тік төртбұрыштың сол жақ маркеріне тышқан көрсеткішін алып барамыз, тышқанның сол жағын басып пернетақтаның көмегімен функцияның аты және аргументін жақшаның ішіне  $f(x)$  енгіземіз. Оң жақтағы график Enter пернесін басқаннан кейін немесе график алаңының сырттында тышқанның сол жағын басқанда экранда (сурет 2) график пайда болады.



Сурет 2. Мысал 1 функция графигі

График құру маманы,  $y = f(x)$  функциясының графигін құрды, сонымен қатар барлық параметрлер мәні стандартты мәніне иеленді. Аргумент мәні  $[-10, 10]$  диапазонын қабылдады. Аргумент мәні дұрыс диапазонды қабылдау үшін, тышқан курсорын графиктің ішіне алып барып, сол жақ батырмасын басамыз.

Нәтижесінде, біз функция графигінің қасиеттерін түзету режимін жұмысқа қосамыз. Курсорды жазықтыққа алып барып, ондағы сол жақ шекарасының диапазонын  $-10$ -нан  $0$ -ге өзгертеміз. Содан соң, жазықтықта оң жақ диапазонын  $10$ -нан  $2\pi$ -ге өзгертеміз. Тұрақты  $\pi$  санын қою үшін (Calculator) панеліне барып,  $\pi$  символын басамыз. Функция мәндерін бейнелеу диапазонын да өзгертуге болады. Ол үшін осы диапазонның анықталу облысына барып, біздің мысалдағы  $[-10, 10]$  аралығын  $[-6, 5]$  өзгертеміз.

Аргументтің диапазонын өзгертудің басқа да әдістері бар. Ол үшін, функцияның графигін салмас бұрын аргументтің диапазонын  $x := a_0, a_1..b$  командасы арқылы енгізіп, ондағы  $a_0$  - сол жақ шекарасы, ал  $a_1$  - табуляцияның қадамы,  $b$  -  $x$  диапазонының оң жақ шекарасы.

Мысалы,  $x := -2, -1.9..2$  командасы аргументтің диапазоны  $-2$ -ден  $2$  - ге дейін және график нүктелердің арасындағы  $41$  қадам  $0,1$  дәлдікпен салынады.

Енді шыққан графикті жөндеу керек. Ол үшін графиктің жазықтықтарына барып, тышқанның оң жақ батырмасын басамыз, сонда контекстік мәзірге кіреміз. Пайда болған терезеден Format пунктін тандаймыз. X - Y Axes өстерінде Grid Lines (тор сызықтары) жалаушасын орнатып, қалған барлық жалаушаларды алып тастаймыз. Number of Grid (ұяшықтар саны) алаңында екі өстер бойынша  $5$  санын енгіземіз. Нәтижеде абсцисса мен ордината өстері бойынша бес ұяшықтан тұратын бірқалыпты тор көздері сызылады. Одан кейін Traces кірістіруін басамыз, онда мүмкін  $16$  графиктердің параметрлерін орната аламыз. Біздің тапсырмамызда тек бір trace бар. Оған параметрлер ішінен  $Color = blk$  (қара) графиктің түсін және  $Weight=3$  (сызықтың қалыңдығы) анықтаймыз. Графиктің әр сызығына қолтаңба қоюға болады. Ол үшін Hide Legend және Legend label кірістірулеріндегі жалаушаларды алып тастаймыз, trace1 бірінші сызықтың атауының орнына енгіземіз.

**Мысал 2.** Функцияның графигін салу:

$$F(x) = \frac{2 \cdot x^2 - 4 \cdot x + 3}{x - 2}$$


**Шешуі:** Бұл  $x=2$  нүктесінде екінші ретті үзілісті функция. Вертикаль ассимптотасы бар, функция графигін салу үшін, функцияның өзгеру интервалын қолайлы диапазонда шектеу керек. Берілген графикке ең қолайлы  $x \in [5; 9]$  интервалды аламыз,  $F(x) \in [-20; 20]$ . Вертикаль ассимптотаны салу

үшін (2; 0) нүктесі арқылы өтетін және көлбеу бұрышы өте үлкен болатын  $y=10000(x-2)$  түзу сызықты саламыз.  $y=2x$  түзуі берілген графиктің көлбеу ассимптотасы болып табылады (сурет 3).


**Мысал 3.** Үш функцияның графині тұрғызу керек болсын делік. Атап айтқанда

$$F1(x) = e^x; F2(x) = \sqrt{x^4 + 3x + 2}; F3(x) = x^2 \lg(x^2 + 1); x \in [0; 3].$$

**Шешуі:** Бір диаграммада үш функцияның графині салу үшін декарттық координата жүйесінде бір белгісізі бар функция графині салу шеберін қолданамыз. Ол үшін Shift+2 командасын қолданамыз. Функция атын енгізу алаңында барлық үш функцияны үтір арқылы ажыратып енгізіп шығу керек. Аргументтердің өзгеру диапазоңдарын анықтау алаңында,  $x \in [0; 3]$  мәнін және функция мәнін  $[0, 20]$  енгіземіз. Содан кейін, графикті форматтаймыз, яғни әрбір үш сызықтың түсін, қалыңдығын және т.б. көрсетеміз (сурет 4).



Сурет 3. Мысал 2 функция графині



Сурет 4. Мысал 3 функциялар графині

MathCAD жүйесінде параметрлік түрде берілген функциялардың да графині тұрғызуға болады. Енді соған бір мысал қарастырып өтелік.

**Мысал 4.**  $\begin{cases} x = 4 \cdot \sin(2t) \\ y = 9 \cdot \sin(3t) \end{cases}$  параметрлік түрде берілген функцияның графині тұрғызу керек болсын.

**Шешуі:** Параметрлік қисықты құрайтын  $x(t)$  и  $y(t)$  екі функцияны анықтаймыз.

$$x(t) := 4 \cdot \sin(2 \cdot t); y(t) := 9 \cdot \sin(3 \cdot t)$$

Декарттық координаталар жүйесінде функцияны тұрғызу шеберін қолданамыз. Функция аты алаңында  $y(t)$ , ал аргумент аты алаңында  $x(t)$  енгіземіз. График алаңынан тыс жерге маус көрсеткіші батырмасын басамыз. Нәтижесінде параметрлік түрде берілген функцияның графині салынады (сурет 5).

MathCAD жүйесінде функция графині тек декарттық координаталар жүйесінде ғана емес. Полярлық координаталар жүйесінде тұрғызуға болады. Соған бір мысал қарастырып өтелік.

**Мысал 5.** Полярлық координаталар жүйесінде берілген функцияның графині тұрғызу:

$$r = 2 \sin 2\phi$$

**Шешуі:** Берілген функцияның енгіземіз:  $r := 2 \cdot \sin(2 \cdot \phi)$

Функцияны полярлық координаталар жүйесінде тұрғызу шеберін қолданамыз. Оны үш тәсілдің бірін қолдану арқылы жүзеге асыруға болады.

1) **Insert/Graph** пункт мәзіріне көшеміз және **Polar Plot** командасын шақырамыз.


2) **Graph** – саймандар панелінен қажетті команданы басамыз.

3) «Ctrl+7» енкінді батырманы басу көмегімен функцияның атын енгізу алаңында  $r = 2 \sin 2\phi$  функция атын енгізіп, маустың оң жақ батырмасын басу арқылы контексті мәзірді шақырамыз. График параметрлерін енгіземіз және график алаңынан тыс жерде маус батырмасын басамыз. Бірақ біз график алаңында екі жапырақтың орнына 4 жапырақ көріп тұрмыз. Mathcad панелін құрушылар полярлық координаталар жүйесінде функцияның теріс аргумент мәндерін  $r$  графиктің қарама-қарсы полюсінде көрсеткен. Біз функцияның барлық теріс мәндерін полюсте көрсетеміз де барлық керек емес қисықтарды алп тастаймыз.


Ол үшін программалау элементтерін пайдаланып функцияны былайша етіп өзгертеміз:

$$r(\phi) := \begin{cases} 2 \cdot \sin(2\phi) & \text{if } \sin(2\phi) > 0 \\ 0 & \text{otherwise} \end{cases}$$

Бұл программаны енгізу үшін программалау саймандар панелін қолданамыз. **Add Line** командасының көмегімен екі жолдан тұратын (тік сызық) блокты енгіземіз, содан соң, дәл сол саймандар панелін қолданып, бірінші жолға **if** командасын, ал екінші жолға **otherwise** командасын енгіземіз. Одан кейін тікбұрышты маркерлер орнына қажетті ақпаратты енгіземіз. Нәтижесі сурет 6 көрсетілген.



Сурет 5. Мысал 4 функция графигі



Сурет 6. Мысал 5 функциялар графигі

Mathcad пакеті математикалық есептерді шешуде педагогикалық жоғары оқу орнын бітірушілердің оны өзін-өзі бақылау мен басқару құралы ретінде пайдалануларына мүмкіндік береді. Себебі, бір немесе бірнеше күрделі есептерді аналитикалық жолмен шеше отырып, жауаптың дұрыстығын Mathcad көмегімен тексеру мүмкіндігін пайдалана отырып, бұл пакет түлектің өз бетінше жұмыс жасаудағы тиімді құралдарының біріне айнала алады. Сонымен қатар, Mathcad құралының әдіснамалық құндылығы, функцияның графигін тұрғызуда функция сипатының тұтастығын жақсартуға мүмкіндік беретіндігінде.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Решение задач в пакете MathCad: методические указания по выполнению лабораторных работ по информатике для студентов дневной формы обучения. /сост. Н.Д.Белова, -Хабаровск: Изд-во Тихоокеан.гос.ун-та, 2007, -51 с.

2 Алябьева С.В. MathCad для студентов: Учебный практикум / С.В.Алябьева, Е.П.Борматова, М.В.Данилова, Е.Е.Семенова: Изд-во ПетрГУ, -Петрозаводск, 2007, -154 с.